# Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 17-НҚ нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 желтоқсанда № 12557 болып тіркелді. Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 6-НҚ нормативтік қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 30.07.2020 № 6-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңының 12-бабы 4-тармағының 9 ) тармақшасынасәйкес, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Мыналар:

1) осы нормативтік қаулыға 1-қосымшаға сәйкес, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидалары;

2) осы нормативтік қаулыға 2-қосымшаға сәйкес, Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

2. Осы нормативтік қаулыға 3-қосымшаға сәйкес, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің кейбір нормативтік қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Заң бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы нормативтік қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы нормативтік қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы нормативтік қаулының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Нормативтік қаулының орындалуын бақылау Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің аппарат басшысына жүктелсін.

5. Осы нормативтік қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға Қ. Жаңбыршин

Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитетінің
2015 жылғы 30 қарашадағы
№ 17-НҚ нормативтік қаулысына
1-қосымша

# Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидалары

## 1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік аудит туралы заң) 12-бабы 4-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ Халықаралық жоғары аудит органдары ұйымының (ИНТОСАИ) ISSAI 100 – 400 халықаралық стандарттарының қолайлы ережелері ескеріле отырып әзірленді.

2. Қағидалар Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің (бұдан әрі – Есеп комитеті) мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру, сыртқы мемлекеттік аудитті жоспарлау, жүргізу, оның қорытындылары бойынша құжаттарды ресімдеу, қаржылық бақылауды жүзеге асыру, сапа бақылауын жүргізу, сыртқы мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша Есеп комитетінің аудиторлық қорытындысында берілген

ұсынымдардың және Нұсқамалардың орындалуын мониторингтеуді және бақылауды ұйымдастыру, аудиторлық іс-шара нәтижелерінің бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілу және мемлекеттік аудит материалдарын есепке алу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аудиторлық рәсімдер – аудиторлық іс-шара барысында оны жүргізу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылатын, аудиторлық іс-шара мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті іс-қимылдар;

2) аудиторлық іс-шара – мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша аудиторлық есептер мен аудиторлық қорытындыларды дайындауға, жүргізуге, ресімдеуге бағытталған іс-қимылдар кешені;

3) қаулы – Есеп комитетінің аудиторлық қорытындыны бекітетін құжаты;

4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау материалдары – мемлекеттік аудитті жүргізу үшін қажетті құжаттар, сондай-ақ оның нәтижелері бойынша жасалған құжаттар және қоса беріліп отырған аудиторлық дәлелдемелер;

5) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілері – мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ бюджет қаражатын алушылар (бұдан әрі – мемлекеттік аудит объектілері);

6) мемлекеттік аудитор – мемлекеттік аудитор сертификаты бар, мемлекеттік аудитті және (немесе) қаржылық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік әкімшілік қызметші;

7) мемлекеттік аудитордың ассистенті – бухгалтерлік есеп және аудит саласында кәсіби білімі, мемлекеттік аудитке қатысу құқығы бар мемлекеттік қызметші;

8) мемлекеттік аудиттің сапа бақылауы – мемлекеттік аудиторлардың мемлекеттік аудитті жүзеге асыру кезінде Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарының және осы Қағидалардың талаптарын сақтауын тексеру ;

9) нұсқама – анықталған бұзушылықтарды және (немесе) оларға итермелейтін себептерді, жағдайларды жою, сондай-ақ осы бұзушылықтарға жол берген адамдарға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылық шараларын қолдану үшін мемлекеттік аудит объектілеріне, ұйымдар мен лауазымды адамдарға жіберілетін, орындау үшін міндетті Есеп комитетінің актісі .

10) сыртқы мемлекеттік аудит – Есеп комитеті жүзеге асыратын:

бюджет қаражатының, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің, байланысты гранттардың, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздардың, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен, оның ішінде бюджетті атқаруға байланысты тәуекелдерді басқару жүйесіне негізделген басқа да қызмет кезінде тартылатын қарыздардың басқарылу және пайдаланылу тиімділігін;

халықтың тұрмыс жағдайлары сапасының қарқынды өсуін және елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұлттық ресурстардың (қаржылық, табиғи, өндірістік, кадрлық, ақпараттық) тиімді және заңды басқарылуын талдау, бағалау және тексеру (бұдан әрі – мемлекеттік аудит).

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

4. Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мемлекеттік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін пайдаланудың айқындығын, тиімділігін, жауаптылығын арттыруға бағытталған.

5. Мемлекеттік аудит Есеп комитетінің мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесінің (бұдан әрі – Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі) негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

6. Мемлекеттік аудит туралы заңның 42-бабының 3-тармағына сәйкес, Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінде көзделмеген тексерулерді жүргізу үшін мемлекеттік органдардың сұратулары бойынша Есеп комитетінің мемлекеттік аудиторлары мен өзге де лауазымды адамдарын тартуға жол берілмейді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

7. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге тікелей басшылықты Есеп комитетінің мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты мүшесі өзіне бекітілген жұмыс бағыттары бойынша жүзеге асырады.

8. Мемлекеттік аудит тобы топ мүшелерінің мемлекеттік аудит объектілерімен үлестестігі тізімі (бұдан әрі - үлестестік тізімі) ескеріле отырып аудиторлық іс-шараны жүргізу басталғанға дейін қалыптастырылады. Үлестестік тізімі Есеп комитеті қызметкерлерінің жұбайының (зайыбының), жақын

туыстарының, жақындарының жұмыс орны, олар қатысушылары, құрылтайшылары болып табылатын заңды тұлғалардың атауы, сондай-ақ сенім білдірілген тұлғалардың (мүлікті сенімгерлік басқаруға берген жағдайда) жұмыс орны туралы мәліметтерді қамтиды. Үлестестік тізімі Есеп комитетінің Төрағасы бекітеді.

Мемлекеттік аудит тобының қалыптастырылған құрамы аудиторлық іс-шараны жүргізуге қатысатын Есеп комитетінің қызметкерлерін – мемлекеттік аудит тобының жетекшісін, мемлекеттік аудиторларды және (немесе) мемлекеттік аудитордың (лардың) ассистентін (терін) (бұдан әрі – ассистент), сондай-ақ тартылған жағдайда, мемлекеттік органдардың мамандарын, сарапшыларды, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдарды (бұдан әрі – сарапшы) қамтиды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

9. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы мемлекеттік аудит тобына қызметкер бекітеді, ол аудиторлық іс-шараның барлық кезеңдерінде құқықтық сүйемелдеуді жүзеге асырады және мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің жүргізіліп жатқан мемлекеттік аудит мәселелері бойынша жазбаша сұрау салуларына (электрондық пошта бойынша) бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталған кезде заңнаманы қолдануға қатысты мемлекеттік аудит объектілеріне шықпай, жазбаша консультация береді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

10. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің жазбаша консультациялары тек қойылған мәселелер шеңберінде және ұсынылған құжаттар көлемдері шегінде көрсетіледі.

11. Аудиторлық іс-шараларды жүргізу кезінде Есеп комитетінің қызметкерлері, сондай-ақ тартылатын сарапшылар Мемлекеттік аудит туралы занда белгіленген құзыреттеріне сүйене отырып, осы Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабын және осы Қағидаларды басшылыққа алады.

12. Есеп комитеті мемлекеттік аудиттің мынадай типтерін жүзеге асырады:

1) тиімділік аудиті – мемлекеттік аудит объектісінің қызметін тиімділік, үнемділік, өнімділік және нәтижелілік тұрғысынан бағалау және талдау;

2) сәйкестік аудиті – мемлекеттік аудит объектісінің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілерін сақтауын бағалау, тексеру;

3) қаржылық есептілік аудиті – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық есептілігінің, бухгалтерлік есебінің және қаржылық жай-күйінің анықтығын, негізділігін бағалау.

13. Мемлекеттік аудиттің типтері бойынша аудиторлық іс-шараларды жүргізудің ерекшеліктері Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкес белгіленеді.

14. Есеп комитеті мемлекеттік аудит шеңберінде Мемлекеттік аудит туралы заңның 17-бабының 4-тармағында көзделген үстеме, бірлескен, қатар тексерулерді жүргізеді.

15. Мемлекеттік аудит:

республикалық бюджетті жоспарлау, қалыптастыру, бөлу, пайдалану және мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін пайдаланудың ;

мемлекеттік, үкіметтік және бюджеттік бағдарламалардың, орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының, акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларының іске асырудың;

бюджет процесіне қатысушылардың, соның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, сондай-ақ басқа да бюджет қаражатын алушылардың байланысты гранттарды, мемлекет кепілгерліктері мен активтерін, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, бюджеттік инвестицияларды пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың бюджет және өзге де заңнама нормаларын, оларды іске асыру үшін квазимемлекеттік сектор субъектілері қабылдаған актілерді сақтауының тәуекелдерін бағалау, оларды мониторингтеу, салыстыру, тексеру, бағалау және талдау арқылы жүргізіледі.

16. Есеп комитеті мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді талдауды, жинақтап қорытуды және жүйелеуді жүзеге асырады.

## 2-бөлім. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру

17. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру Мемлекеттік аудит туралы заңның 8, 18-баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру мемлекеттік аудит объектілерінің заңнама нормаларының, квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің, соның ішінде бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін (бұдан әрі – актив) жоспарлауға, қалыптастыруға, бөлуге, пайдалануға байланысты нормаларының

бұзушылықтарын анықтау, жою және оларға жол бермеу мақсатында, Есеп комитетінің Мемлекеттік аудит туралы заңда көзделген өкілеттіктерін іске асыру үшін жүргізіледі.

19. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі мемлекеттік аудит объектілерінің қайталануын жою мақсатында, тиімділік аудитінің перспективалық жоспарының негізінде, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимылы, Есеп комитетінің мемлекеттік аудит нәтижелерін тануы ескеріле отырып, кезекті жылға арналған аудиторлық іс-шараларды сапалы және тиімді жүзеге асыру үшін қалыптастырылады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

20. Алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

21. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі Есеп комитетінің Интеграцияланған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ЕК ИАЖ) қалыптастырылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

22. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру үшін Есеп комитетінің мүшелері мемлекеттік аудит объектілерінің тәуекелдерін бағалауды және қосымша көздерден алынатын деректер мен сұрау салуларды ескере отырып, Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың бірыңғай дерекқорының (бұдан әрі – Бірыңғай дерекқор) негізінде жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей, Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасына ұсыныстарын осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЕК АИЖ-да аудиторлық іс-шараны жүргізуге өтінім ( бұдан әрі – Өтінім) түрінде дайындайды.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

23. Есеп комитетінің мүшелері мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшемен бірлесіп, Өтінімді жасау кезінде мемлекеттік аудит объектілерін және мемлекеттік аудитпен қамтылатын бюджет қаражаты мен активтердің болжамды көлемін, аудиторлық іс-шараның атауын, өз бағыттары бойынша мемлекеттік аудиттің типтері мен тексеру түрлерін, аудиторлық іс-шараның әрбір кезеңін жүргізу мерзімдерін, сондай-ақ мемлекеттік

аудиторлардың қажетті санын ескере отырып, ассистенттерді және сарапшыларды тартудың қажеттілігін айқындайды.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

23-1. Есеп комитетінің Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасын қалыптасыру кезінде:

1) мыналар:

Қазақстан Республикасы Президентінің және оның Әкімшілігінің тапсырмалары;

мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы халықаралық міндеттемелер;

Есеп комитетінің жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімшесі жүзеге асыратын мемлекеттік аудит объектілерінің тәуекелдерін бағалау нәтижелері;

елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының, соның ішінде мемлекеттік басқару және экономика салалары бөлінісіндегі статистикалық деректер қарауға және есепке алуға жатады;

2) мыналар:

кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Есеп комитетінің есептерін қарау қорытындалары бойынша берілген Қазақстан Республикасы Парламентінің ұсынымдары;

құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың ұсыныстары;

бірлескен және қатар аудиторлық іс-шаралар жүргізу жөніндегі Шет елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарының, сондай-ақ бірлескен (қатар) аудитті жүзеге асыру бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының ұсыныстары;

бюджет қаражаты мен активтер тиімсіз жұмсалатын не болмаса Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары, бюджеттік инвестициялар тиімсіз іске асырылатын белгілі бір мемлекеттік аудит объектілерінде аудиторлық іс-шаралар ұйымдастыру мәселелері туралы жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

бюджет қаражаты мен активтердің қалыптастырылуы және жұмсалуы, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттары және бюджеттік инвестициялардың іске асырылуы барысындағы бұзушылықтар туралы бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингілеу нәтижелері олардың орындылығы мәніне талданады.

Ескерту. Қағидалар 23-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ

(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

23-2. Есеп комитеті мүшесінің аудиторлық іс-шараның бағытын таңдауы мынадай өлшемшарттарға негізделеді:

аудиторлық іс-шараның бағыттарының Мемлекеттік аудит туралы заңда белгіленген Есеп комитетінің құзыреттеріне сәйкестігі;

бюджет қаражаты мен активтерді қалыптастыру және (немесе) пайдалану кезінде, сондай-ақ әлеуетті түрде теріс нәтижелерге әкеп соғуы мүмкін мемлекеттік аудит объектілері қызметінде тәуекелдердің болуы;

осы саладағы аудитке жататын және (немесе) мемлекеттік аудит объектілері пайдаланатын бюджет қаражаты мен активтердің болжамды көлеміне;

мемлекеттік аудит объектілерінде алдыңғы аудиторлық іс-шараларды жүргізу мерзімдері мен нәтижелеріне;

бюджет қаражаты мен активтердің жұмсалуының басым бағыттарына сәйкес жоспарланатын жылғы бюджеттің аудитпен қамтылуына;

аралық іске асыру қорытындылары бойынша немесе Мемлекеттік басқару жүйесінің құжаттарын іске асыруды аяқтау кезеңінде бюджет қаражаты мен активтер есебінен объектілерді пайдалануға енгізуде олардың күшін жоюға қою тиімділігін бағалау жүргізу қажеттілігіне.

Мемлекеттік аудит объектілерін іріктеу кезінде бюджеттік бағдарламаларға, бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, тәуекелдердің жоғары және орта топтарына жатқызылған Мемлекеттік басқару жүйесінің құжаттарына басымдық беру керек.

Ескерту. Қағидалар 23-2-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

24. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше аудиторлық іс-шараларды жүзеге асыруға арналған Өтінімдердің негізінде аудиторлық іс-шараны жүргізу мерзімінің нормативін есептеуді жүзеге асырады.

Бұл ретте, мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу жүргізу мерзімі аудиторлық іс-шараның негізгі кезеңін жүргізу мерзімінің кемінде үштен бірін қамтиды.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

25. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және Есеп комитетінің аппараттық кеңесінде мақұлданған Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің алдын ала жобасын,

сондай-ақ осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік аудит объектілерінің нақтыланған тізбесін жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 25 қазанына дейін Ішкі аудит жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – Уәкілетті орган) және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларына (бұдан әрі – тексеру комиссиялары) жібереді.

Есеп комитеті Төрағасының кеңесінде мемлекеттік аудит объектілерінің нақтыланған тізбесімен Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің алдын ала жобасын қарау кезінде олардың өтінімдері бойынша Есеп комитеті мүшелерінің баяндамалары тыңдалады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

26. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 20 қарашасына дейін тексеру комиссияларымен және жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 10 қарашасына дейін Уәкілетті органмен хаттама жасай отырып, мемлекеттік аудит объектілерін және мемлекеттік аудитпен қамтылатын бюджет қаражаты мен активтердің болжамды көлемін келіседі, бірлескен, қатар тексеру жүргізу мәселелерін пысықтайды.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

27. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 20 қарашасына дейін Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің түпкілікті жобасын Уәкілетті органға және тексеру комиссияларына жібереді.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

28. Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің келісілген жобасы жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейін Есеп комитетінің отырысында қаралады және мақұлданады. Отырысқа тараптардың келісімі бойынша Уәкілетті органның және тексеру комиссияларының бірінші басшылары шақырылады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

29. Ескертулер туындаған жағдайда, Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасы отырыс өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде пысықталады. Мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесінің жобасы Есеп комитетінің мүшелерімен және мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшемен қайта келісілгеннен кейін Есеп комитетінің Төрағасына бекітуге енгізіледі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

30. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін Есеп комитетінің Интернет-ресурсына орналастыруды жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше ол бекітілген және өзгерістер (толықтырулар) енгізілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

31. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін бекіту туралы бұйрық тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі (бұдан әрі – ЭҚАБЖ) және (немесе) жазбаша түрде пошта арқылы Уәкілетті органға, тексеру комиссияларына, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдеріне жіберу жүзеге асырылады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

32. Мемлекеттік аудит объектілерінің бекітілген тізбесіне өзгерістер ( толықтырулар) енгізу туралы бұйрық тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде) оны ЭҚАБЖ және (немесе) жазбаша түрде пошта арқылы:

1) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға;

2) Уәкілетті органға және тексеру комиссияларына Мемлекеттік аудит объектілерінің өзгертілген (толықтырылған) нақтыланған тізбесінің қоса берілуімен жіберу жүзеге асырылады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

33. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше бекітілген Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің орындалуына тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

34. Аудиторлық іс-шаралардың қайталануын болдырмау мақсатында, жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше Уәкілетті органның және тексеру комиссияларының мемлекеттік аудит объектілері тізбелерінің өзгерістеріне тоқсан сайынғы негізде мониторинг жүргізеді.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

35. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше Уәкілетті органның және тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің жылдық тізбесінің шеңберіндегі аудиторлық іс-шараларының орындалуы жөніндегі ақпаратты олардың нәтижелерін талдап және жинақтап, кейіннен Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынылатын Есеп комитетінің ақпаратына және есебіне енгізу үшін тоқсан сайынғы негізде сұратып отырады.

36. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі бекітілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшемен бірге тоқсан сайын нақтыланатын аудиторлық іс-шаралардың аяқталуын ескере отырып, отырыстар өткізудің жылдық жоспарын қалыптастырады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

37. Есепті кезеңнің қорытындылары бойынша Есеп комитетінің Төрағасына Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің іске асырылуы туралы ақпарат ұсынылады.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

38. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары және (немесе) Есеп комитеті Төрағасының бастамасы бойынша, сондай-ақ мемлекеттік аудит, сапа бақылауын жүргізуге және жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшыларының қолдары қойылған және өзекті етілген Өтінімді, сондай-ақ өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің негізділігін растайтын құжаттарды (материалдарды) қоса бере отырып, Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қызметтік жазбасының негізінде осы Қағидалардың 54, 55-тармақтарында көзделген негіздер бойынша өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 3-бөлім. Жеке мемлекеттік аудитті жоспарлау және оны жүргізу

### 1-кіші бөлім. Жеке мемлекеттік аудитті жоспарлау

39. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге дайындық оның бастапқы кезеңі болып табылады, онда:

1) мемлекеттік аудит объектілерін алдын-ала зерделеу;

2) тексеру тағайындауға актілер болып табылатын мемлекеттік аудит жүргізу жоспарын (бұдан әрі – Аудит жоспары), мемлекеттік аудит жүргізу бағдарламасын (бұдан әрі – Аудит бағдарламасы), аудиторлық іс-шараны, бірлескен және қатар тексерулерді жүргізуге тапсырманы (бұдан әрі – Тапсырма), аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған аудиторлық тапсырманы (бұдан әрі – Аудиторлық тапсырма) және өзге де құжаттаманы жасау жүзеге асырылады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

40. Жеке мемлекеттік аудит жүргізуге дайындық Мемлекеттік аудит туралы заңның 8 және 17-баптарына, осы Қағидаларға және сыртқы мемлекеттік аудитті жүргізуді регламенттейтін өзге де құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

#### 1-параграф. Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу

41. Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеуді мемлекеттік аудит тобының барлық қатысушылары мемлекеттік аудит объектісіне бармай, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі заңнамаға сәйкес жүзеге асырылатын аудиторлық іс-шараларды қоспағанда, олардың қызметі туралы мемлекеттік аудиттің типін, тексеру түрі мен мемлекеттік аудит объектілерін, аудиторлық іс-шарамен қамтылатын қаражат және активтер көлемін, мемлекеттік аудит жүргізу мерзімдерін нақтылауға, мемлекеттік аудит мәселелерін айқындауға, соның ішінде қаражаттың жұмсалуы туралы мәліметтерде және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 97-бабына сәйкес жүргізілген ағымдағы бақылау нәтижелерінде көзделген деректерді өзекті етуге қажетті ақпаратты жинау және талдау жолымен жүргізіледі.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

42. Мемлекеттік аудиттің типіне қарай мынадай көрсеткіштер айқындалады:

1) тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы;

2) үнемділік – қызметтің бағаланатын нәтижелерінің тиісті сапасын сақтай отырып, осы нәтижелерге қол жеткізу үшін бөлінген ресурстардың құнын барынша азайту;

3) өнімділік – санын, сапасын және мерзімдерін ескере отырып бөлінген ресурстарды пайдалана отырып, экономика немесе жекелеген басқару саласы үшін барынша пайдалы нәтиже алу;

4) нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы;

5) мәнділік – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер;

6) перспективалық – жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі.

43. Мемлекеттік аудит объектісі туралы ақпаратты талдау негізінде алдын ала зерделеу барысында мемлекеттік аудиттің типіне және аудиторлық іс-шараның

мақсатына қарай, осы Қағидалардың 42-тармағында көзделген мемлекеттік аудит көрсеткіштерін қоспағанда, мынадай көрсеткіштер айқындалады:

1) тәуекелдердің болуы мен дәрежесі – тексерілетін саладағы бюджет қаражаты мен активтерінің қалыптастырылуына және пайдаланылуына немесе мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық-шаруашылық қызметіне теріс әсер ететін, салдарынан бұзушылықтар мен кемшіліктер болуы мүмкін қандай да бір факторлардың (іс-қимыл немесе оқиғалардың) болуын айқындау;

2) ішкі аудиттің болуы мен жай-күйі – осы мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық рәсімдердің көлемін жоспарлау және оларды жүргізу мақсатында, мемлекеттік аудит объектісінің қызметіндегі ол жүзеге асыратын ішкі бақылаудың тиімділігі дәрежесіне алдын ала бағалау жүргізу;

3) мемлекеттік аудиторлардың мемлекеттік аудит объектілерімен үлестес болуы – Есеп комитеті мемлекеттік аудиторларының үлестестік тізімінің деректерін зерделеу.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

44. Осы Қағидалардың 42 және 43-тармақтарында көрсетілген көрсеткіштер айқындалған және (немесе) басқа да арнайы көрсеткіштер әзірленген соң, аудиторлық іс-шараның мақсаттары мен мәселелері қалыптастырылады, оны жүргізу әдістері (талдау, салғастыру, бағалау, тексеру, зерттеп-қарау, аудиторлық іріктеу, мәнділік мөлшері және басқасы) айқындалады, сондай-ақ қажетті аудиторлық рәсімдердің көлемі жоспарланады.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

45. Мәнділіктің шекті мөлшерін, мемлекеттік аудит үшін анағұрлым маңызды болатын салалар, мемлекеттік аудит объектілерінің тәуекелдерін және ішкі аудитінің жай-күйі мен ішкі бақылау жүйесін бағалау, аудиторлық іріктеуді қолдану әдістерін айқындаудың тәртібі Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкес, мемлекеттік аудиттің типіне қарай белгіленеді.

46. Мемлекеттік аудит тобы мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін алдын ала зерделеуді аудиторлық іс-шараның негізгі кезеңін жүргізуді бастағанға дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын аяқтай отырып, Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінде көзделген мерзімдерде жүргізеді.

47. Алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

48. Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес ресімделетін алдын ала зерделеу жүргізу туралы хабарлама мемлекеттік аудит объектісіне оны жүргізудің басталатын күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

Мемлекеттік аудит объектісіне осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтер, құжаттама, ақпарат және материалдар (дәлелдемелер) ұсыну туралы талап (бұдан әрі – Құжаттар ұсыну туралы талап) жіберіледі.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

49. Мемлекеттік аудит тобы Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің басшылығымен аудиторлық іс-шараға дайындық кезеңі мерзімі басталғаннан бес жұмыс күні ішінде:

1) осы Қағидаларға 9-қосымшада ұсынылған мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу барысында зерделенетін Мәселелердің үлгі тізбесіне сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін алдын ала зерделеу үшін ақпарат көздеріне талдау жүргізеді;

2) қолжетімді көздерден, Бірыңғай дерекқордан ақпарат жинауды және Мемлекеттік аудит туралы заңның 21-бабына сәйкес, мемлекеттік аудит объектілеріне, лауазымды, жеке және заңды тұлғаларға Құжаттар ұсыну туралы талапты жіберуді жүзеге асырады.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

50. Мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерделеу кезінде:

1) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің арнайы мақсаттағы аудитінің нәтижелері бойынша аудиторлық қорытынды және бюджет қаражатын, кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерін, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалану мәселелері бойынша Аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Мемлекеттік аудит туралы заңға сәйкес жүргізілетін аудит нәтижелері;

2) Есеп комитетінің жоспарланған мемлекеттік аудитімен сәйкес келетін мемлекеттік аудитпен қамтылатын мақсат, кезеңі бойынша басқа мемлекеттік

аудит органдарының (тексеру немесе бақылау) аудиторлық іс-шаралары жүргізу мәселелері міндетті түрде қаралады.

Ескерту. 50-тармаққа өзгеріс енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

51. Егер алдын ала зерделеу сатысында мемлекеттік аудит объектісінде басқа мемлекеттік аудит органы аудиторлық іс-шарамен қамтылатын мақсаты, кезеңі бойынша Есеп комитетінің аудиторлық іс-шарасымен сәйкес келетін мемлекеттік аудит жүргізу фактісі анықталса, онда мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты болып айқындалған топ тиісті жылға арналған Есеп комитетінің мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тізбесіне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік аудит нәтижелерін тану рәсімін жүргізеді. Есеп комитетінің мемлекеттік аудит нәтижелерін тануы Мемлекеттік аудит туралы заңның 8, 19-баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

52. Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану қорытындылары мемлекеттік аудит нәтижелерін тану қорытындылары бойынша Есеп комитетінің сараптамалық қорытындысымен рәсімделеді. Басқа мемлекеттік аудит органы жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелерін Есеп комитеті таныған жағдайда аудиторлық іс-шара жүргізілмейді немесе мемлекеттік аудит көлемдерін қысқарта отырып жүргізіледі. Тану нәтижелері Аудит жоспарын, Аудит бағдарламаларын, Мемлекеттік аудиторлардың аудиторлық тапсырмаларын қалыптастыру кезінде ескеріледі.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

53. Қолдағы бар және мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу қорытындысы бойынша алынған деректерге жүргізілген зерделеу мен талдауға сәйкес:

1) мемлекеттік аудит нәтижелерін тану (танымау), тәуекелдерді бағалау және аудиторлық іріктеу ескеріле отырып, мемлекеттік аудиттің типіне, тексерудің түріне және мемлекеттік аудит объектілеріне, мемлекеттік аудитпен қамтылатын қаражаттың, активтердің көлеміне, кезеңіне нақтылау жүргізіледі;

2) мемлекеттік аудит объектілері – мемлекеттік аудиторлардың және олар тартылған жағдайда ассистенттердің арасында, бірлескен және қатар тексеру

жүргізілген кезде мемлекеттік органдар мен мемлекеттік аудит органдары арасында бөлінеді;

3) үстеме тексеру объектілері айқындалады;

4) мемлекеттік аудитті жүргізуге тартылатын ассистенттер, сарапшылар және мемлекеттік аудиттің соларға тапсырылуы жоспарланатын нақты мәселелері айқындалады;

5) режимдік объектілерде мемлекеттік аудит жүргізілген жағдайларда, рұқсат алу мәселелері пысықталады;

6) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының (келісімімен аудиторлық іс-шара жүзеге асырылатын лауазымды адам) міндеттерін атқару жөніндегі талапқа қосу мақсатында, аудиторлық іс-шараны жүзеге асыру үшін құжаттардың және басқа да ақпараттың тізбесі жасалады;

7) жоспарланған мемлекеттік аудитті жүргізуге қажетті ақпарат көздері айқындалады;

8) мемлекеттік аудит тобының жетекшісі мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеудің нәтижелері туралы ақпаратты осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасайды.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

54. Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі:

1) басқа мемлекеттік аудит органдары мемлекеттік аудит (тексеру немесе бақылау) жүргізген және олардың нәтижелерін Есеп комитеті таныған;

2) құқық қорғау органдары құқық белгілеуші және өзге де бастапқы құжаттарды алып қойған;

3) мемлекеттік аудитті жоспарлау күніне құқық қорғау органдары тексерулер жүргізген немесе бюджеттік бағдарламалардың мақсаты және жоспарланған аудиторлық іс-шараның кезеңі бойынша басқа мемлекеттік аудит органдары жоспардан тыс аудит жүргізген;

4) аудит объектісін басқарудың басқа уәкілетті органының қарамағына берген ;

5) жүргізілетін аудиторлық іс-шараның мерзімдері өзгерген кездерде тиісінше негіздей отырып, Есеп комитетінің Төрағасына аудитті, жоспарлауды және сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшілері басшыларының қолдары қойылған, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу және (немесе) Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінен аудиторлық іс-шараны алып тастау туралы қызметтік жазба енгізеді.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

55. Осы Қағидалардың 54-тармағында көзделген қызметтік жазбаны қараудың қорытындысы бойынша Есеп комитетінің Төрағасы өзгерістер және ( немесе) толықтырулар енгізу және (немесе) Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінен аудиторлық іс-шараны алып тастау туралы шешім қабылдайды.

## 2-параграф. Аудит жоспарын, Аудит бағдарламасын, Аудиторлық тапсырма және Тапсырмалар жасау

56. Есеп комитетінің мемлекеттік аудит нәтижелерін тануы (танымауы) ескеріле отырып, мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерделеудің негізінде осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Аудит жоспары, осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Аудит бағдарламасы, осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Аудиторлық тапсырмалар, мемлекеттік аудит нәтижелерін тану қорытындылары бойынша Сараптамалық қорытынды жасалады.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

57. Аудит жоспары мен Аудит бағдарламасының жобалары бойынша Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына және осы Қағидаларға сәйкес сапа бақылауы жүргізіледі.

Сапа бақылауын жүргізу мақсатында сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге мыналар:

1) мемлекеттік аудит нәтижелерін тану қорытындылары бойынша сараптамалық қорытындыны және тану жүргізілген материалдарды (тану рәсімі жүргізілген жағдайда) тіркей отырып, мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеудің нәтижелері туралы ақпарат;

2) осы Қағидалардың 54-тармағына сәйкес Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қызметтік жазбасы;

3) аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы және Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесімен келісілген Аудит жоспары мен Аудит бағдарламасының жобалары ұсынылады.

Аудит жоспары, Аудит бағдарламасы, Аудиторлық тапсырмалар және Тапсырмалар, Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану қорытындылары бойынша сараптамалық қорытынды ЕК ИАЖ-да және ЭҚАБЖ арқылы қалыптастырылады .

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

58. Аудиторлық іс-шараға (негізгі кезең) шыққанға дейін:

1) мемлекеттік аудит тобының жетекшісі жасап, оған мемлекеттік аудит жүргізуге, жоспарлауға, сапаны бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұрыштама қойған және Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі қол қойған Аудит жоспары төрт жұмыс күнінен кешіктірілмей Есеп комитетінің Төрағасына бекітуге енгізіледі;

2) Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудит тобының қатысушылары мемлекеттік аудит объектілері бойынша жасап, мемлекеттік аудит тобының жетекшісі, мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы жинақтаған және қол қойған, жоспарлауға, сапаны бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұрыштама қойған Аудит бағдарламасын төрт жұмыс күнінен кешіктірмей бекітеді;

3) Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудит тобының әрбір қатысушысына жеке-жеке жасалып, мемлекеттік аудиторлар, мемлекеттік аудит тобының жетекшісі, мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысы қол қойған Аудиторлық тапсырманы екі жұмыс күнінен кешіктірмей бекітеді;

4) Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудит тобының қатысушылары жасап, мемлекеттік аудит тобының жетекшісі, мемлекеттік аудит жүргізуге, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты бөлімшелердің басшылары бұрыштама қойған Тапсырмаларға екі жұмыс күнінен кешіктірмей қол қояды.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

59. Кадр қызметі осы Қағидалардың 58-тармағының 1) тармақшасында көзделген Аудит жоспары бекітілгеннен кейін, аудиторлық іс-шараға шыққанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, іссапарға жіберу туралы бұйрықтарды уәкілетті лауазымды адамға қол қоюға енгізеді.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

60. Осы Қағидалардың 58 және 59-тармақтарында көрсетілген құжаттарға қол қойылғаннан кейін Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі және мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше Аудит жоспарын,

Аудит бағдарламасын, Аудиторлық тапсырмаларды және Тапсырмаларды ЭҚАБЖ-да бір тіркеу нөмірімен тіркейді.

61. Тіркеу нөмірлері күнтізбелік жылдың бас кезінен мынадай мәндері көрсетіле отырып беріледі:

N-Ж – Аудит жоспары;

N-Б – Аудит бағдарламасы;

N-АТ – Аудиторлық тапсырмалар. Бір аудиторлық іс-шараға аудиторлық тапсырмаларға ортақ нөмір беріледі;

N-П-Т – Аудиторлық іс-шараны, үстеме, бірлескен және қатар тексерулерді жүргізуге тапсырма, мұнда N – Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес, аудиторлық іс-шараның реттік нөмірі, П – тапсырманың реттік нөмірі;

N-ҚТ – аудиторлық іс-шараның сапасын бақылаудың қорытындысы бойынша Қайта тексеруге тапсырма.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

62. Екінші және кейінгі Тапсырмаларды бір аудиторлық іс-шараның шеңберінде тіркеу көрсетілген мәнге дефис арқылы реттік нөмір бере отырып (-1Т, -2-Т және т.б.), сол реттік нөмірмен (N) жүзеге асырылады.

63. Тіркелген Тапсырмаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, мемлекеттік аудит объектісі, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті орган бір мезгілде хабардар етіле отырып, жаңа Тапсырма қабылданады.

64. Үстеме тексеру жүргізуге берілген тапсырмаға негізгі мемлекеттік аудит объектісіндегі Аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырманың нөміріне бөлшек қою арқылы реттік нөмір беріледі (N-1/1-Т, N-2/1-Т және тағы басқалары).

Егер үстеме тексеру жүргізу объектісі мемлекеттік аудитті жүргізу барысында айқындалса, онда тапсырманы тіркеу үстеме тексеру жүргізу объектісіне шыққанға дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын жүзеге асырылады.

Осы Қағидалардың 63, 64-тармақтарында көрсетілген құжаттарды тіркеу оларды ЕК ИАЖ-да қалыптастырғаннан кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

65. Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мен мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы аудиторлық іс-шараға (негізгі кезең) шыққанға дейін мемлекеттік аудит тобының қатысушыларына техникалық сабақ (нұсқама) өткізеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарының, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 карашадағы № 18-НҚ нормативтік қаулысы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 601 бірлескен бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 12575 болып тіркелген) Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында техникалық оқу өткізуге (нұсқамалық) Есеп комитетінің әдеп жөніндегі уәкілі тартылады.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

66. Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі тікелей мемлекеттік аудит объектісінде мемлекеттік аудит жүргізудің (үстеме тексеруді қоспағанда) негізгі кезеңі басталғанға дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей, мемлекеттік аудит объектісіне осы Қағидалардың 48-тармағында көзделген нысан бойынша аудиторлық іс-шара жүргізу туралы хабарлама жібереді.

67. Аудит бағдарламасы Аудит жоспарын дамыту үшін жасалып, мемлекеттік аудит көрсеткіштерінен және оны іс жүзінде іске асыруға қажетті мәселелерден тұрады.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

68. Аудит бағдарламасының мәселелері аудиторлық іс-шараның қойылған мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

69. Аудит жоспарында, Аудит бағдарламасында және Тапсырмада аудиторлық іс-шараның мақсаты Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінде көзделген мемлекеттік аудиттің тақырыбына (аудиторлық іс-шараның атауына), жүргізілетін типіне және Мемлекеттік аудит туралы заңның 12-бабының 1, 2, 3-тармақтарында көзделген мемлекеттік аудит бағыттарына сүйене отырып айқындалады.

70. Сәйкестік аудитінің бағдарламасын жасау кезінде Мемлекеттік аудит туралы заңның 12-бабының 2-тармағында көзделген бағыттарға сәйкес, соның ішінде мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін реттейтін және регламенттейтін заңнама нормаларын, нормативтік құқықтық актілер ережелерін, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілерін, ұйымның белгіленген тәртібін сақтау, олардың қаржылық есептілікті жасау және ұсыну мәселелерін көрсеткен жөн.

71. Қаржылық есептілік аудитінің бағдарламасын жасау кезінде мемлекеттік аудит объектілерінің қаржылық есептілікті жасауының толықтығы мен анықтығы мәселелері енгізіледі.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

72. Тиімділік аудитінің бағдарламасы соның ішінде мемлекеттік аудиттің алдыңғы екі типіне – сәйкестік және қаржылық есептілік аудиттеріне негізделеді. Тиімділік аудиті бағдарламасының мәселелері оның бюджет қаражатын және активтерін пайдаланудан алынған түпкілікті әлеуметтік-экономикалық нәтижені айқындауға арналған бағытын ескереді.

73. Тиімділік аудиті бірнеше мемлекеттік аудит объектісінде жүргізілген жағдайда, мемлекеттік аудит типі аталған обьектідегі мемлекеттік аудиттің мақсатына қарай, әрбір мемлекеттік аудит объектісі бойынша көрсетіледі.

74. Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының, мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларының іске асырылуына тиімділік аудитін жүргізу кезінде Есеп комитеті бекітетін Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарына, акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларына бағалау жүргізу қағидаларын басшылыққа алған жөн.

75. Аудиторлық тапсырмада нақты бағдарламалық мәселелер, оларды әрбір мемлекеттік аудит объектісінде қарау мерзімдері көрсетіледі.

76. Тапсырма аудиторлық іс-шара жүргізуге құқық беретін ресми құжат болып табылады және "Тексеруді тағайындау туралы актілерді, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну туралы хабарламаларды тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 13 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 13171 тіркелген), құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркеле отырып, қатаң есептілік бланкісінде ресімделеді.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

77. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге тапсырма және Үстеме (Бірлескен, Қатар) тексеруді жүргізуге тапсырма осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

## 2-кіші бөлім. Жеке мемлекеттік аудит жүргізу

### 1-параграф. Аудиторлық іс-шараны жүргізудің ұйымдастырушылық негіздері

78. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес, Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қолы қойылған Аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырманың болуы аудиторлық іс-шара жүргізу үшін негіздеме болып табылады.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

79. Әрбір мемлекеттік аудит объектісіне жеке Тапсырма ресімделеді.

79-1. Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі және (немесе) оның жүргізілуіне жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы мемлекеттік аудит тобының қатысушыларын мемлекеттік аудиттің негізгі объектісіне таныстырады және оның басшысын аудиторлық іс-шараны жүргізу кезінде Мемлекеттік аудит туралы заңның 37-бабының сақталуын қамтамасыз ету туралы хабардар етеді.

Ескерту. Қағидалар 79-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

80. Аудиторлық іс-шараны жүргізу басталардың алдында мемлекеттік аудит объектісінің басшысына:

1) Аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырма;

2) мемлекеттік аудитті жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адамдардың қызметтік куәліктері;

3) Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі заңнамада белгіленген жағдайларда, құзыретті органның режимді объектілерде болуға арналған рұқсаты көрсетіледі.

81. Аудиторлық іс-шараны Тапсырмада көрсетілген адамдар ғана жүзеге асырады.

82. Аудиторлық іс-шара жүргізудің басталған кезі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамына (адамдарына) Тапсырманың көрсетілген күні болып табылады.

83. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе келісімімен аудиторлық іс-шара жүзеге асырылып жатқан лауазымды адамға Тапсырма көрсетілген күннен бастап екінші күннен кешіктірілмей, мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор қол қойған, осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік аудит объектісі басшысының ( келісімімен аудиторлық іс-шара жүзеге асырылып жатқан лауазымды адамның) міндеттерін атқару жөніндегі талап беріледі.

Қағидалардың осы тармағында көзделген Талапқа бөлшек арқылы тапсырманың нөмірі беріледі және көрсетілген Талаптың табыс етілген күні көрсетіледі.

Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі Талаптың бірінші данасы мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе келісімімен аудиторлық іс-шара жүзеге асырылып жатқан лауазымды адамға қол қою арқылы беріледі. Қабылдамаған кезде мемлекеттік аудит тобының жетекшісі (мемлекеттік аудитор) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талапты мемлекеттік аудит объектісінің кеңсесі арқылы жібереді.

Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талаптың қабылданғаны туралы белгісі бар екінші данасы мемлекеттік аудиторда қалады және Аудиторлық есепке қоса тіркеледі.

Міндеттерін атқару жөніндегі талап А4 форматының парағында жасалады.

Аудиторлық іс-шараны жүзеге асыру барысында қосымша құжаттар, материалдар, ақпарат алуға кедергі келтірілген жағдайда, оларды алу үшін, Қағидалардың осы тармағына сәйкес ресімделетін Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап жіберіледі.

Үстеме тексеру жүргізу кезінде кедергі келтірген және қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда мемлекеттік аудиторлар мемлекеттік аудит объектісіне Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқаруы жөніндегі талапты көрсетеді.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

84. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары мемлекеттік аудит объектісіне кіргізуден бас тартқан жағдайда және (немесе) аудиторлық іс-шараны жүргізуге кедергі келтірген кезде, мемлекеттік аудитор осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік аудит объектісіне кіргізуден бас тарту фактісі бойынша акті және Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚтК) негізінде және онда көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы тиісті хаттама құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеде тіркеледі.

85. Осы Қағидалардың 84-тармағында көзделген жағдайда, мемлекеттік аудит тобының жетекшісі жазбаша, электрондық пошта (факс), пошта байланысы арқылы және (немесе) қолма-қол Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне осы фактілер туралы хабарлайды, ол осыларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

86. Мемлекеттік аудит объектісі мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі келтіретін мән-жайларды жоймаған жағдайда, Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі келтіретін себептер толық жойылғанға дейін аудиторлық іс-шараны тоқтата тұру туралы Есеп комитетінің Төрағасына қолдаухат дайындайды.

87. Аудиторлық іс-шараны тоқтата тұру, ұзарту туралы шешім мемлекеттік аудит объектісін, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органды бір мезгілде хабардар ете отырып, Есеп комитеті Төрағасының бұйрығы түрінде шығарылады.

Аудиторлық іс-шара қайта басталған кезде жаңа Тапсырма жазылып беріледі.

88. Аудиторлық іс-шараны жүргізу мемлекеттік аудит объектісінің қызметіне кедергі келтірмейді.

89. Аудиторлық іс-шараны жүргізу мемлекеттік аудит объектісінің жұмыс режиміне және күн тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

90. Мемлекеттік аудиторлар мемлекеттік аудит объектісінің ақпараттық стендінде Есеп комитеті қызметкерлерінің мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шара жүргізіп жатқаны туралы ақпарат, сондай-ақ Есеп комитетінің сенім телефоны туралы хабарландыру іледі.

Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

91. Егер мемлекеттік аудит объектісінде басқа мемлекеттік аудит органының мақсаты, аудиторлық іс-шарамен қамтылатын кезеңі және Аудит бағдарламасында көрсетілген мәселелер бойынша Есеп комитетінің аудиторлық іс-шарасымен сәйкес келетін мемлекеттік аудит жүргізу фактісі анықталса, мемлекеттік аудиторлар Мемлекеттік аудит туралы заңның 8, 19-баптарына сәйкес, міндетті түрде мемлекеттік аудит нәтижелерін тану рәсімін жүргізеді.

Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

92. Басқа мемлекеттік аудит органы жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелерін Есеп комитеті танымаған жағдайда, мемлекеттік аудиттің аталған объектілеріндегі аудиторлық іс-шара Аудит бағдарламасына және мемлекеттік аудиторлардың Аудиторлық тапсырмаларына сәйкес жүргізіледі.

93. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне, Аудит жоспарына, Аудит бағдарламасына, Аудиторлық тапсырмаларға Есеп комитеті басқа мемлекеттік аудит органы жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелерін таныған жағдайда мемлекеттік аудиттің көлемі қысқарған кезде өзгерістер енгізіледі.

Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

94. Құқық қорғау органдары мемлекеттік аудит объектісіндегі құжаттарды алып қойғанда, сарапшылар мемлекеттік аудит жүргізуден бас тартқанда, Есеп комитеті мемлекеттік аудит нәтижелерін таныганда, еңбекке қабілетсіздігіне байланысты мемлекеттік аудитор, аудиторлық топтың мүшесі ұзақ уақыт болмағанда, Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі немесе Тапсырмаға қол қойған лауазымды адам тіркелген Тапсырманың күшін жоюға келісім берген мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің, мемлекеттік аудитті жүргізуге, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты бөлімше басшыларының қолы болған жағдайда, оның оң жақ жоғарғы бұрышына қойылатын "Тапсырманың күші жойылды" деген мәтіні бар мөртаңбаға өзінің қолын қою арқылы растай отырып Тапсырманың күшін жояды. Тапсырманың артқы бетінде (мөртаңбаның бедері деңгейінде) оның күшін жоюдың себептері және осындай шешімнің қабылданған күні көрсетіледі.

Аудит тобының мүшелерінің біреуі еңбекке қабілеттілігінен айырылған не ол ауыстырылған жағдайда аудиторлық іс-шараны аяқтаған адам тапсырмаларда көрсетілген мерзімдерге дейін аудиторлық тапсырмада бекітілген мемлекеттік аудит мәселелері бойынша оның нәтижелері туралы қол қойылған ақпаратты топ жетекшісіне, ал ол болмаған жағдайда аудит объектісінде болған мемлекеттік

аудиторға ұсынады, ол аудиторлық есепке қосымша және оның нәтижелерін аудиторлық есепке қосу үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

95. Аудиторлық іс-шара барысында Аудит бағдарламасымен қамтылмаған, бірақ толық зерделеуге қажетті мәселелер туындаған жағдайда, мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит тобы басшысының келісімі бойынша Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесін жазбаша түрде хабардар етеді.

Аудит бағдарламасында қамтылмаған мәселелер бойынша аудиторлық іс-шара жүргізудің орындылығы танылған жағдайда, Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудитордың Аудиторлық тапсырмасына толықтырулар енгізе отырып, мемлекеттік аудиторға тиісті тапсырма береді. Мемлекеттік аудит объектісі Аудит бағдарламасында қамтылмаған мәселелер бойынша материалдарды аудиторлық іс-шараны жүзеге асыратын мемлекеттік аудитор жіберген Құжаттарды ұсыну туралы талаптың негізінде ұсынады.

Ескерту. 95-тармаққа өзгеріс енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

96. Мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімін ұзарту қажет болған жағдайда, соның ішінде осы Қағидалардың 91 және 95-тармақтарында көзделген жағдайда, Өтінімге тиісті өзгерістер енгізіле отырып, Есеп комитетінің Төрағасы Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің жазбаша қолдаухаты бойынша ол аяқталғанға дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын мерзімін ұзартады.

Ескерту. 96-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

97. Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында Аудит жоспарына, Аудит бағдарламасына және Аудиторлық тапсырмаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу:

Аудит жоспарына – Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің негіздемелерін көрсете отырып, мемлекеттік аудит жүргізуге, жоспарлауға және сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшелер басшыларының бұрыштамасы алынған, Есеп комитеті Төрағасының атына жазбаша қолдаухатының негізінде;

Аудит бағдарламасына – мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің негіздемелерін көрсете отырып, мемлекеттік аудитті жоспарлауға, жүргізуге және сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшелер басшыларының келісімі бойынша Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің атына қызметтік жазбасының негізінде ;

Аудиторлық тапсырмаға – мемлекеттік аудитордың мемлекеттік аудит тобының жетекшісімен келісілген, Есеп комитеті мүшесінің атына қызметтік жазбасының негізінде немесе Аудит жоспары мен Аудит бағдарламасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда осы Қағидалардың 93-95-тармақтарында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте Аудит жоспарын – Есеп комитетінің Төрағасы, Аудит бағдарламасын және Аудиторлық тапсырманы – Өтінімге (қажет болғанда) бір мезгілде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізе отырып, Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне (қажет болғанда) бір мезгілде өзгерістер және ( немесе) толықтырулар енгізе отырып, енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтыруларды ескеріп, аудиторлық іс-шара жүргізу мерзімін өзгертіп немесе өзгеріссіз қалдырып, келісу рәсімдерін сақтай отырып, Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі қайта бекітеді.

Ескерту. 97-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

98. Аудиторлық іс-шараны жүзеге асыру кезінде аудиторлық іс-шараның қойылған мақсатына және мәселелеріне сәйкес аудиторлық дәлелдемелер қалыптастыруға қажетті нақты деректерді жинау, талдау жүргізіледі.

Нақты деректерді жинау мынадай тәсілдермен:

1) бір мезгілде;

2) үздіксіз процесс жолымен, белгілі бір уақыт аралығында;

3) аудиторлық іс-шара жүргізілетін бүкіл мерзім ішінде жүзеге асырылады.

Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында жиналған аудиторлық дәлелдемелер мемлекеттік аудит объектісінде анықталған құқықтық актілер, мемлекеттік аудит объектілерінің актілері бұзушылықтарының, заңнамадағы олқылықтар мен коллизиялардың, жүйелі және өзге де кемшіліктердің негіздемесі болып табылады.

Жиналған аудиторлық дәлелдемелердің негізінде аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша Аудиторлық қорытындыда тұжырымдар мен ұсынымдар қалыптастырылады.

Ескерту. 98-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

99. Мемлекеттік аудиторлар іс жүзінде тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету және жекелеген жұмыс түрлерін (көлемін) орындау мәнінің анықтығын растау және (немесе) осыған байланысты аудиторлық дәлелдемелер жинау үшін мемлекеттік аудит объектісінің басшысы уәкілеттік берген адаммен бірге аудиторлық рәсімдерді қолдану негізінде бақылау өлшемін, тексеріп қарауды ( бұдан әрі – бақылау өлшемі (тексеріп қарау)) жүргізеді.

Мемлекеттік аудит объектісінің басшылығы тапсырыс берушінің және ( немесе) өнім берушінің (мердігердің) өкілдерінің және басқа да қатысы бар адамдардың толыққанды бақылау өлшемін (тексеріп қарауды) жүргізуге қажетті бақылау-өлшеу аспаптарымен қатысуын қамтамасыз ету қажеттілігі туралы жазбаша нысанда хабардар етіледі.

Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

100. Бақылау өлшемінің (тексеріп қараудың) қорытындысы бойынша осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау өлшемі (тексеріп қарау) актісі екі данада ресімделіп, оған аяқталған күні қол қойылады. Қол қойылған актінің бір данасы – мемлекеттік аудиторда қалдырылады, ал екінші данасы – мемлекеттік аудит объектісіне беріледі. Бақылау өлшемінің (тексеріп қараудың) нәтижелерін мемлекеттік аудитор негізгі мемлекеттік аудит объектісінде жасалатын Аудиторлық есепте міндетті түрде көрсетеді.

101. Мемлекеттік аудит объектісінің (тапсырыс берушінің) және (немесе) өнім берушінің (мердігердің) өкілдері тарапынан бақылау өлшемі (тексеріп қарау ) актісіне қол қоюдан бас тартылған жағдайда, қол қоюдан бас тартылғаны жөнінде белгі қойылады. Жүргізілген бақылау өлшемінің нәтижелерін растайтын тиісті негіздер (аудиторлық дәлелдемелер) болған жағдайда, мемлекеттік аудит объектісі (тапсырыс беруші) және (немесе) өнім беруші (мердігер) тарапынан бақылау өлшемі (тексеріп қарау) актісіне қол қоюдан бас тарту өлшем (тексеріп қарау) нәтижелерін Аудиторлық есепке енгізуден бас тартуға негіз бола алмайды .

102. Мемлекеттік аудиторлар күн сайын мемлекеттік аудит тобы жетекшісіне ауызша есеп беріп отырады, апта сайын соңғы жұмыс күнінің алдындағы күні қорғалған байланыс арналары арқылы осы Қағидаларға 18 және 20-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша атқарылған жұмыс туралы есепті күнге толтырылған (жасалған) апта сайынғы есебін жіберіп отырады. Көрсетілген есеп осындай тәртіппен мәлімет үшін Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға

жауапты мүшесіне, сондай-ақ аудиторлық іс-шараға бекітілген, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкеріне (леріне) ұсынылады.

Аудиторлық іс-шараға тартылған сарапшылар Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкес өз жұмысының барысы туралы есеп береді.

Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

103. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі мемлекеттік аудиторлардың жұмысын үйлестіреді, аудиторлық іс-шара мәселелерінің толық қамтылуына мониторинг жүргізеді, аудиторлық іс-шараның жекелеген бағыттарын түзетеді, мемлекеттік аудиторлардың арасында туындайтын проблемалық мәселелерді шешеді, апта сайын аптаның соңғы жұмыс күні сағат 15-00-ге дейін қорғалған байланыс арналары арқылы мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты бөлімшенің басшысына және Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне осы Қағидалардың 102-тармағында көзделген нысан бойынша атқарылған жұмыс туралы есепті күнге толтырылған (жасалған) мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің жиынтық апта сайынғы есебін талдау үшін ұсынып отырады.

Ескерту. 103-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

104. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты бөлімшенің басшысын және Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесін мемлекеттік аудитті жүргізу барысында аудиторлық іс-шараға қатысқан мемлекеттік аудиторлардың, сарапшылардың қызметтік міндеттерін орындамау жағдайлары және атқарушылық тәртіпті, еңбек тәртібін бұзу, мемлекеттік қызметшілердің қызмет әдебін сақтамау фактілері туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

Өз кезегінде, мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты бөлімшенің басшысы Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесімен бірге тәртіптік сипаттағы шаралар қабылдау үшін көрсетілген фактілер туралы Есеп комитетінің Төрағасына жазбаша түрде хабарлайды.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

105. Режимдік мекемелерде аудиторлық іс-шараларды жүргізуге байланысты құпия материалдарды зерделеу және талдау Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

## 2-параграф. Аудиторлық іс-шараларды жүргізуге сарапшыларды тарту

106. Есеп комитеті өз өкілеттіктері шегінде өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында, Мемлекеттік аудит туралы заңның 18-бабының 8-тармағына сәйкес:

1) мемлекеттік аудит тобының құрамына сарапшыларды енгізу;

2) сарапшыларға Аудит бағдарламасына сәйкес қызметтер көрсетуге жеке тапсырма беру жолымен сарапшыларды тартады.

107. Сарапшыларды тартудың мақсаты сапалы аудиторлық іс-шарамен қамтамасыз ету және мемлекеттік аудит нәтижелерін арнайы білімдерді қажет ететін мәселелер жөніндегі тәуелсіз сараптаманың қорытындысымен растау болып табылады.

Мемлекеттік органдардың мамандарын аудиторлық іс-шараға қатысуға жіберуге мүмкіндік болмаған не оларды жіберуден бас тартылған жағдайда, Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі, қажет болғанда, сынақтардың, бақылау өлшемдерінің (тексеріп қараулардың) нәтижелерін қажетті қорытындыларды алу мақсатында уәкілетті органдар мен ұйымдарға жібереді.

Сарапшылардың қорытындылары Аудиторлық есепке, анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер тізіліміне қосылады.

Ескерту. 107-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

108. Сарапшыларды тартудың қажеттілігі Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру кезінде айқындалады.

109. Мемлекеттік органдардың мамандары жоспарланған іс-шараны, мамандардың саны мен біліктілігін, аудиторлық іс-шараның немесе сараптаманың жүргізілу мерзімі мен кезеңін көрсете отырып, мемлекеттік орган мен мекеме басшысының атына Есеп комитетінің хатының негізінде тартылады.

Ескерту. 109-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

110. Сарапшылардың көрсететін қызметтерін тиісті шарттар жасай отырып сатып алу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізеді. Есеп комитетінің ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлері сарапшылар ретінде өтеусіз негізде тартылуы мүмкін.

## 3-параграф. Үстеме тексеруді жүзеге асыру

111. Негізгі мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін алдын ала зерделеу барысында үстеме тексерудің ықтимал объектілері айқындалып, олар Аудит жоспары мен бағдарламасына енгізіледі.

Егер аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында үстеме тексеру жүргізу үшін негіз туындаса, онда Аудит жоспары мен бағдарламасына өзгерістер енгізілместен, соның ішінде, жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелердің, мемлекеттік аудит объектісінің есептеулерінің және үшінші тұлғалармен қаржылық операцияларының анықтығына, іс жүзінде жеткізілетін тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге тексеру жүргізу мүмкіндігі болмаса, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамауына Аудиторлық тапсырмаларға тиісті толықтырулар енгізіледі.

112. Үстеме тексеру жүргізу үшін әрбір мемлекеттік аудит объектісіне осы Қағидалардың 77-тармағында көзделген нысан бойынша үстеме тексеру жүргізуге жеке Тапсырма ресімделеді және қажет болған жағдайда осы Қағидалардың 83-тармағына сәйкес Талап ұсынылады.

Ескерту. 112-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

113. Үстеме тексеру нәтижелерін ресімдеу кезінде Аудиторлық есептің нысанынан мынадай бөлімдер: мемлекеттік аудит типі, алдыңғы мемлекеттік аудит нәтижелері туралы мәліметтер алынып тасталады.

114. Үстеме тексеруді жүргізген мемлекеттік аудиторлар және тартылған сарапшылар Аудиторлық есепті екі данада жасайды және оларға қол қояды

Мемлекеттік аудитор Аудиторлық есептің екінші парағынан бастап барлық беттеріне қол қояды.

Аудиторлық есептің екінші данасы үстеме тексеру аяқталған күні мемлекеттік аудит объектісінің кіріс хат-хабарын есепке алу жүйесінде тіркеледі не болмаса хабардар етіле отырып, поштамен жіберіледі.

Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

115. Үстеме тексеру жүргізілген жағдайда, мемлекеттік аудитор оның нәтижелерін негізгі мемлекеттік аудит объектісінде жасалатын Аудиторлық есепте міндетті түрде көрсетеді.

## 4-параграф. Бірлескен тексеруді жүзеге асыру

116. Бірлескен тексерудің іс-шаралары осы Қағидалардың 2-бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес Мемлекеттік аудит объектілері тізбесін қалыптастыру және нақтылау кезеңінде көзделеді.

Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

117. Бірлескен тексеру жүргізуді Есеп комитеті басқа мемлекеттік аудит органдарымен және (немесе) мемлекеттік органдармен келісілген мерзімдерде бекітілген Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің негізінде тексерудің жеке түрі ретінде не жүргізілетін бірлескен аудиторлық іс-шараның шеңберінде бір мезгілде жүзеге асырады.

118. Бірлескен тексеруді жүргізуге дайындық Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінде көзделген мерзімдерге сәйкес жүргізіледі.

119. Мемлекеттік аудит (тексеру) тобының жетекшісі және мемлекеттік аудит (тексеру) тобының қатысушылары Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға ( бірлескен тексеруге) жауапты мүшесімен бірлесіп, ақпарат жинауды жүргізеді және алдын ала зерделеудің мерзімі басталған кезден бастап, бес жұмыс күні ішінде жетіспейтін ақпаратты ұсыну жөнінде мемлекеттік аудит (тексеру) объектілеріне сұрау салу жібереді.

120. Алдын ала зерделеудің қорытындылары бойынша Есеп комитетінің мүшесі мемлекеттік аудит (тексеру) тобының жетекшісімен бірге бірлескен тексерудің Жоспарының, Бағдарламасының және Аудиторлық тапсырмалардың жобаларын жасайды, бірлескен тексеру Бағдарламасының әзірленген жобасын бірлескен тексеруді жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдарға жібереді. Мемлекеттік аудит органдары және бірлескен тексеруді жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдар аудиторлық іс-шара басталғанға дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын бірлескен тексерудің Бағдарламасының жобасын келіседі.

121. Есеп комитетінің мүшесі мемлекеттік аудит (тексеру) тобының жетекшісімен бірге үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит органдарының және мемлекеттік органдардың ұсыныстарын пысықтайды, және қажет болған

жағдайда, Бірлескен тексеру жоспарына, бағдарламасына, Аудиторлық тапсырмаларға түзетулер енгізеді және оларды сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшеге ұсынады.

122. Бірлескен тексеру бағдарламасында мемлекеттік аудит (тексеру) объектілері бойынша: мемлекеттік аудит (тексеру) объектісінің атауы, мақсаты, тексерудің түрі, мемлекеттік аудиттің типі, тексерумен қамтылатын кезең, тексеру жүргізу мерзімдері, бірлескен тексеру тобының құрамы, тексерумен қамтылатын қаражат пен активтер көлемі, мемлекеттік аудит көрсеткіштері, тексеру мәселелері және оларды қараудың дәйектілігі көрсетіледі.

Бірлескен тексеру бағдарламасы мемлекеттік аудит органының немесе бірлескен тексеруге қатысушы мемлекеттік органның жауапты лауазымды адамымен (электрондық немесе жазбаша хат алмасу жолымен) келісіледі және Есеп комитетінің мүшесі бірлескен тексеру басталғанға дейін кемінде екі күн бұрын Тексеру бағдарламасының типтік нысанына сәйкес оны бекітеді.

Ескерту. 122-тармаққа өзгеріс енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

123. Бірлескен тексеруді жүргізу үшін Есеп комитетінің және мемлекеттік аудит органдарының немесе мемлекеттік органдардың өкілдерінен ортақ бірлескен немесе тараптардың әрқайсысының жеке аудит (тексеру) тобы құрылады, олардың қатысушыларын мемлекеттік аудит (тексеру) объектілері және бюджет деңгейлері бойынша бөлу тараптардың келісімімен Есеп комитеті мүшесінің басшылығымен жүзеге асырылады.

124. Тексеру жүргізуге негіз болып табылатын құжаттарды (Тексеру жүргізуге тапсырма, Тексеру тағайындау туралы бұйрықтар) әрбір мемлекеттік орган жеке ресімдейді.

125. Қызметкерлерді іссапарға жіберуді, сондай-ақ іссапар шығыстарын төлеуді әрбір мемлекеттік орган жеке жүргізеді.

126. Бірлескен тексеруді сапалы жүргізу мақсатында, мемлекеттік органдардың тексеру жүргізуге жауапты лауазымды адамдары, мемлекеттік аудиттің (тексерудің) бірлескен тобының қатысушылары өз араларында:

1) бірлескен тексеруді жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелерді талқылай отырып жұмыс кеңестері;

2) консультациялар;

3) әдістемелік және талдамалық құжаттармен, ақпаратпен алмасу түріндегі өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

127. Есеп комитетінің және мемлекеттік аудит органының мемлекеттік аудиторлары немесе мемлекеттік аудит объектілерінде бірлескен аудитті (

тексеруді) жүзеге асыратын мемлекеттік органның қызметкерлері бірлескен тексеруді жүргізудің қорытындылары бойынша Аудиторлық есеп жасайды және оған қол қояды.

128. Мемлекеттік аудит (тексеру) объектісінде бірлескен тексеруді ортақ тексеру тобы жүргізген кезде Аудиторлық есеп Есеп комитетінің бланкісінде үш данада ресімделіп, бірінші данасы – Есеп комитетіне, екінші данасы – мемлекеттік аудит органына немесе бірлескен тексеруге қатысушы мемлекеттік органға, үшінші данасы – мемлекеттік аудит (тексеру) объектісіне беріледі. Бірлескен тексеруді жеке топ жүргізген кезде Аудиторлық есепті тараптардың әрқайсысы жеке ресімдеп, кейіннен нәтижелерімен алмасады. Аудиторлық есепке тексеруді жүргізген қызметкерлер қол қойған Тізілім қоса беріледі ( Аудиторлық есепке тексерудің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер тізілімінің нысаны бойынша ресімделеді).

129. Аудиторлық есепке жазбаша қарсылықтарды бірлескен тексеруді жүргізуге жауапты Есеп комитетінің мүшесі мен мемлекеттік аудит органының немесе мемлекеттік органның лауазымды адамы тексеруді жүзеге асырған қызметкерлермен бірлесіп қарайды. Атына жазбаша қарсылықтар келіп түскен мемлекеттік орган тексеру объектісіне отырысты өткізу күніне дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей жауап жібереді.

Ескерту. 129-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

130. Есеп комитеті бірлескен тексеру барысында жасалған Аудиторлық есептер негізінде бірлескен тексерудің нәтижелері бойынша Аудиторлық қорытынды жасайды. Аудиторлық қорытындының жобасы Есеп комитеті мүшесінің басшылығымен жасалады және бірлескен тексеруге жауапты мемлекеттік аудит органының және мемлекеттік органның лауазымды адамымен келісіледі.

131. Есеп комитеті Бірлескен тексерудің қорытындысы бойынша аудиторлық қорытынды дайындауды Аудиторлық есептердің сапасын тексерудің сараптамалық қорытындысын алғаннан кейін және қарсылықтың әрбір тармағы бойынша қабылданған және қабылданбаған дәлелдерді (егер болса) көрсетіп, тексеру объектісіне дәлелді жауапты ескере отырып, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Аудиторлық қорытынды мен Жиынтық тізілім сапа бақылауын өткеннен кейін осы Қағидалардың 200-1-тармағында көрсетілген тәртіпке сәйкес, тексеру объектісіне жіберіледі.

Ескерту. 131-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

132. Аудиторлық қорытындыға Есеп комитетінің мүшесі қол қояды және ол бірлескен тексеруді жүргізуге жауапты мемлекеттік органның лауазымды адамымен келісіледі және бірлескен тексеруді жүргізуге жауапты мемлекеттік органның лауазымды адамымен келісілген Есеп комитеті Төрағасының шешімі бойынша Қаулы жобасымен бірге Есеп комитетінің отырысына қарауға шығарылады.

Ескерту. 132-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

133. Бірлескен тексерудің қатысушысы – мемлекеттік орган басшылығының қатысуымен өтетін Есеп комитетінің отырысында жүргізілген бірлескен тексерудің материалдары талқыланып, Аудиторлық қорытынды қаралады және бекітіледі.

134. Бірлескен отырысқа мемлекеттік аудит (тексеру) объектісінің лауазымды адамдары шақырылады.

135. Бірлескен тексерудің қорытындысы бойынша аудиторлық қорытындыда көрсетілген ұсынымдардың орындалуын мониторингтеуді Есеп комитетінің бірлескен тексеруді жүргізуге жауапты мүшесі осы Қағидалардың 6-бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

136. Есеп комитеті жүргізілген бірлескен тексерудің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынылатын тоқсан сайынғы ақпаратқа, сондай-ақ есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепке енгізу үшін талдамалық ақпарат дайындайды.

## 5-параграф. Қатар тексеруді жүзеге асыру

137. Қатар тексеру жүргізу бойынша іс-шаралар осы Қағидалардың 2-бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес Есеп комитеті Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасын қалыптастыру және (немесе) нақтылануы кезеңінде көзделеді.

Ескерту. 137-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

138. Қатар тексеру жүргізуді Есеп комитеті бекітілген Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің негізінде бір мезгілде не келісілген мерзімдерде әрбір мемлекеттік органмен дербес жүзеге асырады.

139. Қатар тексеруді жүргізуге дайындық Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінде көзделген мерзімге сәйкес жүргізіледі.

140. Мемлекеттік аудит (тексеру) тобының жетекшісі және мемлекеттік аудит (тексеру) тобының қатысушылары Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға ( тексеруге) жауапты мүшесімен бірлесіп, ақпарат жинауды жүргізеді және алдын ала зерделеу мерзімі басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жетіспейтін ақпаратты ұсыну жөнінде мемлекеттік аудит (тексеру) объектілеріне сұрау салу жібереді.

141. Алдын ала зерделеудің қорытындысы бойынша Есеп комитетінің мүшесі мемлекеттік аудит (тексеру) тобының жетекшісімен және қатысушыларымен бірлесіп, Қатар тексеру жоспарының, Қатар тексеру бағдарламасының және Аудиторлық тапсырмалардың жобаларын жасайды, тексеру басталғанға дейін кемінде жеті жұмыс күні бұрын қатар тексеруді жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдарға тексерілетін мәселелер мен мемлекеттік аудит (тексеру) объектілерінің тізбесін және олардың мемлекеттік органдар бойынша бөлінісін жібереді.

142. Қатар тексеруді жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдар мемлекеттік аудит мәселелерінің, объектілерінің тізбесі туралы Есеп комитетінен алынған ақпараттың негізінде қатар тексеру жүргізудің Жоспары мен Бағдарламасының жобаларын әзірлейді, бұл ретте тексеруге қатысты өздерінің қосымша мәселелерін енгізе отырып, негізгі тексерілетін мәселелер тізбесін кеңейтуге жол беріледі. Тексеру Жоспары мен Бағдарламасының жобалары аудиторлық іс-шаралар басталғанға дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын келісу үшін Есеп комитетіне жіберіледі.

143. Есеп комитеті мемлекеттік органдардың Тексеру жоспары мен бағдарламасының жобаларын Есеп комитетіне келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде келіседі, қажет болған жағдайда, Тексеру жоспарына, бағдарламасына және Аудиторлық тапсырмаларға түзетулер енгізеді. Есеп комитетінің тарапынан жазбаша ескертулер болмаған жағдайда, көрсетілген мерзімдерде жіберілген мемлекеттік аудит органдарының тексеру Жоспары мен Бағдарламасының жобалары келісілген деп есептеледі.

Ескерту. 143-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

144. Қатар тексерудің Жоспарын, Бағдарламасын және Аудиторлық тапсырмаларды әрбір тарап қатар аудиторлық іс-шара басталғанға дейін екі жұмыс күні бұрын (тексеру объектілерінің атауын, бюджеттік бағдарламалар мен активтерді, тексеру мәселелерін көрсете отырып) дербес бекітеді.

145. Тексеруді жүргізуге негіз болып табылатын құжаттарды (Тексеру жүргізуге тапсырманы, Тексеруді тағайындау туралы бұйрықтарды) әрбір мемлекеттік орган дербес ресімдейді.

146. Қатар тексеруді әрбір тарап оны жүргізу мерзімдерін келісе отырып, жеке мемлекеттік аудит (тексеру) тобын қалыптастыру арқылы жүргізеді.

147. Қызметкерлерді іссапарға жіберуді, сондай-ақ іссапар шығыстарын төлеуді әрбір мемлекеттік орган дербес жүргізеді.

148. Мемлекеттік аудитті (тексеруді) жүргізуге жауапты лауазымды адамдар, қатар тексеру топтарының қатысушылары:

1) қатар тексеруді жүргізу барысында туындайтын мәселелерді талқылай отырып жұмыс кеңестерін;

2) консультацияларды;

3) әдістемелік және талдамалық құжаттармен алмасуды жүргізеді.

149. Мемлекеттік аудит (тексеру) топтарының жетекшілері тексеруді жүргізудің барысы (тексеру мәселелерін қамтудың толықтығы, туындаған проблемалар) және тексерудің алдын ала нәтижелері туралы ақпарат алмасады.

150. Қатар тексеруді жүргізу кезінде Аудиторлық есептерді олардың нысаны мен мазмұнына мемлекеттік аудит органдарының бекіткен талаптарына сәйкес әрбір тарап дербес ресімдейді.

151. Мемлекеттік органдар бұзушылықтардың анықталған жалпы сомасын көрсете отырып және мемлекеттік аудит (тексеру) объектілері бөлінісінде жүргізілген қатар тексерудің нәтижелері, мемлекеттік аудит (тексеру) объектілерінің аудиторлық іс-шара жүргізу барысында қабылдаған шаралары туралы жинақталған ақпаратты, сондай-ақ тексерудің қорытындысы туралы мемлекеттік органдардың шешімдерінің бір бірден көшірмесін оларға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Есеп комитетіне ұсынады.

Ескерту. 151-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

152. Есеп комитеті Қатар тексерудің қорытындылары бойынша аудиторлық қорытынды дайындауды Аудиторлық есептердің сапасын бақылаудың сараптамалық қорытындысын алғаннан кейін және қарсылықтың әрбір тармағы бойынша қабылданған және қабылданбаған дәлелдерді (егер болса) көрсетіп, мемлекеттік аудит (тексеру) объектісіне дәлелді жауапты ескере отырып, он

жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Мемлекеттік органдар жүргізген қатар тексерудің нәтижелері Аудиторлық қорытындыға енгізіледі.

Ескерту. 152-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

153. Қатар тексерудің қорытындыларын қарау бойынша Есеп комитетінің отырысында:

1) жүргізілген қатар тексерудің материалдары талқыланып, жүргізілген Қатар тексерудің қорытындылары туралы аудиторлық қорытынды қаралады және бекітіледі;

2) мемлекеттік аудитке (тексеруге) жауапты адамдар, мемлекеттік аудит ( тексеру) объектілерінің лауазымды адамдары, сондай-ақ Есеп комитетінің Төрағасы айқындаған өзге де адамдар шақырылады.

154. Есеп комитеті бекітілген Қатар тексерудің қорытындылары туралы аудиторлық қорытындының көшірмесін қол қойылғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде тексеруге қатысқан мемлекеттік органға жібереді.

155. Аудиторлық іс-шараға (қатар тексеруге) жауапты Есеп комитетінің мүшелері және мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары жүргізілген қатар тексерудің нәтижелері бойынша жеке Аудиторлық қорытындылар жасайды.

156. Жүргізілген Қатар тексерудің қорытындылары туралы аудиторлық қорытынды Есеп комитетінің және мемлекеттік органдардың отырыстарында жеке қаралады және бекітіледі.

157. Есеп комитеті және мемлекеттік органдар бекітілген Қатар тексерудің қорытындылары туралы аудиторлық қорытындылардың көшірмелерімен оларға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде алмасады.

158. Есеп комитеті Қатар тексерудің қорытындылары бойынша аудиторлық қорытындыда көрсетілген ұсынымдардың орындалуын мониторингтеуді осы Қағидалардың 6-бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

159. Мемлекеттік органдар және Есеп комитеті Қатар тексерудің қорытындылары бойынша аудиторлық қорытындыда көрсетілген ұсынымдардың іске асырылу барысы туралы тиісті ақпаратты ЭҚАБЖ және поштамен қағаз түрінде жолдау, ЕК АЖ-ға және (немесе) Бірыңғай дерекқорға ақпарат орналастыру арқылы бір-біріне хабарлап отырады.

160. Есеп комитеті мемлекеттік органдармен бірге жүргізілген қатар тексерудің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынылатын тоқсан сайынғы ақпаратқа, сондай-ақ есепті қаржы жылы үшін республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепке енгізу үшін талдамалық ақпарат дайындайды.

## 6-параграф. Есеп комитетінің басқа елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарымен жүргізетін бірлескен және қатар тексерулерін жүзеге асыру

161. Басқа елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарымен бірлескен немесе қатар аудиторлық іс-шараларына Есеп комитетінің қатысуының құқықтық негізі Бақылаудың басшылық қағидаттарының Лима декларациясы, Халықаралық жоғары аудит органдары ұйымының (ИНТОСАИ), Европа жоғары аудит органдары ұйымының (ЕУРОСАИ), Азия жоғары аудит органдары ұйымының (АЗОСАИ), Экономикалық ынтымақтастық елдерінің жоғары аудит органдары ұйымының (ЭКОСАИ), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Жоғары қаржы бақылау органдары басшылары кеңесінің, Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО) туралы шарттың, басқа елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарымен Есеп комитетінің ынтымақтастық туралы келісімдері шеңберінде қабылданған шешімдер, Мемлекеттік аудит туралы заң және осы Қағидалар болып табылады.

162. Басқа елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарымен бірлескен және қатар тексеру іс-шаралары Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасын қалыптастыру кезеңінде көзделеді.

163. Есеп комитеті бірлескен тексеруді басқа елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарымен бірге тексерудің ортақ тақырыбы, Бағдарламасы бойынша және келісілген мерзімдерде екіжақты немесе көпжақты негізде жүргізеді.

164. Есеп комитеті қатар тексеруді басқа елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарымен бірге кейіннен оның нәтижелерімен алмаса отырып, келісілген мәселелер мен жүргізу мерзімдері бойынша өзара келісім шеңберінде, дербес жүргізеді.

165. Басқа елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарымен бірлескен немесе қатар тексеру республикалық бюджет қаражатының, қатысушы елдердің аумағында орналасқан жекелеген объектілерді бірлескен үлестік қаржыландыруға бағытталатын бюджеттік инвестициялардың пайдаланылуына жүргізілген мемлекеттік аудит кезінде және Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттары мен келісімдерінде көзделген жағдайларда жүргізіледі.

166. Бірлескен немесе қатар тексеруді жүргізу үшін Есеп комитетінің жауапты мүшесі мемлекеттік аудитті жүргізуге, сыртқы байланыстарды үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп, тексеру жүргізу басталғанға дейін екі ай бұрын басқа елдердің жоғары мемлекеттік аудитінің бір немесе бірнеше органымен ақпарат алмасу жөнінде жұмыстар жүргізеді, онда:

1) тексерудің мақсаты, міндеттері мен мәселелері;
2) тексеру объектілері;
3) тексеру жүргізу мерзімдері;
4) тексеру жүргізуге жауапты адамдар;
5) ұлттық заңнамада, ынтымақтастық туралы келісімдерде айқындалған функциялары мен аудиторлық өкілеттіктеріне сүйене отырып, әрбір жоғары мемлекеттік аудит органының қатысу шарттары мен мәселелері;
6) жоғары мемлекеттік аудит органдарының тексеру жүргізуге байланысты жұмыстарды қаржыландыру бөлігіндегі міндеттемелері;
7) ақпарат алмасу және тексеру нәтижелерін ресімдеу тәртібі, соның ішінде қорытынды құжаттың нысаны;
8) аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша шешімдерді дайындау мен қабылдау тәртібі;
9) аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша қабылданған шешімдердің орындалуын мониторингтеу (бақылау) тәртібі айқындалады.

167. Есеп комитетінің мүшесі ынтымақтасып отырған елдің жоғары мемлекеттік аудит органымен ақпарат алмасқаннан кейін мемлекеттік аудитті жүргізуге, сыртқы байланыстарды үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп, бірлескен (қатар) тексеруді жүргізу туралы келісімнің ( бұдан әрі – Келісім) және Тексеру бағдарламасының жобаларын дайындау жөнінде жұмыстар жүргізеді. Қатар тексеруді жүргізу кезінде Келісімнің, Тексеру бағдарламасының жобаларын қоспағанда, Есеп комитетінің жауапты мүшесі және тексеру тобының жетекшісі қажет болған жағдайда, осы Қағидалардың 3-бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес Тексеру жоспарының және Аудиторлық тапсырмалардың жобаларын дайындайды.

168. Тексеру бағдарламасының, Тексеру жоспарының және Аудиторлық тапсырмалардың жобалары (қатар тексеруді жүргізу кезінде) сапа бақылауынан өткеннен кейін Есеп комитетінің жауапты мүшесі мемлекеттік аудитті жүргізуге, сыртқы байланыстарды үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп, тексеру жүргізу басталғанға дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, Келісімнің және Тексеру бағдарламасының жобаларын ынтымақтасып отырған елдің жоғары мемлекеттік аудит органына келісуге жібереді. Келісу барысында Келісімге және Тексеру бағдарламасына, қажет болған жағдайда, түзетулер енгізіледі.

169. Ынтымақтасып отырған елдің жоғары мемлекеттік аудит органымен келісілген Келісім жобасына Есеп комитетінің жауапты мүшесі, мемлекеттік аудитті жүргізуге, құқықтық қамтамасыз етуге, сапа бақылауына, сыртқы байланыстарды үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұрыштама қойып, оны Есеп комитетінің Төрағасына қол қоюға енгізеді.

Тексеру бағдарламасының келісілген жобасына мемлекеттік аудитті жүргізуге, құқықтық қамтамасыз етуге, сапа бақылауына, сыртқы байланыстарды үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұрыштама қойып , Есеп комитетінің жауапты мүшесі қол қояды.

Келісім және Бірлескен тексерудің бағдарламасы тексеру басталғанға дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей, ынтымақтасып отырған елдің жоғары мемлекеттік аудит органына бекіту үшін жіберіледі.

170. Бірлескен тексеру тобының құрамына кіретін Есеп комитетінің қызметкерлері өздері болған елдің аумағында тексеру жүргізу кезінде, болған елінің мемлекеттік аудит жүргізу заңнамасын, қағидаларын, сондай-ақ бекітілген Келісімді және Бірлескен тексеру бағдарламасын басшылыққа алуға міндетті.

171. Бірлескен (қатар) тексеруді сапалы жүргізу мақсатында Есеп комитетінің тексеруге жауапты мүшесі ынтымақтасып отырған елдің жоғары мемлекеттік аудит органымен Есеп комитетінің өзара іс-қимылын:

1) бірлескен (қатар) тексеруді жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелерді талқылай отырып кеңестер;

2) консультациялар;

3) әдістемелік және талдамалық құжаттар, ақпарат алмасу түрінде ұйымдастырады.

172. Қазақстан Республикасының аумағында бірлескен тексеру жүргізілген кезде Аудиторлық есеп Есеп комитетінің бланкісінде тексеру объектісі үшін бір данасы ескеріле отырып, бірлескен тексеруге қатысып отырған басқа елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарының санына тең даналарының саны бойынша ресімделеді.

Аудиторлық есепке тексеруді жүргізген қызметкерлер қол қойған, Бірлескен немесе қатар тексерудің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі қоса беріледі.

173. Қатар тексеруді жүргізу кезінде Аудиторлық есептер қатар тексеруге қатысушы жоғары мемлекеттік аудит органдарының ұлттық заңнамасына сәйкес жасалады.

174. Қатар немесе бірлескен тексерудің нәтижелері бойынша Есеп комитетінің тексеруге жауапты мүшесі осы Қағидаларда белгіленген тәртіпке сәйкес Аудиторлық қорытынды жасайды.

175. Қатар немесе бірлескен тексерудің қорытындылары туралы Есеп комитетінің Аудиторлық қорытынды, егер Келісімде өзгеше көзделмесе, осы Қағидалардың 4-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес Есеп комитетінің отырысында қаралады және қабылданады.

176. Қатар тексеруге қатысушы елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдары оның нәтижелері бойынша қабылданған, бекітілген Аудиторлық есептердің көшірмелерімен алмасады.

177. Бірлескен (қатар) тексеруді жүргізу туралы келісімде жүргізілген бірлескен (қатар) тексерудің қорытындылары бойынша бірлескен қорытынды құжатты дайындау көзделуі мүмкін.

178. Келісімді іске асыру үшін, қажет болған жағдайда, жоғары мемлекеттік аудит органдарының жүргізген бірлескен (қатар) тексеруінің нәтижелері бойынша олардың бірлескен отырыстар өткізуі, бірлескен шешімдер қабылдауы көзделеді.

## 7-параграф. Аудиторлық есептерді жасау және ресімдеу

179. Есеп комитеті жүргізетін аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша мыналар ресімделеді:

1) қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп – аудиторлық іс-шараны тікелей жүргізген мемлекеттік аудиторлар жасаған, қаржылық есептіліктің анықтығы, сондай-ақ бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы жазбаша нысанда білдірілген пікірді қамтитын құжат. Қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептің нысаны мен мазмұны Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкес айқындалады;

2) тиімділік және (немесе) сәйкестік аудитінің аудиторлық есебі – аудиторлық іс-шараны тікелей жүргізген мемлекеттік аудиторлар жасаған, белгілі бір уақыт кезеңі үшін жүргізілген тиімділік аудитінің және (немесе) сәйкестік аудитінің нәтижелерін қамтитын құжат.

180. Шоғырландырылған немесе жекелеген қаржылық есептіліктің мемлекеттік аудитінің нәтижелері бойынша:

1) елеулі қателер болмаған кезде – қаржылық есептілік бойынша оң аудиторлық есеп;

2) елеулі қателер анықталған кезде – қаржылық есептілік бойынша ескертпесі бар аудиторлық есеп қабылданады.

Мемлекеттік аудит объектісінде бухгалтерлік есеп жүргізілмеген не бухгалтерлік құжаттар жоғалған жағдайларда, Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі:

1) мемлекеттік аудит объектісінің басшысына және мемлекеттік аудит объектісіне басшылықты немесе оны басқаруды жүзеге асыратын жоғары тұрған

органға осы жұмыстың аяқталу мерзімін белгілей отырып, мемлекеттік аудит объектісінде бухгалтерлік есепті қалпына келтіру туралы талабы бар Нұсқаманы жібереді;

2) Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне тиісті өзгерістер енгізе отырып, мемлекеттік аудитті уақытша тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте, мемлекеттік аудитор жекелеген қаржылық есептіліктің мемлекеттік аудитінің нәтижелері бойынша Аудиторлық есепті пікірін білдіруден бас тарта отырып береді.

181. Мемлекеттік аудит жүргізілген әрбір мемлекеттік аудит объектісі бойынша аудиторлық іс-шараның нәтижелері осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес қатаң есептілік бланкісінде және осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Аудиторлық есептермен ресімделеді.

182. Аудиторлық есептің құрылымы Аудит бағдарламасындағы барлық мәселелердің толық көрсетілуін, онда жазылған мәліметтердің анықтығын, объективтілігін қамтамасыз етеді.

Есептердің мазмұны жүйеленген және қайталауларды болдырмауы тиіс, ойға қонымды және қабылдау үшін жеңіл болуы қажет.

Ескерту. 182-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

183. Аудиторлық есеп Аудит бағдарламасындағы және Аудиторлық тапсырмалардағы мәселелердің тізбесіне сәйкестікте жасалады.

Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер Аудиторлық есептегі жазбалардың анықтығын растайтын құжаттардың түпнұсқаларының деректемелеріне қажетті сілтемелер көрсетіле отырып, объективті және дәл сипатталады. Анықталған бұзушылықтар ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптары, тармақтары мен тармақшалары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілерінің оларды іске асыру үшін қабылдаған актілері көрсетіле отырып, сипатталады.

Егер, талдау сипатындағы мәселелерді қоспағанда, аудиторлық іс-шара мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаса, мемлекеттік аудитор:

1) Аудиторлық есепте анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтардың болмағандығы, Аудит бағдарламасы бойынша қысқаша ақпарат көрсетіледі;

2) мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізілген құжаттардың деректемелерін көрсете отырып, олардың тізбесін Аудиторлық есепке қоса береді.

Тиімділік аудитінің немесе сәйкестік аудитінің нәтижелері бойынша Аудиторлық есепке қолданылған көрсеткіштердің атаулары, олардың

сипаттамасы, сондай-ақ мемлекеттік аудит саласын немесе мемлекеттік аудит объектілері қызметін қолданылған көрсеткіштердің сәйкестігі мәніне бағалау кіреді.

Ескерту. 183-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

184. Бұзушылықтың әрбір фактісі, сондай-ақ заңнаманың анықталған кемшіліктері мен олқылықтары бұзушылықтың сипаты мен түрі, оның ішінде Есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 6-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптауышында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12483 тіркелген) көзделгендері сипаттала отырып, реттік тәртіппен нөмірленеді және жеке тармақта (1-тармақ, 2-тармақ және тағы басқалар) тіркеледі. Бұзушылықтар сипаттамасында бұзушылықтарды расстайтын құжаттарға сілтеме жасалады.

185. Аудиторлық есепке оның ажырамас бөлігі болып табылатын мынадай аудиторлық дәлелдемелер:

1) мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап;

2) мемлекеттік аудиторлар қол қойған және осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі (бұдан әрі – Тізілім);

3) құжаттардың, кестелердің түпнұсқалары немесе белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмелері, сондай-ақ қажет болған жағдайда, бұзушылық фактілерін көрсететін анықтамалар, фотосуреттер;

4) функционалдық және лауазымдық міндеттеріне сүйене отырып, жол берілген бұзушылықтар бойынша адамдардың жазбаша түсініктемелері;

5) бақылау өлшемдері (тексеріп қараулар) актілері (олар жасалған жағдайда);

6) зерттеулердің (сынақтардың), сараптамалардың қорытындылары, хаттамалардың көшірмелері, аудиторлық іс-шараның нәтижелеріне байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері (олар жасалған жағдайда);

7) сарапшылардың қорытындылары (тартылған жағдайда);

8) мемлекеттік қызметтерді алушылардың қанағаттануы тұрғысынан халық арасында сауалнама жүргізу нәтижелері (қажет болған жағдайда);

9) ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар (көшірмелері) (аудиторлық іс-шара барысында қаражат өтелген (қалпына келтірілген) жағдайда):

төлем тапсырмалары (төлеуге арналған шоттар, түбіртектер, чектер және ( немесе) басқалары);

ведомостар, ордерлер, нарядтар;

10) мемлекеттік аудит объектісінің басшысына (лауазымды адамына) Аудиторлық есептің тапсырылған күнін растайтын құжат (көшірмесі) (оны қабылдағаны туралы мемлекеттік аудит объектісінің мөртабаны болмаған жағдайда);

11) талдау материалдары және мемлекеттік аудит объектісінің қызметіндегі бұзушылықтар мен кемшіліктер фактісін растайтын материалдар;

12) басқа мемлекеттік аудит органдарының мемлекеттік аудит нәтижелерін тану рәсімінің қорытындылары бойынша сараптамалық қорытындылар және тану жүргізілген материалдар (тану рәсімі жүргізілген жағдайда);

13) аудиторлық іс-шара жүргізу барысында осы Қағидалардың 21-1-тармақшасына сәйкес нысан бойынша аудит объектісі ұсынған ақпараттар мен құжаттардың толықтығы және анықтығы туралы ұсыныс хаты қоса беріледі.

Аудиторлық есепке қоса берілетін құжаттардың көшірмелері белгіленген тәртіппен уәкілетті лауазымды адамдардың қолымен, мемлекеттік аудит объектісінің мөрімен және мөртабанымен (болған жағдайда) расталады. Аудиторлық есепте қосымшаларының реттік нөмірі, әрбір қосымша бойынша жеке-жеке парақ саны көрсетіле отырып, оларға сілтеме жасалады.

Ескерту. 185-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

186. Аудиторлық есепке тиісті құжаттармен расталмаған фактілерді, тұжырымдарды енгізуге жол берілмейді.

187. Аудиторлық есепте жазылып, Аудиторлық есепте соларға сілтеме жасалған бұзушылықтарды растайтын құжаттардың болмауы, сондай-ақ оларды толықтыру мүмкіндігінің болмауы сапа бақылауы қорытындылары бойынша оларды аудиторлық қорытындыға қоспауға негіз болып табылады.

Ескерту. 187-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

188. Мемлекеттік аудит объектісінің тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілген қызметтерге ақы төлеуінің негізділігін растайтын құжаттар мемлекеттік аудит объектісінде болмаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптар, міндеттер орындалмағанда немесе тиісінше орындалмағанда, мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары мемлекеттік аудиторларға олардың сұрауы бойынша тиісті жазбаша түсініктемелер береді.

189. Аудиторлық есеп (осы Қағидалардың 128, 172-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда) екі данада жасалып, оған аудиторлық іс-шараны жүргізген мемлекеттік аудиторлар және сарапшылар қол қояды.

Мемлекеттік аудитор Аудиторлық есептің екінші парағынан бастап, барлық беттеріне қолын қояды.

190. Аудиторлық есептің екінші данасы аудиторлық іс-шара аяқталған күннен кешіктірілмей мемлекеттік аудит объектісінің кіріс хат-хабарын есепке алу жүйесінде тіркеледі не болмаса хабардар етіле отырып, поштамен жіберіледі.

Ескерту. 190-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

191. Аудиторлық іс-шараның нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік аудит объектісінің басшылығы Аудиторлық есепке жазбаша қарсылықтарын қол қойылған Аудиторлық есеп мемлекеттік аудит объектісіне тапсырылған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Есеп комитетіне ұсынады.

Мемлекеттік аудит объектісінің Аудиторлық есепке қол қойылғаннан кейін дереу ұсынған жазбаша қарсылықтарын мемлекеттік аудитор Аудиторлық есепке қоса тіркейді.

Көрсетілген мерзім өткен соң келіп түскен Аудиторлық есепке қарсылықтар қаралмайды.

192. Есеп комитетіне келіп түскен Аудиторлық есепке қарсылықтарды Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудиторлармен, мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысымен, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкерлерімен, мемлекеттік аудитті жүзеге асыруға тартылған сарапшылармен бірге Аудиторлық қорытындыны дайындау кезеңінде қарайды, содан кейін қарсылықтың әрбір тармағы бойынша қабылданған және қабылданбаған дәлелдерді көрсете отырып, Есеп комитетінің отырысы өткізілетін күнге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік аудит объектісіне уәжді жауап жібереді. Мемлекеттік аудит объектісінің Аудиторлық есепке ұсынған түсініктемелері оған жауап дайындалмастан назарға алынады.

Ескерту. 192-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

193. Есеп комитетіне келіп түскен Аудиторлық есепке қарсылықтар және оларға уәжді жауаптар Есеп комитетінің отырысынан кейін міндетті түрде

аудиторлық іс-шара материалдарына және олардың ЕК АЖ-дағы және (немесе) ЭҚАБЖ-дағы электронды нұсқаларына қоса тіркеледі.

194. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі (мемлекеттік аудитор) Аудиторлық есеп мемлекеттік аудит объектісіне тапсырылғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, Аудиторлық есептерді, Тізілімдерді, кестелерді және басқа да қосымшаларды (болған жағдайда) мынадай қолайлы тәсілдердің бірі арқылы:

1) мемлекеттік аудитордың өзі қолма-қол;

2) сканерден өткізілгендерін – қорғалған байланыс арналары бойынша;

3) Аудиторлық есептің түпнұсқасын (құпиясын қоспағанда) – фельдъегерлік байланыс не хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы;

4) құпия сипаты бар Аудиторлық есептерді – Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып Есеп комитетіне жібереді және (немесе) ұсынады;

5) электрондық нұсқалар ЕК ИАЖ-да орналастырылады (құпия және ҚПБҮ белгісі барларды қоспағанда).

Аудиторлық есептің бір данасы (№ 2 дана) анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау және басқа да іс-әрекеттер жасау үшін мемлекеттік аудит объектісінің басшысында қалдырылады.

Ескерту. 194-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

195. Мемлекеттік аудиторлар іссапардан келген күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей құжаттардың атауы мен аудиторлық іс-шараның қалған материалдарын жасақтағанға дейін жинақтау папкасында қалыптастырылатын парақ санын тізімдемеде көрсете отырып, алдын ала зерделеу нәтижелері туралы материалдардың, Өтінімге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы қызметтік жазбалардың, Аудит жоспарының, Аудит бағдарламасының, Аудиторлық тапсырмалардың, Тапсырмалардың, Аудиторлық есептің (№ 1 дана), Тізілімнің және Аудиторлық есепке басқа да қосымшалардың түпнұсқаларын, мемлекеттік аудит объектілерінің қарсылықтарын (болған жағдайда) және оларға жауаптарды құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімшеге тапсырады.

Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше Аудиторлық есептердің, Тізілімнің және Аудиторлық есепке басқа да қосымшалардың түпнұсқаларын, мемлекеттік аудит объектілерінің қарсылықтарын олар Есеп комитетіне түскен күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде сканерлейді, ЭҚАБЖ-да тіркейді және

Есеп комитетінің мүшесіне, аудиторлық іс-шараны ұйымдастыруға және жүзеге асыруға, мемлекеттік аудит және сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге беріледі.

Аудиторлық іс-шара шеңберінде қалыптастырылған құжаттар олардың сканерленген нұсқаларын жинақтай отырып, ЕК АЖ-да орналастырылады.

Ескерту. 195-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

196. Аудиторлық есептер және Аудиторлық есептерге қоса берілген Тізілімдер бойынша Мемлекеттік аудит туралы заңның 8, 24-тармақтарына және осы Қағидаларға сәйкес, сапа бақылауы жүргізіледі.

197. Егер, аудиторлық іс-шара материалдарына заң қорытындысын (сапа бақылауын) дайындау кезінде мемлекеттік аудиторлар тіркелген Аудиторлық есепке қоса берілмеген өзге де құжаттарды ұсынса, олар мұндай құжаттарды мемлекеттік аудит материалдарына, соның ішінде оның электрондық нұсқасына қоса тіркейді.

Құжаттарды қоса тіркеу мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің құжатайналымына, құқықтық қамтамасыз етуге, сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшеге Есеп комитетінің отырысы өткізілетін күннен кешіктірмей қоса тіркеуге жататын құжаттарды немесе олардың көшірмелерін тіркей отырып, ЭҚАБЖ арқылы қызметтік жазбаны жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 197-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 8-параграф. Аудиторлық қорытындыларды, Нұсқамаларды жасау және ресімдеу

198. Есеп комитеті жүргізген мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша Аудиторлық қорытынды ресімделеді, ол Аудиторлық есептердің негізінде жасалатын, тұжырымдар мен ұсынымдарды қамтитын және Есеп комитетінің қаулысымен бекітілетін құжат болып табылады.

199. Жүргізілген аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің, мемлекеттік аудиторлардың және (немесе) мемлекеттік аудитті жүзеге асыруға тартылған сарапшылардың қатысуымен Аудиторлық есептердің

сапасын бақылаудың сараптамалық қорытындысын және жергілікті жерге барып аудиторлық іс-шараны қайта тексеру (ол жүргізілген жағдайда) нәтижелерін алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде, 15 және одан көп мемлекеттік аудит объектілері қамтылған жағдайда, он бес жұмыс күні ішінде Аудиторлық қорытындының, мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімінің (бұдан әрі – Жиынтық тізілім) және Қазақстан Республикасы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын және (немесе) оларға итермелейтін себептерді, жағдайларды жою, сондай-ақ осы бұзушылықтарға жол берген адамдарға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылық шараларын қолдану қажет болған жағдайда, Нұсқаманың жобаларын дайындайды.

Аудиторлық іс-шараның нәтижелерін қайта тексеру Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

200. Аудиторлық қорытындының, Жиынтық тізілімнің, Қаулы және Нұсқаманың жобаларын Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі бір мезгілде сапа бақылауына және құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге жібереді.

Аудиторлық қорытындының, Жиынтық тізілімнің, Қаулы және Нұсқаманың жобалары бойынша заң сараптамасы үш жұмыс күні ішінде өткізіледі, содан кейін заң сараптамасының қорытындысы сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшеге жіберіледі.

Сапа бақылауы Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкес, заң сараптамасының қорытындысы келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Аудиторлық қорытындының, Жиынтық тізілімнің, Қаулы және Нұсқаманың жобалары бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 200-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

200-1. Аудиторлық қорытындының және Жиынтық тізілімнің жобалары сапа бақылауы және құқықтық сараптама жүргізілген соң Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қолы қойылып, Есеп комитетінің отырысы өтетін күнге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмей, Есеп комитетінің отырысына дайындалу мақсатында танысу үшін негізгі мемлекеттік аудит объектісіне және оларға қатысты бөлігінде басқа мүдделі тараптарға жіберіледі.

Ескерту. 8-параграф 200-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің

атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

201. Аудиторлық қорытындының, Жиынтық тізілімнің және Нұсқаманың жобаларына мемлекеттік аудитті жүргізуге, сапа бақылауына, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұрыштама қояды, содан кейін Аудиторлық қорытындының және Нұсқаманың жобаларына Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі қол қояды және Жиынтық тізілім жобасы онымен (соның ішінде ЭҚАБЖ-да) келісіледі.

Аудиторлық қорытындының, Жиынтық тізілімнің және Нұсқаманың жобалары осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес басқа да материалдармен, соның ішінде негізгі мемлекеттік аудит объектісі өкілінің баяндамасы (сөйлейтін сөзі) тезистерінің жобаларымен бірге Есеп комитетінің отырысы өткізілгенге дейін төрт жұмыс күні бұрын Есеп комитетінің Төрағасына ілеспе хатпен ұсынылады.

Ескерту. 201-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

202. Сапа бақылауының сараптамалық қорытындысында жасалған Аудиторлық есептердің Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарына және Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкессіздігін растайтын фактілер көрсетілген жағдайда, Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі ескертулерді ескере отырып, аудиторлық іс-шараның материалдарын Есеп комитетінің отырысына шығарудың орындылығы және Аудиторлық қорытындыға қайта тексеру тағайындау не оны пысықтау туралы сапа бақылауын жүргізуге жауапты бөлім басшысының келісімі бойынша Есеп комитеті Төрағасының атына қызметтік жазба енгізеді.

Ескерту. 202-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

203. Аудиторлық қорытынды кіріспе, негізгі (талдау), қорытынды бөліктерден тұрады және осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

204. Жиынтық тізілім осы Қағидалардың 185-тармағында көзделген нысан бойынша жасалады және Аудиторлық қорытындыға қосымша болып табылады.

Ескерту. 204-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

205. Аудиторлық қорытындының қорытынды бөлігінде:

1) аудиторлық іс-шараның негізгі нәтижелері;

2) олардың туындауының себеп-салдарлық байланысын анықтай отырып, бұзушылықтар мен кемшіліктер жинақтап қорытылған талдау, сондай-ақ оларды жою және мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін регламенттейтін, сондай-ақ экономиканы немесе экономиканың жекелеген саласын, әлеуметтік саланы, мемлекеттік басқарудың басқа да салаларын дамытуға бағытталған құқықтық актілерді, квазимемлекеттік сектор актілерін жетілдіру бойынша тұжырымдар мен ұсыныстар жинақталады, жүйеленеді және қысқаша нысанда көрсетіледі.

Аудиторлық есепте көрсетілген және құжаттармен, сапа бақылауымен расталған бұзушылықтардың, кемшіліктердің анықталған фактілері Жиынтық тізілімде көрсетіледі.

Аудиторлық қорытындыда Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің анықталған бұзушылықтарының жалпы сомасы, соның ішінде:

1) қаржылық бұзушылықтар;

2) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз пайдалану;

3) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз жоспарлау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларын іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілері бұзушылықтарының сомалары көрсетіледі.

Рәсімдік бұзушылықтар бойынша олардың саны көрсетіледі.

Ескерту. 205-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

206. Аудиторлық қорытындыға мемлекеттік аудит объектісінің осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен қаралмаған қарсылықтары бар бұзушылық фактілерін енгізуге жол берілмейді.

207. Мемлекеттік аудиттің нәтижелері Бірыңғай дерекқорда жүйеленеді, Мемлекеттік аудит туралы заңның 12-бабының 1, 2, 3-тармақтарында көзделген мемлекеттік аудит бағыттарының ерекшеліктері ескеріле отырып, мемлекеттік аудиттің типіне, тексерудің түрлеріне және мемлекеттік аудит объектісіне сәйкес мына бағыттар:

1) Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының (мемлекеттік, үкіметтік бағдарламалардың, орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық

жоспарларының), акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларының және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын нормативтік әдістемелік қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік аудит объектілері қызметінің, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының республикалық бюджеттің атқарылуы және активтердің пайдаланылуы бөлігіндегі тиімділігі;

3) квазимемлекеттік сектордың республикалық субъектілері қызметінің экономиканы немесе экономиканың жеке алғандағы саласын, мемлекеттік басқарудың әлеуметтік және басқа да салаларын дамытуға әсерін;

4) бюджет қаражатын, оның ішінде трансферттерді, кредиттерді байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, бюджеттік инвестицияларды және кепілгерліктерді игеру нәтижелілігінің, бюджеттік бағдарламалар бойынша түпкілікті мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізудің, мемлекет активтерін пайдаланудың және акциялары (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерді басқаруының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің экономиканы немесе жеке алғанда экономиканың саласын, әлеуметтік саланы және мемлекеттік басқарудың басқа да салаларын дамытуға ықпалының дәрежесі ;

5) республикалық бюджетке түсетін түсімдердің, бюджетке түсетін түсімдерді алудың толықтығына және уақтылығына, сондай-ақ республикалық бюджеттен қате (артық) төленген соманы қайтарудың, есепке жазудың дұрыстығына, салықтық және кедендік әкімшілендірудің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиттің нәтижелері;

6) мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік сектордың республикалық субъектілерінің сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің мерзімдері, көлемі, бағасы, саны және сапасы бойынша шарттардың талаптарын орындауына жүргізілген мемлекеттік аудиттің нәтижелері;

7) қаржы активтерін сатып алу, оларды сатудан бюджетке түсетін қаражат түсімдері бойынша мемлекеттік аудит нәтижелері;

8) Есеп комитетінің Аудиторлық қорытындысында және Нұсқамаларында қамтылған ұсынымдардың орындалуын мониторингтеудің нәтижелері бойынша көрсетіледі.

208. Аудиторлық қорытынды Есеп комитеті Нұсқамасының жобасын дайындау үшін негіз болып табылады.

209. Есеп комитетінің Нұсқамасы әкімшілік рәсімдер туралы заңнамада белгіленген деректемелерді қамтиды.

210. Есеп комитетінің отырысында жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары қаралады. Аудиторлық қорытынды, Нұсқама Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің және мемлекеттік аудит объектілері өкілдерінің ақпаратын тыңдаудың қорытындылары бойынша қабылданады.

Егер, аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша Есеп комитетінің отырысы барысында мемлекеттік аудит объектісі Есеп комитетінің Нұсқамасы жобасының тапсырмалық тармақтарын орындау мерзімдерін ауыстыруға не жобаны өзге де түзетуге бастама жасаса, отырыс хаттамасында бастамашы, негіз және қабылданған шешім көрсетіледі.

Есеп комитетінің Аудиторлық қорытындысы бекітіліп, Нұсқамасына қол қойылған кезде Есеп комитеті отырысының қорытындылары бойынша оның материалдарына Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің баяндамасы қоса беріледі.

Құпия сипаттағы аудиторлық іс-шаралар бойынша отырыстар Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі заңнамада белгіленген талаптар сақтала отырып өткізіледі.

Ескерту. 210-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

211. Басқа мемлекеттік органдармен жүргізілген бірлескен аудиторлық іс-шараның қорытындылары бойынша Аудиторлық қорытынды мен Нұсқама Есеп комитетінің отырысында осы органның өкілдерінің қатысуымен ақпаратты талқылағаннан кейін қабылданады.

212. Аудиторлық қорытынды Есеп комитетінің Қаулысымен қабылданады.

213. Қаулы мыналарды:

1 жүргізілген аудиторлық іс-шараның қорытындылары бойынша дайындалған Аудиторлық қорытындыны бекіту туралы шешімді;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне және (немесе) консультативтік-кеңесші органға ұсынымдарды;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметіне және (немесе) консультативтік-кеңесші органға Аудиторлық қорытындыны немесе одан үзінділі беру туралы шешімді;

4) материалдарды құқық қорғау органдарына жіберу туралы шешімді;

5) Нұсқамаларды жіберу туралы шешімді қамтиды.

Ескерту. 213-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

214. Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің Аудиторлық қорытындысы және Жиынтық тізілімі немесе Аудиторлық қорытындысынан және Жиынтық тізілімінен алынған үзінді қоса беріліп, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларына жіберілген Нұсқамалар оларда көрсетілген мерзімдерде қаралады.

Ескерту. 214-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

215. Қаулылар және Аудиторлық қорытындылар толық көлемде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және құқық қорғау органдарына да жіберілуі мүмкін.

Аудиторлық қорытындыда жазылған Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынымдар Қаулының және Аудиторлық қорытындының мөрмен расталған көшірмелерінің қоса берілуімен Есеп комитетінің Төрағасы қол қоятын хатпен Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жіберіледі.

Ескерту. 215-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

216. Мемлекеттік аудит туралы заңға сәйкес, Есеп комитеті Аудиторлық қорытынды бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға электрондық ақпараттық есепке алу құжатын – талон-хабарламаны ұсынады.

## 4-бөлім. Қаржылық бақылау

### 1-параграф. Жалпы ережелер

217. Қаржылық бақылауды Мемлекеттік аудит туралы заңда, өзге де заңдарда және Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген құзыреті шегінде бюджетке өтеуді, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету, Нұсқамаларды орындау және кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту жолымен қалпына келтіруді қамтамасыз ету арқылы мемлекеттік аудит органдары жүзеге асырады.

218. Қаржылық бақылаудың ден қою шаралары:

1) барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті, анықталған бұзушылықтарды жою туралы

және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы Нұсқама шығару;

2) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген құзырет шегінде әкімшілік іс жүргізуді қозғау;

3) мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда, материалдарды тиісті аудиторлық дәлелдемелерімен бірге құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілетті органдарға беру;

4) бюджетке өтеуді, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету және нұсқамаларды орындау жолымен қалпына келтіруді қамтамасыз ету мақсатында сотқа талап қоюды беру болып табылады.

## 2-параграф. Анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы нұсқама

219. Мемлекеттік аудит объектілеріне осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, оларда көрсетілген мерзімдерде қаралатын Есеп комитетінің Нұсқамалары Аудиторлық қорытындының немесе Аудиторлық қорытындыдан үзіндінің қоса берілуімен жіберіледі.

Ескерту. 219-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

220. Осы Қағидалардың 180-тармағында көзделген жағдайларда, Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудит объектісінің басшысына және мемлекеттік аудит объектісіне басшылықты немесе оны басқаруды жүзеге асыратын жоғары тұрған органға осы жұмыстың аяқталу мерзімін айқындай отырып, мемлекеттік аудит объектісінде бухгалтерлік есепті қалпына келтіру туралы талаппен Нұсқама жібереді.

221. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары ӘҚтК-ге сәйкес Есеп комитеті Нұсқамаларын орындамағаны үшін жауапты болады.

## 3-параграф. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттама жасау

222. Егер мемлекеттік аудит объектісінің басшысы Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талапта көрсетілген және ( немесе) құжаттарды ұсыну мерзімдері аяқталғанымен, Мемлекеттік аудит туралы заңның 21-бабында көзделген міндеттерін орындамаса, мемлекеттік аудитор –

анықталған күні, ал әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайларын және жеке тұлғаның жеке басын қосымша анықтау қажет болған жағдайларда, көрсетілген деректер анықталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ӘҚтК-нің 803-бабына сәйкес, ӘҚтК-нің 462-бабының негізінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырады, оның жобасы ӘҚтК-де белгіленген мерзімдер шегінде оны ұсынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшемен келісіледі.

223. Осы Қағидалардың 236-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін тапқан мемлекеттік аудитор тиісті тексеру аяқталғаннан кейін дереу әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды.

Хаттама жобасы ӘҚтК-де белгіленген мерзімдер шегінде оны ұсынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшемен келісіледі.

Сараптама жүргізу қажет болған жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама сараптаманың қорытындысы алынған күннен бастап екі тәулік ішінде жасалады.

224. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезде өзіне қатысты іс қозғалған лауазымды адамға, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізудің басқа да қатысушыларына ӘҚтК-нің 38-тарауында көзделген олардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, бұл туралы хаттамаға белгі қойылады.

225. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға оны жасаған адам және әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған адам қол қояды. Куәлар болған кезде, сондай-ақ куәгерлер қатысқан жағдайларда, хаттамаға осы адамдар да қол қояды.

226. Өзіне қатысты іс қозғалған лауазымды адамға әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен танысуға мүмкіндік беріледі. Көрсетілген адам хаттаманың мазмұны бойынша түсініктемелер мен ескертулер береді, сондай-ақ оған қол қоюдан бас тартуының себептерін баяндайды, олар осы хаттамаға қоса беріледі. Аталған адамдар әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, онда тиісті жазба жасалады.

227. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалғаннан кейін оның көшірмесі дереу өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адамға қолхатпен табыс етіледі.

228. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесін қолхатпен алудан бас тартылған жағдайда, оны жасаған адам хаттамаға тиісті жазба жүргізеді.

229. Әкімшілік құқық бұзушылық жасап, тиісінше хабардар етілген адам болмаған немесе келмеген жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы

хаттамаға оны жасаған адам қол қойып, оған әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның болмағаны немесе келмегені жөнінде белгі қояды.

230. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесін қолхатпен алудан бас тартылған жағдайда, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасап, тиісінше хабардар етілген адам болмаған немесе келмеген жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалғаннан кейін екі тәулік ішінде өзіне қатысты іс қозғалған адам хабардар етіле отырып, оған тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберіледі.

231. Хаттамаға мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) құқық бұзушының жеке басын куәландыратын құжат (көшірмесі);

2) функционалдық және лауазымдық міндеттеріне сүйене отырып, адамдардың жазбаша түсініктемелері (не түсініктеме беруден бас тарту туралы акт);

3) анықталған құқық бұзушылықтың белгілерін растайтын, лауазымды адамдардың қолымен, ұйымның мөрімен немесе мөртабанымен расталған құжаттардың түпнұсқалары немесе төлнұсқасының көшірмелері:

соның ішінде, әкімшілік құқық бұзушылықтың түріне қарай:

жүргізілген зерттеулердің (сынақтардың, бақылау өлшемдерінің (тексеріп қараулардың) және тағы басқаларының) актілері;

сараптаманың және мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың қорытындылары (жүргізілген жағдайда);

операция немесе әрекет фактісін қамтитын құжаттар немесе олардың көшірмелері, соның ішінде шешімдер:

орындалған жұмыс актілері (тауарларды қабылдау-өткізу, қызметтерді көрсету, есептен шығару, жою актілері);

мемлекеттік сатып алу туралы бұйрықтар, хаттамалар және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың басқа да шешімдері;

шарттар;

ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар:

төлем тапсырмалары (төлеуге арналған шоттар, түбіртектер, чектер және ( немесе) басқалары);

ведомостар, ордерлер, нарядтар;

4) лауазымды адамдардың өкілеттіктерін растайтын құжаттардың көшірмелері:

жарғылар, ережелер, лауазымдық нұсқаулықтар;

анықталған бұзушылықтарға қатысы бар лауазымды адамдарды тағайындау ( жұмыстан босату) туралы бұйрықтар;

5) мемлекетке, мемлекеттің қатысуымен құрылған заңды тұлғалардың мүдделеріне келтірілген залалдың сомасын растайтын құжаттар немесе олардың көшірмелері:

анықтамалар, кестелер, диаграммалар;

есептеулер;

бұзушылық фактілерін көрсететін және аудиторлық есептің ажырамас бөлігі болып табылатын фотоматериалдар.

232. Әрбір әкімшілік құқық бұзушылық бойынша материалдар тиісті уәкілетті органдарға жеке ілеспе хатпен жіберіледі.

233. Заң сараптамасын жүргізу кезінде орны толмайтын, ұсынылған құжаттардың толық болмауы кемшіліктерді жою үшін материалдарды хаттаманы жасаушыға қайтаруға әкеп соғады.

234. Лауазымды адам хаттаманың және басқа да материалдардың кемшіліктерін оларды алған кезден бастап екі тәулік ішінде жояды.

235. Мемлекеттік аудиторлар әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің басқа да материалдарын жасалған кезінен бастап, үш тәуліктің ішінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында орналасқан сотқа жібереді.

## 4-параграф. Құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілетті органдарға материалдар беру

236. Аудит объектісінің лауазымды адамдарының іс-қимылында Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексінің баптарымен көзделген қылмыстық белгілер және олар бойынша қарау мен процестік шешім қабылдау әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың құзыретіне жататын әкімшілік құқық бұзушылық құрамының белгілері анықталған жағдайларда, мемлекеттік аудиторлар кейіннен құқық қорғау органдарына және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға беру үшін құқық бұзушылықтарға жол берген адамдардан жазбаша түсініктемелер және анықталған құқық бұзушылықтың белгілерін растайтын, лауазымды адамдардың қолымен немесе ұйымның мөрімен расталған құжаттардың түпнұсқаларының көшірмелерін (бұдан әрі – құжаттар тізбесі) жасауды талап етеді:

1) бұзушылық фактісін тікелей растайтын құжаттар:

бұзушылық фактілерін көрсететін және аудиторлық есептің ажырамас бөлігі болып табылатын фотоматериалдар;

жүргізілген зерттеулердің (сынақтардың, бақылау өлшемдерінің (тексеріп қараулардың) және тағы басқаларының) актілері;

сараптаманың және мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың қорытындылары (жүргізілген жағдайларда);

функционалдық және лауазымдық міндеттеріне сүйене отырып, адамдардың жазбаша түсініктемелері (не түсініктеме беруден бас тарту туралы акт), олардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

бұзушылық фактілерін тікелей растайтын өзге де құжаттар;

2) операция немесе әрекет фактісін қамтитын құжаттар немесе олардың көшірмелері, соның ішінде шешімдер:

орындалған жұмыс актілері (тауарларды қабылдау-өткізу, қызметтерді көрсету, есептен шығару, жою актілері);

мемлекеттік сатып алу туралы бұйрықтар, хаттамалар және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың басқа да шешімдері;

шарттар;

операция немесе іс-қимыл фактілері қамтылған өзге де құжаттар немесе олардың көшірмелері;

3) ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар немесе олардың көшірмелері:

төлем тапсырмалары (төлеуге арналған шоттар, түбіртектер, чектер және ( немесе) басқалары);

ведомосттар, ордерлер, нарядтар;

4) лауазымды адамдардың өкілеттіктерін растайтын құжаттар немесе олардың көшірмелері:

жарғылар, ережелер, лауазымдық нұсқаулықтар;

анықталған бұзушылықтарға қатысы бар лауазымды адамдарды тағайындау ( жұмыстан босату) туралы бұйрықтар;

5) мемлекетке, мемлекеттің қатысуымен құрылған заңды тұлғалардың мүдделеріне келтірілген залалдың сомасын растайтын құжаттар:

анықтамалар, кестелер, диаграммалар;

есептеулер;

төлем фактілерін растайтын өзге де құжаттар немесе олардың көшірмелері.

Құқық қорғау органдарына материалдарды жіберу "Сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу кезінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша мемлекеттік аудит материалдарын беру қағидаларын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 6-НҚ және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 30 наурыздағы № 51, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 76, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл ұлттық бюросы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2016 жылғы 26 ақпандағы № 20 бірлескен нормативтік қаулысына және бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13679 болып тіркелген).

Әкімшілік және өзге де құқық бұзушылық белгілері көзделген бұзушылық фактілері бойынша мемлекеттік аудиторлар дайындаған материалдар Аудиторлық есепке заң сараптамасы алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне қызметтік жазбамен жіберіледі.

Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі бір күндік мерзім ішінде материалдарды құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеге жіберу жөнінде шешім қабылдайды.

Заң қорытындысы Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне және мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге материалдардың құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеге келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде жіберіледі.

Ескерту. 236-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

236-1. Мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше әкімшілік іс жүргізуді қозғау және процестік шешім қабылдау үшін материалдарды жіберуді мемлекеттік аудиторлар бастамашылық жасаған және Есеп комитетінің мүшесі қол қойған әкімшілік құқық бұзушылық белгілері көзделген бұзушылық фактілеріне заң қорытындысын алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

Ескерту. 4-параграф 236-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

**5-параграф. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, соның ішінде бюджетке өтеуді қамтамасыз ету, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру және**

**(немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету жолымен**
**қалпына келтіру және нұсқамаларды орындау мақсатында сотқа талап қоюды беру**

Ескерту. 5-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Ескерту. 4-бөлім 5-параграфпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

236-2. Есеп комитеті сотқа талап қоюды беруді бюджетке өтеудің, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету жолымен қалпына келтірудің қажеттілігін қамтитын нұсқамаларының тапсырмалық тармақтарын көрсетілген мерзімдерде орындамаған және орындау мерзімдерін ұзарту туралы шешімдер болмаған жағдайда жүзеге асырады.

236-3. Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі нұсқаманың тапсырмалық тармақтары орындалмаған жағдайда, олардың орындалуы тиіс күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеге заң сараптамасын жүргізу үшін жіберілетін Есеп комитетінің Төрағасына сотқа талап қоюды беруге бастамашылық жасау туралы қызметтік жазбаның жобасын дайындайды.

236-4. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қызметтік жазбасын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде растайтын құжаттар болған жағдайда сотқа талап қоюды берудің орындылығы туралы сараптамалық қорытынды жасайды.

236-5. Сотқа талап қоюды берудің оң сараптамалық қорытындысын немесе оның негізсіздігі туралы қорытындыны алғаннан кейін Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі қызметтік жазбаны тиісті шаралар қабылдау үшін Есеп комитетінің Төрағасына жібереді.

236-6. Сотқа талап қоюды беру туралы оң шешім қабылданған жағдайда, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты тиісті құрылымдық бөлімшемен бірлесіп 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне сәйкес құжаттар дайындайды.

Есеп комитетінің басшылығы айқындаған құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері және (немесе) тиісті мемлекеттік аудитті жүргізген мемлекеттік аудиторлар сот процесіне тікелей қатысады.

## 5-бөлім. Сапа бақылауын жүзеге асыру

237. Сапа бақылауын жүзеге асыру қағидаттары мыналар болып табылады:

1) тәуелсіздік – сапа бақылауын жүзеге асырып жатқан кезде қызметкерлердің қызметіне кез-келген араласуға жол бермеу;

2) объективтілік – сапа бақылауын Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте жүргізу, сапа бақылауын жүргізу және сапа бақылауының қорытындыларын ресімдеу кезінде құжаттамалық негізделген және расталған тұжырымдармен бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету, мүдделер қақтығысын болғызбау;

3) ашықтық – сапа бақылауының нәтижелерін баяндаудың анықтығы, сапа бақылауы нәтижелерінің барлық мүдделі тараптарға түсініктілігі мен анықтығын қамтамасыз ететін, сапа бақылауын жүргізудің әдістері мен өлшемшарттарын қолдану;

4) құзыреттілік – сапа бақылауын жүзеге асыру үшін қызметкерлердің қажетті кәсіби білімдері мен дағдыларының жиынтығы;

5) анықтық – сапа бақылауы нәтижелерін құжаттардың түпнұсқаларымен немесе олардың сканерленген нұсқаларымен, сондай-ақ ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілерге сілтемелермен растау.

Ескерту. 237-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

238. Алдын ала зерделеу нәтижелері Аудит жоспарларының және Аудит бағдарламаларының жобалары, барлық қосымшаларымен бірге Аудиторлық есептер, соның ішінде Аудиторлық есептерге бұзушылықтар тізілімі, Аудиторлық қорытындылар мен Нұсқамалардың жобалары, бұзушылықтардың жиынтық тізілімі, сондай-ақ Есеп комитеті Нұсқамаларының тармақтарын іске асыру және орындау туралы ақпарат сапа бақылауының мәні болып табылады.

239. Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкес, сапа бақылауын сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің қатысуымен жүзеге асырады.

239-1. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес келмеуі туралы сараптамалық қорытындының тұжырымдарымен, сондай-ақ сапа бақылауы анықтаған бұзушылықтармен келіспеген жағдайда жұмыс

талқылауынан кейін қалған даулы мәселелер Келісім комиссиясының қарауына шығарылады.

Мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше қарсылықтарды сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысымен жұмыс тәртібінде талқылаған күннен бастап бір күндік мерзімде қарсылықтарды дәлелді негіздерімен, Келісім комиссиясына жібереді.

Келісім комиссиясын аппарат басшысы басқарады, аудит, сапа бақылауын жүргізуге, құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары немесе оларды алмастыратындар мүшелері болып табылады.

Келісім комиссиясының шешімі дауыс беру жолымен қабылданады және егер оған көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының шешімі қабылданған деп саналады. Келісім комиссиясы қабылданған шешімнің құқыққа сыйымдылығын және негізділігін қамтамасыз етеді.

Ескерту. Қағидалар 239-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

240. Сапа бақылауының қорытындылары бойынша Аудиторлық есептің Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, Есеп комитетінің Төрағасы мемлекеттік аудит объектісінде қайта тексеру тағайындау туралы мәселені шешеді.

241. Сапа бақылауын жүзеге асыру процесінде Есеп комитетінің мүшелері және Есеп комитетінің қызметкерлері сапа бақылауын және құқықтық қамтамасыз етуді жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге қажетті ақпаратты уақтылы және толық көлемде ұсыну жолымен жәрдем көрсетеді.

242. Сапа бақылауын жүзеге асыру барысында оны жүргізу бойынша кедергілер туындаған, соның ішінде құжаттар мен өзге де ақпарат ұсынылмаған кезде, сапа бақылауын және құқықтық қамтамасыз етуді жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұл туралы Есеп комитетінің Төрағасын хабардар етеді.

243. Мемлекеттік аудиттің сапасын бақылаудың нәтижелері бойынша аудиторлық іс-шараларға (алдын ала, постаудиторлық және қорытынды) бағалау жүргізіледі, ол Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын сақтаудың қажетті шарты болып табылады.

244. Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкес, аудиторлық іс-шараны бағалауды сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше жүзеге асырады.

**6-бөлім. Есеп комитетінің Аудиторлық қорытындысында, Нұсқамаларында қамтылған ұсынымдардың орындалуын мониторингтеуді жүзеге асыру**

**1-параграф. Есеп комитетінің Аудиторлық қорытындысында, Нұсқамаларында қамтылған ұсынымдарды бақылауға қою және олардың орындалуын мониторингтеу**

245. Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше Есеп комитетінің Аудиторлық қорытындысында қамтылған ұсынымдарды, Нұсқамасының тармақтарын қол қойылған күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде бақылауға қоюды жүзеге асырады, олардың орындалу мерзімі келгенге дейін үш жұмыс күні бұрын Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне олардың орындалу мерзімі туралы ескертеді.

246. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше жартыжылдықта бір рет құқық қорғау органдарына жіберілген аудиторлық іс-шаралар материалдарын қараудың нәтижелеріне мониторинг жүргізеді.

Ескерту. 246-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

247. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше Есеп комитетінің Аудиторлық қорытындысында қамтылған ұсынымдардың және Нұсқамасының тармақтарының іске асырылу барысына мониторинг жүргізеді және ай сайынғы негізде Есеп комитетінің Төрағасына хабарлайды, мониторингінің нәтижелері Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынылатын ай сайынғы ақпарат, сондай-ақ есепті қаржы жылы үшін республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп қалыптастыру, бұзушылықтардың алдын алу мақсатында оларды жүйелеу үшін пайдаланылады.

248. Сапаны бақылауға жауапты құрылымдық бөлімше жартыжылдықтың қорытындылары бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың екінші айының 20 күнінен кешіктірмей, Есеп комитетінің Төрағасына аудиторлық іс-шаралар материалдарының сапасын бақылаудың нәтижелері туралы, сондай-ақ талдаудың қорытындылары бойынша Есеп комитетінің Аудиторлық қорытындыларында, Қаулыларында (Нұсқамаларында) қамтылған ұсынымдардың орындалу сапасы жөнінде жинақталып қорытылған ақпарат ұсынады.

Ескерту. 248-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

249. Мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше Аудиторлық қорытындыда берілген ұсынымдардың және міндетті түрде орындау үшін жіберілген нұсқамалардың орындалуына жауапты Есеп комитетінің мүшесімен бірлесіп, тұрақты және жүйелі негізде мыналардың:

1) Аудиторлық қорытындыда берілген ұсынымдарды Үкіметтің карауы, соның ішінде қарау нәтижелері туралы ақпараттар және оларды қарау мен қабылданған шешімдер туралы растайтын құжаттардың;

2) Нұсқамалдардың, соның ішінде Нұсқамаларды орындау нәтижелері туралы ақпараттарды және мемлекеттік аудит объектілеріне және өзге де мүдделі адамдарға жіберілетін растайтын құжаттардың уақтылылығы мен толықтығына бақылау және талдау жүргізеді.

Ескерту. 249-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

250. Мемлекеттік аудит органы мен өзге де лауазымды адамдар Аудиторлық қорытындыда берілген ұсынымдарды қараудың нәтижелері туралы және Нұсқамалардың орындалғаны туралы ақпаратты растайтын құжаттарымен бірге тиісті құжаттарда көрсетілген мерзімдерде Есеп комитетіне жіберуге міндетті.

## 2-параграф. Мемлекеттік аудит объектісінің Есеп комитетінің Аудиторлық қорытындысында қамтылған ұсынымдарды және Нұсқамасының тармақтарын орындауын талдау

251. Сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше мемлекеттік аудит объектісінен, Үкіметтен ақпараттар (растайтын құжаттар) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдардың және Нұсқама тармақтарының мемлекеттік аудит объектілерінің орындауына, Үкіметтің қарауына сапа бақылауын жүргізеді.

Сапа бақылауы:

1) Аудиторлық қорытындыда (соның ішінде бірлескен) қамтылған ұсынымдардың және Нұсқама тармақтарының орындалу толықтығы, растайтын құжаттардың болуы;

2) Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдардың және Нұсқама тармақтарының орындалу мерзімдерін ұзарту туралы ұсыныстар енгізудің негізділігі;

3) бақылаудан алу негізділігі мәніне жүргізіледі.

Сапа бақылауының қорытындысы бойынша сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше сараптамалық қорытынды дайындайды және Есеп комитетінің мүшесіне енгізеді.

Сараптамалық қорытындының негізінде сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше, Есеп комитетінің мүшесі екі жұмыс күні ішінде ұсынымдар мен нұсқамалардың орындалу нәтижелері немесе аудит объектісінен және өзге де мүдделі адамдардан қосымша ақпараттар қажеттігі жөнінде Төрағаның атына қызметтік жазба дайындау туралы шешім қабылдайды.

Есеп комитетінің мүшесінің тапсырмасы бойынша мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше Төрағаның атына қызметтік жазба жобасын немесе аудит объектісіне және өзге де мүдделі адамдарға қосымша сұрау салу дайындайды. Төрағаның атына жазылатын қызметтік жазбаның жобасы сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшемен келісіледі.

Ескерту. 251-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

251-1. Ұсынымдар және (немесе) нұсқамалар тармақтарының орындалу мерзімін аудиторлық іс-шаралардың негізінде сот тәртібімен қарау және (немесе) қылмыстық іс жүргізіліп жатса немесе аудит объектісіне байланысты емес өзге де негіздерді қоспағанда екі реттен көп емес ұзартуға жол беріледі. Орындалу мерзімін қайта ұзарту уақтылы орындалмаған ретінде есептеледі. Аудит объектісі орындау мерзімі бұрын екі рет ұзартылған тапсырмалар бойынша орындау мерзімін ұзарту туралы ұсыныс енгізген кезде Есеп комитетінің мүшесі осы Қағидалардың 258-тармағында көзделген шаралар қабылдайды.

Егер сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше ұсынымдардың және ( немесе) нұсқамалардың тармақтарын орындау мерзімін ұзарту үшін аудит объектісі ұсынған негіздемені негізсіз деп таныған жағдайда мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше аудит объектісіне Есеп комитеті мүшесінің қол қоюымен нұсқамалардың және (немесе) аудиторлық қорытынды ұсынымдарының тармақтарын тиісінше орындамау туралы тұжырымдарды тіркей отырып, хат жібереді. Аудит объектісінің нұсқама тармақтарын белгіленген мерзімде орындауды және (немесе) ұзарту үшін дәйекті негіздемелермен толықтыруды қамтамасыз ету мүмкінкіндігі болмаған жағдайда кейіннен негізсіз ұзарту фактісі туралы белгі қоя отырып, орындалу мерзімін ұзарту туралы ұсыныс қолдау табады.

Ескерту. 2-параграф 251-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

251-2. Алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

252. Алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

253. Есеп комитетінің Төрағасы аудиторлық іс-шараға жауапты Есеп комитеті мүшесінің қызметтік жазбасының негізінде Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдарды және Нұсқаманың, Қаулының тармақтарын бақылаудан алу, орындау мерзімдерін ұзарту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 253-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

254. Есеп комитетінің Төрағасы шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудит объектісін Есеп комитетінің Аудиторлық қорытындысында қамтылған ұсынымдарды және (немесе) Нұсқамасының, Қаулысының тармақтарын бақылаудан алу не олардың орындалуын жалғастыру туралы хабардар етеді.

Мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше Есеп комитеті Төрағасының бұрыштамасы бар Есеп комитетінің жауапты мүшесінің қызметтік жазбасын және мемлекеттік аудит объектілерінің Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдарды және Нұсқама, Қаулы тармақтарын орындауы туралы ақпаратты ЕК ИАЖ-да жүктеуді жүзеге асырады.

Ескерту. 254-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

255. Есеп комитетінің Аудиторлық қорытындысында қамтылған ұсынымдарды және Нұсқамасының, Қаулысының тармақтарын орындалуын жалғастыру туралы Есеп комитеті Төрағасының бұрыштамасы қабылданған күннен бастап жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше олардың орындалуын әрі қарай мониторингтеуді жүзеге асырады.

Ескерту. 255-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

256. Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдардың және Нұсқаманың, Қаулының тармақтарының орындалу барысы туралы мәселені талқылау қажет болған жағдайда олардың ақпараттарын тыңдау үшін мемлекеттік аудит объектілерінің, уәкілетті мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың лауазымды адамдарын шақыра отырып, Есеп комитетінің отырысына шығарылады, оны қараудың қорытындысы бойынша тиісті шешім қабылданады.

Ескерту. 256-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 2-1-параграф. Шешімдердің орындалуына постаудит жүргізу

Ескерту. 6-бөлім 2-1-параграфпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

256-1. Мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше аудиторлық іс-шараға жауапты Есеп комитеті мүшесінің басшылығымен Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдардың және Нұсқамалар тармақтарының толық орындалуы туралы мемлекеттік аудит объектісінен ақпарат алған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде қажет болған кезде бұзушылықтардың жойылуын және ұсынымдардың орындалуын растау үшін объекті қабылдаған шараларды жергілікті жерде тексеріп қарау үшін Есеп комитеті Төрағасының атына оны жүргізу күнін келісе отырып, Есеп комитеті шешімдерінің орындалуына постаудит жүргізу туралы (бұдан әрі - постаудит) сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшемен келісілген қызметтік жазба дайындайды.

256-2. Постаудит жүргізу туралы шешімді Есеп комитетінің Төрағасы қабылдайды.

256-3. Постаудит мынадай тәсілдердің біреуі арқылы жүзеге асырылады:

1) постаудит объектісіне шыға отырып, Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдардың және Нұсқама тармақтарының орындалу толықтығы мен анықтығына аудит жүргізу;

2) объект постаудит объектісі болып табылатын аудиторлық іс-шара бағдарламасына постаудит жүргізу мәселелерін қосу.

256-4. Постаудит жүргізу мыналардың;

1) осы Қағидалардың 256-3 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тәсіл кезінде ұсынымдардың орындалуына мониторинг және бақылау жүргізуге жауапты Есеп комитеті мүшесінің тапсырмасы;

2) осы Қағидалардың 256-3 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тәсіл кезінде аудиторлық іс-шараға жауапты Есеп комитеті мүшесінің тапсырмасы негізінде жүргізіледі.

256-5. Есеп комитетінің Төрағасы сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшемен келісілген Есеп комитеті мүшесінің қызметтік жазбасының негізінде Есеп комитетінің шешімдерін толық бақылаудан алу не болмаса жекелеген тармақтарының орындалуын жалғастыру туралы шешім қабылдайды.

256-6. Есеп комитетінің мүшесі Есеп комитеті Төрағасының бұрыштамасын алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектісіне Есеп комитеті шешімінің толық бақылаудан алынуы немесе оның орындалуының жалғасатыны туралы хабарлама жібереді.

256-7. Есеп комитеті Төрағасының бұрыштамасы қойылған жүргізілген постаудиттің нәтижелері бойынша қорытынды, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің ақпараты ЕК ИАЖ-ға енгізіледі.

### 3-параграф. Мемлекеттік аудит объектісінің ақпарат ұсынбауы, Нұсқама тармақтарын орындамауы және тиісінше орындамауы жөнінде шаралар қабылдау

257. Мемлекеттік аудит объектісі Нұсқамалар тармақтарының орындалуы жөніндегі ақпаратты тиісті мерзімдерде ұсынбаған жағдайда, Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі Нұсқама тармақтарының орындалу мерзіміне дейін кемінде екі жұмыс күні бұрын мемлекеттік аудит объектісіне ЭҚАБЖ (болған жағдайда) арқылы және қағаз түрінде поштамен ӘҚтК-нің 462-бабында көзделген әкімшілік жауаптылық туралы ескерту жібереді.

258. Аудиторлық іс-шараға жауапты Есеп комитетінің мүшесі мемлекеттік аудит объектісі ақпарат ұсынбаған жағдайда – бір жұмыс күнінің ішінде, ал көрсетілген мерзімде Нұсқама тармақтарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда – Нұсқамада көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Есеп комитеті Төрағасының атына мемлекеттік аудит объектісіне әкімшілік ықпал ету шарасын қолдану туралы қызметтік жазба дайындап, сараптама жүргізу үшін құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеге жібереді.

Ескерту. 258-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

259. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қызметтік жазбасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 231-тармағында көзделген растайтын құжаттар болғанда, әкімшілік іс жүргізуді қозғаудың орындылығы туралы сараптамалық қорытынды жасайды, орындылығы танылған жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама ресімдейді.

Ескерту. 259-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

260. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезден бастап үш тәулік ішінде Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі әкімшілік іс материалдарын тиісті сотқа жібереді.

## 7-бөлім. Қорытынды ережелер

### 1-параграф. Аудиторлық іс-шараның нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету

261. Аудиторлық іс-шаралардың нәтижелерін қарау жөнінде отырыс өткізу қорытындылары бойынша Есеп комитетінің интернет-ресурсына тиісті баспасөз релизі орналастырылады.

Ескерту. 261-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

262. Аудиторлық іс-шаралардың нәтижелерін қарау бойынша Есеп комитетінің алдағы отырыстары туралы анонс Есеп комитетінің интернет-ресурсына оны өткізгенге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмей орналастырылады.

Ескерту. 262-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

263. Аудиторлық іс-шараның нәтижелерін қарау бойынша Есеп комитетінің отырысы өткізілгеннен кейін жұртшылықпен байланысқа жауапты құрылымдық

бөлімше Есеп комитеті Төрағасының келісімі бойынша бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің алдында Есеп комитеті лауазымды адамдарының сөз сөйлеуін ұйымдастырады.

Ескерту. 263-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

264. Мемлекеттік және қызметтік құпияны, сондай-ақ шектеулі таралымды мәліметті (қызмет бабында пайдалану үшін) қамтымайтын аудиторлық іс-шараның қорытындылары туралы ақпарат Есеп комитетінің бюллетенінде жариялауға жатады.

Ескерту. 264-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 2-параграф. Мемлекеттік аудит материалдарын есепке алу

265. Есеп комитетінің Аудиторлық қорытындысын бекітіп, Нұсқамасына қол қойғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит тобының жетекшісі Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің келесімі бойынша мемлекеттік аудит материалдарын (алдын ала зерделеу материалдарының, Аудит жоспарының, Аудит бағдарламасының, Аудиторлық тапсырмалардың, Тапсырмалардың түпнұсқаларын, сараптамалық қорытындыны, Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі қол қойған Аудиторлық қорытындыны, Жиынтық тізілімді, Есеп комитетінің Төрағасы қол қойған отырыс хаттамасын, қаулы, нұсқамалар, отырыстың аудио және бейнежазба материалдары) алдын ала зерделеу жүргізу туралы хабарлама, аудиторлық іс-шара жүргізу туралы хабарлама, құжаттарды ұсыну туралы талап, мемлекеттік аудит объектілерінің қарсылықтары мен түсіндірмелері (болған жағдайда) және Есеп комитетінің қарсылықтарға уәжделген жауаптары, құқықтық қамтамасыз етуге және сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшелердің сараптамалық талдаулары, материалдарды қоса тіркеу туралы қызметтік жазбаны (болған жағдайда) қамтыған аудиторлық іс-шара материалдары бар жинақ папканы толықтырып, кейіннен архивке өткізу үшін құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімшеге тапсырады, аудиторлық іс-шара материалдарының электрондық нұсқалары Бірыңғай дерекқордың электрондық архивіне және ЕК ИАЖ-ға енгізіледі.

Ескерту. 265-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

266. Аудиторлық іс-шараның мемлекеттік құпияларды қамтитын материалдары Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі заңнамамен бекітілген талаптарға сәйкес сақталады.

267. Процестік шешім қабылдау үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға жіберілген әкімшілік материалдардың көшірмелері құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеде сақталып, жеке журналда тіркеледі. Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімшеге сақтауға тапсырылған әкімшілік материалдардың көшірмелері Есеп комитетінің жалпы хат-хабарларынан бөлек сақталады.

Есеп комитетінің сыртқы
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
1-қосымша

нысан

## Республика бойынша мемлекеттік аудит объектілерінің бірыңғай дерекқоры

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік
аудит және
қаржылық бақылау жүргізу қағидаларына
2-қосымша

нысан

## 20__ жылы республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың (нысаналы трансферттердің, кредиттердің) жұмсалуы туралы мәлімет

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік
аудит және

қаржылық бақылау жүргізу қағидаларына
3-қосымша

нысан

## Аудиторлық іс-шараны жүргізуге өтінім

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

| Мемлекеттік (бұдан әрі – мем.) аудит объектісі (-лері) | Мем. аудиттің типі | Тексерудің түрі | Аудиторлық іс- шараның қысқаша атауы | Тәуекел тобы (ең жоғары, орташа, ең төмен) | ББӘ | ББ №, активтер | Аудиторлық іс-шарамен қамтылаты жоспарланған сомалар бойынша болжам | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | Алдыңғы жылғы | Есепті жылғы | Жоспар-ланатын жылға | БАРЛЕ |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | | | | | | | 1. | | | |
| | | | | | | | 2. | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

Өтінімге бастамашы: ______________________ (Есеп комитеті мүшесінің Мемлекеттік жауапты бөлімше басшысының ______________ (Қолы) (Күні) ТАӘ аудитті ______________ (болған жағдайда) жүргізуге құрылымдық

Негіздеме: ____________________________________________

Аталған бағыт бойынша алдыңғы аудиторлық іс-шара (тексеру) туралы мәлімет:

______________________________________________________________________

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу қағидаларына
4-қосымша

нысан

## Мемлекеттік аудит объектілерінің ________ жылға арналған тізбесі

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

| Р/с № | Мем. аудит объектісі (лері) | Мем. аудиттің типі | Тексерудің түрі | Аудиторлық іс-шараның қысқаша атауы | Аудиторлық іс-шара бойынша мерзімдер ( тоқсандарға бөліне отырып көрсетіледі) | | | Мем. аудитпен қамтылатын бюджет қаражатының және активтердің жоспарланған сомалары бойынша болжам, жылдар бөлінісінде ( миллион теңге ( бұдан әрі - млн. теңге) (өзгерістер болған жағдайда түзетуге жатпайды) | | | | Мем. аудитор(лар)дың ассистентерін, тексеру комиссияларын, Уәкілетті органды, сарапшылар мен мемлекеттік емес аудиторларды тарту бойынша ақпарат |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | дайындық | негізгі | қорытынды | 20_ жыл | 20_ жыл | 20_ _ жыл | бар - ығы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| 1. | | | | | | | | | | | | |
| 2. | | | | | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | | | | | |

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларына
5-қосымша

нысан
"Бекітемін"
Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы
______________________________
А.Т.Ә. (болған жағдайда)
(қолы)
201___ жылғы "___"___________

## Мемлекеттік аудит объектілерінің ______ жылға нақтыланған тізбесі

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

| Р/с № | Мемлекеттік аудит объектісі (лері) | Мемлекеттік аудиттің типі | Тексерудің түрі | Аудиторлық іс-шараның қысқаша атауы | Мемлекеттік аудит объектілерін мемлекеттік аудитпен қамтудың болжамдалған кезеңі | Мем. аудитпен қамтылатын бюджет активтердің жоспарланған сомалары бойын (өзгерістер болған жағдайда түзетуге жатпаі | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды | Бюджеттік бағдарламаның нөмірі | Бюджеттік бағдарламанын атауы/активтер |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1 | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | |

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
6-қосымша

нысан

## Алдын ала зерделеуге ТАПСЫРМА

Ескерту. 6-қосымша алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Есеп комитетінің сыртқы
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
7-қосымша

нысан

______________________________________________

мемлекеттік органның немесе ұйымның атауы

**Алдын ала зерделеуді (аудиторлық іс-шараны, тексеруді) жүргізу туралы хабарлама**

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мемлекеттік аудит объектілерінің___жылға арналған тізбесіне сәйкес

____________________аралығында

(ұзақтығы көрсетіледі)

___________________________________________________________________________

(мақсаты көрсетіледі)

алдын ала зерделеу (аудиторлық іс-шара, тексеру) жүргізіледі.

Сіздерден:

1) алдын ала зерделеу (аудиторлық іс-шара, тексеру) жүргізуге және жауапты лауазымды адамдарды

белгілеуге жәрдем көрсетулеріңізді;

2) оны жүргізуге кедергі келтірмеулеріңізді және барлық сұратылған ақпаратпен қамтамасыз

етулеріңізді;

3) қажетті жағдай жасауларыңызды, дайындық жұмыстарын жүзеге асырып, қызметкерлерді жұмыс

орындарымен қамтамасыз етулеріңізді сұраймыз*.

Есеп комитетінің мүшесі ________________________

(аты-жөні, тегі)

Ескертпе:

Алдын ала зерделеу (аудиторлық іс-шара, тексеру) жүргізу туралы хабарлама Есеп комитетінің ресми бланкісінде ресімделеді.

*3) тармақшада хабарламада аудиторлық іс-шараны, тексеруді жүргізу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын аудиторлық іс-шаралар бойынша мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу жағдайында көрсетіледі.

Аудиторлық іс-шараны, тексеруді жүргізу туралы хабарламаға Есеп комитетінің әдеп жөніндегі уәкілінің сенім телефоны туралы ақпарат міндетті түрде қоса беріледі.

Есеп комитетінің сыртқы

мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
7-1-қосымша
Нысан

Ескерту. Қағидалар 7-1-қосымшамен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

________________________________________________________________

(Есеп комитетінің әдеп жөніндегі уәкілінің телефоны көрсетіледі)

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің сенім телефоны, бұған Сіздер бюджет қаражатын пайдалану кезінде жол берілген қаржылық бұзушылықтар, сондай-ақ Есеп комитетінің қызметкерлері тарапынан жасалған заңсыз іс-әрекеттер және олардың Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің нормаларын сақтамауы фактілері туралы хабарлай аласыздар.

Есеп комитетінің сыртқы
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
8-қосымша

нысан

________________________________________________

*мемлекеттік органның немесе ұйымның атауы*

мәліметтерді, құжаттамаларды, ақпаратты және материалдарды

(дәлелдемелерді) ұсынуы туралы талап

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мемлекеттік аудит объектілерінің ____ жылға арналған тізбесіне сәйкес_____________________________________________________

*(объектінің атауы, аудиторлық іс-шараның мақсаты көрсетіледі)*

_____________________аралығында аудиторлық іс-шара жүргізу көзделген.

(мемлекеттік аудиттің ұзақтығы көрсетіледі)

Осыған байланысты, "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес _____________

__________________________________________________________________

___

*(қажетті мәлімет және мәселелер үлгі тізбесіне сәйкес құжаттама* тізбесі көрсетіледі)

туралы ақпаратты растайтын құжаттардың көшірмелерімен бірге ұсынуларыңызды сұраймыз.

Сұратылған ақпарат және құжаттардың көшірмелерін_______________

________________________дейін қағаз жеткізгіштерде немесе электрондық

(құжаттаманы ұсынудың күні көрсетіледі)

поштамен ұсынылсын.

Есеп комитетінің мүшесі __________________

*(аты-жөні, тегі)*

Орындаушының аты-жөні, тегі

(телефоны, электрондық пошта мекенжайы)

Ескертпе: Мәліметтерді, құжаттамаларды, ақпаратты және материалдарды (дәлелдемелерді) ұсыну туралы талап Есеп комитетінің ресми бланкісінде ресімделеді.

Есеп комитетінің сыртқы
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
9-қосымша

## Мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу барысында зерделенетін
## мәселелердің үлгі тізбесі*

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

| Мәселелер | Ақпарат көздері |
|---|---|
| 1 | 2 |
| 1. Сәйкестік аудиті (жалпы мәселелер)** | |
| Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі | Нормативтік құқықтық актілер, ақпараттық-құқықтық жүйелер |
| | Мемлекеттік аудит объектісінің құрылтай құжаттары (Ереже, Жарғы және мемлекеттік аудит объектісінің қызметін регламенттейтін басқа да құжаттар) |
| | Аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарын қоса алғанда, мемлекеттік аудит объектісінің құрылымы |
| | Құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды құқық қорғау органдарының алып қоюы |
| Мемлекеттік аудит объектісі бойынша алдыңғы аудиторлық іс-шараның нәтижелері | Есеп комитетінің аудиторлық есептері, қаулылары және мемлекеттік аудит объектісінің аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша қабылдаған шаралары |
| Мемлекеттік аудит объектісінің ішкі аудит қызметінің жұмысы | Ішкі аудит қызметінің ережесі, аудиторлық іс-шаралардың жылдық жоспары, ішкі аудит нәтижелері туралы есептер, ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы жиынтық ақпарат (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің тоқсан сайынғы ақпараты) |
| Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджетті уақтылы және сапалы орындауы | Тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша тиісті есепті жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеп (Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ұсынатын ақпарат, төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспары) |
| Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мемлекеттік аудит объектісіне қатысты бөлігінде даму жоспарлары, тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің стратегиялық жоспары | Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың (іс-шаралар жоспарларының), квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мемлекеттік аудит объектісіне қатысты бөлігінде даму жоспарларының, тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің стратегиялық жоспарларының орындалуы туралы есептер |
| Мемлекеттік сатып алуды өткізу тәсілдері, тауарлардың, жұмыстар мен | |

| | |
|---|---|
| көрсетілетін қызметтердің номенклатурасы, бюджеттен бөлінген қаражат шегінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу мерзімдері | Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары, мемлекеттік сатып алудың нақтыланған жоспары (ақпараттық жүйелер) |
| Мемлекеттік аудит объектісі туралы жинақталған ақпарат | Тексерілетін мемлекеттік аудит объектісінің ақпараттық базалары, ресми статистикалық деректер, бұқаралық ақпарат құралдарының және басқа да көздердің деректері |
| | Мемлекеттік аудит объектілері лауазымды адамдарының әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері (шағымдары) ( болған жағдайда) |
| Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарлама әкімшісі мен тиісті жергілікті атқарушы органның арасында Нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдер жасасу | Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарлама әкімшісі мен тиісті жергілікті атқарушы органның арасындағы Нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім. Нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдердің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептер. |
| Жергілікті атқарушы органдардың бұрын пайдаланылмаған нысаналы трансферттер сомаларын толық пайдалануы | Нысаналы трансферттер қаражатын толық пайдалануға рұқсат ету туралы мәслихаттар мен әкімдіктердің қабылдаған шешімдері, ҚР Үкіметінің қаулылары ( ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| Байланысты гранттарды тарту және пайдалану | Ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Байланысты грант туралы келісім, алынған және пайдаланылған байланысты гранттар туралы ақпарат, байланысты гранттарды пайдалану бойынша қол жеткізілген нәтижелер жөніндегі есеп, байланысты гранттардың пайдаланылуын мониторингтеу |
| Бюджеттік кредиттерді тарту және пайдалану | Кредит берушінің, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің және қарыз алушының арасындағы кредиттік шарттар. Бюджеттік кредиттерді мақсатына сәйкес және тиімді пайдалану, өтеу және оған қызмет көрсету туралы ақпарат. |
| Үкіметтік сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуы | Инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатын игеру туралы ақпарат, мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатын игеру туралы жиынтық есеп |
| Тартылған қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобалардың қымбаттауы | Тартылған қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобалардың қымбаттауы туралы ақпарат |
| | |

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасының Үкіметіне халықаралық қаржы ұйымдары ұсынатын қарыз шарттары шеңберіндегі қарыз қаражатының пайдаланылуын мониторингтеу | Халықаралық қаржы ұйымдары қаржыландыратын жобалар туралы ақпарат |
| Үкіметтік қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі операциялар | Үкіметтік сыртқы қарыздардың қолданыстағы портфелін игеру, өтеу және оған қызмет көрсету туралы ақпарат |
| 2. Қаржылық есептілік аудиті | |
| Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі | Нормативтік құқықтық актілер (ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| | Құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды құқық қорғау органдарының алып қоюы |
| Мемлекеттік аудит объектісінің ішкі аудит қызметінің жұмысы | Ішкі аудит нәтижелері бойынша қорытындылар, ішкі аудит нәтижелері туралы есептер, ішкі аудит қызметінің нұсқамалары, қабылданған шаралар туралы ақпарат, ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы жиынтық ақпарат (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің тоқсан сайынғы ақпараты) |
| Мемлекеттік аудит объектісі бойынша алдыңғы аудиторлық іс-шараның нәтижелері | Есеп комитетінің аудиторлық есептері (мемлекеттік аудит актілері), қаулылары және мемлекеттік аудит объектісінің аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша қабылдаған шаралары |
| Бухгалтерлік есеп және бюджеттік бағдарламаларды орындау бойынша есептер | Қаржылық есептілік, шоғырландырылған қаржылық есептілік (бухгалтерлік баланс, активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер туралы есеп, қаржыландыру көздері бойынша шоттардағы ақша қозғалысы туралы есеп; түсіндірме жазба, қаржыландыру жоспарларын орындау туралы есеп) және басқалары |
| Есеп саясаты | Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектісінің есеп саясаты |
| Мемлекеттік аудит объектісінің міндеттемелерді қабылдауының, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдерді жүргізуінің, бюджет түсімдері мен шығыстарының атқарылу болжамын жасауының уақтылылығы | Тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын мониторингтеу нәтижелері туралы есептері |
| Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры | |

| | |
|---|---|
| қаражатының дұрыстығы мен пайдаланылуының аудиті | Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы есеп (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ай сайынғы ақпараты) |
| Республикалық бюджетке түсетін түсімдердің, республикалық бюджеттен түсетін түсімдер сомаларының қайтарылуының толықтығы мен уақтылылығы аудиті, салықтық және кедендік әкімшілендірудің тиімділігі | Бюджетке түсетін төлемдер туралы № 1-Н және № 2-Н салықтық есептер ( Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ай сайынғы ақпараты) |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың талаптары мен міндеттемелері | Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың талаптары мен міндеттемелері туралы есеп (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ай сайынғы ақпараты) |
| Республикалық бюджет бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы | Республикалық бюджет бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп |
| Есепті қаржы жылына арналған бюджетті бекіту, нақтылау, түзету | Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бекітілген, нақтыланған, түзетілген республикалық бюджетті, бюджеттік бағдарламалар бойынша қабылданған, төленбеген міндеттемелерді және (немесе) төленген міндеттемелерді көрсете отырып, тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі, жүргізілген бюджеттік мониторингтеу мен нәтижелерді бағалаудың негізінде республикалық бюджеттік бағдарламаларды орындау бөлігіндегі республикалық бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есеп ; елдегі экономикалық ахуал мен республиканың тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуы туралы, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң баптарының орындалуы туралы талдамалық ақпаратты қамтитын түсіндірме жазба (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ай сайынғы ақпараты) |
| Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері баланстарының | |

| | |
|---|---|
| есептік баптары бойынша дебиторлық және кредиторлық берешек | Мемлекеттік, республикалық бюджеттің, соның ішінде өткен жылдардың дебиторлық берешегі туралы есептер, мемлекеттік, республикалық бюджеттің кредиторлық берешегі туралы есеп (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ай сайынғы ақпараты) |
| 3. Тиімділік аудиті (жалпы мәселелер)*** | |
| Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі | Нормативтік құқықтық актілер (ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| | Мемлекеттік аудит объектісінің құрылтай құжаттары (Ереже, Жарғы және мемлекеттік аудит объектісінің қызметін регламенттейтін басқа да құжаттар) ( ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| | Құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды құқық қорғау органдарының алып қоюы |
| Ішкі аудит қызметінің жұмысы | Аудиторлық іс-шаралардың жылдық жоспары, ішкі аудит нәтижелері бойынша қорытындылар, ішкі аудит нәтижелері туралы есептер, ішкі аудит қызметтерінің нұсқамалары, қабылданған шаралар туралы ақпарат, ішкі аудит қызметтерінің жұмысы туралы жиынтық ақпарат (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің тоқсан сайынғы ақпараты) |
| Мемлекеттік аудит объектісі бойынша бағалау мәніне байланысты алдыңғы аудиторлық іс-шараның нәтижелері | Аудиторлық іс-шараны жүргізу қорытындысы бойынша Есеп комитетінің аудиторлық есептері (мемлекеттік аудит актілері), қаулылары, мемлекеттік аудит объектісінің аудиторлық іс-шара жүргізу қорытындылары бойынша қабылдаған шаралары |
| Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің нәтижелері мен проблемалары | Мемлекеттік аудит объектісі дайындаған ішкі есептілік, талдамалық жазбалар мен шолулар |
| | Сыртқы ақпарат көздері (ресми статистикалық деректер, бағдарламаның ( стратегиялық жоспардың) мәніне байланысты проблемалармен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарының материалдары, бұқаралық ақпарат құралдары). Тексерілетін мемлекеттік аудит объектісінің ақпараттық базасы |
| Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды қаржылық қамтамасыз ету | Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар |
| Бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде стратегиялық жоспарды қаржылық қамтамасыз ету | Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің стратегиялық жоспары |
| Мемлекеттік, үкіметтік бағдарламалар ( орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары) | Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар, мемлекеттік органдардың стратегиялық және операциялық жоспарлары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарлары (ақпараттық-құқықтық жүйелер) Мемлекеттік қызметтерді алушыларға сауалнама жүргізу (бұқаралық ақпарат құралдарының деректері) негізінде алынған оларды ұсынудың сапасы туралы үкіметтік емес ұйымдардың (қоғамдық бірлестіктердің) ақпараты |
| | |

| | |
|---|---|
| Негізгі іс-қимылдарды жүзеге асыру және бағдарламаны (стратегиялық жоспарды) іске асыру шарттарын орындау/орындамау | Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің тиісті жылдардағы стратегиялық жоспарын іске асыруы туралы есеп |
| | Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларының орындалуы туралы есеп |
| | Қаржыландыру жоспарларының және бағалау мәніне байланысты басқа да қаржылық құжаттардың орындалуы туралы есеп |
| Бюджеттік инвестициялық жобалар | Қаражаты есебінен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру жүргізілетін бюджеттік бағдарламалар бөлігінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің стратегиялық жоспары |
| | Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің стратегиялық жоспарын іске асыруы туралы есеп |
| Сатып алуды жүзеге асыру | Мемлекеттік аудит объектісінің сатып алуының жылдық жоспары |
| Басым бюджеттік инвестициялар тізбесі | Жобаны іске асыру кезеңін, мердігер ұйымдарды, сметалық және шарттық құнды, құрылыс объектілерін енгізуді, ақпараттық жүйені тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға беруді көрсете отырып, бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша ақпарат |
| | Инвестициялық жобаларды қоса алғанда, басым бюджеттік инвестициялардың тізбесі |
| Концессиялық жобалар тізбесі | Республикалық бюджеттен қоса қаржыландыруды талап ететін жоспарлы кезеңге арналған концессиялық жобалардың объектілер бөлінісіндегі тізбесі |
| Концессиялық жобалар бойынша қорытындылар және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару | Концессиялық жобалар бойынша қорытынды және Республикалық бюджет комиссиясының қорытындысы |
| Квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің басым бағыттары, даму жоспарлары | Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарлары |
| Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері және олар бойынша шешім шығару | Республикалық бюджет комиссиясының тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша қорытындысы |
| Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуын мониторингтеу | Квазимемлекеттік сектор субъектісінің бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылып жатқан іс-шаралардың іске асырылуын мониторингтеу жөніндегі есебі, квазимемлекеттік сектор субъектісінің соңғы есепті кезеңге түсіндірме жазбасы, қаржылық есептілігі, квазимемлекеттік сектор субъектісінің стратегиялық даму құжаттары; бюджеттік инвестицияларды іске асыратын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылып жатқан іс-шаралардың іске асырылуын мониторингтеу жөніндегі есебі |
| | |

| | |
|---|---|
| Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар | Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік инвестицияларды іске асыруын бағалау жөніндегі ақпарат |
| 4. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі акциялары (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтері | |
| Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі | Мемлекеттік аудит объектісінің қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер (ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| Мемлекеттік аудит объектісінің ішкі аудит қызметінің жұмысы | Аудиторлық іс-шаралардың жылдық жоспары, ішкі аудит нәтижелері бойынша қорытындылар, ішкі аудит нәтижелері туралы есептер, ішкі аудит қызметтерінің нұсқамалары, қабылданған шаралар туралы ақпарат |
| Мемлекеттік аудит объектісі бойынша алдыңғы аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері | Аудиторлық іс-шараны жүргізу қорытындылары бойынша Есеп комитетінің аудиторлық есептері (мемлекеттік аудит актілері), қаулылары, басқа бақылаушы-қадағалаушы органдар жүргізген алдыңғы аудиторлық іс-шараның материалдары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде қабылданған шаралар |
| Мемлекеттік аудит объектісі туралы жинақталған ақпарат | Ресми статистикалық деректер, бұқаралық ақпарат құралдарының деректері, басқа көздерден алынған деректер |
| | Мемлекеттік аудит объектісінің құрылтай құжаттары (Жарғы және мемлекеттік аудит объектісінің қызметін регламенттейтін басқа да құжаттар) ( ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| Квазимемлекеттік сектор субъектісінің қаржылық есептілігі | Бухгалтерлік баланс, табыстар мен залалдар туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба. Мемлекет активтерінің пайдаланылуы туралы есеп |
| Жұмыстың сандық және сапалық көрсеткіштерін айқындау | Квазимемлекеттік сектор субъектісінің даму стратегиясы, жоспары ( ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| Стратегиялық даму жоспарларының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу | Даму жоспарларының іске асырылуы туралы есептер |
| Акцияларының ( қатысу үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдардың ақшасын қаржы құралдарына орналастырудың талаптары мен нормаларының сақталуы | Акцияларының (қатысу үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдардың ақшасын қаржы құралдарына орналастыру жөніндегі ақпарат |
| Мемлекеттік аудит объектісін басқару ( филиалдар, негізгі бөлімшелер | |

| | |
|---|---|
| арасындағы өзара байланыс тәртібі, өзара тәуелділік). Құрылымның негізділігі және басқару аппаратының саны | Басқару аппаратының штат кестесі, құрылымы мен саны, ішкі нұсқаулықтар ( бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар, кеңес хаттамалары) |

Ескертпе:

*Осы тізбе толыққанды болып табылмайды. Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында қосымша құжаттар және (немесе) ақпарат сұратуға жол беріледі.

**"Сәйкестік аудиті" типі бойынша алдын ала зерделеу кезінде жалпы мәселелер және осы типке жататын мемлекеттік аудиттің тиісті мақсаты бойынша қосымша мәселелер зерделенеді.

*** "Тиімділік аудиті" типі бойынша алдын ала зерделеу кезінде жалпы мәселелер және осы типке жататын мемлекеттік аудиттің тиісті мақсаты бойынша қосымша мәселелер зерделенеді.

**** Аудит тобы Есеп комитеті мемлекеттік аудиторларының (мемлекеттік аудиторлар ассистенттерінің) үлестестік тізілімін аудит тобы мүшелерінің мемлекеттік аудит объектілерімен үлестестігі тұрғысынан міндетті түрде зерделейді.

Есеп комитетінің сыртқы
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
10-қосымша

нысан

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау
жөніндегі есеп комитетінің мүшесі

________________________________________

ТАӘ (болған жағдайда)

## Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу нәтижелері туралы ақпарат

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

1. ________________________________________________________________

(мемлекеттік аудит объектілерінің атауы)

мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу барысында

________________________________________________________________________________________

(аудиторлық іс-шараның мақсаты көрсетіледі)

жүргізуге маңызы бар мынадай құжаттар зерделенді:

1) ____________________________________________________________________________________

(зерделенген құжаттардың, есептердің және басқа да ақпараттың, соның ішінде

қаржыландырудыңбекітілген сомаларының тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша

бөлінуі мен игерілуін жылдар бөлінісінде көрсете отырып, мемлекеттік аудит

объектісінен талап ету бойынша алынғандарының тізбесі көрсетіледі)

2) ____________________________________________________________________________________

3) ____________________________________________________________________________________

(мемлекеттік (үкіметтік) бағдарламаға, стратегиялық жоспарға, квазимемлекеттік

сектор субъектісінің даму стратегиясына бағалау жүргізген жағдайда, мемлекеттік

(үкіметтік) бағдарламаны, даму стратегиясын іске асыруға арналған жоспарлы

шығыстар – қаржыландыру көздері бөлінісінде, бекітілген сомалар–Бағдарламаны,

даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, нақты бөлінген

және игерілген сомалар – жылдар бөлінісінде, стратегиялық жоспармен бекітілген

бюджеттік бағдарламалар және активтер–қаржыландыру көлемі, нақтыланған ,

түзетілген және игерілген сомалары көрсетіле отырып, жылдар бөлінісінде,

қол жеткізілген нысаналы индикаторлардың, мемлекеттік (үкіметтік) бағдарлама,

стратегиялық жоспар, даму стратегиялары нәтижелері көрсеткіштерінің саны

жоспарланғандардың ішінен - кезеңдер бөлінісінде, қол жеткізілмеген жағдайда

себебі көрсетіледі, Бағдарламаны, даму тратегияларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар

жоспары іс-шараларының орындалғандарынын/ орындалмағандарының саны, орындалмаған жағдайда себебі көрсетіледі)

4) ________________________________________________________________________

(аудит объектілерінің саны болмашы болған жағдайда мемлекеттік аудит объектілерін таңдау өлшемшарттарының сипаты және негіздемесі қолданылмайды)

5) ________________________________________________________________________

(Есеп комитетінің мемлекеттік аудиторларының (мемлекеттік аудиторлар ассистенттерінің) үлестестік тізілімін аудит тобы мүшелерінің мемлекеттік аудит объектілерімен үлестестігі тұрғысынан талдау)

2. Мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерделеудің және жүргізілген талдаудың қорытындысы бойынша мыналарды ұсынамыз:

2.1. Аудит бағдарламасына мыналар енгізілсін:

1) аудиторлық іс-шарамен қамтылатын бюджет қаражаты мен активтердің көлемі

__________________________________________________________________________

(тексерілетін жылдар және бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде аудиторлық іріктеудің қорытындылары бойынша мемлекеттік аудитпен қамтылатын қаражат пен активтер көлемі көрсетіледі)

2) мемлекеттік аудит объектілері және оларды мемлекеттік аудиторлар (олар тартылған жағдайда мемлекеттік аудитордың ассистенті) арасында бөлу, соның ішінде бірлескен және қатар тексеру жүргізілген кезде, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының арасында бөлу:

___________________________________

3) зерделенген мемлекеттік аудит объектілеріне қатысты қолданылатын аудит типі мен тексеру түрі:______________________________

4) тиімділік аудитін немесе сәйкестік аудитін жүргізу кезіндегі көрсеткіштер және көрсеткіштердің әрбіреуіне мәселелер:

___________________________________________________________________

___

2.2. Аудиторлық іс-шарадан мынадай негіздер

___________________________________________________________________

________

(тиісті негіздер, аудиторлық іріктеудің нәтижелері көрсетіледі)

бойынша _____________________________________________ мемлекеттік аудит

объектісі (мемлекеттік аудит объектісінің атауы) алынып тасталсын.

2.3. Аудиторлық іс-шаралар жүргізу мерзімі мынадай негіздер _____________

_____

бойынша қайта қаралсын (ұлғайтылсын/қысқартылсын).

2.4. Мемлекеттік аудит тобы мүшелерінің аудит объектілерімен үлестестігі тізілімін

талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік аудит тобының мынадай құрамы ұсынылады:

___________________________________________________________________

________

(мүдделер қақтығысының болуы немесе болмауы расталады)

Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі ___________________________

(қолы, аты-жөні, тегі)

Мемлекеттік аудит тобына қатысушылар ___________________________

(қолы, аты-жөні, тегі)

Ескертпе: 2.2, 2.3-тармақтар қажет болған жағдайда толтырылады.

Есеп комитетінің сыртқы
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
11-қосымша

нысан

"Бекітемін"

Республикалық бюджеттің

атқарылуын бақылау жөніндегі

есеп комитетінің Төрағасы

___________________________

ТАӘ (болған жағдайда) (қолы)

201___ жылғы "___"____________

# АУДИТ ЖОСПАРЫ

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

1. Аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерудің) негізі: ____________ ______________________________

2. Аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерудің) мақсаты:__________ _______________________________

3. Мемлекеттік аудиттің типі, тексерудің түрі: ____________________________ _______________________________

4. Мемлекеттік аудит тобының құрамы: _________________________________ ____________________________

5. Мемлекеттік аудит объектілері:

| Р/с № | Мем. аудит объектісінің атауы | Мем. аудит объектісінің орналасқан жері (облыс/қала) |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | | |
| 2. | | |

6. Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылатын қаражаттың және (немесе) активтердің көлемі:__________________________

7. Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылатын кезең: _ ______________________

8. Аудиторлық іс-шараны (бірлескен, қатар тексеруді) жүргізу мерзімдері: _________________________________________________________________ аралығы

Есеп комитетінің мүшесі: ________________ (қолы, аты-жөні, тегі)

Ескертпе: Мемлекеттік аудит жүргізу жоспарын (бұдан әрі – Аудит жоспары) жасау.

1. Аудиторлық іс-шараның (тексерудің) негізі.

Есеп комитетінің мемлекеттік аудит объектілерінің жылдық тізбесіне сілтеме көрсетіледі.

2. Аудиторлық іс-шараның (тексерудің) мақсаты.

Жоспарланған мемлекеттік аудиттің тақырыбына (аудиторлық іс-шараның, бірлескен, қатар тексерудің атауы) және типіне қарай, мақсаты ретінде Мемлекеттік аудит туралы заңның 12-бабының 1, 2, 3-тармақтарында көзделген бағыттар көрсетіледі.

3. Мемлекеттік аудит типі (тексеру түрі).

Жүргізілетін мемлекеттік аудиттің тиісті типі: сәйкестік, қаржылық есептілік, тиімділік аудиті көрсетіледі. Тексеру жүргізілген жағдайда, оның түрі

көрсетіледі. Үстеме тексеру жүргізілген кезде мемлекеттік аудиттің типі көрсетілмейді.

4. Мемлекеттік аудит тобының құрамы.

Осы мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шараны (бірлескен, қатар тексеруді) жүзеге асыратын Есеп комитеті қызметкерлерінің (қызметкерінің), мемлекеттік аудиторының(-ларының) және мемлекеттік аудитор(-лар) ассистент(-тер)інің, мемлекеттік органдар мамандарының, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдар қызметкерлерінің және сарапшылардың (олар тартылған жағдайда) тегі, аты-жөні, лауазымы көрсетіледі.

5. Мемлекеттік аудит объектілері.

Көрсетілген кестеде:

1-бағанда – рет саны нөмірі;

2-бағанда – барлық мемлекеттік аудит объектілерінің, соның ішінде өңірлерде орналасқандардың толық атауы;

3-бағанда – облысты, қаланы көрсете отырып, мемлекеттік аудит объектісінің орналасқан жері толтырылады.

6. Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі*.

Жүргізілетін аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерудің) шеңберінде аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтуға жататын республикалық бюджет қаражатының және (немесе) активтердің жалпы көлемі көрсетіледі.

*Осы бөлім республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына, республикалық бюджеттен түсетін түсімдер сомаларының қайтарылуына, салықтық және кедендік әкімшілендірудің, талдамалық іс-шараның тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу кезінде толтырылмайды.

7. Аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) қамтылатын кезең. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылатын кезеңі (күндері, айлары, жылдары) көрсетіледі.

8. Аудиторлық іс-шараны (бірлескен, қатар тексеруді) жүргізу мерзімі.

Аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізудің басталған және аяқталған күндері көрсетіледі.

Есеп комитетінің сыртқы
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
12-қосымша

нысан

"Бекітемін"
Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі
_________________________
ТАӘ (болған жағдайда) (қолы)
201___ жылғы "___"__________

## АУДИТ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ескерту. 12-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

1. ____________________________________________________________________

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы)

Аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерудің) мақсаты: ___________________________________

_____________________________________________________________________

Мемлекеттік аудиттің типі, тексерудің түрі: _____________________________________________

Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылатын кезең: ___________________________

_____________________________________________________________________

Аудиторлық іс-шараны (бірлескен, қатар тексеруді) жүргізу мерзімдері: ____________________________

________________________________ аралығы

Мемлекеттік аудит тобының құрамы: ______________________________________________

Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі:

| Р/с № | Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылуға жататын бюджеттік бағдарлама (нөмірі мен атауы) және (немесе) активтер | Жыл / жартыжылдық / айлар | Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылуға жататын республикалық бюджет қаражатының және (немесе) активтердің көлемі (мың теңге) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | | | |
| | Жиыны: | | |

Мемлекеттік аудит көрсеткіштері және көрсеткіштердің әрқайсысына аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерудің)

мәселелері:______________________________________________________

____________________________________________________________________________

Аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерудің)

нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз етілуі:

_______________________________________________________________________________

2. _______________________________________________________________

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы)

…

Аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерудің)

нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз етілуі:

________________________________________________________________________________

Мемлекеттік аудитті жүргізуге ____________________________

жауапты құрылымдық бөлімшенің (қолы, аты-жөні, тегі)

басшысы

Мемлекеттік аудит тобының ____________________________

Жетекшісі (қолы, аты-жөні, тегі)

Ескертпе: Мемлекеттік аудит жүргізу бағдарламасын (бұдан әрі – Аудит бағдарламасын) жасау.

1. Аудиторлық іс-шара (тексеру) объектісінің атауы.

Реттік нөмірі, мемлекеттік аудит объектісінің атауы көрсетіледі.

2. Аудиторлық іс-шараның (тексерудің) мақсаты.

Жоспарланған мемлекеттік аудиттің тақырыбына (аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерудің) атауы) және типіне қарай, мақсаты ретінде Мемлекеттік аудит туралы заңның 12-бабының 1, 2, 3-тармақтарында көзделген бағыттар көрсетіледі.

3. Мемлекеттік аудиттің типі.

Осы мемлекеттік аудит объектісінде жүргізілетін мемлекеттік аудиттің тиісті типі: сәйкестік, қаржылық есептілік, тиімділік аудиті көрсетіледі. Тексеру жүргізілген жағдайда, оның түрі көрсетіледі. Үстеме тексеру жүргізілген кезде мемлекеттік аудиттің типі көрсетілмейді.

4. Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылатын кезең.

Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылатын кезеңі (күндері, айлары, жылдары) көрсетіледі.

5. Аудиторлық іс-шараны (бірлескен, қатар тексеруді) жүргізу мерзімі.

Аудиторлық іс-шараны (бірлескен, қатар тексеруді) жүргізудің басталған және аяқталған күндері көрсетіледі.

6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы.

Осы мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шараны (бірлескен, қатар тексеруді) жүзеге асыратын Есеп комитеті қызметкерлерінің (қызметкерінің), мемлекеттік аудитор(-лар)дың және мемлекеттік аудитор(-лар) ассистент(-тер) інің, мемлекеттік органдар мамандарының, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдар қызметкерлерінің және сарапшылардың (олар тартылған жағдайда) тегі, аты-жөні, лауазымы көрсетіледі.

7. Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылатын қаражат көлемі*.

Көрсетілген кесте бюджеттік бағдарламалар мен активтер бөлінісінде:

1-бағанда – рет саны нөмірі;

2-бағанда – осы мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шарамен ( тексерумен) қамтылуға жататын бюджеттік бағдарламаның нөмірі мен атауы және активтер;

3-бағанда – аудиторлық іс-шара (тексеру) жүргізілетін тиісті жыл, жартыжылдық, айлардың саны;

4-бағанда – аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) қамтылуға жататын республикалық бюджет қаражатының және активтердің көлемі толтырылады.

4-бағанның соңында осы мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) қамтылуға жататын республикалықбюджет қаражаты мен активтер көлемінің жиынтық сомасы көрсетіледі.

Осы мемлекеттік аудит объектісіне мемлекеттік органдардың мамандары, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың қызметкерлері және сарапшылар тартылған жағдайда, олардың аты-жөндері, тектері, лауазымдары, мемлекеттік органның, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымның атауы көрсетіледі.

*Осы бөлім республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына, республикалық бюджеттен түсетін түсімдер сомаларының қайтарылуына, салықтық және кедендік әкімшілендірудің тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу, талдамалық іс-шара жүргізу кезінде толтырылмайды.

8. Мемлекеттік аудит көрсеткіштері және көрсеткіштердің әрбіреуіне аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерудің) мәселелері.

Мемлекеттік аудит көрсеткіштері және көрсеткіштердің әрбіреуіне аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерудің) мәселелері Мемлекеттік

аудит туралы заңның 12-бабының 1, 2, 3-тармақтарында көзделген бағыттарға сәйкес көрсетіледі.

Келесі мемлекеттік аудит объектілері бойынша мәліметтер осыған ұқсас тәртіппен толтырылады.

9. Аудиторлық іс-шараны (бірлескен, қатар тексеруді) нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз ету.

Аудиторлық іс-шара (бірлескен, қатар тексеру) барысында пайдаланылатын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарының және Есеп комитетінің әдіснамалық құжаттарының тізбесі көрсетіледі.

Мемлекеттік аудиттің келесі объектілері бойынша мәліметтер осындай тәртіппен толтырылады.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
13-қосымша
нысан
"Бекітемін"
Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитетінің мүшесі
______________________________
20___ жылғы "___"___________

## Аудиторлық тапсырма

Ескерту. 13-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Есеп комитетінің қызметкері (аудитке тартылған маман, мемлекеттік емес аудитор, сарапшы)*:______________________________________________

(ТАӘ (болған жағдайда), лауазымы)

Аудиторлық іс-шараның (тексерудің) атауы: ___________________________

Аудиторлық іс-шараның (тексерудің) жалпы мерзімі: ___ күнтізбелік күн

| | Мемлекеттік аудит объектісі ( | Аудиторлық іс-шарамен ( тексерумен) қамтылатын кезең (жыл, | Іссапардың бағдары мен мерзімі (аудит | Аудиторлық іс-шараның ( тексерудің) мәселелері ( аудит | Аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізу ме кезеңдері) | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Аудит бағдарламасының | Аудит бағдарламасының | Аудитор есепке үшін материал ұсыну ( |

| Р/с № | аудит бағдарламасынан) | жартыжылдық, айлар) | жоспарынан) | бағдарламасынан) | мәселесін караудың басталған күні | мәселесін караудың аяқталған күні | аудит объектіс ден көп аудитор шыққан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1. | | | | 1) | | | |
| | | | | 2) | | | |
| … | | | | | | | |

Мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты ___________________________________________

құрылымдық бөлімше басшысы (қолы, ТАӘ (болған жағдайда))

Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі ___________________________________________

(қолы, ТАӘ (болған жағдайда))

Есеп комитетінің қызметкері (аудитке тартылған маман, мемлекеттік емес аудитор) ___________________________________________

(қолы, ТАӘ (болған жағдайда))

Ескертпе:*-осы мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шараны (бірлескен, қатар тексеруді) жүзеге асыратын Есеп комитетінің қызметкерінің, мемлекеттік аудитордың және мемлекеттік аудитор ассистентінің, мемлекеттік органдар маманының, мемлекеттік емес аудиторлық ұйым қызметкерінің және сарапшының (олар тартылған жағдайда) ТАӘ (болған жағдайда), лауазымы көрсетіледі.

Есеп комитетінің сыртқы
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
14-қосымша
нысан

## Аудиторлық іс-шара жүргізуге
## ТАПСЫРМА

Ескерту. 14-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

(Үстеме (бірлескен, қатар) тексеру жүргізуге тапсырма)

(Тексеру тағайындау туралы акт)

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Мемлекеттік аудит объектілерінің 20__ жылға арналған тізбесіне сәйкес,

____________________________________________________________________
________

(аудиторлық іс-шара (тексеру) жүргізу тапсырылған Есеп комитеті қызметкерінің ТАӘ
(болған жағдайда) және лауазымы көрсетіледі)

____________________________________________________________________
________

(мемлекеттік аудит объектісінің ұйымдық-құқықтық нысаны, толық атауы,

____________________________________________________________________
________

оның орналасқан жері, ЖСН, БСН, басшысының ТАӘ (болған жағдайда) көрсетіледі)

_____________________________________________________

мәселесі бойынша аудиторлық іс-шара (үстеме, бірлескен, қатар тексеру) жүргізу тапсырылады.

Аудиторлық іс-шараның мақсаты _________________________________

Мемлекеттік аудиттің типі ____________________________________*

Тексерудің түрі _______________________________________________

Аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) қамтылатын кезең ___________

Аудиторлық іс-шара (тексеру) жүргізудің мерзімі________ аралығы

Салық құпиясын құрайтын мәліметтерге рұқсаты бар лауазымды адамдар ___ _________**

Есеп комитетінің мүшесі __________________________

(қолы, ТАӘ (болған жағдайда)

Аудиторлық іс-шараның (тексерудің) мерзімі ____ жылғы "__"_____ бастап, _ ___ жылғы "__" ______ дейін ұзартылды.*

Есеп комитетінің Төрағасы __________________________

(қолы, ТАӘ (болған жағдайда))

*Үстеме тексеру жүргізілген кезде көрсетілмейді.

** - салық құпиясын құрайтын мәліметтерге мемлекеттік аудит объектілерінің рұқсат беруін көздейтін тексерулерді жүргізу кезінде көрсетіледі.

Ескертпе: Аудиторлық іс-шара (тексеру) жүргізуге тапсырманы (бұдан әрі – Тапсырма) жасау.

Тапсырма мынадай деректерді:

нөмірі мен берілген күнін;

аудиторлық іс-шара (тексеру) жүргізу тапсырылған Есеп комитеті қызметкер(-лер)і мемлекеттік аудитор(-лар)дың және ассистенттің (тердің) тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) және лауазымын, аудиторлық іс-шара (тексеру) жүргізуге тартылған мемлекеттік органдар мамандарының, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдар қызметкерлерінің және (немесе) сарапшылардың тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда);

Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты мүшесінің аты-жөні мен тегін, оның қолын не оның міндетін атқарушы адамның деректерін, сондай-ақ Есеп комитетінің мөрін;

бастапқыда белгіленген аудиторлық іс-шара (тексеру) мерзімі асып кеткен жағдайда, күнін көрсете отырып, аудиторлық іс-шара (тексеру) мерзімінің ұзартылғаны туралы мәліметтерді қамтиды.

Есеп комитетінің сыртқы
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
15-қосымша

күні, айы, жылы
Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы
(министрліктің, агенттіктің жауапты
хатшысы)
_____________________________
(ТАӘ (болған жағдайда)

## Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап

Ескерту. 15-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

1. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік аудит туралы заң) 21-бабына, 37-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің басшысы:

1) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының қызметкерлерін жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге;

2) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының қызметкерлерін мемлекеттік аудитті жүзеге асыру үшін сұратылып отырған барлық қажетті ақпаратпен_____________________________________________

(басшысының немесе бас

______________________________________________________________________

________

бухгалтерінің қолы қойылған қажетті құжаттар мен ақпараттың тізбесі көрсетіледі)

_______________________________ дейін қамтамасыз етуге;

(күні көрсетіледі)

3) мемлекеттік қаржылық бақылау органы қызметкерлерінің ақпараттық және есептік жүйелерге, соның ішінде ЭҚАБЖ-ға кіруін қамтамасыз етуге;

4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне, соның ішінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының лауазымды адамдары аудит объектісіне бару арқылы аудиторлық іс-шараның барысын қадағалауды жүзеге асырған кезде олардың іс-әрекеттеріне араласпауға және мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі келтірмеуге;

5) аудиторлық іс-шараның нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Аудиторлық есепке жазбаша қарсылықтарын Есеп комитетіне қол қойылған Аудиторлық есеп мемлекеттік аудит объектісіне берілген күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынуға міндетті.

2. Мемлекеттік аудит туралы заңның 21-бабы және 37-бабының 2-тармағы негізінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының лауазымды адамдарына олардың өз құзыреттеріне сәйкес қызметтік міндеттерін орындауда аудит жүргізуге жіберуден бас тарту, қажетті құжаттарды, материалдарды, қызмет туралы ақпаратты және өзге де мәліметтерді беруден бас тарту, анық емес ақпарат беру түріндегі кедергі келтіру, аудитті жүзеге асыруға өзге де кедергі жасау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – ӘҚтК) 462-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы ӘҚтК-нің 803-бабына сәйкес хаттаманы жасай отырып әкімшілік жауаптылыққа әкеп соқтырады.

Есеп комитетінің қызметкері _________________________________________

________

(лауазымы, ТАӘ (болған жағдайда) қолы

Ескертпе: Талаптың бірінші данасы Аудиторлық есептің бланкісінде ресімделеді.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларына
16-қосымша

нысан

**Мемлекеттік аудит объектісіне жіберуден**
**бас тарту фактісі бойынша**
**АКТ**

___________ қаласы 20__жылғы "__" _________

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік аудит туралы заң) 36-бабының 1-тармағына, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мемлекеттік аудит объектілерінің ____ жылға арналған тізбесіне сәйкес

_____________________________________________________________________

*(тексерілетін органның, мекеменің, ұйымның атауы)*

________________________________________ аудиторлық іс-шара жүргізіледі.

*(аудиторлық іс-шараның атауы)*

Тексерілетін объектінің лауазымды адамы _______________________________

*(лауазымы, аты-жөні және тегі)*

оларға аудиторлық іс-шара жүргізуге Тапсырманың (тексеруді тағайындау туралы актінің) көрсетілгеніне қарамастан, тексерілетін объектіге

_____________________________________________________________________

*(тексерілетін органның, мекеменің, ұйымның атауы)*

_____________________________________________________________________

*(Есеп комитеті қызметкерінің лауазымы, аты-жөні және тегі)*

жіберуден бас тартты.

Бұл Мемлекеттік аудит туралы заңның 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасын және 37-бабының 2-тармағын бұзу болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымды адамдардың жауапты болуына әкеп соғады.

Осы Акт екі данада жасалды, оның бірі ___________________________

*(органның немесе ұйымның атауы)*

басшысы (лауазымды адамы)____________________________________ тапсырылды.

*(лауазымы, аты-жөні және тегі)*

Қолдары:

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті атынан __________________________________________________________

*(лауазымы, аты-жөні және тегі, қолы)*
Актінің бір данасын алдым ________________________________________
*(лауазымы, аты-жөні және тегі, қолы, қол қоюдан бас тарқан кезде – алудан бас тартты деп көрсетіледі)*

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
17-қосымша

**Бақылау өлшемі (тексеріп қарау)**
**АКТІСІ**

__________________ ________________________
(жасалған орны) *(жасалған күні)*
Есеп комитеті мүшесінің 20__жылғы __________ Тапсырмасына сәйкес жүргізілген _______________________ мемлекеттік аудит барысында
*(аудиторлық іс-шараның, тексерудің атауы)*

___________________________________________________________________________
*(мемлекеттік аудит объектісінің атауы)*
объектісінде Есеп комитетінің қызметкер(лер)і (сарапшы, маман)

___________________________________________________________________________
*(мемлекеттік аудитордың және аудитке тартылған сарапшылардың, мамандардың аты-жөндері, тектері, лауазымдары көрсетіледі)*

___________________________________________________________________________
*(мемлекеттік аудит объектісінің, тапсырыс берушінің, мердігердің және*

___________________________________________________________________________
*тағы басқаның өкілдерінің аты-жөндері, тектері, лауазымдары көрсетіледі) өкілдердің қатысуымен*

___________________________________________________________________________
*(объекті және бақылау өлшемі (тексеріп қарау) мәні көрсетіледі) анықтығын растау мақсатында бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге* асырылып, нәтижесінде

___________________________________________________________________________

*(бақылау өлшемінің (тексеріп қараудың) нәтижелері көрсетіледі)*
анықталды.
Актіге қосымша ___________________________________________
(*тексеріп қарауға байланысты түсініктеме, фото*
*және басқа да материалдар*)
Есеп комитетінің қызметкер(лер)і (аудитке тартылған сарапшы, маман):

____________________________ ______________________
*(лауазымы) (қолы, аты-жөні, тегі)*
Мемлекеттік аудит объектісінің, тапсырыс берушінің мердігердің және тағы басқаның өкілдері:

_____________________ ______________________
*(лауазымы) (қолы, аты-жөні, тегі)*

_____________________ ______________________
*(лауазымы) (қолы, аты-жөні, тегі)*
Актінің жасалған даналарының саны: ___________________________
*(адресат көрсетіледі)*

Есеп комитетінің сыртқы
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
18-қосымша

нысан

## Атқарылған жұмыстар туралы апта сайынғы есеп

Ескерту. 18-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Аудиторлық іс-шара: "_____________________________________"
Жүргізу мерзімі: басталған және аяқталған күні: 20__ жылғы
____________________________ аралығы
Мемлекеттік аудиттің типі: ______________________________

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Мемлекеттік аудит кезеңі (Мемлекеттік аудит жүргізу күндерінің саны) | | Есепті кезеңде анықталды | | |
| | | | | | | заңнама нормаларын іске асыру үшін |

| Мемлекеттік аудит тобының құрамы ( ТАӘ (болған жағдайда) ( мемлекеттік аудиторлар, ассистенттер бөлінісінде) | Мемлекеттік аудит объектісінің атауы | жоспар | нақты | қаржылық бұзушылықтар | | рәсімдік бұзушылықтар | | қабылданған мемлекеттік аудит объектілері актілерінің бұзушылықтары | |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| | | | | (мың теңге ) оның ішінде мемлекеттік аудит кезінде ( мың теңге) өтелді ( қалпына келтірілді) | 1) бұзушылық түрінің қысқаша сипаттамасы; 2) НҚА-ның бұзылған ережелеріне сілтеме; 3) аудиторлық дәлелдеме ( құжат түрі мен деректемелері) 4) аудит барысында негізсіз пайдаланылған қаражатты өтеу (қалпына келтіру) бойынша қабылданған шаралар | (мың теңге ) | 1 ) бұзушылық түрінің қысқаша сипаттамасы; 2) НҚА-ның бұзылған ережелеріне сілтеме; 3 ) аудиторлық дәлелдеме ( құжат түрі мен деректемелері ) | (мың теңге ) | 1 ) бұзушылық түрінің қысқаша сипаттамасы; 2) актінің бұзылған ережелеріне сілтеме; 3 ) аудиторлық дәлелдеме ( құжат түрі мен деректемелері ) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

кестенің жалғасы

| Есепті кезеңде анықталды | | | | | |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін тиімсіз пайдалану | | бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін тиімсіз жоспарлау | | Бұрын анықталған бұзушылықтарды алып тастаудың себептері мен негіздемелері (алып тастауға негіз болған дәлеледемелерді көрсетіп) соның ішінде енгізу/алып тастау күні | қозғалған және/немесе әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін жіберілген материалдар (заңды және /немесе жеке тұлғаны көрсетіп) |
| (мың теңге ) | 1) қысқаша сипаттама; 2) аудиторлық дәлелдеме ( құжат түрі мен деректемелері) | (мың теңге ) | 1) қысқаша сипаттама; 2) аудиторлық дәлелдеме ( құжат түрі мен деректемелері) | | |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |

Мемлекеттік аудитордың, мемлекеттік аудитор ассистентінің ( мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің) ТАӘ (болған жағдайда) ___________

Ескертпе: мемлекеттік аудиторлар ЕК АЖ-ға апта сайынғы есепке зерделенген ақпаратты, сондай-ақ Аудиторлық есептің жобасын қоса береді.

Есеп комитетінің сыртқы
мемлекеттік аудит

және қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
19-қосымша
нысан

**Аудиторлық есептің бланкісі**

| | | |
|---|---|---|
| РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫН БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП КОМИТЕТІ | | СЧЕТНЫЙ КОМИТЕТ ПО КОНТРОЛЮ ЗА ИСПОЛНЕНИЕМ РЕСПУБЛИКАНСКОГО БЮДЖЕТА |

20__ **жылғы «__»________** «__»_______ 20__ **года**

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.

000000

Есеп комитеті
1 (2) дана

Ескертпе: Аудиторлық есеп бланкісінің сипаттамасы.
1. Аудиторлық есептің бірінші парағы А4 форматындағы қатаң есептілік бланкісінде ресімделеді.
2. Есеп комитетінің ресми атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде көк түспен көрсетіледі. Деректеме бланкінің жоғары жағында, Есеп комитеті логотипінің түрлі-түсті бейнесінің жоғарғы

нүктесі мен ортасының аралығындағы деңгейде орналасады. Осы деректеме ортаға орнату тәсілімен бейнеленеді.
3. Бланкінің төменгі оң жағында оның реттік нөмірі көрсетіледі.
4. Аудиторлық есепті ресімдеген кезде бланкінің сол жағында, парақтың тігінен алғанда ортасында "Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается" деген сөздер орналастырылады.
5. Аудиторлық есептің қалған парақтары су белгісі түрінде орындалған "Есеп комитеті" "1(2) дана" деген сөздермен парақтың диагоналі бойынша А4 форматындағы парақтарда толтырылады.

Есеп комитетінің сыртқы
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
20-қосымша

нысан

## Аудиторлық есептің үлгілік нысаны

Ескерту. 20-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

___________________ 20___жылғы "____"_________№_______
(жасалған орны)

**I. Кіріспе бөлік**

1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы:__________________
1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы:_______________________
1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты: _______
___________________________________________________________
1.4. Мемлекеттік аудиттің мәні:_____________________
1.5. Аудиттің типі, тексерудің түрі:_______________________________ (үстеме, бірлескен немесе қатар тексеру жүргізу кезінде толтырылады)
1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы (мемлекеттік аудиторлар сертификаттарының нөмірлері көрсетіле отырып):_______________________
1.7. __________ "____" №__________ Мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырма
1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: _________________
1.9. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі: ________- _________ аралығы
1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:_____________
1.11. Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі:____________ (жүргізілген кезде көрсетіледі)

1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер: ______________________________________________________________

**II. Негізгі бөлік**

2.1. Аудит бағдарламасын ашып жазу:

Мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын көрсеткіштер: ___________________________________________________

(болған жағдайда)

2.1.1. Аудит бағдарламасындағы _____ мәселенің атауы:_______________

2.1.1.2. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде: __________ _________________________________________ ___________

* аудиттелетін саланың, соның ішінде мемлекеттік басқарудың және (немесе) экономика саласының ағымдағы жай-күйін өңірлік және (немесе) елдік бөліністе талдау;

* бюджет қаражатын және Ұлттық қор қаражатын, бюджеттік кредиттерді, нысаналы трансферттерді, қарыздарды игеру және шарттарды, келісімдерді, инвестициялық және концессиялық жобаларды және т.б. іске асыру кезінде заңнаманың сақталуын талдау;

* квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметін, мемлекет активтерінің басқарылу тиімділігін талдау және қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағалау жүргізу;

* бюджетке түсетін түсімдердің болжануын, бюджет қаражатының және Ұлттық қор қаражатының, қарыздардың жоспарлануының және (немесе) пайдаланылу тиімділігінің негізділігін, олардың бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге әсерін талдау;

* Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бағаланатын құжатының көрсеткіштері мен индикаторларына өзгерістер мен түзетулер енгізуді, оларға қол жеткізуді, төмендеуін және (немесе) кемуін талдау, сондай-ақ Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының және (немесе) аудит объектісінің жұмыс жоспарларының ( стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін мемлекеттік органдар үшін) бюджеттік бағдарламалардың жоспарланған нәтижелерімен өзара байланысын бағалау;

- жүйелі кемшіліктерге, бюджет қаражатын және активтерді тиімсіз жоспарлауға және пайдалануға, нәтижелерге қол жеткізбеуге байланысты, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің қызметіндегі өзге де проблемалық мәселелер бойынша бұзушылықтарға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау:

____________________________________________________________ ______

(топтастырылған біртектес бұзушылықтар, сондай-ақ осы талдауды жүргізуге мүмкіндік беретін бағдарламалық мәселелер ескеріле отырып жүргізіледі)

- себептерді, соның ішінде жүйелі проблемаларға әкеп соқтырған нормативтік құқықтық базаны талдау:

_______________________________________________________________________

(заңнамада коллизиялар мен олқылықтар болған кезде жүргізіледі)

- мемлекеттік аудит объектісінің жіберіп алған пайдасы мен экономикалық шығындарын бағалау (бюджетке қаражаттың толық түспеуі, бюджеттің атқарылмауы, бюджет қаражаты мен активтердің тиімсіз пайдаланылуы, бюджет қаражаты мен активтердің шығындалуы, мемлекеттік меншіктің шығындалуы, бюджет қаражаты мен активтердің артық шығыстары, бюджет кірісінің тікелей және ықтимал (бағалық) шығындары, бюджет және өзге де заңнаманың сақталмауы, өндіріс өтімділігі төмен және өндірілген өнімнің, тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің өзіндік құны жоғары, шығыстардың нәтижесіздігі және т.б. болған жағдайда):________________________).

- сарапшылардың сарапшылық қорытындыларының қысқаша қорытындылары:

____________________________________________________

(олар тартылған жағдайда)

2.1.1.3. Үстеме тексерудің қысқаша нәтижелері:______________________ (ол жүргізілген кезде)

* 2.2. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің қойылған мақсаттарға, міндеттерге, функцияларға және өкілеттіктерге, мыналарға:

- мемлекеттік органдарға;

- квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мемлекеттік аудит жүргізу мәнімен байланысты бағыттарға (аудит объектісінің ережесіне, жарғысына сәйкес) қол жеткізуге әсерін талдау және бағалау.

**ІІІ. Қорытынды бөлік**

3.1. Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:

3.1.1 Заңнаманың, ішкі нормативтік актілердің және құжаттардың сақталуын және (немесе) бағдарламаның мақсатына, көрсеткіштеріне (өлшемшарттарына) сәйкес мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін бағалау:

- көрсеткіштің атауы, ол бойынша тұжырым:___________________

* 3.1.2. Аудиторлық іс-шараның негізгі нәтижелері:

3.1.2.1. Аудит объектісінің (өңірлік және елдік бөліністе аудиттелетін саланың, соның ішінде мемлекеттік басқарудың және (немесе) экономика саласының, жалпы экономиканың) мезо/макро деңгейде әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау _____________________________________________________

3.1.2.2. Мемлекеттік аудит объектісінің жіберіп алған пайдасы мен экономикалық шығындарының анықталған фактілері

___________________________________

(болған жағдайда)

** 3.1.2.3. Негізгі аудит объектісі қызметінің тиімділігін (өңірлік және елдік бөлiнiсте аудиттелетін саланың, соның ішінде мемлекеттік басқарудың және ( немесе) экономика саласының, әлеуметтік-экономикалық дамудың) жетілдіру және арттыру үшін анықталған резервтер

____________________________________________________________

(осы талдауды жүргізуге мүмкіндік беретін бағдарламалық мәселелер ескеріле отырып жүргізіледі)

3.2. Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер:______________

3.3. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:______________

* Мемлекеттік аудит бағдарламасында тиісті мәселе болған жағдайда ашып жазылады

** мемлекеттік аудиттің негізгі объектісінде ашып жазылады

**IV. Қосымшалар:**

1) мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап;

2) мемлекеттік аудиторлар қол қойған және Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшiлiктердің тізілімі (бұдан әрі - Тізілім);

3) аудиторлық дәлелдемелер:

- құжаттардың төлнұсқалары немесе белгіленген тәртіппен расталған көшірмелері, кестелер, сондай-ақ қажет болған жағдайда бұзушылық фактілерін көрсететін анықтамалар, фотосуреттер;

- функционалдық және лауазымдық міндеттеріне сүйене отырып, жол берілген бұзушылықтарға қатысы бар адамдардың жазбаша түсініктемелері;

- бақылау өлшемдері (тексеріп қараулар) актілері (олар жасалған жағдайда);

- зерттеулердің (сынақтардың), сараптамалардың қорытындылары, хаттамалардың көшірмелері, аудиторлық іс-шараның нәтижелеріне байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері (олар жасалған жағдайда);

- талдау материалдары және мемлекеттік аудит объектісінің қызметіндегі бұзушылықтар мен кемшіліктер фактісін растайтын материалдар;

4 егер аудиторлық есептің мәтінінде көрсетілмесе, аудиторлық іріктеудің негіздемесі (қажет болған жағдайда мәнділік деңгейін айқындау);

5) сарапшылардың сарапшылық қорытындылары (тартылған жағдайда);

6) мемлекеттік қызметтерді алушылардың қанағаттануы тұрғысынан халық арасында сауалнама жүргізу нәтижелері (қажет болған жағдайда);

7) ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар (көшірмелері) (аудиторлық іс-шара барысында қаражат өтелген (қалпына келтірілген) жағдайда):

төлем тапсырмалары (төлеуге арналған шоттар, түбіртектер, чектер және ( немесе) басқалары);

ведомостар, ордерлер, нарядтар;

8) мемлекеттік аудит объектісінің басшысына (лауазымды адамына) Аудиторлық есептің тапсырылған күнін растайтын құжат (көшірмесі) (оны қабылдағаны туралы мемлекеттік аудит объектісінің мөртабаны болмаған жағдайда);

9) сыртқы ақпарат көздерінің тізбесі:

статистикалық деректер;

мемлекеттік органның қызметін және (немесе) аудитпен қамтылатын кезеңдегі қызметін бағалау нәтижелері;

ұқсас мемлекеттік және квазимемлекеттік құрылымдардың шетелдік жұмыс тәжірибесі;

отандық салалық және шетелдік сарапшылардың, агенттіктердің зерттеулері;

мемлекеттік басқарудың және (немесе) экономика саласының тиісті аясындағы мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша халықаралық ұйымдар мен агенттіктердің есептері, рейтингтері, шолулары;

халықаралық ұйымдар мен агенттіктердің сайттары;

уәкілетті органдардың мемлекеттік аудит объектісінің қызметін тексерулерінің нәтижелері;

жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

БАҚ және тағы басқалары.

Мемлекеттік органдардың немесе квазимемлекеттік сектор органдарының ресми ақпараттық жүйелерінен алынған құжаттарда штрих код немесе өзге де тану белгілері болған жағдайда олар куәландырылмайды. Аудиторлық есепке қоса берілетін құжаттардың көшірмелері белгіленген тәртіппен уәкілетті лауазымды адамдардың қолтаңбаларымен, мемлекеттік аудит объектісінің мөрімен немесе мөртабанымен (болған жағдайда) куәландырылады. Аудиторлық есепте қосымшаларының реттік нөмірі көрсетіле отырып, оларға сілтеме, әрбір қосымша бойынша бөлек парақтар саны көрсетіледі. Көлемді құжаттар (5 немесе одан көп беттен тұратын бір құжат) тігілген күйінде соңғы артқы парағына мөр мен қолтаңба қою арқылы куәландырылуы мүмкін.

Есеп комитетінің қызметкері(-лері): ______________________________

(лауазымы, қолы, ТАӘ (болған жағдайда)

Мемлекеттік органдардан тартылған мамандар, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлері, сарапшылар: ______________

(лауазымы)

______________________________________________

(қолы, ТАӘ (болған жағдайда)

Аудиторлық есеп ____________ данада жасалды.

(саны)

Ескертпе:

Аудиторлық есептің жоғары бөлігінде оның жасалған орны (қаланың, басқа да елді мекеннің (ауыл, кент және тағы басқаларының) атауы), Аудиторлық есептің жасалған күні, Аудиторлық есеп данасының нөмірі көрсетіледі (№ 1 дана – Есеп комитеті үшін, № 2 дана – мемлекеттік аудит объектісі үшін жасалады. Бірлескен тексеру кезінде № 1 дана – Есеп комитеті үшін, № 2 дана – бірлескен тексеруге қатысушы мемлекеттік орган үшін, № 3 дана – мемлекеттік аудит объектісі үшін жасалады).

Аудиторлық есепте мынадай деректер көрсетіледі:

Аудиторлық есептің кіріспе бөлігінің 1-бөлімінде мыналар қысқаша сипатталады:

1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы - мемлекеттік аудит объектісінің толық атауы, мемлекеттік тіркеу туралы деректері, банктік және салықтық деректемелері, БСН (ЖСН) көрсетіледі.

1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы – тиісті жылға арналған Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес аудиторлық іс-шараның толық атауы көрсетіледі.

1.3. Мемлекеттік аудит объектісінде жүргізілетін мемлекеттік аудиттің мақсаты - Аудит бағдарламасының мәселелеріне сүйене отырып, осы объектіде жүргізілетін мемлекеттік аудиттің мақсаты көрсетіледі.

1.4. Аудиттің мәні – жүргізілетін мемлекеттік аудиттің, бюджеттік бағдарламалардың және (немесе) активтердің мәні көрсетіледі.

1.5. Аудиттің типі, тексерудің түрі - осы мемлекеттік аудит объектісінде жүргізілетін аудиттің тиісті типі және түрі көрсетіледі: үстеме, бірлескен немесе қатар.

1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы (мемлекеттік аудиторлардың сертификаттарының нөмірлері көрсетіле отырып) – мемлекеттік аудитті жүргізетін Есеп комитеті жұмыскерінің, мемлекеттік органдардың мамандарының, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлерінің және мемлекеттік аудитті жүргізуге тартылған сарапшылардың аты-жөні, тегі, лауазымы, мемлекеттік аудитор сертификаты болған жағдайда, оның нөмірі көрсетіледі.

1.7. Мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырма (Тексеру тағайындау туралы акт) – Тапсырманың күні және нөмірі, Тапсырмаға қол қойған лауазымды адамның аты-жөні, тегі, лауазымы көрсетіледі.

1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең - мемлекеттік аудит объектісі қызметінің іс жүзінде тексерілген кезеңі көрсетіледі (қажет болған жағдайда бюджеттік бағдарламалар немесе мәселелерді көрсете отырып, ("қажет болған жағдайда басқа да кезеңдер" сөздерін көрсетпей) жылдары, айлары және Аудит бағдарламасына сәйкес келеді).

1.9. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі - осы мемлекеттік аудит объектісінде мемлекеттік аудитті жүргізудің басталған және аяқталған күні көрсетіледі (Аудит бағдарламасына сәйкес келеді).

1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары - мемлекеттік аудит объектісінің келісімімен мемлекеттік аудит жүзеге асырылған лауазымды адамдарының аты-жөні, тегі, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде жұмыс істеген және құжаттарға қол қою құқығы болған лауазымды адамдарының аты-жөні, тегі көрсетіледі.

1.11. Үстеме тексеру жүргізілетін объектілердің тізбесі – үстеме тексеру жүргізілетін мемлекеттік аудит объектісінің (лерінің) толық атауы көрсетіледі.

1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер – басқа мемлекеттік қаржылық бақылау органдары мен құқық қорғау органдарының бұрын қамтыған тексеру мәні Есеп комитеті жүргізген мемлекеттік аудиттің мәселелерімен сәйкес келетін мәселелер бойынша қысқаша мәліметтер, мемлекеттік аудит объектісінің анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде қабылдаған шаралары көрсетіледі. Есеп комитетінің бақылауда тұрған Аудиторлық қорытындылары (Нұсқамалары) бойынша орындалу мерзімі өткен тапсырмалық тармақтар бойынша шаралар көрсетіледі. Егер мұндайлар болмаса олардың болмауын көрсету қажет.

Аудиторлық есептің негізгі бөлігінің 2-бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

2.1. Мемлекеттік аудитті жүргізу кезінде қолданылатын көрсеткіштер ( өлшемшарттар) – аудиторлық есепте көрсеткіштің атауы және Аудит бағдарламасына сәйкес оны қолдану бойынша түсіндірме келтіріледі.

2.1.1.2 Жүргізілген мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мемлекеттік аудит мақсатына қол жеткізілгенін растауға жеткілікті мәліметтер көрсетіледі. Одан әрі Аудит бағдарламасының мәселелеріне жауаптар тіркеледі, бұл ретте Аудит бағдарламасының әрбір мәселесінің атауы көрсетіледі. Аудит мәселелеріне жауаптар толық, нақты, объективті және кесімді жазылады. Бағдарламаның мәселесін ашып көрсету Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарымен байланысын бағалай отырып, тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге арналған бюджет қаражатының, мемлекет активтерінің негізділігін және пайдаланылуын талдауды ескере отырып, жүзеге асырылады.

Аудиторлық есепте жүргізілген үстеме тексерудің (тек бұзушылықтардың тармақтарын үстеме тексерудің аудиторлық есебіне сәйкес нөмірлей отырып, олар негізгі объектінің бұзушылықтар тізіліміне қосылмайды), бақылау өлшемінің (тексеріп қарау) қысқаша нәтижелері көрсетіледі, сондай-ақ бұзушылық фактілері, соның ішінде мемлекеттік аудит объектісі болып табылмайтын басқа да мемлекеттік органдардың бөлінетін бюджеттік бағдарлама қаражатын пайдалану кезінде жасаған себептері мен салдарын көрсете отырып, кемшіліктер мен жүйелі проблемалар жазылады. Бұзушылықтар бойынша ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтарына және тармақшаларына сілтеме көрсетіледі және тиісті бұзушылыққа дәлел болатын құжаттар көрсетіледі. Бұзушылыққа, кемшілікке және жүйелі проблемаға әкеп соққан себеп-салдарлық байланыстар талданады.

Аудит бағдарламасының мәселесі бойынша бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталмаса, қысқаша ақпарат келтіріледі және мынадай жазба жасалады "Бағдарламаның (атауы) мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.". Аудиторлық есепке тексеру жүргізілген құжаттардың деректемелері көрсетіле отырып, олардың тізбесі қоса беріледі.

Аудит бағдарламасының мәселелерін қарау шеңберінде мемлекеттік аудиторлар қажет болған кезде аудит объектісінің жіберіп алған пайдаларына және шығындарына бағалау жүргізеді, сарапшылар тартқан жағдайда, олардың қорытындыларының қысқаша нәтижелерін сипаттайды.

Аудиторлық есептің Қорытынды бөлігінің 3-бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі.

3.1. Аудит объектісінде жүргізілген мемлекеттік аудиттің қорытындылары бойынша жалпы тұжырымдарда объект қызметінің, мемлекеттік аудиттің көрсеткіштеріне (өлшемшарттарына) сәйкес Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыру тиімділігіне баға беріледі. Мемлекеттік аудиттің көрсеткіштерін (өлшемшарттарын) сипаттау кезінде аудит объектісіне баға беруге сәйкес олардың толық атаулары көрсетіледі. Аудиторлық есепте аудит объектісінің ағымдағы жағдайына, сондай-ақ оның қызметінің мемлекеттік басқару саласын және (немесе) экономика саласын дамытуға беретін әсеріне талдау жасалады және баға беріледі, сондай-ақ негізгі объектіде тиімділікті арттыру және аудиттің негізгі объектісінің қызметін жетілдіру үшін анықталған резервтер көрсетіледі.

3.2. Есеп комитетінің қызметкерлері мемлекеттік аудит жүргізгенде мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының кедергі келтіруі фактілері туралы мәліметтер көрсетіледі. Есеп комитетінің қызметкері әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалғаны туралы хаттама жасаған жағдайда, оның нөмірі

және күні көрсетіледі (хаттама мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары мемлекеттік аудит объектісіне жіберуден бас тартқан кезде, мемлекеттік аудит жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған немесе анық емес, объективті емес және (немесе) толық емес ақпаратты, материалдарды және өзге де мәліметтерді ұсынған кезде толтырылады).

3.3. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған құқық бұзушылықтарды жою бойынша мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған шаралар туралы мәліметтер көрсетіледі (салықтарды, айыппұлдарды, өсімпұлдарды қосымша есептеу, негізсіз пайдаланылған қаражатты бюджетке өтеу, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік бойынша қаражатты қалпына келтіру, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша өнім берушілердің шарттық міндеттемелерін орындауы, мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарына қатысты қабылданған тәртіптік жазалау шаралары және басқалар). Шаралар қабылданбаған жағдайда олардың болмауын көрсету қажет.

Аудиторлық есепке қосымшаларда Қағидалардың 185-тармағында көзделген аудиторлық дәлелдемелер тіркеледі. Жүргізілетін мемлекеттік аудиттің мақсатына байланысты мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын қызметкерлер Аудиторлық есепке қосымшалар ретінде ресімделетін мынадай кестелерді толтырады:

1) 1-кесте. Әкімшілердің мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындауы туралы ақпарат;

2) 2-кесте. Құрылыс жұмыстарының орындалған (қабылданған) көлемі және құрылыс объектілерін пайдалануға берудің уақтылылығы туралы ақпарат;

3) 3-кесте. ____ жылы объектілерді салу және реконструкциялау құнының қымбаттағаны туралы мәліметтер (қымбаттаған жағдайда);

4) 4-кесте. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жарғылық капиталын толықтыруға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы мәліметтер.

Мемлекеттік аудитті жүзеге асырып жатқан қызметкерлер Аудиторлық есепке қосымша болып табылатын өзге де қажетті кестелер жасауы мүмкін. Аудиторлық есепте көрсетілген қосымшаларға сілтеме жасау міндетті.

4. Мемлекеттік аудитті жүргізген Есеп комитеті қызметкерлерінің ( мемлекеттік аудит жүргізуге тартылған мемлекеттік органдар мамандарының, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдар қызметкерлерінің, сарапшылардың) қолдары.

Аудиторлық есептің соңғы бетінде адресатты және бланк нөмірін көрсете отырып, Аудиторлық есептің екі данада (Аудиторлық есептің № 1 данасы – Есеп комитетіне, Аудиторлық есеп бланкісінің №__; № 2 дана – мемлекеттік аудит объектісіне, бланк № __) жасалғаны туралы жазба жасалады.

Мемлекеттік аудитті жүргізген мемлекеттік аудиторлар екінші парағынан бастап, Аудиторлық есептің барлық беттеріне қол қояды. Мемлекеттік аудит объектісінде бірыңғай топ бірлескен тексеру жүргізген кезде Аудиторлық есеп Есеп комитетінің бланкісінде үш данада ресімделеді, оның бірінші данасы – Есеп комитетіне, екінші данасы – бірлескен тексеруге қатысушы мемлекеттік органға, үшінші данасы – мемлекеттік аудит объектісіне беріледі.

20___ жылғы "____" _________
Аудиторлық есепке №__
қосымша

## 1-кесте. Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалардың ( кіші бағдарламалардың) орындалуы туралы ақпарат

(мың теңге)

| Р/с № | Бюджеттік бағдарламалардың ( кіші бағдарламалардың ), ерекшеліктердің атауы | Бюджет жобасына бюджеттік өтінім бойынша қаражат қажеттілігі | Жыл басына қаржыландыру жоспарының бекітілген сомасы | Бекітілген соманың бюджеттік өтінімнің қажеттілігінен ауытқуы (+;-) | Жыл соңына қаржыландыру жоспарының түзетілген ( нақтыланған) сомасы | Жыл қорытындысы бойынша төленген міндеттемелер (кассалық шығыстар) | Түзетілген ( нақтыланған) сома мен төленген міндеттемелер арасындағы ауытқу, қаражаттың игерілмеу себептері көрсетіледі | Ж қо бо жү ш |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |
| | Бюджеттік бағдарлама | | | | | | | |
| | кіші бағдарлама | | | | | | | |
| | ерекшеліктер | | | | | | | |
| | Барлығы | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

20___ жылғы "____" _________
Аудиторлық есепке №__
қосымша

## 2-кесте. Құрылыс жұмыстарының көлемін орындау және құрылыс объектілерін пайдалануға берудің уақтылылығы туралы ақпарат

| | Бюджеттік бағдарламаның / объектінің атауы | Мемлекеттік сараптаманың қорытындысы бойынша құрылыстың | Іске асыру кезеңі | | Құрылыстың шарттық құны (мың теңге) | Құрылыстың бас кезінен бастап, орындалған ( қабылданған ) жұмыстар | Шартқа сәйкес объектіні пайдалануға | Объектіні пайдалануға берудің іс жүзіндегі мерзімі | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | шарт бойынша | | | | | |

| Р/с № | | сметалық құны (мың теңге) | құрылыстың нормативтік ұзақтығы | | | көлемі (мың теңге) | берудің жоспарланған мерзімі | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 1 |
| 1. | | | | | | | | | |
| 2. | | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | | |

20___ жылғы "____" _________
Аудиторлық есепке №__
қосымша

## 3-кесте. ___ жылы объектілерді салу және реконструкциялау құнының қымбаттағаны туралы мәліметтер

| Р/с № | Бюджеттік бағдарламаның атауы | Объектінің атауы, қымбаттауды мақұлдаған бюджет комиссиясы шешімдерінің нөмірлері және күні | Мемлекеттік сараптаманың қорытындысы бойынша объектінің бастапқы құны (мың теңге) | Түзетуден кейінгі құрылыс құны (мың теңге) | Қымбаттау (мың теңге) | Себебі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. | | | | | | |
| 2. | | | | | | |
| … | | | | | | |

20___ жылғы "____" _________
Аудиторлық есепке №__
қосымша

## 4-кесте. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жарғылық капиталын толықтыруға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы мәліметтер

| Р/с № | Бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесі | Бюджет қаражаты қандай мақсатқа бөлінді | Жарғылық капиталдың көзделген қаражатының жоспарлы мақсаты | | Жарғылық капиталдың бөлінген қаражатының іс жүзінде пайдаланылуы | | Жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларға қол жеткізу нәтижелері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | іс-шаралар | сомасы (мың теңге) | іс-шаралар | сомасы (мың теңге) | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1. | | | | | | | |
| | | | | | | | |

| ... | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларына
21-қосымша

нысан

# Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің ТІЗІЛІМІ

Ескерту. 21-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

(Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің ЖИЫНТЫҚ ТІЗІЛІМІ)

1) қаражат бюджетке түскен кезде (мың теңге)

| Р/с № | Жыл | Мем. аудит объектісінің атауы | Мем. аудит объектісінің БСН-і | Өңірдің коды | ББС бойынша бюджетке түсетін түсімдер коды | Бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы (10-баған+13-баған+16-баған+ 19-баған+22 баған) | | | соның ішінде | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | Бюджетке түсетін қаражатт уақтылы, толық есепк жатқызылмауы | | |
| | | | | | | Барлығы | оның ішінде | | барлығы | оның ішінде | |
| | | | | | | | түсуге жататыны | мем. аудит барысында түскені | | түсуге жататыны | мем. ау барысы түскені |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 1. | | | | | | | | | | | |
| Жиыны (соның ішінде мем. аудитке қатысқан адамдар бөлінісінде): | | | | | | | | | | | |
| 1 | ТАӘ (болған жағдайда) | | | | | | | | | | |
| 2 | ТАӘ (болған жағдайда) | | | | | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| соның ішінде | | |
|---|---|---|
| Артық (қате) төленген түсімдер сомаларын бюджеттен қайтаруды және ( | Мемлекеттік кірістер органдарының салық түсімдерінің, әкімшілік айыппұлдардың, кедендік және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің | Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, сондай-ақ салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеуден, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен сомалардың, қарыздардың бюджетке түсуін |

| немесе) есепке жатқызуды ҚР заңнамасын бұза отырып жүзеге асыру | | | толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етпеуі | | | бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органдардың толық өндіріп алмауы және уақтылы аудармауы | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| барлығы | оның ішінде | | барлығы | оның ішінде | | барлығы | оның ішінде | |
| | түсуге жататыны | мем. аудит барысында түскені | | түсуге жататыны | мем. аудит барысында түскені | | түсуге жататыны | мем. аудит барысында түскені |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| соның ішінде | | | Рәсімдік бұзушылықтар, өлшем бірлігі | Бюджеттің тікелей шығындары (болған жағдайда) | Бұзушылық фактісін сипаттау, НҚА-ның бұзылған ережелеріне сілтеме жасау | Бұзушылықтар сыныптауышының тармағы (болған жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Бюджетке қаражаттың түсуі кезіндегі заңнаманың өзге де қаржылық бұзушылықтары | | | | | | |
| барлығы | оның ішінде | | | | | |
| | түсуге жататыны | мем. аудит барысында түскені | | | | |
| 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

2) бюджет қаражаты мен активтерді пайдалану кезінде (мың теңге)

| Р/с № | Жыл | Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды | Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, мемлекеттік (үкіметтік) бағдарламаны әзірлеушінің/бірлесіп орындаушының атауы | Мем. аудит объектісінің атауы | Мем.аудит объектісінің БСН-і | Өңірдің коды | Бюджеттік бағдарлама коды | Бюджеттік бағдарламаның атауы | Мем. аудитпе | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | Барлығы | оны |
| | | | | | | | | | | Бюд қара |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| 1. | | | | | | | | | | |
| Жиыны (соның ішінде мем. аудитке қатысқан адамдар бөлінісінде): | | | | | | | | | | |
| 1 | ТАӘ (болған жағдайда) | | | | | | | | | |
| 2 | ТАӘ (болған жағдайда) | | | | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы (23-баған+28-баған+33-баған) |
|---|

| барлығы | Соның ішінде трансферттерді пайдалану кезінде | соның ішінде қалпына келтіруге (өтелуге) жататыны (24-баған+26-баған+29-баған+31-баған+34-баған) | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | барлығы | оның ішінде: | | соның ішінде трансферттер | оның ішінде мем. аудит барысында қалпына келтірілгені (өтелгені) | | |
| | | | қалпына келтіруге жататыны | өтелуге жататыны | | мем.аудит барысында қалпына келтірілгені | мем.аудит барысында өтелгені | Соның ішінде трансферттер |
| 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Соның ішінде | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары | | | | |
| барлығы | оның ішінде: | | | |
| | қалпына келтіруге жататыны | соның ішінде мем.аудитбарысында қалпына келтірілгені | өтелуге жататыны | Соның ішінде мем.аудит барысында өтелгені |
| 23 | 24 | 25 | 26 | 27 |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

кестенің жалғасы

| Соның ішінде | | | | | | | | Анықталған рәсімдік бұзушылықтардың барлығы, бірлік, саны | Бұзуш факті сипат норма құқы актін бұзыл ереже сілте жасау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Активтерді пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама бұзушылықтары | | | | | Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары | | | | |
| барлығы | соның ішінде: | | | | барлығы | оның ішінде: | | | |
| | қалпына келтіруге жататыны | соның ішінде мем. аудит барысында қалпына келтірілгені | өтелуге жататыны | соның ішінде мем. аудит барысында өтелгені | | қалпына келтіруге жататыны | соның ішінде мем. аудит барысында қалпына келтірілгені | | |
| 28 | 29 | 30 | 31 | 32 | 33 | 34 | 35 | 36 | 37 |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

3) мемлекеттік аудит объектісінің міндеттері мен функцияларын іске асыруға байланысты кемшіліктер мен олқылықтар

| Р/с № | Жыл | Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды | Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, мемлекеттік ( үкіметтік) бағдарламаны әзірлеушінің/ бірлесіп орындаушының атауы | Мем. аудит объектісінің атауы | Мем. аудит объектісінің бизнес-сәйкес-тендіру нөмірі (БСН-і) | Өңірдің коды | Бюджеттік бағдарлама коды | Бюджеттік бағдарлама атауы | Тиімсі жоспар. бюдже қаража (активт сомасы теңге) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1. | | | | | | | | | |
| Жиыны (соның ішінде мем. аудитке қатысқан адамдар бөлінісінде): | | | | | | | | | |
| | ТАӘ (болған жағдайда) | | | | | | | | |
| | ТАӘ (болған жағдайда) | | | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының ( активтердің) сомасы (мың теңге) | Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын іске асыру үшін қабылданған, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілері бұзушылықтарының сомасы (мың теңге) | Жүйелі проблемалар мен кемшіліктер (бірлік саны ) | Тиісті нормативтік және құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, өзге де салалық заңнамадағы кемшілік, бұзушылық фактісін, жүйелі проблемаларды сипаттау |
|---|---|---|---|
| 11 | 12 | 13 | 14 |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

Есеп комитетінің мемлекеттік аудит жүргізген қызметкерлері _____________ ____________ (қолы, ТАӘ (болған жағдайда))

*Келісілді: Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі ________ _________________ (қолы, ТАӘ (болған жағдайда))

*Мемлекеттік аудитті жүргізген аудит тобының жетекшісі мен қатысушылары Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесімен келісілетін Аудиторлық қорытындыға қоса берілетін Анықталған бұзушылықтардың жиынтық тізіліміне қол қояды.

Ескертпе:

Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі әрбір мемлекеттік аудит объектісінде толтырылып, Аудиторлық есепке қоса беріледі.

Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі мемлекеттік аудит объектілерінің қарсылықтары қаралғаннан кейін сапаны ақылаудың қорытындысы ескеріле отырып, Аудиторлық қорытындыға қоса беріледі.

Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі (Жиынтық тізілімі) Есеп комитетінің ____ "__" ____ № __ нормативтік қаулысымен бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптауышына (бұдан әрі – Сыныптауыш) сәйкес жасалады.

1-бөлім. Қаражат бюджетке түскен кезде:

"Р/с №" деген 1-бағанда – мемлекеттік аудит объектілерінің реттік нөмірлері ( 1, 2, 3 және т.б.) көрсетіледі;

"Жыл" деген 2-бағанда – есепті кезеңдер көрсетіле отырып, мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең көрсетіледі;

"Мемлекеттік аудит объектісінің атауы" деген 3-бағанда – мемлекеттік кірістер органдары, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ алықтық емес төлемдер бойынша уәкілетті органдар көрсетіледі;

"Мемлекеттік аудит объектісінің БСН-і" деген 4-бағанда – мемлекеттік аудит объектісінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда) көрсетіледі;

"Өңірдің коды" деген 5-бағанда мемлекеттік аудит объектісі тіркелген аумақтың коды көрсетіледі;

"ББС бойынша бюджетке түсетін түсімдер коды" деген 6-бағанда – Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына (бұдан әрі – ББС) сәйкес бюджет түсімдерінің коды көрсетіледі;

"Бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы" деген 7-бағанда – түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы, оның ішінде 8-бағанда – бюджетке түсуге жататын бұзушылық сомасы, 9-бағанда – мемлекеттік аудит барысында түскен бұзушылық сомасы көрсетіледі;

"Бюджетке түсетін қаражаттың уақтылы, толық есепке жатқызылмауы" деген 10-бағанда – қазынашылық органдарының уақтылы және толық есепке жатқызбаған бюджетке түсетін түсімдердің жалпы сомасы, оның ішінде 11-бағанда – бюджетке түсуге жататын, уақтылы, толық есепке жатқызылмаған қаражат сомасы, 12-бағанда – бюджетке түскен қаражаттың уақтылы, толық

есепке жатқызылмауына жүргізілген мемлекеттік аудит барысында түскен сома көрсетіледі;

"Артық (қате) төленген түсімдер сомаларын бюджеттен қайтаруды және (немесе) есепке жатқызуды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жүзеге асыру" деген 13-бағанда – бюджеттен қайтарылуы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жүзеге асырылған бюджетке түскен түсімдердің сомасы, оның ішінде 14-бағанда – Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып артық (қате) төленген түсімдер сомаларын бюджеттен қайтарудың және (немесе) есепке жатқызудың түсуге жататын сомасы, 15-бағанда – Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып артық (қате) төленген түсімдер сомаларын бюджетке қайтаруға және (немесе) есепке жатқызуға мемлекеттік аудит жүргізу барысында түскен сомасы көрсетіледі;

"Мемлекеттік кірістер органдарының салық түсімдерінің, әкімшілік айыппұлдардың, кедендік және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етпеуі" деген 16-бағанда – салықтық және кедендік әкімшілендіру шараларының қамтамасыз тілмеуіне байланысты, бюджетке түспеген салықтардың, әкімшілік айыппұлдардың, кедендік және басқа да міндетті төлемдердің сомалары, оның ішінде 17-бағанда – мемлекеттік кірістер органдары толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етпеген салық түсімдерінің, әкімшілік айыппұлдардың, кедендік және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің бюджетке түсуге жататын сомасы, 18-бағанда – мемлекеттік кірістер органдары толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етпеген салық түсімдеріне, әкімшілік айыппұлдарға, кедендік және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге мемлекеттік аудит жүргізу барысында бюджетке түскен сомасы көрсетіледі;

"Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, сондай-ақ салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеуден, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен сомалардың, қарыздардың бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органдардың толық өндіріп алмауы және уақтылы аудармауы" деген 19-бағанда – уәкілетті органдардың толық өндіріп алмауы және уақтылы аудармауы салдарынан бюджетке түспеген (бюджетке уақтылы түспеген) салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеуден, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен сомалар, қарыздардың сомалары, оның ішінде 20-бағанда – уәкілетті органдардың толық өндіріп алмауы және уақтылы аудармауы салдарынан, бюджетке түспеген (бюджетке уақтылы түспеген) салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеуден, мемлекеттің қаржы активтерін

сатудан түскен түсімдердің, қарыздардың бюджетке түсуге жататын сомалары, 21-бағанда – уәкілетті органдардың толық өндіріп алмауы және уақтылы аудармауы салдарынан, бюджетке түспеген (бюджетке уақтылы түспеген) салықтық емес түсімдерге, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерге, трансферттерге, бюджеттік кредиттерді өтеуден, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдерге, қарыздарға мемлекеттік аудит жүргізу барысында түскен сомалары көрсетіледі;

"Бюджетке қаражаттың түсуі кезіндегі заңнаманың өзге де қаржылық бұзушылықтары" деген 22-бағанда – барлық өзге бұзушылықтар, оның ішінде 23 -бағанда түсуге жататын сома, 24-бағанда – мемлекеттік аудит барысында түскен сома көрсетіледі;

"Рәсімдік бұзушылықтар" деген **25-бағанда** – жүргізілген мемлекеттік аудит барысында анықталған рәсімдік бұзушылықтардың саны көрсетіледі;

"Бюджеттің тікелей (жанама) шығындары" деген **26-бағанда** – салық және кедендік әкімшілендірудің белгіленген тәртібін сақтаған жағдайда есепке жатқызылуы мүмкін бюджетке толық түспеген сомалар көрсетіледі.

"Бұзушылық фактісін сипаттау, нормативтік құқықтық актілердің бұзылған ережелеріне сілтеме жасау" деген **27-бағанда** құқықтың бұзылған нормаларының тармақтарына сілтеме жасай отырып, бұзушылық фактісі қысқаша түрде сипатталады. Жүргізілген мемлекеттік аудит барысында анықталған қаржылық бұзушылықтар сомасы түскен жағдайда, мемлекеттік аудит материалдарына қоса берілетін растайтын құжаттарға сілтеме жасай отырып, қабылданған шаралар көрсетіледі.

"Бұзушылықтар сыныптауышының тармағы (болған жағдайда)" деген **28-бағанда** Сыныптауыштың тармағы көрсетіледі;

"Жиыны" деген жолда – мемлекеттік аудит объектілерінің бөлінісінде тізілім (жиынтық тізілім) деректері көрсетіледі (1-жол+ 2-жол+3-жол...).

2-бөлім. Бюджет қаражаты мен активтерді пайдалану кезінде:

"Р/с №" деген 1-бағанда – мемлекеттік аудит объектілерінің реттік нөмірлері ( 1, 2, 3 және тағы басқалар) көрсетіледі;

"Жыл" деген 2-бағанда – есепті кезеңдер көрсетіле отырып, мемлекеттік аудитпен қамту кезеңі көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды" деген 3-бағанда – ББС-ға сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, мемлекеттік (үкіметтік) бағдарламаны әзірлеушінің/бірлесіп орындаушының атауы" деген 4-бағанда – джеттік бағдарламаларды, мемлекеттік (үкіметтік) бағдарламаны жоспарлауға, негіздеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік орган, әзірлеуші/бірлесіп орындаушы көрсетіледі;

"Мемлекеттік аудит объектісінің атауы" деген 5-бағанда – Аудит жоспарында , Аудит бағдарламасында және Аудиторлық тапсырмада көзделген мемлекеттік аудит объектісінің толық атауы көрсетіледі;

"Мемлекеттік аудит объектісінің БСН-і" деген 6-бағанда – мемлекеттік аудит объектісінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда) көрсетіледі;

"Өңірдің коды" деген 7-бағанда - мемлекеттік аудит объектісі тіркелген аумақтың коды көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарламаның коды" деген 8-бағанда – ББС-ға сәйкес бюджеттік бағдарламаның коды көрсетіледі; бұл ретте, республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке бөлінген трансферттер, кредиттер мен басқа да қаражат қамтылған жағдайда, жергілікті бюджеттік бағдарламаның коды көрсетіледі. Мұндай жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламаның коды ақпарат түрінде 47-бағанда көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарламаның атауы" деген 9-бағанда – ББС-ға сәйкес бюджеттік бағдарламаның атауы көрсетіледі. Бұл ретте, республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке бөлінген трансферттер, кредиттер мен басқа да қаражат қамтылған жағдайда, жергілікті бюджеттік бағдарламаның коды көрсетіледі. Мұндай жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламаның атауы ақпарат түрінде 47-бағанда көрсетіледі;

"Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемі, барлығы" деген 10-бағанда – мемлекеттік аудитпен қамтылатын қаражат көлемі, бұл ретте мемлекеттік аудитпен қамтылған есепті кезеңде енгізілген түзетулер мен нақтылауларды ескере отырып, бюджеттік бағдарламалар бойынша, оның ішінде 11-бағанда – бюджет қаражатының қамтылған көлемі, 12-бағанда – мемлекеттік аудитпен қамтылған трансферттердің сомасы, 13-бағанда – мемлекет пен квазимемлекеттік сектор активтерінің қамтылған сомасы көрсетіледі;

"Анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы, барлығы (23-бағ.+ 28-бағ.+33-бағ.)" деген 14-бағанда – бюджет қаражатын пайдалану кезінде анықталған бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтарының жалпы сомасы (23-бағ.), активтерді пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама бұзушылықтары (28-бағ.), бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары (33-бағ.), оның ішінде 15-бағанда – трансферттерді пайдалану кезінде анықталған бұзушылықтардың сомасы көрсетіледі;

"соның ішінде қалпына келтіруге (өтелуге) жататыны" деген 16-бағанда (24-бағ.+26-бағ.+29-бағ.+31-бағ.+34-бағ.) – бюджет қаражатын пайдалану кезінде бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың сақталуына мемлекеттік аудит жүргізу қорытындысы бойынша қалпына келтіруге және өтелуге жататын сома ( 24-бағ. және 26-бағ.), активтерді пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де

заңнама бұзушылықтары (29-бағ. және 31-бағ.), бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары (34-бағ.) көрсетіледі, оның ішінде 19-бағанда – трансферттерді пайдалану кезінде анықталып, қалпына келтіруге (өтелуге) жататын бұзушылықтардың сомасы көрсетіледі;

"Оның ішінде қалпына келтіруге жататыны" деген 17-бағанда (24-бағ.+29-бағ.+34-бағ.)" – бюджет қаражатын пайдалану кезінде бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың сақталуына мемлекеттік аудит жүргізу қорытындысы бойынша қалпына келтіруге жататын сома (24-бағ.), активтерді пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама бұзушылықтары (29-бағ.), бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары (34-бағ.) көрсетіледі;

"Оның ішінде өтелуге жататыны" деген 18-бағанда (26-бағ.+31-бағ.)" – бюджет қаражатын пайдалану кезінде бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың сақталуына мемлекеттік аудит жүргізу қорытындысы бойынша өтелуге жататын сома (26-бағ.), активтерді пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама бұзушылықтары (31-бағ.) көрсетіледі;

"Оның ішінде мемлекеттік аудит барысында қалпына келтірілгені" деген 20-бағанда (25-бағ.+30-бағ.+35-бағ.)" – бюджет қаражатын пайдалану кезінде бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтарының анықталған фактілері бойынша мемлекеттік аудит барысында қалпына келтірілген қаржылық бұзушылықтар сомасы (25-бағ.), активтерді пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама бұзушылықтары (30-бағ.), бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары (35-бағ.) көрсетіледі;

"Оның ішінде мемлекеттік аудит барысында өтелгені" деген 21-бағанда (27-бағ.+32-бағ.)" – бюджет қаражатын пайдалану кезінде бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтарының анықталған фактілері бойынша мемлекеттік аудит жүргізу барысында өтелген қаржылық бұзушылықтар сомасы (27-бағ.), активтерді пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама бұзушылықтары (32 -бағ.) көрсетіледі;

"Оның ішінде қалпына келтірілгені (өтелгені), соның ішінде трансферттер" деген 22-бағанда – трансферттерді пайдалану кезінде қалпына келтірілген және өтелген сома көрсетіледі;

"Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнама бұзушылықтары, барлығы" деген 23-бағанда – республикалық бюджет қаражатын, соның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, концессиялық

жобаларды бюджеттен қоса қаржыландыруды, сондай-ақ кепілгерліктерді пайдалану кезінде анықталған бұзушылықтардың сомасы көрсетіледі;

"Активтерді пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама бұзушылықтары, барлығы" деген 28-бағанда – мемлекет пен квазимемлекеттік сектордың активтерін, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мемлекеттік және бюджеттік бағдарламаларда көзделген мақсаттар мен іс-шараларға бөлінген бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бұзушылықтардың анықталған сомасы көрсетіледі;

"Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары, барлығы" деген 33-бағанда – анықталған бұзушылықтардың сомасы, атап айтқанда бухгалтерлік есепті жүргізудегі бұзушылықтар, бюджеттік есепті жүргізу, есептілікті жасау және ұсыну қағидаларының бұзушылықтары, активтерді, материалдарды, құндылығы төмен тез тозатын заттарды негізсіз есептен шығару, жазалау шараларын қабылдамау, сондай-ақ дебиторлық берешекті жасыру немесе негізсіз есептен шығару, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің лауазымды адамдарының іс-әрекеттері нәтижесінде қаражатты өтеу немесе қалпына келтіру қажеттілігі туындап, олардың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы көрсетіледі;

"Анықталған рәсімдік бұзушылықтардың жалпы саны" деген **36-бағанда** – мемлекеттік аудит барысында анықталған рәсімдік бұзушылықтардың жалпы саны, оның ішінде:

"Бұзушылық фактісін сипаттау, НҚА-ның бұзылған ережелеріне сілтеме жасау" деген 37-бағанда – құқық нормалары бұзылған тармаққа сілтеме жасала отырып, бұзушылық фактісі қысқаша түрде сипатталады. Жүргізілген мемлекеттік аудит барысында анықталған қаржылық бұзушылықтардың сомалары қалпына келтірілген (өтелген) жағдайда, мемлекеттік аудит материалдарына қоса берілетін растайтын құжаттарға сілтеме жасала отырып, қабылданған шаралар көрсетіледі;

"Бұзушылықтар сыныптауышының тармағы (болған жағдайда)" деген **38-бағанда** – Сыныптауыштың тармағы көрсетіледі;

"Жиыны" деген жолда – мемлекеттік аудит объектілерінің бөлінісінде тізілім (жиынтық тізілім) деректері көрсетіледі (1-жол+2-жол+3-жол+...).

3-бөлім. Мемлекеттік аудит объектісі қызметіндегі өзге де заңнама бұзушылықтары, сондай-ақ оның міндеттері мен функцияларын іске асыруға байланысты кемшіліктер мен олқылықтар:

"Р/с №" деген 1-бағанда – мемлекеттік аудит объектілерінің реттік нөмірлері ( 1, 2, 3 және т.б.) көрсетіледі;

"Жыл" деген 2-бағанда – есепті кезеңдер көрсетіле отырып, мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды" деген 3-бағанда – ББС-ға сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, мемлекеттік (үкіметтік) бағдарламаны әзірлеушінің/бірлесіп орындаушының атауы" деген 4-бағанда – бюджеттік бағдарламаларды, мемлекеттік (үкіметтік) бағдарламаны жоспарлауға, негіздеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік орган, әзірлеуші/бірлесіп орындаушы көрсетіледі;

"Мемлекеттік аудит объектісінің атауы" деген 5-бағанда – Аудит жоспарында , Аудит бағдарламасында және Аудиторлық тапсырмаларда көзделген мемлекеттік аудит объектісінің толық атауы көрсетіледі;

"Мемлекеттік аудит объектісінің БСН-і" деген 6-бағанда – мемлекеттік аудит объектісінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда) көрсетіледі;

"Өңірдің коды" деген 7-бағанда – мемлекеттік аудит объектісі тіркелген аумақтың коды көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарламаның коды" деген 8-бағанда – ББС-ға сәйкес бюджеттік бағдарламаның коды көрсетіледі; бұл ретте, республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке бөлінген трансферттер, кредиттер мен басқа да қаражат қамтылған жағдайда, жергілікті бюджеттік бағдарламаның коды көрсетіледі. Мұндай жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламаның коды ақпарат түрінде 14-бағанда көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарламаның атауы" деген 9-бағанда – ББС-ға сәйкес бюджеттік бағдарламаның атауы көрсетіледі. Бұл ретте, республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке бөлінген трансферттер, кредиттер мен басқа да қаражат қамтылған жағдайда, жергілікті бюджеттік бағдарламаның коды көрсетіледі. Мұндай жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламаның атауы ақпарат түрінде 14-бағанда көрсетіледі;

"Тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы (мың теңге)" деген 10-бағанда тиімсіз жоспарланған қаражаттың (активтердің) анықталған сомасы көрсетіледі;

"Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы (мың теңге)" деген 11-бағанда – тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор активтерінің анықталған сомасы көрсетіледі;

"Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын іске асыру үшін қабылданған, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілері бұзушылықтарының сомасы (мың теңге)" деген 12-бағанда - Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын іске асыру үшін қабылданған

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілеріне мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтардың сомасы көрсетіледі.

"Жүйелі бұзушылықтар (саны, бірлікпен) деген 13-бағанда –жүргізілген мемлекеттік аудит барысында анықталған, соның ішінде мемлекеттік аудит объектісі болып табылмайтын заңды және лауазымды тұлғалардың заңнаманың жетілдірілмеуіне (НҚА арасындағы қайшылықтар, құқықтық реттеудегі олқылықтар, коллизиялар) және/немесе жұмыстың ұйымдастырылуына ( құзыретінің болмауы немесе жеткіліксіздігі, өкілеттіктерді қайталау, басқа ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау тетігінің жасалмауы және тағы басқалары) байланысты қызметіндегі жүйелі бұзушылықтар көрсетіледі;

"Тиісті нормативтік және құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, өзге де салалық заңнамадағы кемшілік, бұзушылық фактісін, жүйелі проблеманы сипаттау" деген 14-бағанда – мемлекеттік аудит барысында анықталған бюджет қаражаты, активтер түскен және оларды пайдаланған кезде заңнамадағы кемшіліктер мен олқылықтар, бюджет қаражатын қалыптастыру және пайдалану, мемлекеттік органға, квазимемлекеттік сектор субъетілеріне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау процесінің нормативтік құқықтық актілермен және әдіснамалық құжаттармен реттелмеген фактілері және тағы басқалары қысқаша түрде көрсетіледі.

Есеп комитетінің сыртқы
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
21-1-қосымша
нысан

Ескерту. Қағидалар 21-1-қосымшамен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## Ұсыным хат

(аудиторлық іс-шара объектісінің фирмалық бланкісінде жасалады)

Есеп комитетінің мүшесі

________________________

(Есеп комитетінің аудиторлық
іс-шараға жауапты мүшесінің
ТАӘ (болған жағдайда)

Осы ұсыным хат Сіз жүргізген___________________________________________
__________

_______________________________________________________________________
______

(аудитіне (аудиторлық іс-шараның атауы көрсетіледі)
байланысты жолданып отыр.

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Заңның 37-бабына сәйкес, мен, (аудит объектісінің атауы) басшысы, өзімнің жауаптылығымды мойындаймын және барлық бухгалтерлік және бастапқы құжаттардың толықтығы мен анықтығын, сондай-ақ аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында ұсынылған барлық ақпараттың толықтығы мен анықтығын растаймын. Бұдан басқа, "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Заңның 37-бабының 2-тармағында көзделген барлық міндеттемелердің орындалғанын растаймын.

Басшы ____________________________ _____________________________________ ________

(аудит объектісінің басшысы лауазымының атауы, қолы, ТАӘ (болған жағдайда)

Есеп комитетінің сыртқы
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
22-қосымша
Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитетінің Төрағасына
___________________________
(ТАӘ (болған жағдайда)

## АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫНЫҢ ҮЛГІЛІК НЫСАНЫ

Ескерту. 22-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

**I. Кіріспе бөлік**

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:_________________________

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: __________________________________

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: _______________________________

1.4. Мемлекеттік аудит тобының құрамы (мемлекеттік аудиторлардың сертификаттарының нөмірлерін көрсете отырып): _____________________________ ___

1.5. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: _________________

**II. Негізгі (талдамалық) бөлік:**

2.1. Өңірлік және (немесе) елдік бөліністе аудиттелетін саланың, соның ішінде мемлекеттік басқарудың және (немесе) экономика саласының,

әлеуметтік-экономикалық дамудың ағымдағы жай-күйін жиынтық талдау: _____
_____________________________________________________

2.2. Өңірлік және (немесе) елдік бөліністе аудиттелетін салаға, соның ішінде мемлекеттік басқаруға және (немесе) экономика саласына, әлеуметтік-экономикалық дамуға жүргізілген мемлекеттік аудиттің жиынтық нәтижелері ____________________________________________________________

2.2.1. Бюджет қаражатының, Ұлттық қор қаражатының, қарыздар мен активтердің бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті тікелей және түпкілікті нәтижелеріне, сондай-ақ қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге пайдаланылу тиімділігін жиынтық талдау және бағалау, аудиттелетін саланың дамуына әсері және саланың, экономиканың ілеспе бағыттарына мультипликативтік әсері (анықталған біртектес бұзушылықтардың, кемшіліктер мен проблемалардың жинақтап қорытылған нәтижелері, жүйелі кемшіліктерге, бюджет қаражаты мен активтерді тиімсіз жоспарлауға және пайдалануға, нәтижелерге қол жеткізбеуге байланысты, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің қызметіндегі өзге де проблемалық мәселелер, соның ішінде жүйелі проблемаларға әкеп соқтырған мәселелер бойынша бұзушылықтарға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау):_______________________________________

_______________________________

2.2.2. Мемлекеттік қызметтер көрсетудің толықтығы мен сапасын жиынтық талдау

_____________________________________________________

(көрсетілген кезде)

* 2.3. Құжаттың Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған деңгейдегі құжаттарымен декомпозициясын (мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары, көрсеткіштері, қаржыландыру көлемдері бойынша) талдау:

_____________________________________________________________

(МЖЖ құжаттарына аудит жүргізілген кезде)

* 2.3.1. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бағаланатын құжатына енгізілген түзетулерді талдау (себептері, бұрын қабылданған шешімдерде сабақтастықтың сақталуы, енгізілген түзетулердің Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарының нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштеріне қол жеткізуге әсері):

_________________________________________________________

(МЖЖ құжаттарына аудит жүргізілген кезде)

* 2.4. Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжатының іске асырылу тиімділігін талдау:

2.4.1 Міндеттердің іске асырылуын бағалау

1-міндет__________________________________________________

Нысаналы индикатор

Нысаналы индикаторлардың тиісті іс-шаралармен және қаржыландырумен қамтамасыз етілуінің негізділігі мен жеткіліктілігін бағалау (Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бағаланатын құжатының көрсеткіштері мен нысаналы индикаторларына қол жеткізу, олардың төмендеуі және (немесе) кемуі, сондай-ақ Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының бюджеттік бағдарламалардың жоспарланған нәтижелерімен өзара байланысын бағалау):_________________________

2-міндет_____________________________________________________

2.5. Қоғамның қанағаттануын бағалау нәтижелері:_______________

(бағалау жүргізілген кезде)

2.6. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе):_____________________

2.7. Мемлекеттік аудит объектілерінің жіберіп алған пайдасының және экономикалық шығындарының анықталған фактілері:

________________________

(болған кезде)

**ІІ. Жиынтық бөлік**

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар _______________

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар ______________

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар ________

3.4. Қосымша: ( __ парақ) __________________________________

**Есеп комитетінің мүшесі** _______________________________

(қолы, ТАӘ (болған жағдайда)

* Мемлекеттік аудит бағдарламасында тиісті мәселе болған кезде ашып жазылады

Ескертпе:

Аудиторлық қорытындының кіріспе бөлігінде мынадай деректер көрсетіледі:

1. Аудиторлық іс-шараның атауы – Мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесіне сәйкес аудиторлық іс-шараның атауы көрсетіледі.

2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты - бекітілген Аудит жоспарына сәйкес мемлекеттік аудиттің мақсаты көрсетіледі.

3. Мемлекеттік аудит объектілері - мемлекеттік аудит объектілерінің атауы, соның ішінде үстеме тексеру объектілері көрсетіледі.

4. Мемлекеттік аудит тобының құрамы - мемлекеттік аудитті жүргізген лауазымды адамдар, болған жағдайда мемлекеттік аудитор сертификатының нөмірі көрсетіледі.

5. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең – мемлекеттік аудит объектісі қызметінің нақты тексерілген кезеңі көрсетіледі (жылдары, айлары, қажет болған жағдайда бюджеттік бағдарламалардың нөмірлері немесе сұрақтар көрсетіле отырып ("қажет болған жағдайда басқа кезеңдер" деген сөздер көрсетілмей) және Аудит бағдарламасына сәйкес келеді).

Аудиторлық қорытындының негізгі (талдамалық) бөлігінің 2-бөліміндегі өңірлік және (немесе) елдік бөліністе аудиттелетін саланың, соның ішінде мемлекеттік басқарудың және (немесе) экономика саласының, әлеуметтік-экономикалық дамудың ағымдағы жай-күйіне талдау жүргізіледі, анықталған біртектес бұзушылықтардың, кемшіліктер мен жүйелі проблемалардың жинақтап қорытылған нәтижелері бойынша бюджет қаражатының, Ұлттық қор қаражатының, қарыздар мен активтердің пайдаланылу тиімділігіне, көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметтерді көрсетудің толықтығы мен сапасына жиынтық талдау және бағалау беріледі. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатына бағалау жүргізу кезінде бағаланатын құжаттың мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары, көрсеткіштері, қаржыландыру көлемдері бойынша Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарымен декомпозициясына, түзетулердің себептеріне және Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарының нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштеріне қол жеткізуге әсеріне талдау жүргізіледі, нысаналы индикаторлардың тиісті іс-шаралармен және қаржыландырумен қамтамасыз етілуінің негізділігіне және жеткіліктілігіне, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаты міндеттерінің іске асырылу тиімділігіне, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарында қойылған мақсаттарға, міндеттерге және көрсеткіштерге (индикаторларға) қол жеткізуге баға беріледі.

Аталған бөлімде болған жағдайда уәкілетті орган мен ұйымдардың қорытындыларының нәтижелері, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжатының іске асырылуына қоғамның қанағаттануының нәтижелері келтіріледі.

Аудиторлық қорытындының талдамалық бөлігінде әлеуметтік-экономикалық саланың дамуына аудит объектілерінің қызметінің әсеріне баға беріледі, аудиттің негізгі объектісінің қызметін жетілдіру және тиімділігін арттыру үшін, сондай-ақ өңірлік және (немесе) елдік бөліністе аудиттелетін салада, соның ішінде мемлекеттік басқаруда және (немесе) экономика саласында, әлеуметтік-экономикалық дамуда анықталған резервтер көрсетіледі.

Аудиторлық қорытындының жиынтық бөлігінің 3-бөлімінде мынадай бөлімдер қамтылады:

Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар - есептелген (толық есептелген) салықтар, айыппұлдар, өсімпұлдар туралы, бюджетке түсімдер енгізудің қамтамасыз етілгені және негізсіз пайдаланылған қаражаттың өтелгені,

тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берушілердің шарттық міндеттемелерін орындағаны, мемлекеттік аудит объектісінің бұзушылықтарға жол берген лауазымды адамдарына қолданылған тәртіптік жазалау шаралары туралы, мемлекеттік аудитті жүзеге асыру процесінде және мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша отырыс өткізілгенге дейін мемлекеттік аудит объектісінің бұзушылықтарды жоюына қатысты басқа да ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік аудит материалдарын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға беру туралы мәліметтер мен оларды қараудың нәтижелері (болған жағдайда) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдарда – Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжатында қойылған міндеттердің тиімсіз іске асырылуының/ қол жеткізілмеуінің себептері мен салдарын, кемшіліктер мен жүйелі проблемалар, сондай-ақ олар әкеп соқтыруы мүмкін салдар сипаттала отырып, аудиттің көрсеткіштері және жүргізілген мемлекеттік аудит мәселелері бойынша мемлекеттік аудит объектілері қызметінің нәтижелерін жалпы бағалау көрсетіледі.

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдарда Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің тұжырымдармен негізделген және анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің себептерін жоюға бағытталған ұсынымдары, сондай-ақ Есеп комитетінің отырысында аудиторлық іс-шараның қорытындыларын қарау туралы оның пікірі көрсетіледі.

Бөлімде:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне, уәкілетті мемлекеттік органдарға, жергілікті атқарушы органдарға, басқа да консультативтік-кеңесші органдарға нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсынымдар;

2) нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша қызметті ұйымдастыру жөніндегі Есеп комитетінің ұсынымдары;

3) мемлекеттік аудит объектісі басшылығының бюджет және өзге де заңнама талаптарының бұрын жол берген бұзушылықтарының салдарын барынша азайтуға бағытталған, аудиторлық іс-шара барысында және отырыс өткізілгенге дейін жасаған іс-әрекеттерін назарға алу туралы ұсыныстар көрсетіледі.

Аудиторлық қорытындыға мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілері қалпына келтірген және өтеген қаражат ( жұмыстар, тауарлар, көрсетілетін қызметтер) жөніндегі ақпарат міндетті түрде қоса беріледі.

Жекелеген бұзушылықтарды неғұрлым толығырақ ашу үшін негізгі ( талдамалық) бөлік қосымшалармен (кестелер, есептеулер, таратып жазулар)

толықтырылады. Қосымшалар Аудиторлық қорытындының негізгі мәтінімен бірге біртұтас бүтінді құрайды.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
23-қосымша

нысан

## Мемлекеттік аудит объектілері қалпына келтірген және өтеген қаражат (жұмыстар, тауарлар, көрсетілетін қызметтер) бойынша ақпарат

Ескерту. 23-қосымша алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Есеп комитетінің сыртқы
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау жүргізу
қағидаларына
24-қосымша

нысан

______________________________________________
Нұсқама жіберіліп отырған органның, ұйымның атауы
Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау
жөніндегі есеп комитетінің
№ _______

## НҰСҚАМАСЫ

Ескерту. 24-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

___________________________ *20*__ жылғы " ___"________
(органның орналасқан жері)
Нұсқаманың тақырыбы
Айқындаушы бөлік ______________________________________________
Тапсырмалық тармақтар _________________________________________
Есеп комитетінің мүшесі _________________________

*(қолы, аты-жөні, тегі)*

Ескертпе: Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің нұсқамасын (бұдан әрі – Нұсқама) жасау.

Нұсқамада анықталған бұзушылықтардың, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың жойылғаны, сондай-ақ осы бұзушылықтарға жол берген адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылық шараларын қабылдау және Нұсқаманың орындалғаны туралы ақпаратты Есеп комитетіне белгіленген мерзімде ұсыну туралы талап көрсетіледі.

Нұсқама мемлекеттік аудит объектісіне (басқа да мүдделі тұлғаларға):

1) негізсіз пайдаланылған бюджет қаражатын қалпына келтіру не оларды есеп бойынша қалпына келтіру, атаулылық және нысаналы сипат принципін бұза отырып пайдаланылған бюджет қаражатын, соның ішінде мақсаты бойынша пайдаланылмаған нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару, заңсыз іс-әрекеттер нәтижесінде мемлекетке келтірілген залалдың орнын толтыру туралы;

2) бұзушылық фактілері анықталған жағдайда, өнім берушілердің тауарларды жеткізуін (жұмыстарды орындауын және қызметтерді көрсетуін), басқа да шарттық міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету туралы, сондай-ақ басқа да шараларды қабылдау туралы;

3) Нұсқаманың орындалуы туралы ақпаратты сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органына онда белгіленген мерзімде ұсыну туралы талаптарды қамтиды.

Есеп комитетінің мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты мүшесі Нұсқама жобасын Есеп комитетінің отырысында талқылау үшін Аудиторлық қорытындының жобасымен бірге енгізеді.

Нұсқамаға Есеп комитетінің мүшесі қол қояды және мемлекеттік аудит объектісінің (ұйымдар мен лауазымды тұлғалар) мекенжайына оған (оларға) қатысты бөлігінде жіберіледі. Әрбір адресатқа жекелеген нұсқама жіберіледі.

Нұсқама Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің бланкісінде ресімделеді.

Республикалық бюджеттің атқарылуын
бақылау жөніндегі есеп комитетінің
2015 жылғы 30 қарашадағы
№ 17-НҚ нормативтік қаулысына
2-қосымша

# Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидалары

## 1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік аудит туралы заң) 12-бабы 4-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ Халықаралық жоғары аудит органдары ұйымының (ИНТОСАИ) ISSAI 100 – 400 халықаралық стандарттарының қолайлы ережелері ескеріле отырып әзірленді.

2. Қағидалар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының (бұдан әрі – Тексеру комиссиялары) мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру, сыртқы мемлекеттік аудитті жоспарлау, жүргізу, оның қорытындылары бойынша құжаттарды ресімдеу, қаржылық бақылауды жүзеге асыру, сапа бақылауын жүргізу, сыртқы мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша Тексеру комиссияларының аудиторлық қорытындысында берілген ұсынымдардың және Нұсқамалардың орындалуын мониторингтеуді және бақылауды ұйымдастыру, аудиторлық іс-шара нәтижелерінің бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілу және мемлекеттік аудит материалдарын есепке алу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аудиторлық рәсімдер – аудиторлық іс-шара барысында оны жүргізу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылатын, аудиторлық іс-шара мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті іс-қимылдар;

2) аудиторлық іс-шара – мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша аудиторлық есептер мен аудиторлық қорытындыларды дайындауға, жүргізуге, ресімдеуге бағытталған іс-қимылдар кешені;

3) қаулы – Тексеру комиссиясының аудиторлық қорытындыны бекітетін құжаты;

4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау материалдары – мемлекеттік аудитті жүргізу үшін қажетті құжаттар, сондай-ақ оның нәтижелері бойынша жасалған құжаттар және қоса беріліп отырған аудиторлық дәлелдемелер;

5) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілері – мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ бюджет қаражатын алушылар (бұдан әрі – мемлекеттік аудит объектілері);

6) мемлекеттік аудитор – мемлекеттік аудитор сертификаты бар, мемлекеттік аудитті және (немесе) қаржылық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік әкімшілік қызметші;

7) мемлекеттік аудитордың ассистенті – бухгалтерлік есеп және аудит саласында кәсіби білімі, мемлекеттік аудитке қатысу құқығы бар мемлекеттік қызметші;

8) мемлекеттік аудиттің сапа бақылауы – мемлекеттік аудиторлардың мемлекеттік аудитті жүзеге асыру кезінде Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарының және осы Қағидалардың талаптарын сақтауын тексеру ;

9) нұсқама – анықталған бұзушылықтарын және (немесе) оларға итермелейтін себептерді, жағдайларды жою, сондай-ақ осы бұзушылықтарға жол берген адамдарға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылық шараларын қолдану үшін мемлекеттік аудит объектілеріне, ұйымдар мен лауазымды адамдарға жіберілетін, орындау үшін міндетті Тексеру комиссиясының актісі.

10) сыртқы мемлекеттік аудит – Тексеру комиссиясы жүзеге асыратын:

бюджет қаражатының, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің және мемлекеттік аудит объектілерінің байланысты гранттардың, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздардың, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен, оның ішінде бюджетті атқаруға байланысты тәуекелдерді басқару жүйесіне негізделген басқа да қызмет кезінде тартылатын қарыздардың басқарылу және пайдаланылу тиімділігін;

халықтың тұрмыс жағдайлары сапасының қарқынды өсуін және елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұлттық ресурстардың (қаржылық, табиғи, өндірістік, кадрлық, ақпараттық) тиімді және заңды басқарылуын талдау, бағалау және тексеру (бұдан әрі – мемлекеттік аудит).

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

4. Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мемлекеттік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін пайдаланудың айқындығын, тиімділігін, жауаптылығын арттыруға бағытталған.

5. Мемлекеттік аудит Тексеру комиссияларының мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесінің (бұдан әрі – Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі) негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

6. Мемлекеттік аудит туралы заңның 50-бабының 3-тармағына сәйкес, Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінде көзделмеген тексерулерді жүргізу үшін мемлекеттік органдардың сұратулары бойынша Тексеру комиссияларының мемлекеттік аудиторлары мен өзге де лауазымды адамдарын тартуға жол берілмейді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

7. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге тікелей басшылықты Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты мүшесі өзіне бекітілген жұмыс бағыттары бойынша жүзеге асырады.

8. Мемлекеттік аудит тобы топ мүшелерінің мемлекеттік аудит объектілерімен үлестестігі тізімі (бұдан әрі – үлестестік тізімі) ескеріле отырып аудиторлық іс-шараны жүргізу басталғанға дейін қалыптастырылады. Үлестестік тізімі Тексеру комиссиясы қызметкерлерінің жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының, жақындарының жұмыс орны, олар қатысушылары, құрылтайшылары болып табылатын заңды тұлғалардың атауы, сондай-ақ сенім білдірілген тұлғалардың (мүлікті сенімгерлік басқаруға берген жағдайда) жұмыс орны туралы мәліметтерді қамтиды. Үлестестік тізімін Тексеру комиссиясының төрағасы бекітеді.

Мемлекеттік аудит тобының қалыптастырылған құрамы аудиторлық іс-шараны жүргізуге қатысатын Тексеру комиссиясының қызметкерлерін – мемлекеттік аудит тобының жетекшісін, мемлекеттік аудиторларды және (немесе ) мемлекеттік аудитордың (лардың) ассистентін (терін) (бұдан әрі – ассистент), сондай-ақ тартылған жағдайда, мемлекеттік органдардың мамандарын, сарапшыларды, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдарды (бұдан әрі – сарапшы) қамтиды.

Мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің міндеттері Тексеру комиссиясы Төрағасының шешімімен Тексеру комиссиясының Регламентінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік аудиторлардың біріне жүктеледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

9. Тексеру комиссиясының Регламентінде көзделген жағдайда, мемлекеттік аудит тобына заң қызметінің қызметкері (заңгер) бекітіледі, ол мемлекеттік аудит объектісіне шықпай (қажет болған жағдайда шығу арқылы) аудиторлық

іс-шараны сүйемелдейді, сондай-ақ мемлекеттік аудит тобы басшысының жүргізіліп жатқан мемлекеттік аудит мәселелері бойынша қажетті құжаттары қоса берілген жазбаша сұрау салуларына бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталған кезде заңнаманы қолдануға қатысты жазбаша консультация береді.

10. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің жазбаша консультациялары тек қойылған мәселелер шеңберінде және ұсынылған құжаттар көлемдері шегінде көрсетіледі.

11. Аудиторлық іс-шараларды жүргізу кезінде Тексеру комиссиясының қызметкерлері, сондай-ақ тартылатын сарапшылар Мемлекеттік аудит туралы заңда белгіленген құзыреттеріне сүйене отырып, осы Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабын және осы Қағидаларды басшылыққа алады.

12. Тексеру комиссиясы мемлекеттік аудиттің мынадай типтерін жүзеге асырады:

1) тиімділік аудиті – мемлекеттік аудит объектісінің қызметін тиімділік, үнемділік, өнімділік және нәтижелілік тұрғысынан бағалау және талдау;

2) сәйкестік аудиті – мемлекеттік аудит объектісінің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілерін сақтауын бағалау, тексеру;

3) қаржылық есептілік аудиті – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық есептілігінің, бухгалтерлік есебінің және қаржылық жай-күйінің анықтығын, негізділігін бағалау.

13. Мемлекеттік аудиттің типтері бойынша аудиторлық іс-шараларды жүргізудің ерекшеліктері Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкес белгіленеді.

14. Тексеру комиссиялары мемлекеттік аудит шеңберінде Мемлекеттік аудит туралы заңның 17-бабының 4-тармағында көзделген үстеме, бірлескен, қатар тексерулерді жүргізеді.

15. Мемлекеттік аудит:

жергілікті бюджетті жоспарлау, қалыптастыру, бөлу, пайдалану және мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін пайдаланудың ;

аумақтарды дамыту бағдарламаларын және бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың;

бюджет процесіне қатысушылардың, соның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, сондай-ақ басқа да бюджет қаражатын алушылардың, байланысты гранттарды, мемлекет кепілгерліктері мен активтерін, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, бюджеттік инвестицияларды пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың бюджет және өзге де заңнама нормаларын, оларды іске асыру үшін квазимемлекеттік сектор субъектілері

қабылдаған актілерді сақтауының тәуекелдерін бағалау, оларды мониторингтеу, салыстыру, тексеру, бағалау және талдау арқылы жүргізіледі.

16. Тексеру комиссиялары мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді талдауды, жинақтап қорытуды және жүйелеуді жүзеге асырады.

## 2-бөлім. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру

17. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру Мемлекеттік аудит туралы заңның 8, 18-баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру мемлекеттік аудит объектілерінің заңнама нормаларының, квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің, соның ішінде бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін (бұдан әрі – актив) жоспарлауға, қалыптастыруға, бөлуге, пайдалануға байланысты нормаларының бұзушылықтарын анықтау, жою және оларға жол бермеу мақсатында, Тексеру комиссиясының Мемлекеттік аудит туралы заңда көзделген өкілеттіктерін іске асыру үшін жүргізіледі.

19. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі мемлекеттік аудит объектілерінің қайталануын жою мақсатында, тиімділік аудитінің перспективалық жоспарының, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимылы, мемлекеттік аудит нәтижелерін тану негізінде, кезекті жылға арналған аудиторлық іс-шараларды сапалы және тиімді жүзеге асыру үшін қалыптастырылады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

20. Алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

21. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі Тексеру комиссиясының ведомстволық ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ТК ВАЖ) қалыптастырылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

22. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру үшін Тексеру комиссиясының мүшелері мемлекеттік аудит объектілерінің тәуекелдерін бағалауды және қосымша көздерден алынған деректер мен сұрау салуларды

ескере отырып, Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың бірыңғай дерекқорының (бұдан әрі – Бірыңғай дерекқор) негізінде жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей, Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасына ұсыныстарын осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудиторлық іс-шараны жүргізуге өтінім (бұдан әрі – Өтінім) түрінде дайындайды.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

23. Тексеру комиссияларының мүшелері мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшемен бірлесіп, Өтінімді жасау кезінде мемлекеттік аудит объектілерін және мемлекеттік аудитпен қамтылатын бюджет қаражаты мен активтердің болжамды көлемін, аудиторлық іс-шараның атауын, өз бағыттары бойынша мемлекеттік аудиттің типтері мен тексеру түрлерін, аудиторлық іс-шараның әрбір кезеңін жүргізу мерзімдерін, сондай-ақ мемлекеттік аудиторлардың қажетті санын ескере отырып, ассистенттер мен сарапшыларды тартудың қажеттілігін айқындайды.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

23-1. Тексеру комиссияларының Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасын қалыптасыру кезінде:

бюджет қаражаты мен активтер тиімсіз жұмсалатын не болмаса Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары, бюджеттік инвестициялар тиімсіз іске асырылатын белгілі бір мемлекеттік аудит объектілерінде аудиторлық іс-шаралар ұйымдастыру мәселелері туралы жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

бюджет қаражаты мен активтердің қалыптастырылуы және жұмсалуы, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары және бюджеттік инвестициялардың іске асырылуы барысындағы бұзушылықтар туралы бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингілеу нәтижелері;

жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше жүзеге асыратын мемлекеттік аудит объектілерінің тәуекелдерін бағалау нәтижелері;

елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының, соның ішінде мемлекеттік басқару және экономика салалары бөлінісіндегі статистикалық деректер мен басқа да мәліметтер қарауға жатады.

Ескерту. Қағидалар 23-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

23-2. Тексеру комиссиясы мүшесінің аудиторлық іс-шараның бағытын таңдауы мынадай өлшемшарттарға негізделеді:

аудиторлық іс-шараның бағыттарының Мемлекеттік аудит туралы заңда белгіленген Тексеру комиссиясының құзыреттеріне сәйкестігі;

бюджет қаражаты мен активтерді қалыптастыру және (немесе) пайдалану кезінде, сондай-ақ әлеуетті түрде теріс нәтижелерге әкеп соғуы мүмкін мемлекеттік аудит объектілері қызметінде тәуекелдердің болуы;

осы саладағы аудитке жататын және (немесе) мемлекеттік аудит объектілері пайдаланатын бюджет қаражаты мен активтердің болжамды көлеміне;

мемлекеттік аудит объектілерінде алдыңғы аудиторлық іс-шараларды жүргізу мерзімдері мен нәтижелеріне;

аудиторлық іс-шараны жүзеге асыру үшін еңбек және басқа да ресурстардың жеткіліктілігі;

бюджет қаражаты мен активтерді жұмсаудың басым бағыттарына сәйкес жоспарланатын жылғы бюджеттің аудитпен қамтылуына;

аралық іске асыру қорытындылары бойынша немесе Мемлекеттік басқару жүйесінің құжаттарын іске асыруды аяқтау кезеңінде бюджет қаражаты мен активтер есебінен объектілерді пайдалануға енгізуде олардың күшін жоюға қою тиімділігін бағалау жүргізу қажеттілігіне.

Мемлекеттік аудит объектілерін іріктеу кезінде бюджеттік бағдарламаларға, бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, тәуекелдердің жоғары және орта топтарына жатқызылған Мемлекеттік басқару жүйесінің құжаттарына басымдық беру керек.

Ескерту. Қағидалар 23-2-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

24. Тексеру комиссиясы жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімшемен бірлесіп, жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 20 қарашасына дейін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетімен ( бұдан әрі – Есеп комитеті) және басқа да мемлекеттік органдармен жүзеге асыратын бірлескен, қатар тексерулерді Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасына енгізу үшін оларды жүргізу мәселелерін келіседі.

25. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің алдын ала жобасын, сондай-ақ осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік аудит объектілерінің нақтыланған тізбесін жоспарланатын

жылдың алдындағы жылдың 5 желтоқсанына дейін Есеп комитетіне және Ішкі аудит жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі – Уәкілетті орган) жібереді.

Тексеру комиссиясы төрағасының кеңесінде мемлекеттік аудит объектілерінің нақтыланған тізбесімен Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің алдын ала жобасын қарау кезінде олардың өтінімдері бойынша Тексеру комиссиясы мүшелерінің баяндамалары тыңдалады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

26. Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің келісілген жобасы жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 25 желтоқсанына дейін Тексеру комиссиясының отырысында қаралады және мақұлданады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

27. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін Тексеру комиссиясының Интернет-ресурсына орналастыруды жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше ол бекітілген және өзгерістер (толықтырулар) енгізілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

28. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін бекіту туралы бұйрық тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі (бұдан әрі – ЭҚАБЖ) және (немесе) жазбаша түрде пошта арқылы Есеп комитетіне, Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне , құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға жіберу жүзеге асырылады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

29. Бекітілген Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне өзгерістер ( толықтырулар) енгізу туралы бұйрық тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны ЭҚАБЖ және (немесе) жазбаша түрде пошта арқылы мыналарға:

1) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға;

2) Есеп комитетіне және Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне Мемлекеттік аудит объектілерінің өзгертілген (толықтырылған) нақтыланған тізбесінің қоса берілуімен жіберу жүзеге асырылады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

30. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше бекітілген Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің орындалуына тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

31. Аудиторлық іс-шаралардың қайталануын болдырмау мақсатында, жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше Есеп комитетінің және Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің мемлекеттік аудит объектілері тізбелерінің өзгерістеріне тоқсан сайынғы негізде мониторинг жүргізеді.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

32. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі бекітілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшемен бірге тоқсан сайын нақтыланатын аудиторлық іс-шаралардың аяқталуын ескере отырып, отырыстар өткізудің жылдық жоспарды қалыптастырады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

33. Есепті кезеңнің қорытындылары бойынша Тексеру комиссиясының Төрағасына Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің іске асырылуы туралы ақпарат ұсынылады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

34. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тапсырмаларына негізделген Есеп комитетінің сұрау салулары, тиісті мәслихаттардың шешімдері және (немесе) Тескеру комиссиясы төрағасының бастамасы бойынша, сондай-ақ аудит, сапа бақылауын жүргізуге және жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшыларының қолдары қойылған және өзекті етілген Өтінімді, сондай-ақ өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің негізділігін растайтын құжаттарды (материалдарды) қоса бере отырып, Тексеру комиисиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қызметтік жазбасының негізінде осы Қағидалардың 51-тармағында көзделген негіздер бойынша өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 3-бөлім. Жеке мемлекеттік аудитті жоспарлау және оны жүргізу

## 1-кіші бөлім. Жеке мемлекеттік аудитті жоспарлау

35. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге дайындық оның бастапқы кезеңі болып табылады, онда:

1) мемлекеттік аудит объектілерін алдын-ала зерделеу;

2) тексеру тағайындауға актілер болып табылатын мемлекеттік аудит жүргізу жоспарын (бұдан әрі – Аудит жоспары), мемлекеттік аудит жүргізу бағдарламасын (бұдан әрі – Аудит бағдарламасы), аудиторлық іс-шараны, бірлескен және қатар тексерулерді жүргізуге тапсырманы (бұдан әрі – Тапсырма), аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған аудиторлық тапсырманы (бұдан әрі – Аудиторлық тапсырма) және өзге де құжаттаманы жасау жүзеге асырылады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

36. Жеке мемлекеттік аудит жүргізуге дайындық Мемлекеттік аудит туралы заңның 8 және 17-баптарына, осы Қағидаларға және сыртқы мемлекеттік аудитті жүргізуді регламенттейтін өзге де құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

### 1-параграф. Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу

37. Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеуді мемлекеттік аудит тобының барлық қатысушылары мемлекеттік аудит объектісіне бармай, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі заңнамаға сәйкес жүзеге асырылатын аудиторлық іс-шараларды қоспағанда, олардың қызметі туралы мемлекеттік аудиттің типін, тексеру түрі мен мемлекеттік аудит объектілерін, аудиторлық іс-шарамен қамтылатын қаражат және активтер көлемін, мемлекеттік аудит жүргізу мерзімдерін нақтылауға, мемлекеттік аудит мәселелерін айқындауға, соның ішінде қаражаттың жұмсалуы туралы мәліметтерде және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 97-бабына сәйкес жүргізілген ағымдағы бақылау нәтижелерінде көзделген деректерді өзекті етуге қажетті ақпаратты жинау және талдау жолымен жүргізіледі.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

38. Мемлекеттік аудиттің типіне қарай мынадай көрсеткіштер айқындалады:

1) тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы;

2) үнемділік – қызметтің бағаланатын нәтижелерінің тиісті сапасын сақтай отырып, осы нәтижелерге қол жеткізу үшін бөлінген ресурстардың құнын барынша азайту;

3) өнімділік – санын, сапасын және мерзімдерін ескере отырып бөлінген ресурстарды пайдалана отырып, экономика немесе жекелеген басқару саласы үшін барынша пайдалы нәтиже алу;

4) нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы;

5) мәнділік – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер;

6) перспективалық – жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі.

39. Мемлекеттік аудит объектісі туралы ақпаратты талдау негізінде алдын ала зерделеу барысында мемлекеттік аудиттің типіне және аудиторлық іс-шараның

мақсатына қарай, осы Қағидалардың 38-тармағында көзделген мемлекеттік аудит көрсеткіштерін қоспағанда, мынадай көрсеткіштер айқындалады:

1) тәуекелдердің болуы мен дәрежесі – тексерілетін саладағы бюджет қаражаты мен активтерінің қалыптастырылуына және пайдаланылуына немесе мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық-шаруашылық қызметіне теріс әсер ететін, салдарынан бұзушылықтар мен кемшіліктер болуы мүмкін қандай да бір факторлардың (іс-қимыл немесе оқиғалардың) болуын айқындау;

2) ішкі аудиттің болуы мен жай-күйі – осы мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық рәсімдердің көлемін жоспарлау және оларды жүргізу мақсатында, мемлекеттік аудит объектісінің қызметіндегі ол жүзеге асыратын ішкі бақылаудың тиімділігі дәрежесіне алдын ала бағалау жүргізу;

3) мемлекеттік аудиторлардың мемлекеттік аудит объектілерімен үлестес болуы – Тексеру комиссиясы мемлекеттік аудиторларының үлестестік тізімінің деректерін зерделеу.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

40. Осы Қағидалардың 38 және 39-тармақтарында көрсетілген көрсеткіштер айқындалған және (немесе) басқа да арнайы көрсеткіштер әзірленген соң, аудиторлық іс-шараның мақсаттары мен мәселелері қалыптастырылады, оны жүргізу әдістері (талдау, салғастыру, бағалау, тексеру, зерттеп-қарау, аудиторлық іріктеу, мәнділік мөлшері және басқасы) айқындалады, сондай-ақ қажетті аудиторлық рәсімдердің көлемі жоспарланады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

41. Мәнділіктің шекті мөлшерін, мемлекеттік аудит үшін анағұрлым маңызды болатын салалар, мемлекеттік аудит объектілерінің тәуекелдерін және ішкі аудитінің жай-күйі мен ішкі бақылау жүйесін бағалау, аудиторлық іріктеуді қолдану әдістерін айқындаудың тәртібі Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкес, мемлекеттік аудиттің типіне қарай белгіленеді.

42. Мемлекеттік аудит тобы мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін алдын ала зерделеуді аудиторлық іс-шараның негізгі кезеңін жүргізуді бастағанға дейін кемінде бес жұмыс күні немесе Тексеру комиссиясының Регламентінде белгіленген мерзім ішінде аяқтай отырып, Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінде көзделген мерзімдерде жүргізеді.

43. Алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

44. Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ресімделетін Алдын ала зерделеу жүргізу туралы хабарлама мемлекеттік аудит объектісіне оны жүргізудің басталатын күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

45. Мемлекеттік аудит объектісіне осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтер, құжаттама, ақпарат және материалдар ( дәлелдемелер) ұсыну туралы талап (бұдан әрі – Құжаттар ұсыну туралы талап) жіберіледі.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

46. Мемлекеттік аудит тобы Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің басшылығымен:

1) осы Қағидаларға 8-қосымшада ұсынылған мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу барысында зерделенетін Мәселелердің үлгі тізбесіне сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін алдын ала зерделеу үшін ақпарат көздеріне талдау жүргізеді;

2) қолжетімді көздерден, Бірыңғай дерекқордан ақпарат жинауды және Мемлекеттік аудит туралы заңның 21-бабына сәйкес, мемлекеттік аудит объектілеріне, лауазымды, жеке және заңды тұлғаларға Құжаттар ұсыну туралы талапты жіберуді жүзеге асырады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

47. Қолдағы бар және Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу қорытындысы бойынша алынған деректерге жүргізілген зерделеуге және талдауға сәйкес аудит объектісін алдын ала зерделеу кезінде Тексеру комиссиясының жоспарлаған мемлекеттік аудитімен сәйкес келетін мемлекеттік аудитпен қамтылатын мақсат, кезең бойынша басқа мемлекеттік аудит органдарының аудиторлық іс-шаралар (тексеру немесе бақылау) жүргізу мәселелері міндетті түрде қаралады.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

48. Егер алдын ала зерделеу сатысында мемлекеттік аудит объектісінде басқа мемлекеттік аудит органы аудиторлық іс-шарамен қамтылатын мақсаты, кезеңі бойынша Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шарасымен сәйкес келетін мемлекеттік аудит жүргізу фактісі анықталса, онда мемлекеттік аудит нәтижелерін тану жүргізуге бастамашылық жасалады және Есеп комитетінің атына мемлекеттік аудиттің нәтижелерін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың стандарттарына сәйкестігіне тану рәсімін жүргізу туралы сұрау салу жіберіледі. Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану Мемлекеттік аудит туралы заңның 8, 19-баптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

49. Басқа мемлекеттік аудит органы жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелерін Есеп комитеті таныған жағдайда, аудиторлық іс-шара жүргізілмейді немесе мемлекеттік аудиттің көлемдері қысқартылып жүргізіледі. Тану нәтижелері Аудит жоспарын, Аудит бағдарламаларын, Мемлекеттік аудиторлардың аудиторлық тапсырмаларын қалыптастыру кезінде ескеріледі.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

50. Қолдағы бар және мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу қорытындысы бойынша алынған деректерге жүргізілген зерделеу мен талдауға сәйкес:

1) мемлекеттік аудит нәтижелерін тану (танымау), тәуекелдерді бағалау және аудиторлық іріктеу ескеріле отырып, мемлекеттік аудиттің типіне, тексерудің түріне және мемлекеттік аудит объектілеріне, мемлекеттік аудитпен қамтылатын қаражаттың, активтердің көлеміне, кезеңіне нақтылау жүргізіледі.

2) мемлекеттік аудит объектілері – мемлекеттік аудиторлардың және олар тартылған жағдайда ассистенттердің арасында, бірлескен және қатар тексеру жүргізілген кезде мемлекеттік органдар мен мемлекеттік аудит органдары арасында бөлінеді;

3) үстеме тексеру объектілері айқындалады;

4) мемлекеттік аудитті жүргізуге тартылатын ассистенттер, сарапшылар және мемлекеттік аудиттің соларға тапсырылуы жоспарланатын нақты мәселелері айқындалады;

5) режимдік объектілерде мемлекеттік аудит жүргізілген жағдайларда, рұқсат алу мәселелері пысықталады;

6) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының (келісімімен аудиторлық іс-шара жүзеге асырылатын лауазымды адам) міндеттерін атқару жөніндегі талапқа қосу мақсатында, аудиторлық іс-шараны жүзеге асыру үшін құжаттардың және басқа да ақпараттың тізбесі жасалады;

7) жоспарланған мемлекеттік аудитті жүргізуге қажетті ақпарат көздері айқындалады;

8) мемлекеттік аудит тобының жетекшісі мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеудің нәтижелері туралы ақпаратты осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасайды.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

51. Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі:

1) басқа мемлекеттік аудит органдары мемлекеттік аудит (тексеру немесе бақылау) жүргізген және оларды таныған;

2) құқық қорғау органдары құқық белгілеуші және өзге де бастапқы құжаттарды алып қойған;

3) мемлекеттік аудитті жоспарлау күніне құқық қорғау органдары тексерулер жүргізген немесе бюджеттік бағдарламалардың мақсаты және жоспарланған аудиторлық іс-шараның кезеңі бойынша басқа мемлекеттік аудит органдары жоспардан тыс аудит жүргізген;

4) аудит объектісін басқарудың басқа уәкілетті органының қарамағына берген ;

5) жүргізілетін аудиторлық іс-шараның мерзімдері өзгерген кездерде тиісінше негіздей отырып, Тексеру комиссиясының төрағасына аудитті, жоспарлауды және сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшілері басшыларының қолдары қойылған, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу не Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінен аудиторлық іс-шараны алып тастау туралы қызметтік жазба енгізеді.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

52. Осы Қағидалардың 51-тармағында көзделген қызметтік жазбаны қараудың қорытындысы бойынша Тексеру комиссиясының Төрағасы өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу және (немесе) Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінен аудиторлық іс-шараны алып тастау туралы шешім қабылдайды.

## 2-параграф. Аудит жоспарын, Аудит бағдарламасын, Аудиторлық тапсырма және Тапсырмалар жасау

53. Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану (танымау) ескеріле отырып, мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерделеудің негізінде осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Аудит жоспары, осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Аудит бағдарламасы, осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Аудиторлық тапсырмалар жасалады.

54. Аудит жоспары, Аудит бағдарламасы, Аудиторлық тапсырмалар және Тапсырмалар ТК ВАЖ-да және (немесе) ЭҚАБЖ арқылы қалыптастырылады.

55. Аудит жоспары және Аудит бағдарламасының жобалары бойынша Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына және осы Қағидаларға сәйкес сапа бақылауы жүргізіледі.

Сапа бақылауын жүргізу мақсатында сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге мыналар:

1) мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеудің нәтижелері туралы ақпарат;

2) осы Қағидалардың 51-тармағына сәйкес Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қызметтік жазбасы;

3) аудит жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысымен және аудиторлық іс-шараға жауапты Тексеру комиссиясының мүшесімен келісілген Аудит жоспары мен Аудит бағдарламасының жобалары ұсынылады.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

56. Аудиторлық іс-шараға (негізгі кезең) шыққанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей немесе Тексеру комиссиясының Регламентінде белгіленген мерзімде:

1) мемлекеттік аудит тобының жетекшісі жасап, оған мемлекеттік аудит жүргізуге, жоспарлауға, сапаны бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұрыштама қойған және Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі қол қойған Аудит жоспары Тексеру комиссиясының Төрағасына бекітуге енгізіледі;

2) Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудит тобының қатысушылары мемлекеттік аудит объектілері бойынша жасап, мемлекеттік аудит тобының жетекшісі, мемлекеттік аудитті

жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы жинақтаған және қол қойған, жоспарлауға, сапаны бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұрыштама қойған Аудит бағдарламасын бекітеді;

3) Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудит тобының әрбір қатысушысына жеке-жеке жасалып, мемлекеттік аудиторлар, мемлекеттік аудит тобының жетекшісі, мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысы қол қойған Аудиторлық тапсырманы бекітеді;

4) Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудит тобының қатысушылары жасап, мемлекеттік аудит тобының жетекшісі, мемлекеттік аудит жүргізуге, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты бөлімшелердің басшылары бұрыштама қойған Тапсырмаларға қол қояды;

5) кадр қызметі осы Қағидалардың 56-тармағының 1) тармақшасында көзделген Аудит жоспары бекітілгеннен кейін іссапарға жіберу туралы бұйрықтарды уәкілетті лауазымды адамға қол қоюға енгізеді.

Ескерту. 56-тармаққа өзгеріс енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

57. Осы Қағидалардың 56-тармағында көрсетілген құжаттарға қол қойылғаннан кейін Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі және мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше Аудит жоспарын, Аудит бағдарламасын, Аудиторлық тапсырмаларды және Тапсырмаларды ЭҚАБЖ-да бір тіркеу нөмірімен тіркейді.

58. Тіркеу нөмірлері күнтізбелік жылдың бас кезінен мынадай мәндері көрсетіле отырып беріледі:

N-Ж – Аудит жоспары;

N-Б – Аудит бағдарламасы;

N-АТ – Аудиторлық тапсырмалар. Бір аудиторлық іс-шараға аудиторлық тапсырмаларға ортақ нөмір беріледі;

N-П-Т – Аудиторлық іс-шараны, үстеме, бірлескен және қатар тексерулерді жүргізуге тапсырма, мұнда N – Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес, аудиторлық іс-шараның реттік нөмірі, П – тапсырманың реттік нөмірі.

N-ҚТ–аудиторлық іс-шараның сапасын бақылаудың қорытындысы бойынша Қайта тексеруге тапсырма.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

59. Екінші және кейінгі Тапсырмаларды бір аудиторлық іс-шараның шеңберінде тіркеу көрсетілген мәнге дефис арқылы реттік нөмір бере отырып (-1Т, -2-Т және тағы басқалары), сол реттік нөмірмен (N) жүзеге асырылады.

Тіркелген Тапсырмаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, мемлекеттік аудит объектісі, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті орган бір мезгілде хабардар етіле отырып, жаңа Тапсырма қабылданады.

Үстеме тексеру жүргізуге берілген тапсырмаға негізгі мемлекеттік аудит объектісіндегі Аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырманың нөміріне бөлшек қою арқылы реттік нөмір беріледі (N-1/1-Т, N-2/1-Т және тағы басқалары).

Егер үстеме тексеру жүргізілетін объект мемлекеттік аудит жүргізу барысында айқындалса, онда тапсырманы тіркеу объектіге шыққанға дейін кемінде 1 жұмыс күні бұрын жүзеге асырылады.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

60. Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мен мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы аудиторлық іс-шараға (негізгі кезең) шыққанға дейін мемлекеттік аудит тобының қатысушыларына техникалық сабақ (нұсқама) өткізеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарының, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 18-НҚ нормативтік қаулысы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 601 бірлескен бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде №12575 болып тіркелген) Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында техникалық оқу өткізуге (нұсқамалық) Тексеру комиисиясының әдеп жөніндегі уәкілі тартылады.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

61. Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі тікелей мемлекеттік аудит объектісінде мемлекеттік аудит жүргізудің (үстеме тексеруді қоспағанда) негізгі кезеңі басталғанға дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей

немесе Тексеру комиссиясының Регламентінде белгіленген мерзімде, мемлекеттік аудит объектісіне осы Қағидалардың 44-тармағында көзделген нысан бойынша аудиторлық іс-шара жүргізу туралы хабарлама жібереді.

62. Аудит бағдарламасы Аудит жоспарын дамыту үшін жасалып, мемлекеттік аудит көрсеткіштерінен және оны іс жүзінде іске асыруға қажетті мәселелерден тұрады.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

63. Аудит бағдарламасының мәселелері аудиторлық іс-шараның қойылған мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

64. Аудит жоспарында, Аудит бағдарламасында және Тапсырмада аудиторлық іс-шараның мақсаты Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінде көзделген мемлекеттік аудиттің тақырыбына (аудиторлық іс-шараның атауына), жүргізілетін типіне және Мемлекеттік аудит туралы заңның 13-бабының 1, 2, 3-тармақтарында көзделген мемлекеттік аудит бағыттарына сүйене отырып айқындалады.

65. Сәйкестік аудитінің бағдарламасын жасау кезінде Мемлекеттік аудит туралы заңның 13-бабының 2-тармағында көзделген бағыттарға сәйкес, соның ішінде мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін реттейтін және регламенттейтін заңнама нормаларын, нормативтік құқықтық актілер ережелерін, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілерін, ұйымның белгіленген тәртібін сақтау, олардың қаржылық есептілікті жасау және ұсыну мәселелерін көрсеткен жөн.

66. Қаржылық есептілік аудитінің бағдарламасын жасау кезінде оған мемлекеттік аудит объектілерінің жергілікті бюджетті атқаруының қаржылық есептілігін нормативтік құқықтық актілерге, бухгалтерлік стандарттарға, қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасауының толықтығы мен анықтығы мәселелерін енгізген жөн.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

67. Тиімділік аудитінің бағдарламасы соның ішінде мемлекеттік аудиттің алдыңғы екі типіне – сәйкестік және қаржылық есептілік аудиттеріне негізделеді. Тиімділік аудиті бағдарламасының мәселелері оның бюджет қаражатын және активтерін пайдаланудан алынған түпкілікті әлеуметтік-экономикалық нәтижені айқындауға арналған бағытын ескереді.

68. Тиімділік аудиті бірнеше мемлекеттік аудит объектісінде жүргізілген жағдайда, мемлекеттік аудит типі аталған обьектідегі мемлекеттік аудиттің мақсатына қарай, әрбір мемлекеттік аудит объектісі бойынша көрсетіледі.

69. Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылуына тиімділік аудитін жүргізу кезінде Есеп комитеті бекітетін Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарына, акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларына бағалау жүргізу қағидаларын басшылыққа алған жөн.

70. Аудиторлық тапсырмада нақты бағдарламалық мәселелер, оларды әрбір мемлекеттік аудит объектісінде қарау мерзімдері көрсетіледі.

71. Тапсырма аудиторлық іс-шара жүргізуге құқық беретін ресми құжат болып табылады және "Тексеруді тағайындау туралы актілерді, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну туралы хабарламаларды тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 13 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13171 тіркелген), құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркеле отырып, қатаң есептілік бланкісінде ресімделеді.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

72. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге тапсырма және Үстеме (Бірлескен, Қатар) тексеруді жүргізуге тапсырма осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

## 2-кіші бөлім. Жеке мемлекеттік аудит жүргізу

### 1-параграф. Аудиторлық іс-шараны жүргізудің ұйымдастырушылық негіздері

73. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес, Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қолы қойылған Аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырманың болуы аудиторлық іс-шара жүргізу үшін негіздеме болып табылады.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

74. Әрбір мемлекеттік аудит объектісіне жеке Тапсырма ресімделеді.

74-1. Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі және (немесе) оның жүргізілуіне жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы мемлекеттік аудит тобының қатысушыларын мемлекеттік аудиттің негізгі объектісіне таныстырады және оның басшысын аудиторлық іс-шараны жүргізу кезінде Мемлекеттік аудит туралы заңның 37-бабының сақталуын қамтамасыз ету туралы хабардар етеді.

Ескерту. Қағидалар 74-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

75. Аудиторлық іс-шараны жүргізу басталардың алдында мемлекеттік аудит объектісінің басшысына:

1) Аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырма;

2) мемлекеттік аудитті жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адамдардың қызметтік куәліктері;

3) Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі заңнамада белгіленген жағдайларда, құзыретті органның режимді объектілерде болуға арналған рұқсаты көрсетіледі.

76. Аудиторлық іс-шараны Тапсырмада көрсетілген адамдар ғана жүзеге асырады.

77. Аудиторлық іс-шара жүргізудің басталған кезі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамына (адамдарына) Тапсырманың ұсынылған күні болып табылады.

78. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе келісімімен аудиторлық іс-шара жүзеге асырылып жатқан лауазымды адамға Тапсырма көрсетілген күннен бастап екінші күннен кешіктірілмей, мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор қол қойған, осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік аудит объектісі басшысының (келісімімен аудиторлық іс-шара жүзеге асырылып жатқан лауазымды адамның) міндеттерін атқару жөніндегі талап беріледі.

Қағидалардың осы тармағында көзделген Талапқа бөлшек арқылы тапсырманың нөмірі беріледі және көрсетілген Талаптың табыс етілген күні көрсетіледі.

Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі Талаптың бірінші данасы мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе келісімімен аудиторлық іс-шара жүзеге асырылып жатқан лауазымды адамға қол қою арқылы беріледі. Қабылдамаған кезде мемлекеттік аудит тобының жетекшісі (мемлекеттік аудитор) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талапты мемлекеттік аудит объектісінің кеңсесі арқылы жібереді.

Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талаптың, қабылданғаны туралы белгісі бар екінші данасы мемлекеттік аудиторда қалады және Аудиторлық есепке қоса тіркеледі.

Міндеттерін атқару жөніндегі талап А4 форматының парағында жасалады.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

79. Аудиторлық іс-шараны жүзеге асыру барысында қосымша құжаттар, материалдар, ақпарат алуға кедергі келтірілген жағдайда, оларды алу үшін, Қағидалардың осы тармағына сәйкес ресімделетін Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап жіберіледі.

80. Үстеме тексеру жүргізу кезінде кедергі келтірген және қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда мемлекеттік аудиторлар мемлекеттік аудит объектісіне Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқаруы жөніндегі талапты көрсетеді.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

81. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары мемлекеттік аудит объектісіне кіргізуден бас тартқан жағдайда және (немесе) аудиторлық іс-шараны жүргізуге кедергі келтірген кезде, мемлекеттік аудитор осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік аудит объектісіне кіргізуден бас тарту фактісі бойынша акті және Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚтК) негізінде және онда көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы тиісті хаттама құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеде тіркеледі.

82. Осы Қағидалардың 81-тармағында көзделген жағдайда, мемлекеттік аудит тобының жетекшісі жазбаша, электрондық пошта (факс), пошта байланысы арқылы және (немесе) қолма-қол Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне осы фактілер туралы хабарлайды, ол осыларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

83. Мемлекеттік аудит объектісі мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі келтіретін мән-жайларды жоймаған жағдайда, Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі келтіретін себептер толық жойылғанға дейін аудиторлық іс-шараны тоқтата тұру туралы Тексеру комиссиясының Төрағасына қолдаухат дайындайды.

84. Аудиторлық іс-шараны тоқтата тұру, ұзарту туралы шешім мемлекеттік аудит объектісін, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органды бір мезгілде хабардар ете отырып, Тексеру комиссиясы Төрағасының бұйрығы түрінде шығарылады.

Аудиторлық іс-шара қайта басталған кезде жаңа Тапсырма жазылып беріледі.

85. Аудиторлық іс-шараны жүргізу мемлекеттік аудит объектісінің қызметіне кедергі келтірмейді.

86. Аудиторлық іс-шараны жүргізу мемлекеттік аудит объектісінің жұмыс режиміне және күн тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

87. Мемлекеттік аудиторлар мемлекеттік аудит объектісінің ақпараттық стендінде Тексеру комиссиясы қызметкерлерінің мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шара жүргізіп жатқаны ақпарат, сондай-ақ осы Қағидаларға 6-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тексеру комиссиясының сенім телефоны туралы хабарландыру іледі.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

88. Егер мемлекеттік аудит объектісінде басқа мемлекеттік аудит органының мақсаты, аудиторлық іс-шарамен қамтылатын кезеңі және Аудит бағдарламасында көрсетілген мәселелер бойынша Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шарасымен сәйкес келетін мемлекеттік аудит жүргізу фактісі анықталса, мемлекеттік аудиторлар Мемлекеттік аудит туралы заңның 8, 19-баптарына сәйкес, мемлекеттік аудит нәтижелерін тану рәсімдерін жүргізуге бастамашылық жасайды.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

89. Басқа мемлекеттік аудит органы жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелерін Есеп комитеті танымаған жағдайда, мемлекеттік аудиттің аталған

объектілеріндегі аудиторлық іс-шара Аудит бағдарламасына және мемлекеттік аудиторлардың Аудиторлық тапсырмаларына сәйкес жүргізіледі.

90. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне, Аудит жоспарына, Аудит бағдарламасына, Аудиторлық тапсырмаларға Есеп комитеті басқа мемлекеттік аудит органы жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелерін толық таныған жағдайда мемлекеттік аудиттің көлемі қысқарған кезде өзгерістер енгізіледі.

Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

91. Құқық қорғау органдары мемлекеттік аудит объектісіндегі құжаттарды алып қойғанда, сарапшылар мемлекеттік аудит жүргізуден бас тартқанда, Есеп комитеті мемлекеттік аудит нәтижелерін танығанда, еңбекке қабілетсіздігіне байланысты мемлекеттік аудитор, аудиторлық топтың мүшесі ұзақ уақыт болмағанда, Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі немесе Тапсырмаға қол қойған лауазымды адам тіркелген Тапсырманың күшін жоюға келісім берген мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің, мемлекеттік аудитті жүргізуге, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты бөлімше басшыларының қолы болған жағдайда, оның оң жақ жоғарғы бұрышына қойылатын "Тапсырманың күші жойылды" деген мәтіні бар мөртаңбаға өзінің қолын қою арқылы растай отырып Тапсырманың күшін жояды. Тапсырманың артқы бетінде (мөртаңбаның бедері деңгейінде) оның күшін жоюдың себептері және осындай шешімнің қабылданған күні көрсетіледі.

Аудит тобы мүшелерінің біреуі еңбекке жарамсыз болып қалған не ауыстырылған жағдайда, тапсырмада көрсетілген мерзімдерге дейін аудиторлық іс шараны аяқтаған адам аудиторлық тапсырмада бекітілген оның мәселелері бойынша мемлекеттік аудит нәтижелері туралы қол қойылған анықтаманы топ жетекшісіне, ал ол болмаған жағдайда аудит объектісінде орналасқан мемлекеттік аудиторға ұсынады, ол аудиторлық есепке қосымша және аудиторлық есептің нәтижелеріне қосу үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

92. Аудиторлық іс-шара барысында Аудит бағдарламасымен қамтылмаған, бірақ толық зерделеуге қажетті мәселелер туындаған жағдайда, мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит тобы басшысының келісімі бойынша Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесін жазбаша түрде хабардар етеді.

Аудит бағдарламасында қамтылмаған мәселелер бойынша аудиторлық іс-шара жүргізудің орындылығы танылған жағдайда, Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудитордың Аудиторлық тапсырмасына толықтырулар енгізе отырып, мемлекеттік аудиторға тиісті тапсырма береді. Мемлекеттік аудит объектісі Аудит бағдарламасында қамтылмаған мәселелер бойынша материалдарды аудиторлық іс-шараны жүзеге асыратын мемлекеттік аудитор жіберген Құжаттарды ұсыну туралы талаптың негізінде ұсынады.

Ескерту. 92-тармаққа өзгеріс енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

93. Мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімін ұзарту қажет болған жағдайда, соның ішінде осы Қағидалардың 88 және 92-тармағында көзделген жағдайда, Өтінімге тиісті өзгерістер енгізіле отырып, Тексеру комиссиясының төрағасы Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің жазбаша қолдаухаты бойынша ол аяқталғанға дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын мерзімін ұзартады.

Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

94. Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында Аудит жоспарына, Аудит бағдарламасына және Аудиторлық тапсырмаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу:

Аудит жоспарына – Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің негіздемелерін көрсете отырып, мемлекеттік аудит жүргізуге, жоспарлауға және сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшелер басшыларының бұрыштамасы алынған, Тексеру комиссиясы төрағасының атына жазбаша қолдаухатының негізінде;

Аудит бағдарламасына – мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің негіздемелерін көрсете отырып, мемлекеттік аудитті жоспарлауға, жүргізуге және сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшелер басшыларының келісімі бойынша Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің атына қызметтік жазбасының негізінде;

Аудиторлық тапсырмаға – мемлекеттік аудитордың мемлекеттік аудит тобының жетекшісімен келісілген, Тексеру комиссиясы мүшесінің атына қызметтік жазбасының негізінде немесе Аудит жоспары мен Аудит

бағдарламасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда осы Қағидлардың 90-92 тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте Аудит жоспарын – Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне (қажет болғанда) бір мезгілде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізе отырып, Тексеру комиссиясының төрағасы, Аудит бағдарламасын және Аудиторлық тапсырманы – Өтінімге (қажет болғанда) бір мезгілде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізе отырып, енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтыруларды ескеріп, аудиторлық іс-шара жүргізу мерзімін өзгертіп немесе өзгеріссіз қалдырып, келісу рәсімдерін сақтай отырып, Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі қайта бекітеді.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

95. Аудиторлық іс-шараны жүзеге асыру кезінде аудиторлық іс-шараның қойылған мақсатына және мәселелеріне сәйкес аудиторлық дәлелдемелер қалыптастыруға қажетті нақты деректерді жинау, талдау жүргізіледі.

Нақты деректерді жинау мынадай тәсілдермен:

1) бір мезгілде;

2) үздіксіз процесс жолымен, белгілі бір уақыт аралығында;

3) аудиторлық іс-шара жүргізілетін бүкіл мерзім ішінде жүзеге асырылады.

Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында жиналған аудиторлық дәлелдемелер мемлекеттік аудит объектісінде анықталған құқықтық актілер, мемлекеттік аудит объектілерінің актілері бұзушылықтарының, заңнамадағы олқылықтар мен коллизиялардың, жүйелі және өзге де кемшіліктердің негіздемесі болып табылады.

Жиналған аудиторлық дәлелдемелердің негізінде аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша Аудиторлық қорытындыда тұжырымдар мен ұсынымдар қалыптастырылады.

Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

96. Мемлекеттік аудиторлар іс жүзінде тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету және жекелеген жұмыс түрлерін (көлемін) орындау мәнінің анықтығын растау және (немесе) осыған байланысты аудиторлық дәлелдемелер жинау үшін мемлекеттік аудит объектісінің басшысы уәкілеттік берген адаммен бірге аудиторлық рәсімдерді қолдану негізінде бақылау өлшемін, тексеріп карауды (бұдан әрі – бақылау өлшемі (тексеріп қарау)) жүргізеді.

Мемлекеттік аудит объектісінің басшылығы тапсырыс берушінің және (немесе) өнім берушінің (мердігердің) өкілдерінің және басқа да қатысы бар адамдардың толыққанды бақылау өлшемін (тексеріп қарауды) жүргізуге қажетті бақылау-өлшеу аспаптарымен қатысуын қамтамасыз ету қажеттілігі туралы жазбаша нысанда хабардар етіледі.

Ескерту. 96-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

97. Бақылау өлшемінің (тексеріп қараудың) қорытындысы бойынша осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау өлшемі (тексеріп қарау) актісі екі данада ресімделіп, оған аяқталған күні қол қойылады. Қол қойылған актінің бір данасы – мемлекеттік аудиторда қалдырылады, ал екінші данасы – мемлекеттік аудит объектісіне беріледі. Бақылау өлшемінің (тексеріп қараудың) нәтижелерін мемлекеттік аудитор негізгі мемлекеттік аудит объектісінде жасалатын Аудиторлық есепте міндетті түрде көрсетеді.

98. Мемлекеттік аудит объектісінің (тапсырыс берушінің) және (немесе) өнім берушінің (мердігердің) өкілдері тарапынан бақылау өлшемі (тексеріп қарау) актісіне қол қоюдан бас тартылған жағдайда, қол қоюдан бас тартылғаны жөнінде белгі қойылады. Жүргізілген бақылау өлшемінің нәтижелерін растайтын тиісті негіздер (аудиторлық дәлелдемелер) болған жағдайда, мемлекеттік аудит объектісі (тапсырыс беруші) және (немесе) өнім беруші (мердігер) тарапынан бақылау өлшемі (тексеріп қарау) актісіне қол қоюдан бас тарту өлшем (тексеріп қарау) нәтижелерін Аудиторлық есепке енгізуден бас тартуға негіз бола алмайды .

99. Мемлекеттік аудиторлар күн сайын мемлекеттік аудит тобы жетекшісіне ауызша есеп беріп отырады, апта сайын соңғы жұмыс күнінің алдындағы күні қорғалған байланыс арналары арқылы осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша немесе Тексеру комиссиясының Регламентінде көзделген нысан бойынша атқарылған жұмыс туралы есепті күнге толтырылған (жасалған) апта сайынғы есебін жіберіп отырады. Көрсетілген есеп осындай тәртіппен мәлімет үшін Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне, сондай-ақ аудиторлық іс-шараға бекітілген, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкеріне (леріне) ұсынылады.

Аудиторлық іс-шараға тартылған сарапшылар Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкес өз жұмысының барысы туралы есеп береді.

Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

100. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі мемлекеттік аудиторлардың жұмысын үйлестіреді, аудиторлық іс-шара мәселелерінің толық қамтылуына мониторинг жүргізеді, аудиторлық іс-шараның жекелеген бағыттарын түзетеді, мемлекеттік аудиторлардың арасында туындайтын проблемалық мәселелерді шешеді, апта сайын аптаның соңғы жұмыс күні қорғалған байланыс арналары арқылы мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты бөлімшенің басшысына және Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне осы Қағидалардың 99-тармағында көзделген нысан бойынша немесе Тексеру комиссиясының Регламентінде көзделген нысан бойынша атқарылған жұмыс туралы есепті күнге толтырылған (жасалған) мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің жиынтық апта сайынғы есебін талдау үшін ұсынып отырады.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

101. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты бөлімшенің басшысын және Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесін мемлекеттік аудитті жүргізу барысында аудиторлық іс-шараға қатысқан мемлекеттік аудиторлардың, сарапшылардың қызметтік міндеттерін орындамау жағдайлары және атқарушылық тәртіпті, еңбек тәртібін бұзу, мемлекеттік қызметшілердің қызмет әдебін сақтамау фактілері туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

Өз кезегінде, мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты бөлімшенің басшысы Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесімен бірге тәртіптік сипаттағы шаралар қабылдау үшін көрсетілген фактілер туралы Тексеру комиссиясының Төрағасына жазбаша түрде хабарлайды.

102. Режимдік мекемелерде аудиторлық іс-шараларды жүргізуге байланысты құпия материалдарды зерделеу және талдау Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

## 2-параграф. Аудиторлық іс-шараларды жүргізуге сарапшыларды тарту

103. Тексеру комиссиясы өз өкілеттіктері шегінде өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында, Мемлекеттік аудит туралы заңның 18-бабының 8-тармағына сәйкес:

1) мемлекеттік аудит тобының құрамына сарапшыларды енгізу;

2) сарапшыларға Аудит бағдарламасына сәйкес қызметтер көрсетуге жеке тапсырма беру жолымен сарапшыларды тартады.

104. Сарапшыларды тартудың мақсаты сапалы аудиторлық іс-шарамен қамтамасыз ету және мемлекеттік аудит нәтижелерін мемлекеттік аудиттің арнайы білімдерді қажет ететін мәселелері жөніндегі тәуелсіз сараптаманың қорытындысымен растау болып табылады.

Мемлекеттік органдардың мамандарын аудиторлық іс-шараға қатысуға жіберуге мүмкіндік болмаған не оларды жіберуден бас тартылған жағдайда, Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі, қажет болғанда, сынақтардың, бақылау өлшемдерінің (тексеріп қараулардың) нәтижелерін қажетті қорытындыларды алу мақсатында уәкілетті органдар мен ұйымдарға жібереді.

Сарапшылардың қорытындылары Аудиторлық есепке, анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер тізіліміне енгізіледі.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

105. Сарапшыларды тартудың қажеттілігі Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру кезінде айқындалады.

106. Мемлекеттік органдардың мамандары жоспарланған іс-шараны, мамандардың саны мен біліктілігін, аудиторлық іс-шараның немесе сараптаманың жүргізілу мерзімі мен кезеңін көрсете отырып, мемлекеттік орган мен мекеме басшысының атына Тексеру комиссиясының хатының негізінде тартылады.

Ескерту. 106-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

107. Сарапшылардың көрсететін қызметтерін тиісті шарттар жасай отырып сатып алу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізеді.

## 3-параграф. Үстеме тексеруді жүзеге асыру

108. Негізгі мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін алдын ала зерделеу барысында үстеме тексерудің ықтимал объектілері айқындалып, олар Аудит жоспары мен бағдарламасына енгізіледі.

Егер аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында үстеме тексеру жүргізу үшін негіз туындаса, онда Аудит жоспары мен бағдарламасына өзгерістер енгізілместен, Аудиторлық тапсырмаларға тиісті толықтырулар енгізіледі.

109. Үстеме тексеру жүргізу үшін әрбір мемлекеттік аудит объектісіне осы Қағидалардың 72-тармағында көзделген нысан бойынша үстеме тексеру жүргізуге жеке Тапсырма ресімделеді және қажет болған жағдайда осы Қағидалардың 80-тармағына сәйкес Талап ұсынылады.

Ескерту. 109-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

110. Үстеме тексеру нәтижелерін ресімдеу кезінде Аудиторлық есептің нысанынан мынадай бөлімдер: мемлекеттік аудит типі, алдыңғы мемлекеттік аудит нәтижелері туралы мәліметтер алынып тасталады.

111. Үстеме тексеруді жүргізген мемлекеттік аудитор мен тартылған сарапшылар Аудиторлық есепті екі данада жасайды және оларға қол қояды.

Мемлекеттік аудитор Аудиторлық есептің екінші парағынан бастап барлық беттеріне қол қояды.

Аудиторлық есептің екінші данасы үстеме тексеру аяқталған күні мемлекеттік аудит объектісінің кіріс хат-хабарын есепке алу жүйесінде тіркеледі не болмаса хабардар етіле отырып, поштамен жіберіледі.

Ескерту. 111-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

112. Үстеме тексеру жүргізілген жағдайда, мемлекеттік аудитор оның нәтижелерін негізгі мемлекеттік аудит объектісінде жасалатын Аудиторлық есепте міндетті түрде көрсетеді.

## 4-параграф. Бірлескен тексеруді жүзеге асыру

113. Бірлескен тексерудің іс-шаралары осы Қағидалардың 2-бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес Тексеру комиссиясының Мемлекеттік аудит объектілері тізбесін қалыптастыру және нақтылу кезеңінде көзделеді.

Ескерту. 113-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

114. Бірлескен тексеру жүргізуді Тексеру комиссиясы басқа мемлекеттік аудит органдарымен және (немесе) мемлекеттік органдармен келісілген

мерзімдерде бекітілген Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің негізінде тексерудің жеке түрі ретінде не жүргізілетін бірлескен аудиторлық іс-шараның шеңберінде бір мезгілде жүзеге асырады.

115. Бірлескен тексеруді жүргізуге дайындық Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінде көзделген мерзімдерге сәйкес жүргізіледі.

116. Мемлекеттік аудит (тексеру) тобының жетекшісі және мемлекеттік аудит (тексеру) тобының қатысушылары Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға (бірлескен тексеруге) жауапты мүшесімен бірлесіп, ақпарат жинауды жүргізеді және алдын ала зерделеудің мерзімі басталған кезден бастап, бес жұмыс күні ішінде жетіспейтін ақпаратты ұсыну жөнінде мемлекеттік аудит ( тексеру) объектілеріне сұрау салу жібереді.

117. Алдын ала зерделеудің қорытындылары бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі мемлекеттік аудит (тексеру) тобының жетекшісімен бірге бірлескен тексерудің Жоспарының, Бағдарламасының және Аудиторлық тапсырмалардың жобаларын жасайды, бірлескен тексеру Бағдарламасының әзірленген жобасын бірлескен тексеруді жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдарға жібереді. Мемлекеттік аудит органдары және бірлескен тексеруді жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдар аудиторлық іс-шара басталғанға дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын бірлескен тексерудің Бағдарламасының жобасын келіседі.

118. Тексеру комиссиясының мүшесі мемлекеттік аудит (тексеру) тобының жетекшісімен бірге үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит органдарының және мемлекеттік органдардың ұсыныстарын пысықтайды, және қажет болған жағдайда, Бірлескен тексеру жоспарына, бағдарламасына, Аудиторлық тапсырмаларға түзетулер енгізеді және оларды сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшеге ұсынады.

119. Бірлескен тексеру бағдарламасында мемлекеттік аудит (тексеру) объектілері бойынша: мемлекеттік аудит (тексеру) объектісінің атауы, мақсаты, тексерудің түрі, мемлекеттік аудиттің типі, тексерумен қамтылатын кезең, тексеру жүргізу мерзімдері, бірлескен тексеру тобының құрамы, тексерумен қамтылатын қаражат пен активтер көлемі, мемлекеттік аудит көрсеткіштері, тексеру мәселелері және оларды қараудың дәйектілігі көрсетіледі.

Бірлескен тексеру бағдарламасы мемлекеттік аудит органының немесе бірлескен тексеруге қатысушы мемлекеттік органның жауапты лауазымды адамымен (электрондық немесе жазбаша хат алмасу жолымен) келісіледі және Тексеру комиссиясының мүшесі бірлескен тексеру басталғанға дейін кемінде екі күн бұрын Тексеру бағдарламасының типтік нысанына сәйкес оны бекітеді.

Ескерту. 119-тармаққа өзгеріс енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

120. Бірлескен тексеруді жүргізу үшін Тексеру комиссиясының және мемлекеттік аудит органдарының немесе мемлекеттік органдардың өкілдерінен ортақ бірлескен немесе тараптардың әрқайсысының жеке аудит (тексеру) тобы құрылады, олардың қатысушыларын мемлекеттік аудит (тексеру) объектілері және бюджет деңгейлері бойынша бөлу тараптардың келісімімен Тексеру комиссиясы мүшесінің басшылығымен жүзеге асырылады.

121. Тексеру жүргізуге негіз болып табылатын құжаттарды (Тексеру жүргізуге тапсырма, Тексеру тағайындау туралы бұйрықтар) әрбір мемлекеттік орган жеке ресімдейді.

122. Қызметкерлерді іссапарға жіберуді, сондай-ақ іссапар шығыстарын төлеуді әрбір мемлекеттік орган жеке жүргізеді.

123. Бірлескен тексеруді сапалы жүргізу мақсатында, мемлекеттік органдардың тексеру жүргізуге жауапты лауазымды адамдары, мемлекеттік аудиттің (тексерудің) бірлескен тобының қатысушылары өз араларында:

1) бірлескен тексеруді жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелерді талқылай отырып жұмыс кеңестері;

2) консультациялар;

3) әдістемелік және талдамалық құжаттармен, ақпаратпен алмасу түріндегі өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

124. Тексеру комиссиясының және мемлекеттік аудит органының мемлекеттік аудиторлары немесе мемлекеттік аудит объектілерінде бірлескен аудитті (тексеруді) жүзеге асыратын мемлекеттік органның қызметкерлері бірлескен тексеруді жүргізудің қорытындылары бойынша Аудиторлық есеп жасайды және оған қол қояды.

125. Мемлекеттік аудит (тексеру) объектісінде бірлескен тексеруді ортақ тексеру тобы жүргізген кезде Аудиторлық есеп Тексеру комиссиясының бланкісінде үш данада ресімделіп, бірінші данасы – Тексеру комиссиясына, екінші данасы – мемлекеттік аудит органына немесе бірлескен тексеруге қатысушы мемлекеттік органға, үшінші данасы – мемлекеттік аудит (тексеру) объектісіне беріледі. Бірлескен тексеруді жеке топ жүргізген кезде Аудиторлық есепті тараптардың әрқайсысы жеке ресімдеп, кейіннен нәтижелерімен алмасады. Аудиторлық есепке тексеруді жүргізген қызметкерлер қол қойған Тізілім қоса беріледі (Аудиторлық есепке тексерудің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер тізілімінің нысаны бойынша ресімделеді).

126. Аудиторлық есепке жазбаша қарсылықтарды бірлескен тексеруді жүргізуге жауапты Тексеру комиссиясының мүшесі мен мемлекеттік аудит органының немесе мемлекеттік органның лауазымды адамы тексеруді жүзеге

асырған қызметкерлермен бірлесіп қарайды. Атына жазбаша қарсылықтар келіп түскен мемлекеттік орган тексеру объектісіне отырысты өткізу күніне дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей жауап жібереді.

Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

127. Тексеру комиссиясы бірлескен тексеру барысында жасалған Аудиторлық есептер негізінде бірлескен тексерудің нәтижелері бойынша Аудиторлық қорытынды жасайды. Аудиторлық қорытындының жобасы Тексеру комиссиясы мүшесінің басшылығымен жасалады және бірлескен тексеруге жауапты мемлекеттік аудит органының және мемлекеттік органның лауазымды адамымен келісіледі.

128. Тексеру комиссиясы Бірлескен тексерудің қорытындысы бойынша аудиторлық қорытындыны дайындауды Аудиторлық есептердің сапасын тексерудің сараптамалық қорытындысын алғаннан кейін және қарсылықтың әрбір тармағы бойынша қабылданған және қабылданбаған дәлелдерді (егер болса ) көрсетіп, тексеру объектісіне дәлелді жауапты ескере отырып, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Аудиторлық қорытынды мен Жиынтық тізілім сапа бақылауын өткеннен кейін осы Қағидалардың 178-1 тармағында көрсетілген тәртіпке сәйкес, тексеру объектісіне жіберіледі.

Ескерту. 128-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

129. Аудиторлық қорытындыға Тексеру комиссиясының мүшесі қол қояды және ол бірлескен тексеруді жүргізуге жауапты мемлекеттік органның лауазымды адамымен келісіліп, және де Тексеру комиссиясының төрағасы шешімімен бірлескен тексеруді жүргізуге жауапты мемлекеттік органның лауазымды адамымен келісіледі және бірлескен тексеруді жүргізуге жауапты мемлекеттік органның басшысымен келісілген Тексеру комиссиясы Төрағасының шешімі бойынша Қаулы жобасымен бірге Тексеру комиссиясының отырысына қарауға шығарылады.

Ескерту. 129-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

130. Бірлескен тексерудің қатысушысы – мемлекеттік орган басшылығының қатысуымен өтетін Тексеру комиссиясының отырысында жүргізілген бірлескен

тексерудің материалдары талқыланып, Аудиторлық қорытынды қаралады және бекітіледі.

131. Бірлескен отырысқа мемлекеттік аудит (тексеру) объектісінің лауазымды адамдары шақырылады.

132. Бірлескен тексерудің қорытындысы бойынша аудиторлық қорытындыда көрсетілген ұсынымдардың орындалуын мониторингтеуді Тексеру комиссиясының бірлескен тексеруді жүргізуге жауапты мүшесі осы Қағидалардың 6-бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

## 5-параграф. Қатар тексеруді жүзеге асыру

133. Қатар тексеру жүргізу бойынша іс-шаралар осы Қағидалардың 2-бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес Тексеру комиссиясы Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасын қалыптастыру және (немесе) нақтылануы кезеңінде көзделеді.

Ескерту. 133-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

134. Қатар тексеру жүргізуді Тексеру комиссиясы бекітілген Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің негізінде бір мезгілде не келісілген мерзімдерде әрбір мемлекеттік органмен дербес жүзеге асырады.

135. Қатар тексеруді жүргізуге дайындық Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінде көзделген мерзімге сәйкес жүргізіледі.

136. Мемлекеттік аудит (тексеру) тобының жетекшісі және мемлекеттік аудит (тексеру) тобының қатысушылары Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға (тексеруге) жауапты мүшесімен бірлесіп, ақпарат жинауды жүргізеді және алдын ала зерделеу мерзімі басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жетіспейтін ақпаратты ұсыну жөнінде мемлекеттік аудит (тексеру) объектілеріне сұрау салу жібереді.

137. Алдын ала зерделеудің қорытындысы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі мемлекеттік аудит (тексеру) тобының жетекшісімен және қатысушыларымен бірлесіп, Қатар тексеру жоспарының, Қатар тексеру бағдарламасының және Аудиторлық тапсырмалардың жобаларын жасайды, тексеру басталғанға дейін кемінде жеті жұмыс күні бұрын қатар тексеруді жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдарға тексерілетін мәселелер мен мемлекеттік аудит (тексеру) объектілерінің тізбесін және олардың мемлекеттік органдар бойынша бөлінісін жібереді.

138. Қатар тексеруді жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдар мемлекеттік аудит мәселелерінің, объектілерінің тізбесі туралы Тексеру комиссиясынан алынған ақпараттың негізінде қатар тексеру жүргізудің Жоспары мен Бағдарламасының жобаларын әзірлейді, бұл ретте тексеруге қатысты өздерінің қосымша мәселелерін енгізе отырып, негізгі тексерілетін мәселелер тізбесін кеңейтуге жол беріледі. Тексеру Жоспары мен Бағдарламасының жобалары аудиторлық іс-шаралар басталғанға дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын келісу үшін Тексеру комиссиясына жіберіледі.

139. Тексеру комиссиясы мемлекеттік органдардың Тексеру жоспары мен бағдарламасының жобаларын Тексеру комиссиясына келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде келіседі, қажет болған жағдайда, Тексеру жоспарына, бағдарламасына және Аудиторлық тапсырмаларға түзетулер енгізеді. Тексеру комиссиясының тарапынан жазбаша ескертулер болмаған жағдайда, көрсетілген мерзімдерде жіберілген мемлекеттік аудит органдарының тексеру Жоспары мен Бағдарламасының жобалары келісілген деп есептеледі.

Ескерту. 139-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

140. Қатар тексерудің Жоспарын, Бағдарламасын және Аудиторлық тапсырмаларды әрбір тарап қатар аудиторлық іс-шара басталғанға дейін екі жұмыс күні бұрын (тексеру объектілерінің атауын, бюджеттік бағдарламалар мен активтерді, тексеру мәселелерін көрсете отырып) дербес бекітеді.

141. Тексеруді жүргізуге негіз болып табылатын құжаттарды (Тексеру жүргізуге тапсырманы, Тексеруді тағайындау туралы бұйрықтарды) әрбір мемлекеттік орган дербес ресімдейді.

142. Қатар тексеруді әрбір тарап оны жүргізу мерзімдерін келісе отырып, жеке мемлекеттік аудит (тексеру) тобын қалыптастыру арқылы жүргізеді.

143. Қызметкерлерді іссапарға жіберуді, сондай-ақ іссапар шығыстарын төлеуді әрбір мемлекеттік орган дербес жүргізеді.

144. Мемлекеттік аудитті (тексеруді) жүргізуге жауапты лауазымды адамдар, қатар тексеру топтарының қатысушылары:

1) қатар тексеруді жүргізу барысында туындайтын мәселелерді талқылай отырып жұмыс кеңестерін;

2) консультацияларды;

3) әдістемелік және талдамалық құжаттармен алмасуды жүргізеді.

145. Мемлекеттік аудит (тексеру) топтарының жетекшілері тексеруді жүргізудің барысы (тексеру мәселелерін қамтудың толықтығы, туындаған проблемалар) және тексерудің алдын ала нәтижелері туралы ақпарат алмасады.

146. Қатар тексеруді жүргізу кезінде Аудиторлық есептерді олардың нысаны мен мазмұнына мемлекеттік аудит органдарының бекіткен талаптарына сәйкес әрбір тарап дербес ресімдейді.

147. Мемлекеттік органдар бұзушылықтардың анықталған жалпы сомасын көрсете отырып және мемлекеттік аудит (тексеру) объектілері бөлінісінде жүргізілген қатар тексерудің нәтижелері, мемлекеттік аудит (тексеру) объектілерінің аудиторлық іс-шара жүргізу барысында қабылдаған шаралары туралы жинақталған ақпаратты, сондай-ақ тексерудің қорытындысы туралы мемлекеттік органдардың шешімдерінің бір бірден көшірмесін оларға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Тексеру комиссиясына ұсынады.

Ескерту. 147-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

148. Тексеру комиссиясы Қатар тексерудің қорытындылары бойынша аудиторлық қорытынды дайындауды Аудиторлық есептердің сапасын бақылаудың сараптамалық қорытындысын алғаннан кейін және қарсылықтың әрбір тармағы бойынша қабылданған және қабылданбаған дәлелдерді (егер болса ) көрсетіп, мемлекеттік аудит (тексеру) объектісіне дәлелді жауапты ескере отырып, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Мемлекеттік органдар жүргізген қатар тексерудің нәтижелері Аудиторлық қорытындыға енгізіледі.

Ескерту. 148-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

149. Қатар тексерудің қорытындыларын қарау бойынша Тексеру комиссиясының отырысында:

1) жүргізілген қатар тексерудің материалдары талқыланып, жүргізілген Қатар тексерудің нәтижелері туралы аудиторлық қорытынды қаралады және бекітіледі;

2) мемлекеттік аудитке (тексеруге) жауапты адамдар, мемлекеттік аудит ( тексеру) объектілерінің лауазымды адамдары, сондай-ақ Тексеру комиссиясының Төрағасы айқындаған өзге де адамдар шақырылады.

150. Тексеру комиссиясы бекітілген Қатар тексерудің қорытындылары туралы аудиторлық қорытындының көшірмесін қол қойылғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде тексеруге қатысқан мемлекеттік органға жібереді.

151. Аудиторлық іс-шараға (қатар тексеруге) жауапты Тексеру комиссиясының мүшелері және мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары жүргізілген қатар тексерудің нәтижелері бойынша жеке Аудиторлық қорытындылар жасайды.

152. Жүргізілген Қатар тексерудің қорытындылары туралы аудиторлық қорытынды Тексеру комиссиясының және мемлекеттік органдардың отырыстарында жеке қаралады және бекітіледі.

153. Тексеру комиссиясы және мемлекеттік органдар бекітілген Қатар тексерудің қорытындылары туралы аудиторлық қорытындылардың көшірмелерімен оларға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде алмасады.

154. Тексеру комиссиясы Қатар тексерудің қорытындылары бойынша аудиторлық қорытындыда көрсетілген ұсынымдардың орындалуын мониторингтеуді осы Қағидалардың 6-бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

155. Мемлекеттік органдар және Тексеру комиссиясы Қатар тексерудің қорытындылары бойынша аудиторлық қорытындыда көрсетілген ұсынымдардың іске асырылу барысы туралы тиісті ақпаратты ЭҚАБЖ және поштамен қағаз түрінде жолдау арқылы, сондай-ақ ЕК ВАЖ-ға және (немесе) Бірыңғай дерекқорға ақпарат орналастыра отырып бір-біріне хабарлайды.

## 6-параграф. Аудиторлық есептерді жасау және ресімдеу

156. Тексеру комиссиясы жүргізетін аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша мыналар ресімделеді:

1) қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп – аудиторлық іс-шараны тікелей жүргізген мемлекеттік аудиторлар жасаған, қаржылық есептіліктің анықтығы, сондай-ақ бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы жазбаша нысанда білдірілген пікірді қамтитын құжат. Қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептің нысаны мен мазмұны Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкес айқындалады;

2) тиімділік және (немесе) сәйкестік аудитінің аудиторлық есебі – аудиторлық іс-шараны тікелей жүргізген мемлекеттік аудиторлар жасаған, белгілі бір уақыт кезеңі үшін жүргізілген тиімділік аудитінің және (немесе) сәйкестік аудитінің нәтижелерін қамтитын құжат.

157. Шоғырландырылған немесе жекелеген қаржылық есептіліктің мемлекеттік аудитінің нәтижелері бойынша:

1) елеулі қателер болмаған кезде – қаржылық есептілік бойынша оң аудиторлық есеп;

2) елеулі қателер анықталған кезде – қаржылық есептілік бойынша ескертпесі бар аудиторлық есеп қабылданады.

Мемлекеттік аудит объектісінде бухгалтерлік есеп жүргізілмеген не бухгалтерлік құжаттар жоғалған жағдайларда, Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі:

1) мемлекеттік аудит объектісінің басшысына және мемлекеттік аудит объектісіне басшылықты немесе оны басқаруды жүзеге асыратын жоғары тұрған органға осы жұмыстың аяқталу мерзімін белгілей отырып, мемлекеттік аудит объектісінде бухгалтерлік есепті қалпына келтіру туралы талабы бар Нұсқаманы жібереді;

2) Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне тиісті өзгерістер енгізе отырып , мемлекеттік аудитті уақытша тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте, мемлекеттік аудитор жекелеген қаржылық есептіліктің мемлекеттік аудитінің нәтижелері бойынша Аудиторлық есепті пікірін білдіруден бас тарта отырып береді.

158. Мемлекеттік аудит жүргізілген әрбір мемлекеттік аудит объектісі бойынша аудиторлық іс-шараның нәтижелері осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес қатаң есептілік бланкісінде және осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Аудиторлық есептермен ресімделеді.

159. Аудиторлық есептің құрылымы Аудит бағдарламасындағы барлық мәселелердің толық көрсетілуін, онда жазылған мәліметтердің анықтығын, объективтілігін қамтамасыз етеді.

Есептердің мазмұны жүйеленген және қайталауларды болдырмауы тиіс, ойға қонымды және қабылдау үшін жеңіл болуы қажет.

Ескерту. 159-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

160. Аудиторлық есеп Аудит бағдарламасындағы және Аудиторлық тапсырмалардағы мәселелердің тізбесіне сәйкестікте жасалады.

Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер Аудиторлық есептегі жазбалардың анықтығын растайтын құжаттардың түпнұсқаларының деректемелеріне қажетті сілтемелер көрсетіле отырып, объективті және дәл сипатталады. Анықталған бұзушылықтар ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптары, тармақтары мен тармақшалары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілерінің оларды іске асыру үшін қабылдаған актілері көрсетіле отырып, сипатталады.

Егер, талдау сипатындағы мәселелерді қоспағанда, аудиторлық іс-шара мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаса, мемлекеттік аудитор:

1) Аудиторлық есепте анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтардың болмағандығы, Аудит бағдарламасы бойынша қысқаша ақпарат көрсетіледі;

2) мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізілген құжаттардың деректемелерін көрсете отырып, олардың тізбесін Аудиторлық есепке қоса береді.

Тиімділік аудитінің немесе сәйкестік аудитінің нәтижелері бойынша Аудиторлық есепке мемлекеттік аудиттің қолданылған көрсеткіштерінің сипаттамасы кіреді.

Тиімділік аудитінің немесе сәйкестік аудитінің нәтижелері бойынша Аудиторлық есепке қолданылған көрсеткіштердің атаулары, олардың сипаттамасы, сондай-ақ мемлекеттік аудит саласын немесе мемлекеттік аудит объектілері қызметін қолданылған көрсеткіштердің сәйкестігі мәніне бағалау кіреді.

Ескерту. 160-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

161. Бұзушылықтың әрбір фактісі, сондай-ақ заңнаманың анықталған кемшіліктері мен олқылықтары бұзушылықтың сипаты мен түрі, оның ішінде Есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 6-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптауышында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12483 тіркелген) көзделгендері сипаттала отырып, реттік тәртіппен нөмірленеді және жеке тармақта (1-тармақ, 2-тармақ және тағы басқалар) тіркеледі. Бұзушылықтар сипаттамасында бұзушылықтарды расстайтын құжаттарға сілтеме жасалады.

162. Аудиторлық есепке оның ажырамас бөлігі болып табылатын мынадай аудиторлық дәлелдемелер:

1) мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап;

2) мемлекеттік аудиторлар қол қойған және осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі (бұдан әрі – Тізілім);

3) құжаттардың, кестелердің түпнұсқалары немесе белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмелері, сондай-ақ қажет болған жағдайда, бұзушылық фактілерін көрсететін анықтамалар, фотосуреттер;

4) функционалдық және лауазымдық міндеттеріне сүйене отырып, жол берілген бұзушылықтар бойынша адамдардың жазбаша түсініктемелері;

5) бақылау өлшемдері (тексеріп қараулар) актілері (олар жасалған жағдайда);

6) зерттеулердің (сынақтардың), сараптамалардың қорытындылары, хаттамалардың көшірмелері, аудиторлық іс-шараның нәтижелеріне байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері (олар жасалған жағдайда);

7) сарапшылардың сараптамалық қорытындылары (тартылған жағдайда);

8) мемлекеттік қызметтерді алушылардың қанағаттануы тұрғысынан халық арасында сауалнама жүргізу нәтижелері (қажет болған жағдайда);

9) ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар (көшірмелері) (аудиторлық іс-шара барысында қаражат өтелген (қалпына келтірілген) жағдайда):

төлем тапсырмалары (төлеуге арналған шоттар, түбіртектер, чектер және ( немесе) басқалары);

ведомостар, ордерлер, нарядтар;

10) мемлекеттік аудит объектісінің басшысына (лауазымды адамына) Аудиторлық есептің тапсырылған күнін растайтын құжат (көшірмесі) (оны қабылдағаны туралы мемлекеттік аудит объектісінің мөртабаны болмаған жағдайда);

11) талдау материалдары және мемлекеттік аудит объектісінің қызметіндегі бұзушылықтар мен кемшіліктер фактісін растайтын материалдар;

12) басқа мемлекеттік аудит органдарының мемлекеттік аудит нәтижелерін тану рәсімінің қорытындылары бойынша сараптамалық қорытындылар және тану жүргізілген материалдар (Есеп комитеті тану рәсімін жүргізген жағдайда);

13) аудиторлық іс-шара жүргізу барысында осы Қағидалардың 20-1-тармақшасына сәйкес нысан бойынша аудит объектісі ұсынған ақпараттар мен құжаттардың толықтығы және анықтығы туралы ұсыныс хаты қоса беріледі.

Аудиторлық есепке қоса берілетін құжаттардың көшірмелері белгіленген тәртіппен уәкілетті лауазымды адамдардың қолымен, мемлекеттік аудит объектісінің мөрімен және мөртабанымен (болған жағдайда) расталады. Аудиторлық есепте қосымшаларының реттік нөмірі, әрбір қосымша бойынша жеке-жеке парақ саны көрсетіле отырып, оларға сілтеме жасалады.

Ескерту. 162-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

163. Аудиторлық есепке тиісті құжаттармен расталмаған фактілерді, тұжырымдарды енгізуге жол берілмейді.

164. Аудиторлық есепте жазылып, Аудиторлық есепте соларға сілтеме жасалған бұзушылықтарды растайтын құжаттардың болмауы, сондай-ақ оларды толықтыру мүмкіндігінің болмауы сапа бақылауы қорытындылары бойынша оларды аудиторлық қорытындыға қоспауға негіз болып табылады.

Ескерту. 164-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

165. Мемлекеттік аудит объектісінің тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілген қызметтерге ақы төлеуінің негізділігін растайтын құжаттар мемлекеттік аудит объектісінде болмаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптар, міндеттер орындалмағанда немесе тиісінше орындалмағанда, мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары мемлекеттік аудиторларға олардың сұрауы бойынша тиісті жазбаша түсініктемелер береді.

166. Аудиторлық есеп (осы Қағидалардың 125-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда) екі данада жасалады.

Мемлекеттік аудитор Аудиторлық есептің екінші парағынан бастап, барлық беттеріне қолын қояды.

167. Аудиторлық есептің екінші данасы аудиторлық іс-шара аяқталған күннен кешіктірілмей мемлекеттік аудит объектісінің кіріс хат-хабарын есепке алу жүйесінде тіркеледі не болмаса хабардар етіле отырып, поштамен жіберіледі.

Ескерту. 167-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

168. Аудиторлық іс-шараның нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік аудит объектісінің басшылығы Аудиторлық есепке жазбаша қарсылықтарын қол қойылған Аудиторлық есеп мемлекеттік аудит объектісіне тапсырылған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Тексеру комиссиясына ұсынады.

Мемлекеттік аудит объектісінің Аудиторлық есепке қол қойылғаннан кейін дереу ұсынған жазбаша қарсылықтарын мемлекеттік аудитор Аудиторлық есепке қоса тіркейді.

169. Көрсетілген мерзім өткен соң келіп түскен Аудиторлық есепке қарсылықтар қаралмайды.

170. Тексеру комиссиясына келіп түскен Аудиторлық есепке қарсылықтарды Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудиторлармен, мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысымен, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкерлерімен, мемлекеттік аудитті жүзеге асыруға тартылған сарапшылармен бірге Аудиторлық қорытындыны дайындау кезеңінде қарайды, содан кейін қарсылықтың әрбір тармағы бойынша қабылданған және

қабылданбаған дәлелдерді көрсете отырып, Есеп комитетінің отырысы өткізілетін күнге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік аудит объектісіне уәжді жауап жібереді. Мемлекеттік аудит объектісінің Аудиторлық есепке ұсынған түсініктемелері оған жауап дайындалмастан назарға алынады.

Ескерту. 170-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

171. Тексеру комиссиясына келіп түскен Аудиторлық есепке қарсылықтар және оларға уәжді жауаптар Тексеру комиссиясының отырысынан кейін міндетті түрде аудиторлық іс-шара материалдарына және олардың ЕК ВАЖ-дағы және ( немесе) ЭҚАБЖ-дағы электронды нұсқаларына қоса тіркеледі.

172. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі (мемлекеттік аудитор) Аудиторлық есеп мемлекеттік аудит объектісіне тапсырылғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, Аудиторлық есептерді, Тізілімдерді, кестелерді және басқа да қосымшаларды (болған жағдайда) мынадай қолайлы тәсілдердің бірі арқылы:

1) мемлекеттік аудитордың өзі қолма-қол;

2) сканерден өткізілгендерін – қорғалған байланыс арналары бойынша;

3) Аудиторлық есептің түпнұсқасын (құпиясын қоспағанда) – фельдъегерлік байланыс не хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы;

4) құпия сипаты бар Аудиторлық есептерді – Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып, Тексеру комиссиясына жібереді және (немесе) ұсынады;

5) электрондық нұсқалар ТК ВАЖ-да орналастырылады (құпия және ҚПБҮ белгісі барларды қоспағанда).

Аудиторлық есептің бір данасы (№ 2 дана) анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау және басқа да іс-әрекеттер жасау үшін мемлекеттік аудит объектісінің басшысында қалдырылады.

Ескерту. 172-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

173. Мемлекеттік аудиторлар іссапардан келген күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей құжаттардың атауы мен аудиторлық іс-шараның қалған материалдарын жасақтағанға дейін жинақтау папкасында қалыптастырылатын парақ санын тізімдемеде көрсете отырып, алдын ала зерделеу нәтижелері туралы материалдардың, Өтінімге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы қызметтік жазбалардың, Аудит жоспарының, Аудит бағдарламасының,

Аудиторлық тапсырмалардың, Тапсырмалардың, Аудиторлық есептің (№ 1 дана), Тізілімнің және Аудиторлық есепке басқа да қосымшалардың түпнұсқаларын, мемлекеттік аудит объектілерінің қарсылықтарын (болған жағдайда) және оларға жауаптарды құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімшеге тапсырады.

Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше немесе Тексеру комиссиясының Регламентінде айқындалған құрылымдық бөлімше Аудиторлық есептердің, Тізілімнің және Аудиторлық есепке басқа да қосымшалардың түпнұсқаларын, мемлекеттік аудит объектілерінің қарсылықтарын олар Тексеру комиссиясына түскен күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде сканерлейді, ЭҚАБЖ-да тіркейді және Тексеру комиссиясының мүшесіне, аудиторлық іс-шараны ұйымдастыруға және жүзеге асыруға, мемлекеттік аудит және сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге беріледі.

Аудиторлық іс-шара шеңберінде қалыптастырылған құжаттар олардың сканерленген нұсқаларын жинақтай отырып, ТК ВАЖ-да орналастырылады.

Ескерту. 173-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

174. Аудиторлық есептер және Аудиторлық есептерге қоса берілген Тізілімдер бойынша Мемлекеттік аудит туралы заңның 8, 24-тармақтарына және осы Қағидаларға сәйкес, сапа бақылауы жүргізіледі.

175. Егер, аудиторлық іс-шара материалдарына заң қорытындысын дайындау кезінде мемлекеттік аудиторлар тіркелген Аудиторлық есепке қоса берілмеген өзге де құжаттарды ұсынса, олар мұндай құжаттарды мемлекеттік аудит материалдарына, соның ішінде Аудиторлық есептің электрондық нұсқасына қоса тіркейді.

Құжаттарды қоса тіркеу Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің атына мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің қызметтік жазбасын дайындау арқылы барлық аудиторлық іс-шараны жүргізу аяқталған соң бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Қызметтік жазба ЭҚАБЖ арқылы жіберіледі.

Ескерту. 175-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 7-параграф. Аудиторлық қорытындыларды, Нұсқамаларды жасау және ресімдеу

176. Тексеру комиссиясы жүргізген мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша Аудиторлық қорытынды ресімделеді, ол Аудиторлық есептердің негізінде жасалатын, тұжырымдар мен ұсынымдарды қамтитын және Тексеру комиссиясының қаулысымен бекітілетін құжат болып табылады.

177. Жүргізілген аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің, мемлекеттік аудиторлардың және (немесе) мемлекеттік аудитті жүзеге асыруға тартылған сарапшылардың қатысуымен Аудиторлық есептердің сапасын бақылаудың сараптамалық қорытындысын және жергілікті жерге барып аудиторлық іс-шараны қайта тексеру (ол жүргізілген жағдайда) нәтижелерін алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде, 15 және одан көп мемлекеттік аудит объектілері қамтылған жағдайда, он бес жұмыс күні ішінде Аудиторлық қорытындының, мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімінің (бұдан әрі – Жиынтық тізілім) және Қазақстан Республикасы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын және (немесе) оларға итермелейтін себептерді, жағдайларды жою, сондай-ақ осы бұзушылықтарға жол берген адамдарға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылық шараларын қолдану қажет болған жағдайда, Нұсқаманың жобаларын дайындайды.

Аудиторлық іс-шараның нәтижелерін қайта тексеру Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

178. Аудиторлық қорытындының, Жиынтық тізілімнің, Қаулының және Нұсқаманың жобаларын Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі бір мезгілде сапа бақылауына және құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге жібереді.

Аудиторлық қорытындының, Жиынтық тізілімнің, Қаулының және Нұсқаманың жобалары бойынша заң сараптамасы үш жұмыс күні ішінде не Тексеру комиссиясының Регламентінде белгіленген мерзімде өткізіледі, содан кейін заң сараптамасының қорытындысы сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшеге жіберіледі.

Сапа бақылауы Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкес, заң сараптамасының қорытындысы келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Аудиторлық қорытындының, Жиынтық тізілімнің, Қаулының және Нұсқаманың жобалары бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 178-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

178-1. Аудиторлық қорытындының және Жиынтық тізілімнің жобалары сапа бақылауы және құқықтық сараптама жүргізілген соң Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қолы қойылып, Тексеру комиссиясының отырысы өтетін күнге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмей не болмаса Регламентте белгіленген мерзімдерде, Тексеру комиссиясының отырысына дайындалу мақсатында танысу үшін негізгі мемлекеттік аудит объектісіне және оларға қатысты бөлігінде басқа мүдделі тараптарға жіберіледі.

Ескерту. 7-параграф 178-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

179. Аудиторлық қорытындының, Жиынтық тізілімнің және Нұсқаманың жобаларына мемлекеттік аудитті жүргізуге, сапа бақылауына, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұрыштама қояды, содан кейін Аудиторлық қорытындының және Нұсқаманың жобаларына Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі қол қояды және Жиынтық тізілімнің жобасы онымен (соның ішінде ҚР ІАЖ және (немесе) ЭҚАБЖ-да) келісіледі.

Аудиторлық қорытындының, Жиынтық тізілімнің және Нұсқаманың жобалары осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес басқа да материалдармен, соның ішінде негізгі мемлекеттік аудит объектісі өкілінің баяндамасы (сөйлейтін сөзі) тезистерінің жобаларымен бірге Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін төрт жұмыс күні бұрын не Тексеру комиссиясының Регламентінде белгіленген мерзімде Тексеру комиссиясының Төрағасына ілеспе хатпен ұсынылады.

Ескерту. 179-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

180. Сапа бақылауының сараптамалық қорытындысында жасалған Аудиторлық есептердің Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарына және Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкессіздігін растайтын фактілер көрсетілген жағдайда, Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі ескертулерді ескере отырып, аудиторлық іс-шараның материалдарын Тексеру комиссиясының отырысына шығарудың орындылығы және Аудиторлық қорытындыға қайта

тексеру тағайындау не оны пысықтау туралы сапа бақылауын жүргізуге жауапты бөлім басшысының келісімі бойынша Тексеру комиссиясы Төрағасының атына қызметтік жазба енгізеді.

Ескерту. 180-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

181. Аудиторлық қорытынды кіріспе, негізгі (талдау), қорытынды бөліктерден тұрады және осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

182. Жиынтық тізілім осы Қағидалардың 162-тармағында көзделген нысан бойынша жасалады және Аудиторлық қорытындыға қосымша болып табылады.

Ескерту. 182-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

183. Аудиторлық қорытындының қорытынды бөлігінде:

1) аудиторлық іс-шараның негізгі нәтижелері;

2) олардың туындауының себеп-салдарлық байланысын анықтай отырып, бұзушылықтар мен кемшіліктер жинақтап қорытылған талдау, сондай-ақ оларды жою және мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін регламенттейтін, сондай-ақ экономиканы немесе экономиканың жекелеген саласын, әлеуметтік саланы, мемлекеттік басқарудың басқа да салаларын дамытуға бағытталған құқықтық актілерді, квазимемлекеттік сектор актілерін жетілдіру бойынша тұжырымдар мен ұсыныстар жинақталады, жүйеленеді және қысқаша нысанда көрсетіледі.

Аудиторлық есепте көрсетілген және құжаттармен расталған бұзушылықтардың, кемшіліктердің анықталған фактілері Жиынтық тізілімде көрсетіледі.

Аудиторлық қорытындыда Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің анықталған бұзушылықтарының жалпы сомасы, соның ішінде:

1) қаржылық бұзушылықтар;

1) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз пайдалану;

2) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз жоспарлау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларын іске асыру үшін қабылданған, квазимемлекеттік сектор субъектілері актілері бұзушылықтарының сомалары көрсетіледі.

Рәсімдік бұзушылықтар бойынша олардың саны көрсетіледі.

Ескерту. 183-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

184. Аудиторлық қорытындыға мемлекеттік аудит объектісінің осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен қаралмаған қарсылықтары бар бұзушылық фактілерін енгізуге жол берілмейді.

185. Мемлекеттік аудиттің нәтижелері Бірыңғай дерекқорда жүйеленеді, Мемлекеттік аудит туралы заңның 13-бабының 1, 2, 3-тармақтарында көзделген мемлекеттік аудит бағыттарының ерекшеліктері ескеріле отырып, мемлекеттік аудиттің типіне, тексерудің түрлеріне және мемлекеттік аудит объектісіне сәйкес мына бағыттар:

1) Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының (аумақтарды дамыту бағдарламаларының және даму жоспарларының) және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын нормативтік әдістемелік қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік аудит объектілері қызметінің, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының жергілікті бюджеттің атқарылуы және активтердің пайдаланылуы бөлігіндегі тиімділігі;

3) квазимемлекеттік сектордың жергілікті субъектілері қызметінің экономиканы немесе экономиканың жеке алғандағы саласын, мемлекеттік басқарудың әлеуметтік және басқа да салаларын дамытуға әсерін;

4) бюджет қаражатын, оның ішінде трансферттерді, кредиттерді байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, бюджеттік инвестицияларды және кепілгерліктерді игеру нәтижелілігінің, бюджеттік бағдарламалар бойынша түпкілікті мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізудің, мемлекет активтерін пайдаланудың және акциялары (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерді басқаруының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің экономиканы немесе жеке алғанда экономиканың саласын, әлеуметтік саланы және мемлекеттік басқарудың басқа да салаларын дамытуға ықпалының дәрежесі ;

5) жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің, бюджетке түсетін түсімдерді алудың толықтығына және уақтылығына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате ( артық) төленген соманы қайтарудың, есепке жазудың дұрыстығына, салықтық әкімшілендірудің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиттің нәтижелері;

6) мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік сектордың жергілікті субъектілерінің сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін

қызметтердің мерзімдері, көлемі, бағасы, саны және сапасы бойынша шарттардың талаптарын орындауына жүргізілген мемлекеттік аудиттің нәтижелері;

7) қаржы активтерін сатып алу, оларды сатудан бюджетке түсетін қаражат түсімдері бойынша мемлекеттік аудит нәтижелері;

8) Тексеру комиссиясының Аудиторлық қорытындысында және Нұсқамаларында қамтылған ұсынымдардың орындалуын мониторингтеудің нәтижелері бойынша көрсетіледі.

186. Аудиторлық қорытынды Тексеру комиссиясы Нұсқамасының жобасын дайындау үшін негіз болып табылады.

187. Тексеру комиссиясының Нұсқамасы әкімшілік рәсімдер туралы заңнамада белгіленген деректемелерді қамтиды.

188. Тексеру комиссиясының отырысында жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары қаралады. Аудиторлық қорытынды, Нұсқама Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің және Тексеру комиссиясының Регламентіне сәйкес шақырылатын мемлекеттік аудит объектілері өкілдерінің ақпаратын тыңдаудың қорытындылары бойынша қабылданады.

Егер, аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша Тексеру комиссиясының отырысы барысында мемлекеттік аудит объектісі Тексеру комиссиясының Нұсқамасы жобасының тапсырмалық тармақтарын орындау мерзімдерін ауыстыруға не жобаны өзге де түзетуге бастама жасаса, отырыс хаттамасында бастамашы, негіз және қабылданған шешім көрсетіледі.

Тексеру комиссиясының Аудиторлық қорытындысы бекітіліп, Нұсқамасына қол қойылған кезде Тексеру комиссиясы отырысының қорытындылары бойынша оның материалдарына Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің баяндамасы қоса беріледі.

Құпия сипаттағы аудиторлық іс-шаралар бойынша отырыстар Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі заңнамада белгіленген талаптар сақтала отырып өткізіледі.

Ескерту. 188-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

189. Басқа мемлекеттік органдармен жүргізілген бірлескен аудиторлық іс-шараның қорытындылары бойынша Аудиторлық қорытынды мен Нұсқама Тексеру комиссиясының отырысында осы органның өкілдерінің қатысуымен ақпаратты талқылағаннан кейін қабылданады.

190. Аудиторлық қорытынды Қаулымен қабылданады.

191. Қаулы:

1) жүргізілген аудиторлық іс-шараның қорытындылары бойынша дайындалған Аудиторлық қорытындыны бекіту туралы шешімді;

2) облыстың (облыстық маңызды қаланың, ауданның) әкіміне және (немесе) консультативтік-кеңесші органға ұсынымдарды;

3) Аудиторлық қорытындыны немесе одан үзіндіні облыстың (облыстық маңызды қаланың, ауданның) жергілікті атқарушы органына беру туралы шешімді;

4) құқық қорғау органдарына материалдарды беру туралы шешімді;

5) Нұсқамаларды жіберу туралы шешімді қамтиды.

Ескерту. 191-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

192. Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің Аудиторлық қорытындысы және Жиынтық тізілімі немесе Аудиторлық қорытындысынан және Жиынтық тізілімінен алынған үзінді қоса беріліп, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларына жіберілген Нұсқамалар оларда көрсетілген мерзімдерде қаралады.

Ескерту. 192-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

193. Қаулылар және Аудиторлық қорытындылар толық көлемінде облыстың ( облыстық маңызды қала, аудан) жергілікті атқарушы органдарына және құқық қорғау органдарына да жіберілуі мүмкін.

Ескерту. 193-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

194. Мемлекеттік аудит туралы заңға сәйкес, Тексеру комиссиясы Аудиторлық қорытынды бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға электрондық ақпараттық есепке алу құжатын – талон-хабарламаны ұсынады.

## 4-бөлім. Қаржылық бақылау

### 1-параграф. Жалпы ережелер

195. Қаржылық бақылауды Мемлекеттік аудит туралы заңда, өзге де заңдарда және Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген құзыреті шегінде бюджетке өтеуді, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету, Нұсқамаларды орындау және кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту жолымен қалпына келтіруді қамтамасыз ету арқылы мемлекеттік аудит органдары жүзеге асырады.

196. Қаржылық бақылаудың ден қою шаралары:

1) барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті, анықталған бұзушылықтарды жою туралы және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы Нұсқама шығару;

2) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген құзырет шегінде әкімшілік іс жүргізуді қозғау;

3) мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда, материалдарды тиісті аудиторлық дәлелдемелерімен бірге құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілетті органдарға беру;

4) бюджетке өтеуді, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету және нұсқамаларды орындау жолымен қалпына келтіруді қамтамасыз ету мақсатында сотқа талап қоюды беру болып табылады.

## 2-параграф. Анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы нұсқама

197. Мемлекеттік аудит объектілеріне осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, оларда көрсетілген мерзімдерде қаралатын Тексеру комиссиясының Нұсқамалары Аудиторлық қорытындының немесе Аудиторлық қорытындыдан үзіндінің қоса берілуімен жіберіледі.

Ескерту. 197-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

198. Осы Қағидалардың 157-тармағында көзделген жағдайларда, Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудит объектісінің басшысына және мемлекеттік аудит объектісіне басшылықты немесе оны басқаруды жүзеге асыратын жоғары тұрған органға осы жұмыстың

аяқталу мерзімін айқындай отырып, мемлекеттік аудит объектісінде бухгалтерлік есепті қалпына келтіру туралы талаппен Нұсқама жібереді.

199. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары ӘҚтК-ге сәйкес Тексеру комиссиясы Нұсқамаларын орындамағаны үшін жауапты болады.

## 3-параграф. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттама жасау

200. Егер мемлекеттік аудит объектісінің басшысы Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талапта көрсетілген және ( немесе) құжаттарды ұсыну мерзімдері аяқталғанымен, Мемлекеттік аудит туралы заңның 21-бабында көзделген міндеттерін орындамаса, мемлекеттік аудитор – анықталған күні, ал әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайларын және жеке тұлғаның жеке басын қосымша анықтау қажет болған жағдайларда, көрсетілген деректер анықталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ӘҚтК-нің 803-бабына сәйкес, ӘҚтК-нің 462-бабының негізінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырады, оның жобасы ӘҚтК-де белгіленген мерзімдер шегінде оны ұсынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшемен келісіледі.

201. Осы Қағидалардың 214-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін тапқан мемлекеттік аудитор тиісті тексеру аяқталғаннан кейін дереу әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды.

Хаттама жобасы ӘҚтК-де белгіленген мерзімдер шегінде оны ұсынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшемен келісіледі.

Сараптама жүргізу қажет болған жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама сараптаманың қорытындысы алынған күннен бастап екі тәулік ішінде жасалады.

202. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезде өзіне қатысты іс қозғалған лауазымды адамға, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізудің басқа да қатысушыларына ӘҚтК-нің 38-тарауында көзделген олардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, бұл туралы хаттамаға белгі қойылады.

203. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға оны жасаған адам және әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған адам қол қояды. Куәлар болған кезде, сондай-ақ куәгерлер қатысқан жағдайларда, хаттамаға осы адамдар да қол қояды.

204. Өзіне қатысты іс қозғалған лауазымды адамға әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен танысуға мүмкіндік беріледі. Көрсетілген адам хаттаманың мазмұны бойынша түсініктемелер мен ескертулер береді, сондай-ақ

оған қол қоюдан бас тартуының себептерін баяндайды, олар осы хаттамаға қоса беріледі. Аталған адамдар әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, онда тиісті жазба жасалады.

205. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалғаннан кейін оның көшірмесі дереу өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адамға қолхатпен табыс етіледі.

206. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесін қолхатпен алудан бас тартылған жағдайда, оны жасаған адам хаттамаға тиісті жазба жүргізеді.

207. Әкімшілік құқық бұзушылық жасап, тиісінше хабардар етілген адам болмаған немесе келмеген жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға оны жасаған адам қол қойып, оған әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның болмағаны немесе келмегені жөнінде белгі қояды.

208. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесін қолхатпен алудан бас тартылған жағдайда, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасап, тиісінше хабардар етілген адам болмаған немесе келмеген жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалғаннан кейін екі тәулік ішінде өзіне қатысты іс қозғалған адам хабардар етіле отырып, оған тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберіледі.

209. Хаттамаға мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) құқық бұзушының жеке басын куәландыратын құжат (көшірмесі);

2) функционалдық және лауазымдық міндеттеріне сүйене отырып, адамдардың жазбаша түсініктемелері (не түсініктеме беруден бас тарту туралы акт);

3) анықталған құқық бұзушылықтың белгілерін растайтын, лауазымды адамдардың қолымен, ұйымның мөрімен немесе мөртабанымен расталған құжаттардың түпнұсқалары немесе төлнұсқасының көшірмелері:

соның ішінде, әкімшілік құқық бұзушылықтың түріне қарай:

жүргізілген зерттеулердің (сынақтардың, бақылау өлшемдерінің (тексеріп қараулардың) және тағы басқаларының) актілері;

сараптаманың және мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың қорытындылары (жүргізілген жағдайда);

операция немесе әрекет фактісін қамтитын құжаттар немесе олардың көшірмелері, соның ішінде шешімдер:

орындалған жұмыс актілері (тауарларды қабылдау-өткізу, қызметтерді көрсету, есептен шығару, жою актілері);

мемлекеттік сатып алу туралы бұйрықтар, хаттамалар және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың басқа да шешімдері;

шарттар;

ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар:

төлем тапсырмалары (төлеуге арналған шоттар, түбіртектер, чектер және (немесе) басқалары);

ведомостар, ордерлер, нарядтар;

4) лауазымды адамдардың өкілеттіктерін растайтын құжаттардың көшірмелері:

жарғылар, ережелер, лауазымдық нұсқаулықтар;

анықталған бұзушылықтарға қатысы бар лауазымды адамдарды тағайындау (жұмыстан босату) туралы бұйрықтар;

5) мемлекетке, мемлекеттің қатысуымен құрылған заңды тұлғалардың мүдделеріне келтірілген залалдың сомасын растайтын құжаттар немесе олардың көшірмелері:

анықтамалар, кестелер, диаграммалар;

есептеулер;

бұзушылық фактілерін көрсететін және аудиторлық есептің ажырамас бөлігі болып табылатын фотоматериалдар.

210. Әрбір әкімшілік құқық бұзушылық бойынша материалдар тиісті уәкілетті органдарға жеке ілеспе хатпен жіберіледі.

211. Заң сараптамасын жүргізу кезінде орны толмайтын, ұсынылған құжаттардың толық болмауы кемшіліктерді жою үшін материалдарды хаттаманы жасаушыға қайтаруға әкеп соғады.

212. Лауазымды адам хаттаманың және басқа да материалдардың кемшіліктерін оларды алған кезден бастап екі тәулік ішінде жояды.

213. Мемлекеттік аудиторлар әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің басқа да материалдарын жасалған кезінен бастап, үш тәуліктің ішінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында орналасқан сотқа жібереді.

## 4-параграф. Құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілетті органдарға материалдар беру

214. Аудит объектісінің лауазымды адамдарының іс-қимылында Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексінің баптарымен көзделген қылмыстық белгілер және олар бойынша қарау мен процестік шешім қабылдау әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың құзыретіне жататын әкімшілік құқық бұзушылық құрамының белгілері анықталған жағдайларда, мемлекеттік аудиторлар кейіннен құқық қорғау органдарына және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға

уәкілетті органдарға беру үшін құқық бұзушылықтарға жол берген адамдардан жазбаша түсініктемелер және анықталған құқық бұзушылықтың белгілерін растайтын, лауазымды адамдардың қолымен немесе ұйымның мөрімен расталған құжаттардың түпнұсқаларының көшірмелерін (бұдан әрі – құжаттар тізбесі) жасауды талап етеді:

1) бұзушылық фактісін тікелей растайтын құжаттар:

бұзушылық фактілерін көрсететін және аудиторлық есептің ажырамас бөлігі болып табылатын фотоматериалдар;

жүргізілген зерттеулердің (сынақтардың, бақылау өлшемдерінің (тексеріп қараулардың) және тағы басқаларының) актілері;

сараптаманың және мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың қорытындылары (жүргізілген жағдайларда);

функционалдық және лауазымдық міндеттеріне сүйене отырып, адамдардың жазбаша түсініктемелері (не түсініктеме беруден бас тарту туралы акт), олардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

бұзушылық фактілерін тікелей растайтын өзге де құжаттар;

2) операция немесе әрекет фактісін қамтитын құжаттар немесе олардың көшірмелері, соның ішінде шешімдер:

орындалған жұмыс актілері (тауарларды қабылдау-өткізу, қызметтерді көрсету, есептен шығару, жою актілері);

мемлекеттік сатып алу туралы бұйрықтар, хаттамалар және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың басқа да шешімдері;

шарттар;

бұзушылық фактілерін тікелей растайтын өзге де құжаттар;

3) ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар немесе олардың көшірмелері:

төлем тапсырмалары (төлеуге арналған шоттар, түбіртектер, чектер және ( немесе) басқалары);

ведомостар, ордерлер, нарядтар;

4) лауазымды адамдардың өкілеттіктерін растайтын құжаттар немесе олардың көшірмелері:

жарғылар, ережелер, лауазымдық нұсқаулықтар;

анықталған бұзушылықтарға қатысы бар лауазымды адамдарды тағайындау ( жұмыстан босату) туралы бұйрықтар;

5) мемлекетке, мемлекеттің қатысуымен құрылған заңды тұлғалардың мүдделеріне келтірілген залалдың сомасын растайтын құжаттар:

анықтамалар, кестелер, диаграммалар;

есептеулер;

бұзушылық фактілерін тікелей растайтын өзге де құжаттар.

Ескерту. 214-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

214-1. Әкімшілік және өзге де құқық бұзушылық белгілері көзделген бұзушылық фактілері бойынша мемлекеттік аудиторлар дайындаған материалдар Аудиторлық есепке заң сараптамасы алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шара жүргізуге жауапты мүшесіне қызметтік жазбамен жіберіледі.

Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі бір күндік мерзім ішінде материалдарды құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеге жіберу жөнінде шешім қабылдайды.

Заң қорытындысы Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне және мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге материалдың құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеге келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Ескерту. 4-параграф 214-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

214-2. Мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше әкімшілік іс жүргізуді қозғау және процестік шешім қабылдау үшін материалдарды жіберуді мемлекеттік аудиторлар бастамашылық жасаған және Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі қол қойған әкімшілік құқық бұзушылық белгілері көзделген бұзушылық фактілеріне заң қорытындысын алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

Ескерту. 4-параграф 214-2-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

## 5-параграф. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, соның ішінде бюджетке өтеуді қамтамасыз ету, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар

**беру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету**
**жолымен қалпына келтіру және нұсқамаларды орындау мақсатында сотқа талап**
**қоюды беру**

Ескерту. 5-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Ескерту. 4-бөлім 5-параграфпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

214-3. Тексеру комиссиясы сотқа талап қоюды беруді бюджетке өтеудің, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету жолымен қалпына келтірудің қажеттілігін қамтитын нұсқаманың тапсырмалық тармақтарын көрсетілген мерзімдерде орындамаған және орындау мерзімдерін ұзарту туралы шешімдер болмаған жағдайда жүзеге асырады.

214-4. Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі нұсқаманың тапсырмалық тармақтары орындалмаған жағдайда, олардың орындалуы тиіс күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеге заң сараптамасын жүргізу үшін жіберілетін Тексеру комиссиясының Төрағасына сотқа талап қоюды беруге бастамашылық жасау туралы қызметтік жазбаның жобасын дайындайды.

214-5. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қызметтік жазбасын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде растайтын құжаттар болған жағдайда сотқа талап қоюды берудің орындылығы туралы сараптамалық қорытынды жасайды.

214-6. Сотқа талап қоюды берудің оң сараптамалық қорытындысын немесе оның негізсіздігі туралы қорытындыны алғаннан кейін Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі қызметтік жазбаны тиісті шаралар қабылдау үшін Есеп комитетінің Төрағасына жібереді.

214-7. Сотқа талап қоюды беру туралы оң шешім қабылданған жағдайда, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты тиісті құрылымдық бөлімшемен бірлесіп 2015 жылғы 31

қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне сәйкес құжаттар дайындайды.

Тексеру комиссиясының басшылығы айқындаған құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері және (немесе) тиісті мемлекеттік аудитті жүргізген мемлекеттік аудиторлар сот процесіне тікелей қатысады.

## 5-бөлім. Сапа бақылауын жүзеге асыру

215. Сапа бақылауын жүзеге асыру қағидаттары мыналар болып табылады:

1) тәуелсіздік – сапа бақылауын жүзеге асырып жатқан кезде қызметкерлердің қызметіне араласуға кез-келген жол бермеу;

2) объективтілік – сапа бақылауын Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте жүргізу, сапа бақылауын жүргізу және сапа бақылауының қорытындыларын ресімдеу кезінде құжаттамалық негізделген және расталған тұжырымдармен бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету, мүдделер қақтығысын болғызбау;

3) ашықтық – сапа бақылауының нәтижелерін баяндаудың анықтығы, сапа бақылауы нәтижелерінің барлық мүдделі тараптарға түсініктілігі мен анықтығын қамтамасыз ететін, сапа бақылауын жүргізудің әдістері мен өлшемшарттарын қолдану;

4) құзыреттілік – сапа бақылауын жүзеге асыру үшін қызметкерлердің қажетті кәсіби білімдері мен дағдыларының жиынтығы;

5) анықтық – сапа бақылауы нәтижелерін құжаттардың түпнұсқаларымен немесе олардың сканерленген нұсқаларымен, сондай-ақ ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілерге сілтемелермен растау.

Ескерту. 215-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

216. Алдын ала зерделеу нәтижелері Аудит жоспарларының және Аудит бағдарламаларының жобалары, барлық қосымшаларымен бірге Аудиторлық есептер, соның ішінде Аудиторлық есептерге бұзушылықтар тізілімі, Аудиторлық қорытындылар мен Нұсқамалардың жобалары, бұзушылықтардың жиынтық тізілімі, сондай-ақ Тексеру комиссиясы Нұсқамаларының тармақтарын іске асыру және орындау туралы ақпарат сапа бақылауының мәні болып табылады.

217. Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкес, сапа бақылауын сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің қатысуымен жүзеге асырады.

218. Сапа бақылауының қорытындылары бойынша Аудиторлық есептің Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, Тексеру комиссиясының Төрағасы мемлекеттік аудит объектісінде қайта тексеру тағайындау туралы мәселені шешеді.

219. Сапа бақылауын жүзеге асыру процесінде Тексеру комиссиясының мүшелері және Тексеру комиссиясының қызметкерлері сапа бақылауын және құқықтық қамтамасыз етуді жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге қажетті ақпаратты уақтылы және толық көлемде ұсыну жолымен жәрдем көрсетеді.

220. Сапа бақылауын жүзеге асыру барысында оны жүргізу бойынша кедергілер туындаған, соның ішінде құжаттар мен өзге де ақпарат ұсынылмаған кезде, сапа бақылауын және құқықтық қамтамасыз етуді жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұл туралы Тексеру комиссиясының Төрағасын хабардар етеді.

221. Мемлекеттік аудиттің сапасын бақылаудың нәтижелері бойынша аудиторлық іс-шараларға бағалау жүргізіледі, ол Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын сақтаудың қажетті шарты болып табылады.

222. Мемлекеттік аудит туралы заңның 8-бабына сәйкес, аудиторлық іс-шараны бағалауды сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше жүзеге асырады.

## 6-бөлім. Тексеру комиссиясының Аудиторлық қорытындысында, Нұсқамаларында қамтылған ұсынымдардың орындалуын мониторингтеуді жүзеге асыру

### 1-параграф. Тексеру комиссиясының Аудиторлық қорытындысында, Нұсқамаларында қамтылған ұсынымдарды бақылауға қою және олардың орындалуын мониторингтеу

223. Құжат айналымына жауапты немесе Тексеру комиссиясының Регламентінде айқындалған құрылымдық бөлімше Тексеру комиссиясының Аудиторлық қорытындысында қамтылған ұсынымдарды, Нұсқамасының тармақтарын қол қойылған күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде бақылауға қоюды жүзеге асырады, олардың орындалу мерзімі келгенге дейін үш жұмыс күні бұрын Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне олардың орындалу мерзімі туралы ескертеді.

224. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше жартыжылда бір рет құқық қорғау және уәкілетті органдарға жолданған аудиторлық іс-шара материалдарын қараудың нәтижелеріне мониторинг жүргізеді.

Ескерту. 224-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

225. Жоспарлауға жауапты немесе Тексеру комиссиясының Регламентінде айқындалған құрылымдық бөлімше Тексеру комиссиясының Аудиторлық қорытындысында қамтылған ұсынымдардың және Нұсқамасының тармақтарының іске асырылу барысына мониторинг жүргізеді және ай сайынғы негізде Тексеру комиссиясының Төрағасына хабарлайды, мониторингінің нәтижелері Есеп комитетінің Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігіне ұсынылатын ай сайынғы ақпарат, сондай-ақ есепті қаржы жылы үшін жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп қалыптастыру, бұзушылықтардың алдын алу мақсатында оларды жүйелеу үшін пайдаланылады.

226. Сапаны бақылауға жауапты немесе Тексеру комиссиясының Регламентінде айқындалған құрылымдық бөлімше жартыжылдықтың қорытындылары бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың екінші айының 20 күнінен кешіктірмей, Тексеру комиссиясының төрағасына аудиторлық іс-шаралар материалдарының сапасын бақылаудың нәтижелері туралы, сондай-ақ талдаудың қорытындылары бойынша Тексеру комиссиясының Аудиторлық қорытындыларында, Қаулыларында (Нұсқамаларында) қамтылған ұсынымдардың орындалу сапасы жөнінде жинақталып қорытылған ақпарат ұсынады.

Ескерту. 226-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

227. Мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше Аудиторлық қорытындыда берілген ұсынымдардың және міндетті түрде орындау үшін жіберілген нұсқамалардың орындалуына жауапты Тексеру комиссиясының мүшесімен бірлесіп, тұрақты және жүйелі негізде мыналардың:

1) Аудиторлық қорытындыда берілген ұсынымдарды аудит объектілерінің қарауы, соның ішінде қарау нәтижелері туралы ақпараттар және оларды қарау мен қабылданған шешімдер туралы растайтын құжаттардың;

2) Нұсқамалдардың, соның ішінде Нұсқамаларды орындау нәтижелері туралы ақпараттарды және мемлекеттік аудит объектілеріне және өзге де мүдделі адамдарға жіберілетін растайтын құжаттардың уақтылылығы мен толықтығына бақылау және талдау жүргізеді.

Ескерту. 227-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

228. Мемлекеттік аудит органы мен өзге де лауазымды адамдар Аудиторлық қорытындыда берілген ұсынымдарды қараудың нәтижелері туралы және Нұсқамалардың орындалғаны туралы ақпаратты растайтын құжаттарымен бірге тиісті құжаттарда көрсетілген мерзімдерде Тексеру комиссиясына жіберуге міндетті.

## 2-параграф. Мемлекеттік аудит объектісінің Тексеру комиссиясының Аудиторлық қорытындысында қамтылған ұсынымдарды және Нұсқамасының тармақтарын орындауын талдау

229. Сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше мемлекеттік аудит объектісінен ақпараттар (растайтын құжаттар) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдардың және Нұсқама тармақтарының мемлекеттік аудит объектілерінің орындауына, Үкіметтің карауына сапа бақылауын жүргізеді.

Сапа бақылауы:

1) Аудиторлық қорытындыда (соның ішінде бірлескен) қамтылған ұсынымдардың және Нұсқама тармақтарының орындалу толықтығы, растайтын құжаттардың болуы;

2) Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдардың және Нұсқама тармақтарының орындалу мерзімдерін ұзарту туралы ұсыныстар енгізудің негізділігі;

3) бақылаудан алу негізділігі мәніне жүргізіледі.

Сапа бақылауының қорытындысы бойынша сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше сараптамалық қорытынды дайындайды және Тексеру комиссиясының мүшесіне енгізеді.

Сараптамалық қорытындының негізінде сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше, Тексеру комиссиясының мүшесі екі жұмыс күні ішінде ұсынымдар мен нұсқамалардың орындалу нәтижелері немесе аудит объектісінен және өзге де мүдделі адамдардан қосымша ақпараттар қажеттігі жөнінде Төрағаның атына қызметтік жазба дайындау туралы шешім қабылдайды.

Тексеру комиссиясының мүшесінің тапсырмасы бойынша мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше Төрағаның атына қызметтік жазба жобасын немесе аудит объектісіне және өзге де мүдделі адамдарға қосымша сұрау салу дайындайды. Төрағаның атына жазылатын қызметтік жазбаның жобасы сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшемен келісіледі
.

Ескерту. 229-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

229-1. Ұсынымдар және (немесе) нұсқамалар тармақтарының орындалу мерзімін аудиторлық іс-шаралардың негізінде сот тәртібімен қарау және (немесе) қылмыстық іс жүргізіліп жатса немесе аудит объектісіне байланысты емес өзге де негіздерді қоспағанда екі реттен көп емес ұзартуға жол беріледі. Орындалу мерзімін қайта ұзарту уақтылы орындалмаған ретінде есептеледі. Аудит объектісі орындау мерзімі бұрын екі рет ұзартылған тапсырмалар бойынша орындау мерзімін ұзарту туралы ұсыныс енгізген кезде Тексеру комиссиясының мүшесі осы Қағидалардың 236-тармағында көзделген шаралар қабылдайды.

Егер сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше ұсынымдардың және ( немесе) нұсқамалардың тармақтарын орындау мерзімін ұзарту үшін аудит объектісі ұсынған негіздемені негізсіз деп таныған жағдайда мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше аудит объектісіне Тексеру комиссиясы мүшесінің қол қоюымен нұсқамалардың және/немесе аудиторлық қорытынды ұсынымдарының тармақтарын тиісінше орындамау туралы тұжырымдарды тіркей отырып, хат жібереді. Аудит объектісінің нұсқама тармақтарын белгіленген мерзімде орындау және (немесе) ұзарту үшін дәйекті негіздемелермен толықтыруды қамтамасыз ету мүмкінкіндігі болмаған жағдайда кейіннен негізсіз ұзарту фактісі туралы белгі қоя отырып, орындалу мерзімін ұзарту туралы ұсыныс қолдау табады.

Ескерту. 2-параграф 229-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

229-2. Алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

230. Алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

231. Тескеру комиссиясының төрағасы аудиторлық іс-шараға жауапты Тексеру комиссиясы мүшесінің қызметтік жазбасының негізінде Тексеру комиссиясының Регламентінде айқындалған негізде Аудиторлық қорытындыда

қамтылған ұсынымдарды және Нұсқаманың, Қаулының тармақтарын бақылаудан алу, орындау мерзімдерін ұзарту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 231-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

232. Тексеру комиссиясының төрағасы шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудит объектісін Тексеру комиссиясының Аудиторлық қорытындысында қамтылған ұсынымдарды және (немесе) Нұсқамасының, Қаулысының тармақтарын бақылаудан алу не олардың орындалуын жалғастыру туралы хабардар етеді.

Мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше Тексеру комиссиясы төрағасының бұрыштамасы бар Тексеру комиссиясының жауапты мүшесінің қызметтік жазбасын және мемлекеттік аудит объектілерінің Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдарды және Тексеру комиссиясының Нұсқама, Қаулы тармақтарын орындауы туралы ақпаратты ТК ВАЖ-ды жүктеуді жүзеге асырады.

Ескерту. 232-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

233. Тексеру комиссиясының Аудиторлық қорытындысында қамтылған ұсынымдарды және Нұсқамасының, Қаулының тармақтарын орындалуын жалғастыру туралы Тексеру комиссиясы төрағасының бұрыштамасы қабылданған күннен бастап жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше олардың орындалуын әрі қарай мониторингтеуді жүзеге асырады.

Ескерту. 233-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

234. Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдардың және Нұсқаманың, Қаулының тармақтарының орындалу барысы туралы мәселені талқылау қажет болған жағдайда олардың ақпараттарын тыңдау үшін мемлекеттік аудит объектілерінің, уәкілетті мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың лауазымды адамдарын шақыра отырып, Тексеру комиссиясының отырысына шығарылады, оны қараудың қорытындысы бойынша тиісті шешім қабылданады.

Ескерту. 234-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 2-1-параграф. Шешімдердің орындалуына постаудит жүргізу

Ескерту. Қағидалар 2-1-параграфпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

234-1. Мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше аудиторлық іс-шараға жауапты Тексеру комиссиясы мүшесінің басшылығымен Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдардың және Нұсқамалар тармақтарының толық орындалуы туралы мемлекеттік аудит объектісінен ақпарат алған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде қажет болған кезде бұзушылықтардың жойылуын және ұсынымдардың орындалуын растау үшін объекті қабылдаған шараларды жергілікті жерде тексеріп қарау үшін Тексеру комиссиясы төрағасының атына оны жүргізу күнін келісе отырып, Тексеру комиссиясы шешімдерінің орындалуына постаудит жүргізу туралы (бұдан әрі - постаудит) сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшемен келісілген қызметтік жазба дайындайды.

234-2. Постаудит жүргізу туралы шешімді Тексеру комиссиясының төрағасы қабылдайды.

234-3. Постаудит мынадай тәсілдердің біреуі арқылы жүзеге асырылады:

1) постаудит объектісіне шыға отырып, Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдардың және Нұсқама тармақтарының орындалу толықтығы мен анықтығына аудит жүргізу;

2) объект постаудит объектісі болып табылатын аудиторлық іс-шара бағдарламасына постаудит жүргізу мәселелерін қосу.

234-4. Постаудит жүргізу мыналардың;

1) осы Қағидалардың 234-3 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тәсіл кезінде ұсынымдардың орындалуына мониторинг және бақылау жүргізуге жауапты Тексеру комиссиясы мүшесінің тапсырмасы;

2) осы Қағидалардың 234-3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тәсіл кезінде аудиторлық іс-шараға жауапты Тексеру комиссиясы мүшесінің тапсырмасы негізінде жүргізіледі.

234-5. Тексеру комиссиясының төрағасы сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшемен келісілген Есеп комитеті мүшесінің қызметтік

жазбасының негізінде Тексеру комиссиясының шешімдерін толық бақылаудан алу не болмаса жекелеген тармақтарының орындалуын жалғастыру туралы шешім қабылдайды.

234-6. Тексеру комиссиясының мүшесі Тексеру комиссиясы төрағасының бұрыштамасын алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектісіне Тексеру комиссиясы шешімінің толық бақылаудан алынуы немесе оның орындалуының жалғасатыны туралы хабарлама жібереді.

234-7. Тексеру комиссиясы төрағасының бұрыштамасы қойылған жүргізілген постаудиттің нәтижелері бойынша қорытынды, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің ақпараты ТК ВАЖ-ға енгізіледі.

## 3-параграф. Мемлекеттік аудит объектісінің ақпарат ұсынбауы, Нұсқама тармақтарын орындамауы және тиісінше орындамауы жөнінде шаралар қабылдау

235. Мемлекеттік аудит объектісі Нұсқамалар тармақтарының орындалуы жөніндегі ақпаратты тиісті мерзімдерде ұсынбаған жағдайда, Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі Нұсқама тармақтарының орындалу мерзіміне дейін кемінде екі жұмыс күні бұрын мемлекеттік аудит объектісіне ЭҚАБЖ (болған жағдайда) арқылы және қағаз түрінде поштамен ӘҚтК-нің 462-бабында көзделген әкімшілік жауаптылық туралы ескерту жібереді.

236. Аудиторлық іс-шараға жауапты Тексеру комиссиясының мүшесі мемлекеттік аудит объектісі ақпарат ұсынбаған жағдайда – бір жұмыс күнінің ішінде, ал көрсетілген мерзімде Нұсқама тармақтарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда – Нұсқамада көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Тексеру комиссиясы төрағасының атына мемлекеттік аудит объектісіне әкімшілік ықпал ету шарасын қолдану туралы қызметтік жазба дайындап, сараптама жүргізу үшін құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеге жібереді.

Ескерту. 236-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

237. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қызметтік жазбасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 209-тармағында

көзделген растайтын құжаттар болғанда, әкімшілік іс жүргізуді қозғаудың орындылығы туралы сараптамалық қорытынды жасайды, орындылығы танылған жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама ресімдейді.

Ескерту. 237-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

238. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезден бастап үш тәулік ішінде Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі әкімшілік іс материалдарын тиісті сотқа жібереді.

## 7-бөлім. Қорытынды ережелер

### 1-параграф. Аудиторлық іс-шараның нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету

239. Аудиторлық іс-шаралардың нәтижелерін қарау жөнінде отырыс өткізу қорытындылары бойынша Тексеру комиссиясының интернет-ресурсына тиісті баспасөз релизі орналастырылады.

Ескерту. 239-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

239-1. Аудиторлық іс-шаралардың нәтижелерін қарау бойынша Тексеру комиссиясының алдағы отырыстары туралы анонс Тексеру комиссиясының интернет-ресурсына оны өткізгенге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмей орналастырылады.

Ескерту. 1-параграф 239-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

240. Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің мемлекеттік және қызметтік құпияны, сондай-ақ шектеулі таралымды қызметтік ақпаратты (қызмет бабында пайдалану үшін) қамтымайтын аудиторлық қорытындысы:

1) Тексеру комиссиясының Интернет-ресурсына орналастырылады;

2) Тексеру комиссиясы Төрағасының шешімімен Есеп комитеті Төрағасының келісімі бойынша Есеп комитетінің бюллетенінде толығымен немесе одан алынған үзінділер түрінде жариялануға жіберіледі.

## 2-параграф. Мемлекеттік аудит материалдарын есепке алу

241. Тексеру комиссиясының Аудиторлық қорытындысын бекітіп, Нұсқамасына қол қойғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит тобының жетекшісі Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің келесімі бойынша мемлекеттік аудит материалдарын (алдын ала зерделеу материалдарының, Аудит жоспарының, Аудит бағдарламасының, Аудиторлық тапсырмалардың, Тапсырмалардың түпнұсқаларын, сараптамалық қорытындыны, Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі қол қойған Аудиторлық қорытындыны, Жиынтық тізілімді, Тексеру комиссиясының төрағасы қол қойған отырыс хаттамасын, қаулы, нұсқамалар) алдын ала зерделеу жүргізу туралы хабарлама, аудиторлық іс-шара жүргізу туралы хабарлама, құжаттарды ұсыну туралы талап, мемлекеттік аудит объектілерінің қарсылықтары мен түсіндірмелері (болған жағдайда) және Тексеру комиссиясының қарсылықтарға уәжделген жауаптары, құқықтық қамтамасыз етуге және сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшелердің сараптамалық талдаулары, материалдарды қоса тіркеу туралы қызметтік жазбаны (болған жағдайда) қамтыған аудиторлық іс-шара материалдары бар жинақ папканы толықтырып, кейіннен архивке өткізу үшін құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімшеге тапсырады, аудиторлық іс-шара материалдарының электрондық нұсқалары Бірыңғай дерекқордың электрондық архивіне және ТК ВАЖ-ға енгізіледі.

Ескерту. 241-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

242. Аудиторлық іс-шараның мемлекеттік құпияларды қамтитын материалдары Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі заңнамамен бекітілген талаптарға сәйкес сақталады.

243. Процестік шешім қабылдау үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға жіберілген әкімшілік материалдардың көшірмелері құқықтық қамтамасыз етуге не құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімшеде сақталып, жеке журналда тіркеледі. Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімшеге сақтауға тапсырылған әкімшілік материалдардың көшірмелері Тексеру комиссиясының жалпы хат-хабарларынан бөлек сақталады.

Тексеру комиссияларының сыртқы
мемлекеттік аудит және қаржылық
бақылау жүргізу қағидаларына
1-қосымша

нысан

## Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мемлекеттік аудит объектілері бойынша бірыңғай дерекқор

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Тексеру комиссияларының
сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау
жүргізу қағидаларына
2-қосымша
нысан

## Аудиторлық іс-шараны жүргізуге өтінім

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге өтінім

| Мем. аудит объектісі (лері) | Мем. аудиттің типі | Тексерудің түрі | Ауди-торлық іс-шараның қысқаша атауы | Тәуекел тобы ( ең жоғары, орташа, ең төмен) | Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі | Бюджеттік бағдарламаның №, активтер | Аудиторлық іс-шарамен жоспарланған сомалар бойынша болжам | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | Алдыңғы жылғы | Есепті жылғы | Жоспар-ла жылға |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | 1. | | |
| | | | | | | | 2. | | |
| | | | | | | | _. | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Ауди-торлық іс-шарамен қамту кезеңі | Аудиторлық іс-шара бойынша мерзімдер (тоқсандарға бөле отырып көрсетіледі) | | | Мем. аудитордың ассистенттерін, сарапшыларды (аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында мем. аудиторларды) тартуға қажеттілік |
|---|---|---|---|---|
| | Дайын-дық кезеңі | Негізгі кезең | Қоры-тынды кезең | |
| 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

______________________________

Өтінімге бастамашы: **Тексеру комиссиясы мүшесінің, бөлім меңгерушісінің Мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысының ТАӘ (болған жағдайда)** ____________ (Қолы) _________ (Күні)

____________________________________________________________

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

Негіздеме **Аталған бағыт бойынша алдыңғы аудиторлық іс-шара (тексеру) туралы мәлімет:**

____________________________________________________________

____________

Тексеру комиссияларының<br>сыртқы мемлекеттік аудит<br>және қаржылық бақылау<br>жүргізу қағидаларына<br>3-қосымша

нысан

# Мемлекеттік аудит объектілерінің ________ жылға арналған тізбесі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

| Р/с № | Мем. аудит объектісі (лері) | Мем. аудиттің типі | Тексерудің түрі | Аудиторлық іс-шараның қысқаша атауы | Аудиторлық іс-шара бойынша мерзімдер ( тоқсандарға бөле отырып көрсетіледі) | | | Мем. аудитпен қамтылатын бюджет қаражатының және активтердің жоспарланған сомалары бойынша болжам, жылдар бөлінісінде (млн. теңге) (өзгерістер болған жағдайда түзетуге жатпайды) | | | | М л а т к , о с м м е а т а |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | дайындық | негізгі | қорытынды | 20 _ | Дайындық | негізгі | қорытынды | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 1 |
| 1. | | | | | | | | | | | | |
| 2. | | | | | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | | | | | |

Тексеру комиссияларының
сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау
жүргізу қағидаларына
4-қосымша
нысан

"Бекітемін"
___________________бойынша
тексеру комиссиясының төрағасы
____________________________
ТАӘ (болған жағдайда)
(қолы)
201___ жылғы "___"__________

## Мемлекеттік аудит объектілерінің ______ жылға нақтыланған тізбесі

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

| №, п/п | Мем. аудит объектісі (лері) | Аудиттің типі | Тексерудің түрі | Аудиторлық іс-шараның қысқаша атауы | Мемлекеттік аудит объектілерін мемлекеттік аудитпен қамтудың болжамдалған кезеңі | Бюджет қаражатын, активтерді мемлекеттік ау сомалары бойынша болжам (млн. теңге) (өзге жағдайда түзетуге жатпайды) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды | Бюджеттік бағдарламаның нөмірі | Бюджеттік бағдарламаның атауы/активтер | 20_ _ жыл | . |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 1 |
| 1 | | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | | | |

Тексеру комиссияларының сыртқы
мемлекеттік аудит және қаржылық
бақылау жүргізу қағидаларына
5-қосымша
нысан

## Алдын ала зерделеуге
## ТАПСЫРМА

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Тексеру комиссияларының
сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау
жүргізу қағидаларына
6-қосымша
нысан
______________________________
мемлекеттік органның немесе ұйымның
атауы

## Алдын ала зерделеуді (аудиторлық іс-шараны, тексеруді) жүргізу туралы хабарлама

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

___________________________ бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит

объектілерінің___жылға арналған тізбесіне сәйкес ______________________ аралығында

(ұзақтығы көрсетіледі)

______________________________________________________________________

(мақсаты көрсетіледі)

алдын ала зерделеу (аудиторлық іс-шара, тексеру) жүргізіледі.

Сіздерден:

1) алдын ала зерделеу (аудиторлық іс-шара, тексеру) жүргізуге және жауапты лауазымды адамдарды белгілеуге жәрдем көрсетулеріңізді;

2) оны жүргізуге кедергі келтірмеулеріңізді және барлық сұратылған ақпаратпен қамтамасыз етулеріңізді;

3) қажетті жағдай жасауларыңызды, дайындық жұмыстарын жүзеге асырып, қызметкерлерді жұмыс орындарымен қамтамасыз етулеріңізді сұраймыз*.

Тексеру комиссиясының мүшесі _________________________

(ТАӘ (болған жағдайда)

Ескертпе:

Алдын ала зерделеу (аудиторлық іс-шара, тексеру) жүргізу туралы хабарлама Тексеру комиссиясының ресми бланкісінде ресімделеді.

*3) тармақшада хабарламада аудиторлық іс-шараны, тексеруді жүргізу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын аудиторлық іс-шаралар бойынша мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу жағдайында көрсетіледі.

Аудиторлық іс-шараны, тексеруді жүргізу туралы хабарламаға Тексеру комиссиясының әдеп жөніндегі уәкілінің сенім телефоны туралы ақпарат міндетті түрде қоса беріледі.

Тексеру комиссияларының
сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау
жүргізу қағидаларына
6-1-қосымша

нысан

Ескерту. Қағидалар 6-1-қосымшамен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

_________________________________________________________________________

(Тексеру комиссиясының логотипі және әдеп жөніндегі уәкілдің телефоны)

Тексеру комиссиясының сенім телефоны, бұған Сіздер бюджет қаражатын пайдалану кезінде жол берілген қаржылық бұзушылықтар, сондай-ақ Есеп комитетінің қызметкерлері тарапынан жасалған заңсыз іс-әрекеттер және олардың Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің нормаларын сақтамауы фактілері туралы хабарлай аласыздар.

Тексеру комиссияларының сыртқы
мемлекеттік аудит және қаржылық
бақылау жүргізу қағидаларына
7-қосымша

нысан

_______________________________________________________

*мемлекеттік органның немесе ұйымның атауы*

**мәліметтерді, құжаттамаларды, ақпаратты және материалдарды (дәлелдемелерді) ұсынуы туралы талап**

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 27.09.2016 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

__________ бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің ___ жылға арналған тізбесіне сәйкес

______________________________________________________________________

___

*(объектінің атауы, аудиторлық іс-шара мақсаты көрсетіледі)*

_____________________ аралығында аудиторлық іс-шара жүргізу көзделген.

*(*мемлекеттік аудиттің ұзақтығы көрсетіледі)

Осыған байланысты, "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес

______________________________________________________________________

___

(қажетті мәліметтер және мәселелердің үлгі тізбесіне

________________ туралы ақпаратты растайтын құжаттардың көшірмелерімен сәйкес құжаттама тізбесі көрсетіледі)

бірге ұсынуларыңызды сұраймыз.

Сұратылған ақпарат және құжаттардың көшірмелері

_______________________ дейін қағаз жеткізгіштерде немесе электрондық

*(*құжаттаманы ұсынудың күні көрсетіледі)

поштамен ұсынылсын.

Тексеру комиссиясының мүшесі __________________

*(аты-жөні, тегі)*

Орындаушының аты-жөні, тегі

*(телефоны, электрондық пошта мекенжайы)*

Ескертпе: Мәліметтерді, құжаттамаларды, ақпаратты және материалдарды ( дәлелдемелерді) ұсыну туралы талап Тексеру комиссиясының ресми бланкісінде ресімделеді.

Тексеру комиссияларының сыртқы
мемлекеттік аудит және қаржылық
бақылау жүргізу қағидаларына
8-қосымша
нысан

## Мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу барысында зерделенетін мәселелердің үлгі тізбесі*

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## Мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу барысында зерделенетін мәселелердің үлгі тізбесі*

| Мәселелер | Ақпарат көздері |
|---|---|
| 1 | 2 |
| 1. Сәйкестік аудиті (жалпы мәселелер)** | |
| Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі | Нормативтік құқықтық актілер, ақпараттық-құқықтық жүйелер |
| | Мемлекеттік аудит объектісінің құрылтай құжаттары (Ереже, Жарғы және мемлекеттік аудит объектісінің қызметін регламенттейтін басқа да құжаттар) |
| | Аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарын қоса алғанда, мемлекеттік аудит объектісінің құрылымы |
| | Құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды құқық қорғау органдарының алып қоюы |
| Мемлекеттік аудит объектісі бойынша алдыңғы аудиторлық іс-шараның нәтижелері | Тексеру комиссиясының аудиторлық есептері, қаулылары және мемлекеттік аудит объектісінің аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша қабылдаған шаралары |
| Мемлекеттік аудит объектісінің ішкі аудит қызметінің жұмысы | Ішкі аудит қызметінің ережесі, аудиторлық іс-шаралардың жылдық жоспары, ішкі аудит нәтижелері туралы есептер, ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы жиынтық ақпарат (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің тоқсан сайынғы ақпараты) |
| Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджетті уақтылы және сапалы орындауы | Тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша тиісті есепті жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеп (Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ұсынатын ақпарат, төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспары) |
| Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мемлекеттік аудит объектісіне қатысты бөлігінде даму жоспарлары, тиісті бюджеттік | Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың (іс-шаралар жоспарларының), квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мемлекеттік аудит объектісіне қатысты |

| | |
|---|---|
| бағдарлама әкімшісінің стратегиялық жоспары | бөлігінде даму жоспарларының, тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің стратегиялық жоспарларының орындалуы туралы есептер |
| Мемлекеттік сатып алуды өткізу тәсілдері, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің номенклатурасы, бюджеттен бөлінген қаражат шегінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу мерзімдері | Тексерілетін мемлекеттік аудит объектісінің ақпараттық базалары, ресми статистикалық деректер, бұқаралық ақпарат құралдарының және басқа да көздердің деректері |
| Мемлекеттік аудит объектісі туралы жинақталған ақпарат | Мемлекеттік аудит объектілері лауазымды адамдарының әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері (шағымдары) ( болған жағдайда) |
| | Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарлама әкімшісі мен тиісті жергілікті атқарушы органның арасындағы Нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім. Нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдердің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептер. |
| Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарлама әкімшісі мен тиісті жергілікті атқарушы органның арасында Нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдер жасасу | Нысаналы трансферттер қаражатын толық пайдалануға рұқсат ету туралы мәслихаттар мен әкімдіктердің қабылдаған шешімдері, ҚР Үкіметінің қаулылары ( ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| Жергілікті атқарушы органдардың бұрын пайдаланылмаған нысаналы трансферттер сомаларын толық пайдалануы | Ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Байланысты грант туралы келісім, алынған және пайдаланылған байланысты гранттар туралы ақпарат, байланысты гранттарды пайдалану бойынша қол жеткізілген нәтижелер жөніндегі есеп, байланысты гранттардың пайдаланылуын мониторингтеу |
| Байланысты гранттарды тарту және пайдалану | Кредит берушінің, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің және қарыз алушының арасындағы кредиттік шарттар. Бюджеттік кредиттерді мақсатына сәйкес және тиімді пайдалану, өтеу және оған қызмет көрсету туралы ақпарат. |
| Бюджеттік кредиттерді тарту және пайдалану | Инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатын игеру туралы ақпарат, мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатын игеру туралы жиынтық есеп |
| Үкіметтік сыртқы қарыздар есебінен | |

| | |
|---|---|
| қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуы | Тексерілетін мемлекеттік аудит объектісінің ақпараттық базалары, ресми статистикалық деректер, бұқаралық ақпарат құралдарының және басқа да көздердің деректері |
| Тартылған қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобалардың қымбаттауы | Тартылған қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобалардың қымбаттауы туралы ақпарат |
| Қазақстан Республикасының Үкіметіне халықаралық қаржы ұйымдары ұсынатын қарыз шарттары шеңберіндегі қарыз қаражатының пайдаланылуын мониторингтеу | Халықаралық қаржы ұйымдары қаржыландыратын жобалар туралы ақпарат |
| Үкіметтік қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі операциялар | Үкіметтік сыртқы қарыздардың қолданыстағы портфелін игеру, өтеу және оған қызмет көрсету туралы ақпарат |
| 2. Қаржылық есептілік аудиті | |
| Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі | Нормативтік құқықтық актілер (ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| | Құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды құқық қорғау органдарының алып қоюы |
| Мемлекеттік аудит объектісінің ішкі аудит қызметінің жұмысы | Ішкі аудит нәтижелері бойынша қорытындылар, ішкі аудит нәтижелері туралы есептер, ішкі аудит қызметінің нұсқамалары, қабылданған шаралар туралы ақпарат, ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы жиынтық ақпарат (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің тоқсан сайынғы ақпараты) |
| Мемлекеттік аудит объектісі бойынша алдыңғы аудиторлық іс-шараның нәтижелері | Тексеру комиссиясының аудиторлық есептері (мемлекеттік аудит актілері), қаулылары және мемлекеттік аудит объектісінің аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша қабылдаған шаралары |
| Бухгалтерлік есеп және бюджеттік бағдарламаларды орындау бойынша есептер | Қаржылық есептілік, шоғырландырылған қаржылық есептілік (бухгалтерлік баланс, активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер туралы есеп, қаржыландыру көздері бойынша шоттардағы ақша қозғалысы туралы есеп; түсіндірме жазба, қаржыландыру жоспарларын орындау туралы есеп) және басқалары |
| Есеп саясаты | Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектісінің есеп саясаты |
| Мемлекеттік аудит объектісінің міндеттемелерді қабылдауының, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдерді жүргізуінің, бюджет | |

| | |
|---|---|
| түсімдері мен шығыстарының атқарылу болжамын жасауының уақтылылығы | Тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын мониторингтеу нәтижелері туралы есептері |
| Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры қаражатының дұрыстығы мен пайдаланылуының аудиті | Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы есеп (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ай сайынғы ақпараты) |
| Республикалық бюджетке түсетін түсімдердің, республикалық бюджеттен түсетін түсімдер сомаларының қайтарылуының толықтығы мен уақтылылығы аудиті, салықтық және кедендік әкімшілендірудің тиімділігі | Бюджетке түсетін төлемдер туралы № 1-Н және № 2-Н салықтық есептер ( Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ай сайынғы ақпараты) |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың талаптары мен міндеттемелері | Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың талаптары мен міндеттемелері туралы есеп (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ай сайынғы ақпараты) |
| Республикалық бюджет бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы | Республикалық бюджет бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп |
| Есепті қаржы жылына арналған бюджетті бекіту, нақтылау, түзету | Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бекітілген, нақтыланған, түзетілген республикалық бюджетті, бюджеттік бағдарламалар бойынша қабылданған, төленбеген міндеттемелерді және (немесе) төленген міндеттемелерді көрсете отырып, тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі, жүргізілген бюджеттік мониторингтеу мен нәтижелерді бағалаудың негізінде республикалық бюджеттік бағдарламаларды орындау бөлігіндегі республикалық бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есеп ; елдегі экономикалық ахуал мен республиканың тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған салық-бюджет |

| | |
|---|---|
| | саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуы туралы, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң баптарының орындалуы туралы талдамалық ақпаратты қамтитын түсіндірме жазба (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ай сайынғы ақпараты) |
| Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері баланстарының есептік баптары бойынша дебиторлық және кредиторлық берешек | Мемлекеттік, республикалық бюджеттің, соның ішінде өткен жылдардың дебиторлық берешегі туралы есептер, мемлекеттік, республикалық бюджеттің кредиторлық берешегі туралы есеп (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ай сайынғы ақпараты) |
| 3. Тиімділік аудиті (жалпы мәселелер)*** | |
| Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі | Нормативтік құқықтық актілер |
| | (ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| | Мемлекеттік аудит объектісінің құрылтай құжаттары (Ереже, Жарғы және мемлекеттік аудит объектісінің қызметін регламенттейтін басқа да құжаттар) ( ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| Ішкі аудит қызметінің жұмысы | Құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды құқық қорғау органдарының алып қоюы |
| Мемлекеттік аудит объектісі бойынша бағалау мәніне байланысты алдыңғы аудиторлық іс-шараның нәтижелері | Аудиторлық іс-шаралардың жылдық жоспары, ішкі аудит нәтижелері бойынша қорытындылар, ішкі аудит нәтижелері туралы есептер, ішкі аудит қызметтерінің нұсқамалары, қабылданған шаралар туралы ақпарат, ішкі аудит қызметтерінің жұмысы туралы жиынтық ақпарат (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің тоқсан сайынғы ақпараты) |
| Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің нәтижелері мен проблемалары | Аудиторлық іс-шараны жүргізу қорытындысы бойынша Тексеру комиссиясының аудиторлық есептері (мемлекеттік аудит актілері), қаулылары, мемлекеттік аудит объектісінің аудиторлық іс-шара жүргізу қорытындылары бойынша қабылдаған шаралары |
| | Мемлекеттік аудит объектісі дайындаған ішкі есептілік, талдамалық жазбалар мен шолулар |
| Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды қаржылық қамтамасыз ету | Сыртқы ақпарат көздері (ресми статистикалық деректер, бағдарламаның ( стратегиялық жоспардың) мәніне байланысты проблемалармен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарының материалдары, бұқаралық ақпарат құралдары). Тексерілетін мемлекеттік аудит объектісінің ақпараттық базасы |
| Бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде стратегиялық жоспарды қаржылық қамтамасыз ету | Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар |
| Мемлекеттік, үкіметтік бағдарламалар ( орталық мемлекеттік | Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің стратегиялық жоспары |

| | |
|---|---|
| органдардың стратегиялық жоспарлары) | |
| Негізгі іс-қимылдарды жүзеге асыру және бағдарламаны (стратегиялық жоспарды) іске асыру шарттарын орындау/орындамау | Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар, мемлекеттік органдардың стратегиялық және операциялық жоспарлары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарлары (ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| | Мемлекеттік қызметтерді алушыларға сауалнама жүргізу (бұқаралық ақпарат құралдарының деректері) негізінде алынған оларды ұсынудың сапасы туралы үкіметтік емес ұйымдардың (қоғамдық бірлестіктердің) ақпараты |
| | Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің тиісті жылдардағы стратегиялық жоспарын іске асыруы туралы есеп |
| Бюджеттік инвестициялық жобалар | Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларының орындалуы туралы есеп |
| | Қаржыландыру жоспарларының және бағалау мәніне байланысты басқа да қаржылық құжаттардың орындалуы туралы есеп |
| Сатып алуды жүзеге асыру | Қаражаты есебінен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру жүргізілетін бюджеттік бағдарламалар бөлігінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің стратегиялық жоспары |
| Басым бюджеттік инвестициялар тізбесі | Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің стратегиялық жоспарын іске асыруы туралы есеп |
| | Мемлекеттік аудит объектісінің сатып алуының жылдық жоспары |
| Концессиялық жобалар тізбесі | Жобаны іске асыру кезеңін, мердігер ұйымдарды, сметалық және шарттық құнды, құрылыс объектілерін енгізуді, ақпараттық жүйені тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға беруді көрсете отырып, бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша ақпарат |
| Концессиялық жобалар бойынша қорытындылар және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару | Инвестициялық жобаларды қоса алғанда, басым бюджеттік инвестициялардың тізбесі |
| Квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің басым бағыттары, даму жоспарлары | Республикалық бюджеттен қоса қаржыландыруды талап ететін жоспарлы кезеңге арналған концессиялық жобалардың объектілер бөлінісіндегі тізбесі |
| Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері және олар бойынша шешім шығару | Концессиялық жобалар бойынша қорытынды және Республикалық бюджет комиссиясының қорытындысы |
| Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың | Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарлары |

| | |
|---|---|
| іске асырылуын мониторингтеу | |
| Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар | Республикалық бюджет комиссиясының тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша қорытындысы |
| 4. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі акциялары (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтері | |
| Мемлекеттік аудит объектісінің қызметі | Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік инвестицияларды іске асыруын бағалау жөніндегі ақпарат |
| Мемлекеттік аудит объектісінің ішкі аудит қызметінің жұмысы | 4. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі акциялары (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтері |
| Мемлекеттік аудит объектісі бойынша алдыңғы аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері | Мемлекеттік аудит объектісінің қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер (ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| Мемлекеттік аудит объектісі туралы жинақталған ақпарат | Аудиторлық іс-шаралардың жылдық жоспары, ішкі аудит нәтижелері бойынша қорытындылар, ішкі аудит нәтижелері туралы есептер, ішкі аудит қызметтерінің нұсқамалары, қабылданған шаралар туралы ақпарат |
| | Аудиторлық іс-шараны жүргізу қорытындылары бойынша Тексеру комиссиясының аудиторлық есептері (мемлекеттік аудит актілері), қаулылары, басқа бақылаушы-қадағалаушы органдар жүргізген алдыңғы аудиторлық іс-шараның материалдары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде қабылданған шаралар |
| Квазимемлекеттік сектор субъектісінің қаржылық есептілігі | Ресми статистикалық деректер, бұқаралық ақпарат құралдарының деректері, басқа көздерден алынған деректер |
| Жұмыстың сандық және сапалық көрсеткіштерін айқындау | Мемлекеттік аудит объектісінің құрылтай құжаттары (Жарғы және мемлекеттік аудит объектісінің қызметін регламенттейтін басқа да құжаттар) ( ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| Стратегиялық даму жоспарларының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу | Бухгалтерлік баланс, табыстар мен залалдар туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба. Мемлекет активтерінің пайдаланылуы туралы есеп |
| Акцияларының ( қатысу үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдардың ақшасын қаржы құралдарына орналастырудың | |

| | |
|---|---|
| талаптары мен нормаларының сақталуы | Квазимемлекеттік сектор субъектісінің даму стратегиясы, жоспары (ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| Мемлекеттік аудит объектісін басқару (филиалдар, негізгі бөлімшелер арасындағы өзара байланыс тәртібі, өзара тәуелділік). Құрылымның негізділігі және басқару аппаратының саны | Даму жоспарларының іске асырылуы туралы есептер |

Ескертпе:

*Осы тізбе толыққанды болып табылмайды. Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында қосымша құжаттар және (немесе) ақпарат сұратылуы мүмкін.

**"Сәйкестік аудиті" типі бойынша алдын ала зерделеу кезінде жалпы мәселелер және осы типке жататын мемлекеттік аудиттің тиісті мақсаты бойынша қосымша мәселелер зерделенеді.

*** "Тиімділік аудиті" типі бойынша алдын ала зерделеу кезінде жалпы мәселелер және осы типке жататын мемлекеттік аудиттің тиісті мақсаты бойынша қосымша мәселелер зерделенеді.

**** Аудит тобы Тексеру комиссиясы мемлекеттік аудиторларының (мемлекеттік аудиторлар ассистенттерінің) үлестестік тізілімін аудит тобы мүшелерінің мемлекеттік аудит объектілерімен үлестестігі тұрғысынан міндетті түрде зерделейді.

Тексеру комиссияларының
сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау
жүргізу қағидаларына
9-қосымша

нысан

_________________бойынша тексеру
комиссиясының мүшесі

___________________________
ТАӘ (болған жағдайда)

## Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу нәтижелері туралы ақпарат

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

1. ________________________________________________________________
_______

(мемлекеттік аудит объектілерінің атауы)

мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу барысында

___________________________________________________________________
________

(аудиторлық іс-шараның мақсаты көрсетіледі)

Жүргізу үшін маңызы бар мынадай құжаттар зерделенді:

1) ________________________________________________________________
_______

(зерделенген құжаттардың, есептердің және басқа да ақпараттың, соның ішінде қаржыландырудың бекітілген сомаларының тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша бөлінуі мен игерілуін жылдар бөлінісінде көрсете отырып, мемлекеттік аудит объектісінен талап ету бойынша алынғандарының тізбесі көрсетіледі)

2) ___________________________________________________________

3) ________________________________________________________________
_______

(мемлекеттік (үкіметтік) бағдарламаға, стратегиялық жоспарға, квазимемлекеттік сектор субъектісінің даму стратегиясына бағалау жүргізген жағдайда, мемлекеттік (үкіметтік) бғдарламаны, даму стратегиясын іске асыруға арналған жоспарлы шығыстар – қаржыландыру көздері бөлінісінде, бекітілген сомалар – Бағдарламаны, даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, нақты бөлінген және игерілген сомалар – жылдар бөлінісінде, стратегиялық жоспармен бекітілген бюджеттік бағдарламалар және активтер–қаржыландыру көлемі, нақтыланған, түзетілген және игерілген сомалары көрсетіле отырып, жылдар бөлінісінде, қол жеткізілген нысаналы индикаторлардың, мемлекеттік (үкіметтік) бағдарлама, стратегиялық жоспар, даму стратегиялары нәтижелері көрсеткіштерінің саны жоспарланғандардың ішінен - кезеңдер бөлінісінде, қол жеткізілмеген жағдайда себебі көрсетіледі, Бағдарламаны, даму тратегияларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары іс-шараларының орындалғандарының/орындалмағандарының саны, орындалмаған жағдайда себебі көрсетіледі)

4) ________________________________________________________________
________

(мемлекеттік аудит объектілерін таңдау өлшемшарттарының сипаты және негіздемесі, аудит объектілерінің саны болмашы болған жағдайда қолданылмайды)

5) ________________________________________________________________
________

(мемлекеттік аудиторлардың (мемлекеттік аудиторлар ассистенттерінің) үлестестік тізілімін аудит тобы мүшелерінің мемлекеттік аудит объектілерімен үлестестігі тұрғысынан талдау)

2. Мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерделеудің және жүргізілген талдаудың қорытындысы бойынша мыналарды ұсынамыз:

2.1. Аудит бағдарламасына мыналар енгізілсін:

1) аудиторлық іс-шарамен қамтылатын бюджет қаражаты мен активтердіңкөлемі

_______________________________________________________________

(тексерілетін жылдар және бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде аудиторлық іріктеудің қорытындылары бойынша мемлекеттік аудитпен қамтылатын қаражат пен активтер көлемі көрсетіледі)

2) мемлекеттік аудит объектілері және оларды мемлекеттік аудиторлар (ол тартылған жағдайда мемлекеттік аудитордың ассистенті) арасында бөлу, соның ішінде бірлескен және қатар тексеру жүргізілген кезде, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының арасында бөлу: _____
_________________________________

_________________________________________________________________
________

3) зерделенген мемлекеттік аудит объектілеріне қатысты қолданылатын аудит типі мен тексеру түрі:_______________________________________________________
_________________________

4) тиімділік аудитін немесе сәйкестік аудитін жүргізу кезіндегі көрсеткіштер және көрсеткіштердің әрбіреуіне мәселелер: ________________________________
______________________

2.2. Аудиторлық іс-шарадан мынадай негіздер ___________________(тиісті негіздерді көрсету) бойынша _______________ мемлекеттік аудит объектісі алынып тасталсын. (мемлекеттік аудит объектісінің атауы)

2.3. Аудиторлық іс-шаралар жүргізу мерзімі мынадай негіздер _____________ ________ бойынша қайта қаралсын (ұлғайтылсын/қысқартылсын).

2.4. Мемлекеттік аудит тобы мүшелерінің аудит объектілерімен үлестестігі тізілімін талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік аудит тобының мынадай құрамы ұсынылады:

_________________________________________________________________
________

(мүдделер қақтығысының болуын немесе болмауы расталады)

Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі ___________________________

ТАӘ (болған жағдайда)

Мемлекеттік аудит тобына қатысушылар __________________________

ТАӘ (болған жағдайда)

Ескертпе: 2.2, 2.3-тармақтар қажет болған жағдайда толтырылады.

Тексеру комиссияларының
сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау
жүргізу қағидаларына
10-қосымша

нысан

"Бекітемін"
____________________бойынша
тексеру комиссиясының төрағасы
___________________________
ТАӘ (болған жағдайда)
(қолы)
201___ жылғы "___"__________

## Аудит ЖОСПАРЫ

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

1. Аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерудің) негізі: ______
________________________________________________________________________
____

2. Аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерудің) мақсаты:______

3. Мемлекеттік аудиттің типі, тексерудің түрі: ________________________

4. Мемлекеттік аудит тобының құрамы: ___________________________________
_________

5. Объекты государственного аудита:

| Р/с № | Мем. аудит объектісінің атауы | Мем. аудит объектісінің орналасқан жері (облыс/қала) |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | | |
| 2. | | |

6. Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылатын қаражаттың және (немесе) активтердің көлемі:____________________________

7. Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылатын кезең: _
________________________

8. Аудиторлық іс-шараны (бірлескен, қатар тексеруді) жүргізу мерзімі:
_______________________________________________________________________
аралығы

Тексеру комиссиясының мүшесі: _______________ (қолы, ТАӘ (болған жағдайда)

Ескертпе: Мемлекеттік аудит жүргізу жоспарын (бұдан әрі – Аудит жоспары) жасау.

1. Аудиторлық іс-шараның (тексерудің) негізі.

Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің жылдық тізбесіне сілтеме көрсетіледі.

2. Аудиторлық іс-шараның (тексерудің) мақсаты.

Жоспарланған мемлекеттік аудиттің тақырыбына (аудиторлық іс-шараның, бірлескен, қатар тексерудің атауы) және типіне қарай, мақсаты ретінде Мемлекеттік аудит туралы заңның 12-бабының 1, 2, 3-тармақтарында көзделген бағыттар көрсетіледі.

3. Мемлекеттік аудит типі (тексеру түрі).

Жүргізілетін мемлекеттік аудиттің тиісті типі: сәйкестік, қаржылық есептілік, тиімділік аудиті көрсетіледі. Тексеру жүргізілген жағдайда, оның түрі көрсетіледі. Үстеме тексеру жүргізілген кезде мемлекеттік аудиттің типі көрсетілмейді.

4. Мемлекеттік аудит тобының құрамы.

Осы мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шараны (бірлескен, қатар тексеруді) жүзеге асыратын Тексеру комиссиясы қызметкерлерінің ( қызметкерінің), мемлекеттік аудитор(-лар)дың және мемлекеттік аудитор(-лар) ассистент(-тер)інің, мемлекеттік органдар мамандарының, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдар қызметкерлерінің және сарапшылардың (олар тартылған жағдайда) тегі, аты-жөні, лауазымы көрсетіледі.

5. Мемлекеттік аудит объектілері.

Көрсетілген кестеде:

1-бағанда – рет саны нөмірі;

2-бағанда – барлық мемлекеттік аудит объектілерінің, соның ішінде өңірлерде орналасқандардың толық атауы;

3-бағанда – облысты, қаланы көрсете отырып, мемлекеттік аудит объектісінің орналасқан жері толтырылады.

6. Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі*.

Жүргізілетін аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерудің) шеңберінде аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтуға жататын республикалық бюджет қаражатының және (немесе) активтердің жалпы көлемі көрсетіледі.

* Осы бөлім республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына, республикалық бюджеттен түсетін түсімдер сомаларының

қайтарылуына, салықтық және кедендік әкімшілендірудің, талдамалық іс-шараның тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу кезінде толтырылмайды.

7. Аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) қамтылатын кезең. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылатын кезеңі (күндері, айлары, жылдары) көрсетіледі.

8. Аудиторлық іс-шараны (бірлескен, қатар тексеруді) жүргізу мерзімі.

Аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізудің басталған және аяқталған күндері көрсетіледі.

Тексеру комиссияларының
сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау
жүргізу қағидаларына
11-қосымша

нысан

"Бекітемін"
__________________бойынша
тексеру комиссиясының төрағасы
_________________________
ТАӘ (болған жағдайда)
(қолы)
20___ жылғы "___"_________

## АУДИТ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 14.06.2018 № 13-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

1. _________________________________________________________________
_______

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы)

Аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерудің) мақсаты:

_________________________________________________________________
_________

Мемлекеттік аудиттің типі, тексерудің түрі: ______________________________
_________

Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылатын кезең: _____________________________________________________________
_

_________________________________________________________________
___

Аудиторлық іс-шараны (бірлескен, қатар тексеруді) жүргізу

мерзімі: ____________________________________________________________
–

________________________________ аралығы

Мемлекеттік аудит тобының құрамы (мемлекеттік аудитор):

____________________________________________________________________
___

Мемлекеттік аудит тобының құрамы: ___________________________________
________

Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі:

| Р/с № | Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылуға жататын бюджеттік бағдарлама (нөмірі мен атауы) және ( немесе) активтер | Ж ы л / жартыжылдық / айлар | Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылуға жататын республикалық бюджет қаражатының және (немесе) активтердің көлемі (мың теңге) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | | | |
| | | | |

